

ҚОҒАМДЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ
БАҒЫТ

ҚАЗАҚ

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

ТІЛІ

Н. Уәли, Ө. Қыдырбаев

1 2007
1551к

Тіл тазалығы

Жазба тіл мәдениеті

Сөйлеу әдебі

Дауыс мәнері

Тыңдау әдебі



10

Н. Уәли, Ө. Қыдырбаев

ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

10

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық
бағытындағы
10-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2006

Тапсырмалардағы шартты белгілер:

- ▲— міндетті деңгейдегі тапсырмалар
- мүмкіндік деңгейдегі тапсырмалар
- қосымша тапсырмалар

Уәли Н., Қыдырбаев Ө.

У17 **Қазақ тілі: Сөз мәдениеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: “Мектеп” баспасы, 2006. — 264 бет.**

ISBN 9965—33—552—4

У $\frac{4306020200-015}{404(05)-06}$ 1(1)-06

ББК 81.2Каз.я72

© Уәли Н., Қыдырбаев Ө. 2006

© Сәдуақасов А., мұқабаның безендірілуі, 2006

© Көркем безендірілуі:
“Мектеп” баспасы”, 2006

Барлық құқықтары қорғалған

ISBN 9965—33—552—4

Басылымның мүлдіктік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

Алғы сөз

Құрметті оқушы, Сіз осы кезге дейін ана тіліміздің дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем деп аталатын құрылымы, құрылымдық бірліктері жөнінде тиісті білім алдыңыз. Басқаша айтқанда, ана тіліміздің “анатомиясымен” таныстыңыз. Ана тіліміздің “ағзасын”, оны құрайтын дыбыс, морфема, сөз, сөйлем тәрізді бірліктерін түстеп, түгендеп шығып, олар жөнінде іргелі білімге қол жеткіздіңіз. Ендігі жерде осы аталған тілдік бірліктердің күнделікті тіл қолданысымыздың әр түрлі жағдаятына қарай қалай жұмыс істейтіні, қандай қызмет атқаратыны, қайткенде оларды тиімді қолдануға болатыны жөнінде, яғни тіл “физиологиясы” жөнінде жүйелі білім аса қажет. Осындай қиын міндетті қолға алу бүгінгі таңда тіл туралы ғылымның, оның ішінде сөз мәдениеті деп аталатын пәннің еншісіне тиіп отыр.

“Мәдениет” деген ұғым, әрине, сіздерге бейтаныс емес. Адам игілігі үшін, адамзаттың дамуы үшін жасалған қолтума нәрселердің бәрі *мәдениет* деген мазмұны терең әрі кең ұғымға саяды. Ал мәдениеттің *заттық мәдениет* (материалдық мәдениет, яғни адам баласы өндірген нәрсе) және *рухани мәдениет* (әдебиет, өнер, фольклорлық туындылар, т.б.), *дене мәдениеті* деп үш топқа бөлінетінін де білесіз. Мәдениет атаулы, түптеп келгенде, ой-сананың, танымның жемісі, ұжымдық еңбектің нәтижесі.

Тілдің рухани мәдениетке де, заттық мәдениетке де қатысы бар. Өйткені тіл — ойлаудың құралы, танымның құралы, өнердің құралы, сондай-ақ ақиқат өмірдегі зат пен құбылыстардың таңбасы, оларды танып-білудің құралы. Ол — таным-білімді сақтаудың, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің құралы. Аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: “тіл — құрал”.

Ал сөз мәдениеті дегеніміз — тілді құрал ретінде дұрыс, тиімді жұмсай білу, ажарын кетірмей, бедерін бұзбай қолдану жайын қарастыратын лингвистикалық пән. Назарларыңызға ұсынылып отырған оқулықтың алғашқы беттерінде, сөз мәдениетін айтпас бұрын, ең алдымен, жалпы тіл туралы ұстанған қағидатымызды айқындап алуға тура келді. Бұл ретте біздің басшылыққа алатынымыз — тілге ізгілік тұрғысынан қарау. Гуманистік көзқарас салтанат құрған қоғамда тіл өркен жаяды. Әрине, ізгілікке, ізгі мұратқа білім, ғылым жолымен, күрес арқылы қол жет-

кізуге болады. Гуманитарлық мамандық иелері ұлттық мәдениеттің, ұлттық тілдің өркендеуі үшін, ізгілік үшін қызмет етеді.

Тіл — қандай да болмасын ұлттың, халықтың баға жетпес рухани қазынасы, ұлттық санамен байланысты мақтан тұтар ардақтысы. Сондықтан “тілден тілдің кемдігі жоқ” деген ізгілікті принциптің сөз мәдениетіне арналған оқулықтарда берілуінің ерекше мәні бар. Өйткені мұндай гуманистік ой-пікірді зердесіне ұялата білген жан мәдениетсіздікке бармайды. Өз халқының қадір-қасиетін ұға білген жан ана тілін аяқ асты етпейді, өзге тілді де өзекке теппейді.

Біздің қоғамға ана тілін ардақтай білетін, оны қызғышптай коритын жас жеткіншектер керек. Тіл мәдениеті үшін күрес — екінші бір тілді мұқату үшін күрес емес, ана тілінің қызмет өрісін кеңейту, оны білім мен тәрбие, таным-түсініктің мықты құралына айналдыру үшін күрес. Тілдің қоғамдық қызметі өрістегенде ғана, ана тілінің көсегесі көгереді, дүние жүзіндегі дамыған тілдердің қатарынан орын алады. Ал тілдің сан алуан қоғамдық қызметіне тосқауыл қою, өрісін тарылту оның сөздік қоры, грамматикалық құрылымы, дыбыстық жүйесінің жұтандауына өкеп саяды. Бабы келмей, мұқалған, өткірлігінен, ажарынан айырылған мұндай құралдың өсте қарым-қатынас, таным-түсінік, білім-ғылымның құралы болу қызметі әлсірейді. Мұның салдары қоғамдық сананың төмендеуіне өкеліп саяды. Сондықтан да мәдениетті қоғам тіл үшін қам жеп, өзі пайдаланатын құралдың өткірленіп, ажарлана түсуіне жағдай жасап отырады.

Сөз мәдениеті туралы айтпас бұрын ана тіліміз — қазақ тілі қандай тіл деген сұраудың жауабын ойластырғанымыз жөн деп білдік.

Осымен байланысты қазақ тілінің көне дәуір, орта ғасырлар мәдениетімен еншілестігі бар ма? Қазақ тілі байырғы кездерде жазба түрде қоғамға қызмет етті ме? Қазақ тілі көркем дүниелер жасаудың, білім мен ғылым “өндірісінің” құралы бола алды ма? Қысқасы, қазақ тілі кемел тіл ме, мемлекеттік тіл болудың алғышарттары түгелдей қазақ тілінің бойынан табыла ма деген сұраулардың жауабын іздестіруге тура келді. Осы айтылғандарға байланысты әр түрлі деңгейде тапсырмалар берілді.

Тіл мәдениеті үшін күрестің тағы бір өзекті, іргелі саласы — ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі норманы сақтай отырып, жаңа пайда болған ілгерішіл үрдісті тани білу, жана

норманың орнығуына ықпал жасау. Осымен байланысты оқулықтың келесі тарауы сөз мәдениетінің түп қазығы болып табылатын әдеби тіл нормасы деген өзекті мәселеге арналып, онда норманың түр-түрі көрсетіліп, тапсырмалар берілді.

Сөз мәдениеті — жеке адам мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігінің бірі. Сөзді нормаға сай дұрыс, тиімді жұмсау, орынды қолдану “сөз сапасы” деген ұғыммен ұшта-сып жатады. Осымен байланысты оқулықтың “Сөз сапасы” деп аталатын тарауында Сізді сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз бедері, т.б. сөз мәдениетіне қойылатын негізгі талаптар-мен таныстыруды мақсат еттік.

Оқулықтың соңғы тарауы күнделікті өмірдегі қазақ тіліне арналды. Қазақ тілінің әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы қызмет ету ерекшелігі сөз мәдениеті тұрғы-сынан талданды. Сондай-ақ ресми-іскерлік қатынастағы сөз мәдениеті тілдік және тілдік емес ерекшелікпен бай-ланысты қарастырылды.

Сөз мәдениеті пәні “жалпыхалықтық тіл”, “ұлттық тіл”, “әдеби тіл”, “ана тілі”, “тілдік норма”, “тілдік нормадан жөнді, жөнсіз ауытқулар”, “тіл және ойлау”, “тіл және объективті ақиқат”, “тіл және қоғам”, “тілдің әлеуметтік сипаты”, “сөз сапасы”, “сөз байлығы”, “сөз тазалығы”, “сөз шеберлігі” тәрізді, т.б. күрделі ұғымдарды қамтиды. Сондықтан да қолыңыздағы оқулықтың қайсыбір тұстары, тілі мен терминдер жүйесі, кейбір тапсырмалардың деңгейі күрделілеу екенін ескерте кеткіміз келеді. Дегенмен Сізді гуманитарлық пәндерге бейімділігін танытқан, едәуір дайындығы бар оқушы деп білеміз. Сондықтан оқулықтың теориялық және дидактикалық материалдарын* игере алады деп сенеміз. Олай болса, іске сәт дейміз.

Н. Уәли

* * *

* Редакциядан:

Оқулықтың теориялық материалдарын филология ғылымдарының кандидаты Нүргелді Уәли; ал дидактикалық материалдарды (тапсыр-маларды, пысықтауларды) әдіскер ұстаз Өкен Қыдырбаев дайындады. Кейбір тапсырмаларды әзірлеуге Н. Уәли қатысты.

I. ТІЛ — ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазіргі кезде өзіңізге бұрыннан таныс *экология*, *геноцид* терминдерінің негізінде жасалған *лингвоэкология* (тіл экологиясы), *этноцид*, *лингвоцид* атауларын ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттен, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) тілінен жиі кездестіруге болады. Мұндай атауларды, әрине, мамандар бекер айтып жүрген жоқ. Теңіз тартылып, көл суалып жатыр; бұлақ былғанып, ауа ластанып барады; топырақтың қыртысы кетіп, құнары азая түсті; *мақұлықат* (жануарлар әлемі) пен *нәбетат* (өсімдіктер әлемі) азып-тозып барады; атмосфералық қабатта шұрк тесіктер көбейді. Мұның бәрі дерлік өркениетті адамзат қоғамының әрекетімен болып жатыр. Адамзат әрекетінің табиғатпен үйлесімді болуын, адамзаттың табиғатпен “тіл табысуын” кездейтін ғылымның *экология* атты саласы пайда болды. Ынсап, обал, сауап, қанағат, рақым тәрізді халық даналығындағы философиялық іргелі ұғымдар еске түсіп, обалсыз, рақымсыз, қанағатсыз, ынсапсыз әрекеттерге тосқауыл қоюдың жолдары мен ғылыми негіздері іздестіріле бастады. Бұл айтылғандар, өзіңіз байқап отырғандай, табиғи құндылықтарға қатысты.

Ендігі сөз адами құндылық жайында. Адамзат қоғамының қойнауындағы халық, ұлт және оның тілі жүздеген, мыңдаған жылдар бойы қалыптасады. Ал отаршылдық, басқыншылық тәрізді әрекеттердің салдарынан ондаған жылдың өзінде-ақ бірталай тілдер жойылып кеткен. Әрбір тіл — өзінше әлем. Әрбір тіл — бізді қоршаған айналаның, ақиқат өмірдің өзінше қайталамасы. Әрбір этнос өзінің тілі арқылы дүниені, ақиқатты өзінше таниды. Тілдік ұжым өзінің танып-білген нәрсесіне ғана ат қояды, оған деген сезім күйін білдіреді. Сондықтан ұлылы-кішілі тілдердің бәрінде өзді-өзіне төн логикалық, эстетикалық танымның, жаңалықтың белгілері мен іздері жатады.

Сондықтан тіл — адамзат баласына төн аса бір ғажайып құбылыс. Белгілі бір тілдің пайда болып, құрылым-жүйесінің қалыптасып қызмет етуі үшін жүздеген, мыңдаған жыл қажет болса, ал оның із-түзсіз жоғалып, жойылып кетуіне көп жылдың керегі жоқ. Тіл этноспен (ру — тайпа, халық, ұлт) бірге өмір сүреді. Тілін жоғалтқан этнос бара-бара дербес халық ретінде өмір сүруін тоқтатады да, өзге бір үстем этностың құрамына сіңіп, жоқ болады. Тарихта империя, басқыншылық үстем болған кезде мұндай қасіретті жағдайлар аз болған жоқ.

Тіпті көне тарихты айтпағанның өзінде бүгінгі ұрпақтың көз алдында құрып, жоғалып бара жатқан тілдер де жоқ емес. Кейбір тілдер құрып кетудің табалдырығында тұр. Қазіргі кезде жанадан тіл жасалмайды. Тілдердің пайда болу дәуірі өлдеқашан өтіп кеткен. Олай болса, осы заманға жеткен тілдердің өзін сақтап қалу, олардың өмір сүруіне, қызмет етуіне мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасау төрізді ізгілікті ұғым “*лингвоэкология*” деп аталады.

Сырт қарағанда, кейбір тілдер қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етіп жатыр. Ал, шындығында, тіл — тек қарым-қатынас құралы емес, этностың рухани мәдениетін жасаушы, сақтаушы, өрі сабақтастырушы құрал. Әсіресе соңғы айтылған үшеуі жұмыс істемесе, сол этностың өкілі бірте-бірте өз тілінен қол үзе бастайды. Сөйтіп, этнос рухани дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде сақтап қалу жеткіліксіз (белгілі бір этнос өкілі үшін көз келген тіл қарым-қатынас құралы бола береді). Оның жоғарыда айтылған аса ғажайып қасиеті — рухани мәдениетті жасаушы, сақтаушы және сабақтастырушы қызметін қайта тірілтіп, толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау “*лингвоэкология*” деген ұғымның мазмұнына кіреді.

Түрлі-түрлі жағдаймен байланысты тәуелсіздік алғанға дейін қазақ тілінің рухани мәдениетті жасаушы, сақтаушы, сабақтастырушы қызметіне едәуір нұқсан келді. Халықтың рухани мәдениеті, дүниетанымы, небір гуманистік мазмұндағы әдет-ғұрып, салттары және оларды білдіретін атаулар бүгінгі болашақ ұрпақтың игілігіне айналумен қалып барады.

Қазақ тілін білмейтін қазақтар бар, ал білетіндердің біразы қазақ тілін тек тұрмыстық аядағы қарым-қатынас

құралы ретінде ғана тұтынады. Сондықтан бүгінгі таңда қазақ тілін рухани мәдениеттің құралы ретінде тану — сөз мәдениетінің іргелі мәселелерінің бірі. Қазақ ұлтының өзіне тән ерекшеліктерін білдіретін дүниетаным, салт-сана, әдет-ғұрып (ұлттық ойындар мен спорт, т.б.) тәрізді, т.б. салаларға қатысты атаулар тек қана сөз байлығы емес, этномәдени лексиканың қоры болып табылады. Ал этномәдени лексиканың қоры сөз мәдениетінің негіздерінің бірі болып есептеледі.

Әлемде, шамамен алғанда, ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған алты мыңдай тіл бар екен. Тіл-тілдің бәрі де игілік; қоғам, адами құндылық. Тіл — адамзаттың адамдық белгісі. Кез келген тіл — қарым-қатынас жасауда жұмсалынатын таңбалардың бірізді жүйесі. Осы тұрғыдан алғанда тілден тілдің еш кемдігі жоқ, терезесі тең. Мысалы, биолог үшін табиғи өсімдік пе, мәдени өсімдік пе, бәрібір. Бірақ тілдердің қоғамдағы орны әр түрлі, әлеуметтік жағдайы әр басқа. Әлемдік қарым-қатынастағы, халықаралық қауымдастықтағы орнына қарай тілдер *әлемдік тілдер*, *халықаралық тілдер* (араб тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, француз тілі, испан тілі, қытай тілі); қоғамдағы атқаратын қызметі мен әлеуметтік жағдайына қарай *ұлтаралық мемлекеттік тілдер*, *ресми тілдер* деп аталады. Мұндай мәртебелі тілдердің саны көп емес. Одан әрі қарай тілдердің *ұлт тілдері*, *жергілікті халықтың тілдері* деп аталатын түрлері бар.

Алты мыңдай тілдердің ішінде алты жүзі ғана жазбаша және ауызша түрде қызмет етеді. Басқаша айтқанда, тек алты жүздей тілдің ғана жазу-сызуы бар. Қалғандары тек ауызша қызмет етеді. Ал сол алты жүз тілдің ішінде тек екі жүздей тілдің ғана мемлекеттік тіл деген мәртебесі бар.

Алты мың тілдің ішінде жойылып кетудің табалдырығында тұрған, қайта қалпына келтіруге болмайтын тілдер де жоқ емес. Қоғамдағы орны мен әлеуметтік жағдайы нашарлап бара жатқан **сырқат тілдер** де бар. ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымда тіл мамандарының ат салысуымен демографиялық тірегінен айырыла бастаған, яғни тілді тұтынушылардың саны әр түрлі жағдаятқа байланысты күрт азайып кеткен сырқат тілдерді сақтап қалудың, қалпына келтірудің, жойылып кетуден сақтаудың лингвоэкологиялық шаралары қарастырылуда.

Ал демографиялық тірегі мықты, ауызша әрі жазбаша түрде қызмет ететін; қоғамдық, әлеуметтік өмірдің сан алуан

маңызды салаларында қолданылатын, әдебиленген түрі бар, мемлекет қамқорлығына алған мәртебелі тілдер саламатты тілдердің қатарына жатады. Бұл жағынан алғанда қазақ тілі саламатты тілдердің тобына енеді.

Ана тіліміздің саламаттылығы оңайлықпен болған жоқ, небір қиындықпен, күреспен жүзеге асты. Қоғамдағы орнының беріктігі, әлеуметтік жағдайының жоғары болуы үшін Ахмет Байтұрсынұлы сынды халқымыздың асыл ұлдары еңбек етті, қажымай-талмай күресті. Жазба тілдің графикалық-орфографиялық жүйесі мен заңдастырылған нормасын жасады; білім беру мен ғылым саласында мықты құрал етіп жұмсаудың озық үлгілерін көрсету арқылы қазақ тілінің әлеуметтік, қоғамдық беделін күшейтті. Орыс тілінің үстемдігін арттыру арқылы басқа ұлт тілдерін басып-жаншитын *тілдік империализм* саясатына қарсы күресті.

Қазіргі таңда да сөз мәдениеті үшін күрес, ең алдымен, ана тіліміздің қоғамдағы орнының бекемдігі, әлеуметтік жағдайының жоғары болуы үшін күрес болуға тиіс. Өйткені Қазақстан егемен ел болып, тәуелсіздік алғаннан кейін де қазақ тілінің қоғамдағы орнын, әлеуметтік жағдайын әлсіретуді, конституциялық мәртебесін жоққа шығаруды көздейтін жат пиғылдар әлі де кездеседі. Қазақ тілін өзінің қитұрқы саясатының ойыншығына айналдырушылардың мұндай әрекетінің астарында қазақ тілін төмендетіп, ұлтты ыдырату, сол арқылы ұлт қауіпсіздігін әлсірету пиғылы жатқанына көз жеткізу қиын емес. Қазақ тілі дамымай қалған тіл, мешеу қалған халықтың тілі, мемлекеттік тіл болуға жарамсыз деп ізгілікпен сыйыспайтын, ақиқатпен үлеспейтін, ғылыми негізі жоқ уағыздарына жұртшылықты иландыруды көздейді.

Шынында, қазақ тілі қандай тіл, дамыған тілге тән белгілері бар ма, соның жауабын іздеп көрейік.

1-тапсырма. ▲ Мәтінге ат қойыңыз. А.Байтұрсынұлы өнерді қанша түрге бөлген? Ұлы ғалымның сөз өнері, шығарма туралы айтқандарына мән беріңіз.

Сөз өнеріне жұмсалатын зат — сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл (я лұғат) деп аталады.

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол

сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптен, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару — сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз— осылай шығарған сөз. Сөз шығару өнерді керек қылса, өнер ғылымды керек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады.

(А. Байтұрсынұлы.)

2-тапсырма. ▲ Халық батырының тіл тағдыры жайлы айтқан пікірін оқып, тіл саламаттығын қалыптастыру туралы ойыңызды ауызша баяндаңыз.

● “Тіл— адамзат баласына төн аса бір ғажайып құбылыс” тақырыбы бойынша өз пікіріңізді түсіндіріңіз.

■ Табиғаттың бір мезгілін суреттеп жазыңыз. Оның өнердің қай түрімен байланысты екенін түсіндіріңіз.

Тіл мәселесі туралы

Тіл мәселесі бұдан былай да аяқ асты болып “дүмше-лердің” құрбандығы болып кетпес үшін:

а) Қазақстанда қазақ тілі заңның әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орнына төрге шығарып отырғызылып, байырғы қалпына кешікпей келтіру шаралары тездеп қолға алынып, тіл бұрмалау ежелден келе жатқан ескі ауруға айналып бара жатқанын ескере отырып, іс жүзіне қатал төңкеріс түрінде асырылуы жөн.

ә) Аяқ асты, елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өзін тіл жөнінен тәртіптеуден бастап, барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарына қайтадан әділдікпен көтеріліп, қолға алынуы жөн.

б) Өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөз теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салынуы керек.

в) Осы кезде үкімет қызметіндегі азаматтардың арасында ылғи орысша сөйлеп, жазып, баяндама істеу әдет болып, әуеске айналып кетуіне тыйым салынып, қазақша шешендік, сұлу, шебер сөйлеу — салт-сана, ердің сөні болуға айналса, жұртшылығымызға үлкен абырой болар еді. Өсудің, дамудың барлық жағында бір кілтіне еге болған болар едік...

Мен әскери адаммын. Тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқы-

мыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысы, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра-дестүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын.

(Бауыржан Момышұлы.)

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар:

1. “Табиғи және адами құндылық” деген ұғымды қалай түсінесіз?
2. Тілдің жойылып, із-түзсіз жоғалып кетуіне нендей жағдайлар себеп болады? “Лингвоэкология” ұғымы нені білдіреді?
3. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана бола ма, тағы басқа қандай аса маңызды қоғамдық қызметтер атқарады?
4. Өлемдегі тілдер қоғамдағы орны, атқаратын қызметі, әлеуметтік жағдайына қарай қалай жіктеледі?
5. ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған өлемдегі алты мындай тілдің ішінде қаншасы ауызша және жазбаша қызмет етеді? Қанша тіл мемлекеттік қызмет атқарады?
6. Тәуелсіздік алғанға дейін қазақ тілінің рухани мәдениетті жасаушы, сақтаушы, сабақтастырушы қызметі неліктен әлсіреп кетті деп ойлайсыз?
7. Жойылып кетудің алдында тұрған сырқат тілдер және мәртебелі, саламатты тілдер деп қандай тілдерді айтады?
8. Ана тіліміздің саламаттылығы қалай қалыптасты? Бұл жолда кімдер ұшан-теңіз еңбек сіңірді деп білесіз?
9. Сөз мәдениетінің іргелі мәселелерінің біріне не жатады?

II. ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАНДАЙ ТІЛ?

§1. ҚАЗАҚ ТІЛІ — ТҮПКІ ТҮРІН САҚТАҒАН БАЙЫРҒЫ ТІЛ

Қазақ тілі ғайыптан пайда болған жоқ және оқшау жаратылған тіл емес. Оның шыққан ата тегі бар. Қазақ тілі түркі тілдері деп аталатын алып бөйтеректің аса бір ірі тармағына жатады. Бір негізден өрбіп, түркі ата тілінен тарағандықтан, **әзірбайжан, балқар, башқұрт, ғағауыз, қазақ, қарақалпақ, қарайым, қарашай, құмық, қырғыз, ноғай, өзбек, саха (якут), татар, тофалар, туба, түрік, түрікмен, ұйғыр, чуваш, хакас** тілдері — түркі тілдері деп аталады. Қазақ тілінің түркі тілдерімен туыстас болатын себебі *ай, тәңір, көк, жер, су* төрізді зат есімдер, *бас, тіс, көз, қол, аяқ* төрізді дене мүше атаулары, *ақ, қара, көк, сары, қызыл* төрізді сын есімдер, *ондық, жүздік, мыңдықты* білдіретін сан есімдер, *бар, кел, жүр, ұш, отыр, тұр, жат* төрізді етістік, *ана, қарындас, ата, келін, қайын*, т.б. сияқты туыстық атаулар ортақ болып келеді. Өмірлік мәні бар мұндай атаулар, әдетте, ауыс-түйістікке жатпайды, сондай-ақ олар түркі тілдерінің бір негізден, бір ата тілден тарағандығының белгісі болып табылады. Грамматикалық шақ, жақ көрсеткіштері мен негізгі септіктердің түркі тілдеріне ортақ болып келуі олардың бір ата тілден тарағандығын, туыстығын көрсететін ең сенімді тілдік деректер болып табылады.

Туыстығы жағынан қарақалпақ, ноғай, өзбек тілдері — қыпшақ диалектісі, сондай-ақ татар, қырғыз тілдері қазақ тіліне ең жақын тілдерге жатады. Туыстығы алыс саха, чуваш төрізді тілдерді, туыстығы біршама жақын, туыстығы өте жақын тілдердің деректерін салыстыру арқылы тіліміздің қандай көнелік белгілерді сақтағанын, дыбыстық мағыналық жақтан қандай өзгерістерді өткергенін өз зерттеулерінде тіл мамандары айқындап береді. Ғылыми мәні зор болғандықтан, тілдердің туыстығына зерттеушілер ерекше көңіл бөледі.

Сонымен, түркі тілдерінің туыстығы олардың лексикалық мағынасынан, грамматикалық құрылысынан, дыбыс жүйесінен нақты байқалады. Сондай-ақ түркі тілдерінің әрқайсысына тән лексикалық, грамматикалық, фонетикалық өзгешеліктер де болады. Ондай өзгешеліктерді туыстас тілдердің деректерін салыстыру арқылы байқауға болады.

Басқа түркі тілдерінде [б], [ғ], [г] дыбыстары келетін орындарда қазақтар [у], [к], [қ] дыбыстарын қолданады:

аба — ауа, тағ — тау, гелді — келді, ғырмызы — қырмызы;

Басқа түркі тілдерінде [ш] дыбысы келетін біраз сөзде қазақтар [с] дыбысын қолданады: *баиш — бас, таиш — тас*, т.б.

Басқа түркі тілдерінде сөз басында [й] келетін жерде қазақ тілінде [ж] дыбысы айтылады: *йаиш — жас, йол — жол, йаз — жаз, йыл — жыл*, т.б.

Кейбір түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың созынқы түрі болса, қазақ тілінде ол жоқ: *тау — тоо, ат — аат*, т.б.

3-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, мазмұнын ауызша айтып беріңіз. Осы мәтін мазмұнының қазақ халқының өзінің, тілінің түпкі тарихымен қандай сабақтастығы бар екенін айтыңыз. Мәтінде кездесетін ру-тайпа, тайпалық одақ атауларын (бұлар лингвистика ғылымында этнонимдер деп аталады) теріп жазыңыз.

● Мәтіндегі жалқы есімдерге талдау жасаңыз, олардың қандай мағыналық топтарға бөлінетінін көрсетіңіз.

● Ашина атауы мен Сүйінбай ақын айтқан “бөрі басы” ұран және “бөрілі байрақ туы” арасында қандай байланыс бар? Соған тоқталыңыз.

Жаңа жұрт

Орталық Азияның ерте дүние тарихын жасасып, белсенділік көрсеткен “Хун державасы” біздің эрамыздың басында құрылды.

Қаған өулеті оғуздар, “оларға қосылып удғур (уйғур) атанған” жұрт, үйсүн, қанғалы (қанлы), қыпшақ, өзге көп тайпалар одағы ендігі жерде бөлініп-бөлініп кетті. Туыстас, тілдес бұл ежелгі тайпалар Ордос пен Еділ аралығында бытырап жатты. Олар V ғасырға дейін тарихи белсенділік көрсете алмай, бірде табғачтарға, бірде сябилер мен жужандарға тәуелді болып тіршілік етті. Осы ғасырлар ішінде олар Іле мен Ертісті әрі де, бері де бірнеше рет кешіп өтті. Бірақ “Жер бастырығы — тау” деп Алтай мен Алатаудан айналып кеткен жоқ.

Хун қағанатының бір кездегі алтын дінгегі қалың оғуз тайпалары, бұл III—IV ғасырлардың ішінде ру басы ақсақалдары, тайпа басы бектері ғана бар хансыз жұрт болды. Ежелгі Оғуз қағанның аруағы оларға енді айналмай-ақ қойды.

Осылардан бір бөлек, байырғы “усун йерінде йатын қалған” жұрт болды. “Тас балқытып, темір айырған” осы жұрт жауына әрі айбынды, әрі керек ел болды. Осы ұста халық Оғуз қаған заманында салтқа енген “Бөрілі туды” алтыннан құйып, қайта жасады. Алтын бөрілі (немесе алтын бөрі бас) ту соқты. Оларын темір айырып, қару соғар “Ошақ ананың” алдында ұзын сырыққа қадап қойды.

Бұл бөрілі тулы жұртқа жужандар ... тілінде Шоно деп ат қойды (қазіргі монғол текті жужандарша шона — “бөрі”, “қасқыр” деген сөз). Жужандарға қарап, оларды қытайлар Ашина (А+шоно — ізгі қасқыр) деп атады. Мұнысы “сипатты қасқыр”, “мүсін қасқыр” дегенге келетін еді.

Бір кездегі “үйсін жерінде жатақ боп қалған” бұл жұрт жазба тарихқа жужандар мен қытайлар таңған “Ашина” атымен осылай белгілі болды.

Көне жазба деректерде бұл жұрт жайлы: “Алтай тауының кісі аяғы жетпес қиын жеріне жүз жыл 500 үймен келіп тоқтады”, — дейді.

Бұл жүз жылда “алтын бөрі бас тулы” жұрт соңғы мекеніне мықтап ірге тепті. Өздері де қабырғалы елге айналды. Көп өсіп кетті. “Жетім өсіп кенелген, жетісіп жесір теңелген; иесі мен кірме тең болған, құрамалар ел болған” заман болды. Осы жұрт мына жаңа мекенде өзінің де, жаңа қоныстың да тарихын өзінше жасады, аңыздар туғызды.

Алалық жай, тағы қалқан,

Көк бөрі болсын ұран! —

деп аттанатын салтымен киелі “көк бөріні” әуелі ұранынан туына айналдырды, соңынан өзін осы “көк бөріден” шығаратын аңыздарын туғызды. Өздерін “үсте көк теңірі, асра йағыз йер қылындұқта” (жоғарыда көк аспан, төменде қара жер жаралғаннан) осы Алтай тауында жасап келе жатырмыз деп білді. Өздерінің Ергене күн (Күн есігі) деп атаған қорған тауын “мың жылдан, түмен күннен” бергі ата мекеніміз деп ұқты.

Қазіргі қазақ халқы — сол XIV—XV ғасырларда қазақ ұлысы боп қалыптаса бастаған жұрттың өзі. Демек, XIV—XV ғасырдағы қазақ ұлысы да, бүгінгі қазақ халқы да орта ғасырлардың сонау алты жүзінші жылының бірінші

жартысында солтүстігі Алтай тауы, оңтүстігі Гоби құмы, батысы Шу—Талас екі арасын өзінің тұрақты атамекені еткен, осы иелігін көршілеріне мойындатқан “он оқ түркі будунның” ұрпақтары. Олар әрісі тарихқа дейін, берісі осыдан 1500 жыл бұрын бұл территорияда тұрақты мекен тапты. “Жер бастырығы — тау” деп, тауындай қозғалмай мәңгілік мекен тапты.

Іргесі аумаған, ұйытқы жұрты үзілмеген халықта байырғы ата-бабаларына төн, солар қасиет тұтқан салт ұрпақтан-ұрпаққа, дәстүрге ауысып, мирас боп көшіп отырады. Сондай қасиетті мұра — “Бөрі басы” ұран мен “Бөрілі байрақ”.

Сонау 535 жылы Ергене Күнде көтерілген Алтын бөрі бас ту мен Бөрі (Көк бөрі) деп шақырған ұран олардың ұрпақтарымен тарих көпші соқпағында кешегі XIX ғасырға дейін тозбай, өшпей бірге келді.

“Бөрі басы” — ұраным,
 Бөрілі — менің байрағым!
 Бөрілі байрақ көтерсе,
 Қозып кетер қайдағым.
 Бөрілі байрақ астында
 Бөгеліп көрген жан емен.
 Бөрідей жортып жүргенде
 Бөлініп қалған жан емен, —

деп келетін Сүйінбай ақын жыры осының куәсі. Бұл жыр жалғыз Сүйінбай ақынның сөзі емес, тарихтың сөзі. Тарих атты көп жолының — күрес жолының ұран жыры.

(Құлмат Өмірәшев.)¹

4-тапсырма. ▲ Көшіріп жазып, кестеден қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен дыбыстық айырмашылығын тауып, ауызша баяндаңыз.

● Жұлдыз, тас сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

Тілдер	Сөздер					
Қазақ	көл	жұлдыз	төрт	мен	тас	қолдар
Ноғай	көл	юлдыз	дөрт	мен	тас	қоллар
Қарақалпақ	көл	жұлдыз	төрт	мен	тас	қоллар
Қырғыз	көл	жылдыз	төрт	мин	таш	қолдар
Татар	күл	йолдыз	дүрт	мин	таш	қуллар
Башқұрт	күл	йондыз	дүрт	мен	таш	құллар
Өзбек	көл	юлдыз	турт	мен	таш	құллар
Ұйғыр	көл	юлдыз	төрт	мөн	таш	қаллар
Өзірбайжан	көл	улдыз	дөрт	мөн	таш	галлар

5-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, қазақ тілінің қандай тілдермен түбі бір, туыстас екеніне мәтінге сүйеніп түсінік беріңіз.

▲ Ежелгі түркі жазба ескерткіштері тілінің қазақ тіліне өте ұқсастығынан нені байқауға болады? Мәтіннің “Қазақ тілі — түпкі таза түрін сақтаған байырғы тіл” тақырыбымен сабақтастығы қандай?

● *Інім Күлтегінмен ақылдастық* сөйлеміне толық синтаксистік талдау жасаңыз.

Тереңнен тартқан тамырын

Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк жырларындағы сөздің көпшілігі дерлік аударма жасамай-ақ, сол жазылған қалпында қазіргі қазақ оқырманьына жақсы түсінікті. Бұған Күлтегін ескерткішінің кіші жазуы мен үлкен жазуынан бірнеше мысал келтірейік.

*Ол йереру барсар
Түрк будун өлтөчісісен.*

Мазмұны:

*Ол жерге барсаң,
Түркі халқы, сен өлімшісің.*
Осындағы *йер* — жер, *ол* — ол, *барсар* — барсаң.

Інім Күлтегін ер ат болты.

Мазмұны:

Інім Күлтегін ер атағын атанды.

Бұл өлең жолындағы: *інім* — інім, *ер* — ер, *ат болты* — атанды.

Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз.

Мазмұны:

Інім Күлтегінмен ақылдастық.

Біз әңгіме етіп отырған жырлардағы көптеген лексикалық элементтер қазір де сол күйінде айтылады немесе лексикалық тұлғасын сәл ғана өзгерткен: *қыз* — қыз, *келін* — келін, *ел* — ел, халық, *оқ* — оқ, *бай* — бай, *буйуруқ* — бұйрық, *йағы* — жау, *куч* — күш, *құт* — құт, бақыт, *біліг* — білім, *куң* — күн, *йегрен* — жирен, *йашыл* — жасыл, *көк* — көк, *торығ* — торы, *атлан* — аттан, *йық* — жық, *кісі* — кісі, *тағ* — тау, *алтун* — алтын, т.б.

Мұның бәрі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіш-жырларының тілі өзгелерінен гөрі қазіргі қазақ тіліне жақын тұрғанынан дерек берсе керек.

(Н. Келімбетов. “Ежелгі дәуір әдебиеті”.)

6-тапсырма. ■ Сөз жарыс. Берілген омоним сөзді жылдам тауып, сөйлем ішінде мағынасын ашып көрсетіңіз.

Үлгі. **Жирен I**—сын есім. Қызғылт сары (көбінесе жылқының түсіне байланысты айтылады).

Жирен атқа мінген жылқышы.

Жирен II—етістік. Жирену, сескену, жек көру, безу. *Бөрінің де ішек-қарнына шейін тығып жүргендерін анықтай танып, жиреніп шықты* (М. Әуезов).

1. Жирен. 2. Жөн. 3. Жылауық. 4. Зауал.

§2. ҚАЗАҚ ТІЛІ — ЖАЗБА МӘДЕНИЕТІ БАР ТІЛ

Ана тіліміздің даму барысында қандай кезеңдерден өткені, қай бағытқа қарай бет бұрғаны, әлемдік мәдениетпен қандай тілдік байланыста болғаны байырғы жазба ескерткіштердің тілдік деректерімен салыстыру арқылы айқындалады.



Түркі тілдерінің көбіне ортақ болып табылатын аса маңызды тарихи жазба мұралары негізінен үш дәуірге бөлінеді.

1. Көне түркі дәуірі (III, V—VIII ғасырлар). Бұдан мың жарым, екі мың жыл бұрынғы көне түркі жазуымен тасқа жазылған жазба дүниелердің түркітану, шығыстану ғылымында тілдік, тарихи, мәдени маңызы айрықша. Өсіресе V—VIII ғасырлардағы Талас, Орхон—Енисей жазба ескерткіштері түркі мәдениетінің биік деңгейде болғанын көрсетеді. Көне түркі дәуіріне жататын жазба мұраларға түркі қағанатының (мемлекетінің) ел құраған қайраткерлері мен ел қорғаған қолбасшылары Білге қаған, Тоныкөк, Құлтегін, Мойынчордың басына қойылған ескерткіштердегі жазба мұралар жатады.

Аталмыш ескерткіштерде қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде қолданылатын көптеген сөз, жер-су атаулары, аспан денелері, кісі есімдері төрізді ономастикалық атаулар молынан ұшырасады. Қазақ тіліндегі қосымшалардың, сөз тіркестерінің тарихы көне түркі дәуіріне, тіпті одан да арғы кезеңдерге барып тіреледі.

2. Орта түркі дәуірі. Бұл дәуір екі кезеңнен тұрады: Қараханид және Алтын Орда кезеңі.

Қараханид кезеңі. Аталмыш кезеңдерде араб мәдениеті әлемдік мәдениеттің көш басында болып, ғылым мен білімнің, өдебиет пен өнердің, ізгілік пен даналықтың



Орхон жазба ескерткішінің тасқа қашалып жазылған нұсқасы

- (1) : | K Y D : | K | d : Y J J X : K T M K : J Y H J K Q : C H J T : C H M L (1)
 : | K J Y L T : | K K T S Y : J T I Q : J X J S J S : J D H J : | K | S : | K D
 ... | K Y L H
- (2) : H M Q : J T J M : J X J Q T M K : | K X T : I J Y L T : H J Y H : J X J J Y H (2)
 : J H L Y S S S : J Q T X : I S K : J Y H S S H M Q : J T I Q : J Y H I Y S S
 ... (I S K J H) Y I Q : J Q Y D
- (3) : | K Y S : Y J J S : J D I S : J X J S : Q T M K : I S | d : J S J S : H T : J J (3)
 : H Q K : H C H T J J D : H Q K : H C H K I Q : J X J Q T M K : I K T
 ... | K T T K : I T Y K : J C H M
- (4) : J Y S I : I J Y : Y Y S D : | K Y : K S J I d : J Y Y : J Y H I T K Y : J Y I H (4)
 : J H Y S : J Y X S : J Y S I : J E Y X : I H I T : J Y Y D : Y Y L J Y S S
 ... : K I S : K L : | K K Q : | X : Y J Y S D
- (5) : I Y D : H T I K Q : J Y : C H Y S S S : J Q Y D : J X L Y S S : Y S (5)
 : E I T : | K Y Y D : J S : H Q : H Q T Y K : J Y S : K Y H : | K J J S
 ... : | K T X : H L M Q
- (6) : J S : Y S S I : | K H J Y D : H Q K : Y K T X : E I T : J Q : H Q T Y K (6)
 : B X X : | K T I Y D : E S : C H Y : C H Y S : J X J S J S : | K T X
 ... Y Y D : H Q T Y K : | K T
- (7) : | K T T K : K Y M I : I K T T : E K T M B : E I M Y C H : C H Y S S C H S D (7)
 ... H Y Y D : H Q K : C H Y C H : C H Y : | K T T K : J K T Y E X : I S K

Орхон жазба ескерткішін зерттеушілердің қағазға түсірген нұсқасы

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

اوکوش اوکدی بیرونان سنکشا	اونغان بیریانغا انکار یوق فنا
یغیز بیرواشیل کول کوز آج بیرون	یرونی خالیف اود اوزده بی بوکوز <small>دوراج دینی دا</small>
تیلادی ترونی بو بولیش قتروغ	سیروک بول تیغ بو لمی قولمش ح
قتروغ بزجامون کولوغ تورونو لیغی	مونکی یوز ایغی بیروکار دوز است
ای ارکلیک اونغان سکو مونکوز بی	یو امارت سیکین اذین قا بو آتسه
اولوغلوق سنکا اول بنگل کول سنکا	سینکین اذین قوت سنکا تور سنکا
ایا بیری بیکلر سنکا بیرو اذین	قتروغ اشرد لسن سا اوندا ننگ کرد
ساترقا قتیماز سنیک سیر لیکنک	توزون سنک کایته بو ارکلیک سینک
سیر کبیر سیروک ن ا سنکوا جو	قنیماز قاریماز ساقشقا سا بو
ای ایچ تش سلیکلی ای حق النعین	کوزومدا سیراق ن کونکول انیس <small>رسا</small>
بارینک بلکول کون آی نکر بروف	نناک لیک کانیکو کونکول انک یوز
ارسان امارت سنک بیریکنک	نا ارسلار یک سنق تورونو ن سنک
بیر ن بور نونک فارسلار یک	بو تادورنا ارسلار سنک بیریکنک

Ж. Баласағұндың араб жазуымен жазылған “Құтадғу Білік”
қолжазбасының бірінші беті

өрістеуіне жол ашып, соны серпін берді. Ғылымның жаратылыстану, медицина, философия, т.б. салалары ерекше дамыды. Әлем әдебиетінің інжу-маржаны саналатын көркем туындылар мен философиялық трактаттар дүниеге келді. Отырардан шыққан отандасымыз ғұлама ғалым әл-Фараби ғылымның жарық жұлдызы болды.

Ислам мәдениеті түркі халықтарының мәдениетіне, тіліне айрықша ықпал етті. Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне *ғалам, хакім, ғылым, рақым, махаббат, гарыш*, т.б. толып жатқан дерексіз ұғымдағы атаулар енді.

Араб мәдениетімен тығыз байланысты бұл кезеңнің ерекшеліктерін сипаттайтын жазба дүниелерге Жүсіп Баласағұнидің “Құтадғу білік” (“Құтты білік”) поэмасы, Махмұт Қашқаридың “Диуани лугати-т-түрік” (“Түрік сөзінің жинағы”) түркі тілдерінің салыстырма сөздігі, Ахмет Йүгінекидің “һибит-уль-хакаик” (“Ақиқат сыйы”) атты еңбегі, Қожа Ахмет Йасауидің “Диуани хикмет” (“Даналық кітабы”) атты шығармалары жатады. Мерзімі жағынан бұл кезең X—XII ғасырларды қамтиды.

Алтын Орда кезеңі. Аталмыш кездегі тілдік ерекшеліктерді көрсететін Хорезмидің “Мұххабатнамесі”, Құтба ақынның “Хұсрау-Шырыны”, Сайф Сарайидың “Гүлістан-бит түркий” (“Түрік тіліндегі Гүлістан”), Рабғузидің “Қисса-сул әнбиясы”), қыпшақ жазбаларының бірі — “Кодекс куманикус” сөздігі жатады. Бұл кезең мерзімдік жағынан XII—XV ғасырларды қамтиды.

Бұл кезеңдегі көркем туындылардың XV—XIX ғасырлардағы қазақ жыраулары мен ақындарының сөз байлығы мен тіл өрнегіне ерекше әсер етті. Өсіресе көркем әдебиет тілі жаңа мазмұндағы тұрақты сөз орамдары мен бейнелі тіркестермен байи түсті. Бұл кезеңдегі жазба туындылар, сондай-ақ қазақ қоғамындағы араб әліпбиіне негізделген ескіше жазба тілдің қалыптасуына игі әсерін тигізді. XV ғасырлардан бастау алатын қазақтың ескі жазба тілі XX ғасырдың басына дейін қолданылып келді де, халықтық негіздегі жазба тілімен ұласып кетті.

Жаңа түркі дәуірі — XV ғасырдан қазірге дейін. Жаңа түркі дәуірінің бастапқы кезеңінде (XIV—XV ғғ.) көптеген түркі этностары тайпалық одақтар мен ру-тайпалық бірлестіктер, мемлекеттілігінің болуымен, елдікке жетуімен байланысты халық, ұлт болып қалыптаса бастады. Осы кезеңнің өзінде-ақ қазақ тілінің халық, ұлт тілі ретіндегі

бейнесі айқындала түсті. Алтайдан Атырауға дейінгі күллі қазақ ру-тайпаларының бөріне ортақ сөздік қоры мен сөздік құрамы, сөйлем жүйелерінің түрлері, дыбыс құрылысы болды. Басқаша айтқанда, халықтық, ұлттық тілдің біртұтас сомдалған өзегі қалыптасты. Бұлар халық тілінің тұрақты элементтері деп аталады. Әрине, халық тілінің сомдалған өзегінен тысқарылау жатқан, әр жерде әр түрлі дыбысталатын (киіз — кигіз, құман — құмған) әр түрлі ұғынылатын *там* “үй”, *там* “мола”, т.б. тәрізді элементтер кездеседі. Бұлар белгілі бір аймақта ғана кездеседі. Халық тіліндегі ортақ элементтерге қарағанда қолданылатын шекарасы бар шеткері элементтердің саны мүлде аз, жуық шамамен жеті-сегіз пайыздан аспайды.

Жаңа дәуірдің бастапқы кезеңінде қазақ қоғамында араб жазуы қолданыла бастады. Жазу-сызудың бұл түрі Орта түркі дәуіріндегі, Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштер тілінің негізінде пайда болды және сол кезеңдердің емле үлгісімен жазылды. Яғни халық тілінің, сөйлеу тілінің дыбыс жүйесіне негізделмеген болатын. Лексикалық жүйесінде жұртшылыққа бейтаныстау араб, парсы сөзі көп кездесетін. Дегенмен бертін келе халық тілінің, сөйлеу тілінің элементтері аталмыш тілдің дыбыс, сөз жүйесіне бірте-бірте ене бастады. Сөйтіп, біршама халық тілінің дыбыс, сөз ерекшеліктерін бейнелейтін қолданыстар қалыптасып, жүйелі түрде жұмсала бастады. Сөйтіп, қазақ қоғамында *ескі қазақ жазба тілі* деп аталатын жазба тіл қалыптасты.

7-тапсырма. ▲ Қазақ қоғамы осы кезге дейін қандай жазу-сызуларды қолданды? Орхон жазуын қолданған ру-тайпа бірлестіктерін атап көрсетіңіз. Орхон жазуы қай елдерде, қай жерлерде кездеседі?

■ Жалқы есімдерді теріп жазып, бірнешеуіне морфологиялық талдау жасаңыз.

Қазақ жазуының тарихы

Қазақ сахарасын қоныстаған қазақ елі күні кешегі орыс әліпшесін мирас еткенге дейін үш жазуды қолданып келді. Олар — ескі Таластан Орхон — Енисей бойына тараған Орхон (V—IX ғғ.), соғдылықтар арқылы жеткен ұйғыр (IX—XV ғғ.) және араб әрпімен енген жазулар (XIV—XX ғғ.). Бұл тарихи дәуірлерде Қазақстан өлкесін мекен еткен әкімшіліктердің

өзгеріп отырғанынан болса керек. Түркі қағанатынан кейін мұнда ұлыстарды біріктіріп, жеке-жеке билік құрған елдер — қыпшақтар (қыпшақ хандығы, VIII—XI ғғ.), Қаңлы ордасы, Найман хандығы, Керейт (керей) хандығы, Қарлұқ хандығы, Қарахан хандығы, Монғол дәуірінен кейін Өзбек, Қазақ қауымдары.

Міне, осы айтқан әкімшілік орындары әрқайсысы өз дәуірінде жоғарыда көрсетілген үш жазуды еркін түрде қолданып отырған. Жазуды сол кездегі тәртіп бойынша теріге, киізге (“киіз кітап”), ағашқа, сүйекке, темірге, кірпішке, тасқа түсірген. Осындай жазулардың Қазақстанның тау-тастарында тізбектеліп тұруы соның айқын дәлелі. Кейде ел басқарған адамдардың аттары құм тасқа әдемілеп ойылып жазылған. Мәселен, Кенелі тауындағы тастарда (Тоқырауын өзені) араб әрпімен жазылған Жошы хан, не оның үлкен ұлы Ержен-Қаан аттары кездеседі. Балқаштың теріскейіндегі Тоқырауын өзенінің бойы XIII ғасырдың басында Жошының құлан қуып ойнақ салған жері. Осы арада әкесін аң аулауға шақырып, Құланойнақ даласында қыпшақ елінің атақты тұлпарларының ішінен тандап мың боз ат, мың кара ат тарту етеді. Жошының қасында қыпшақ, үйсін, арғын, қаңлы елінің арабша жазатын серілері, бітікшілері, абыздары аз болмаған.

Орхон, ұйғыр жазуын көп заман бойы қолданған елдер — оғыздар, қыпшақтар, наймандар, керейлер, меркіттер, өңгіттер (уақ тайпасы). Бергі кезде олар қазақ ұлысына қосылды. Көп ғалымдардың зерттеуінше, ол тайпалардың ілгеріге ұмтылуға басқан ізгі мақсаттарын тасқа түсірген. Олардың мекендеген жері — Оңтүстік Алтай, Орхон бойы, Селенгі өзенінің бас жағы, Гоби даласы. Басқа да бір топ ғалымдардың бақылауынша, руна (Орхон) жазуының шыққан жерлері — Жетісу өлкесі, Шу, Іле, Ыстықкөл, Талас өңірі. Орхон жазуын бұл өлкеде ең алғаш мәдениет дүниесінің үлесіне айналдырған елдер — ғұндар, үйсіндер, қаңлылар. Олардың Жетісудан Бұхар хандығымен хат жазысып отырғаны қытай тарихында әлденеше рет кезігеді. Ол жазу Түрік қағанатынан бұрын дүниеге келгенін ғұндар жазып қалдырған рунаның әдемі мәтіндері Солтүстік Кавказда, Қырымда, Әзірбайжан өлкесінде де сақталған. Бұл жазудың шығуын, өркендеуін зерттеу тарих үшін табылмайтын ұлы қазына.

Гун дәуірінде тасқа қашалған бірнеше тас жазулар

Қазақстанда кездеседі. Бәрінің де жазу әдісі, үлгісі Орхон жазуымен бірдей. Олардың бір тобы Орталық Қазақстандағы Жаңарқа ауданына қарасты Қалмаққырған тауының оңтүстік бүйірінде жалпақ қара тастың бетін бүтіндей алып жатыр. Сонымен қатар тасқа қиып түсірілген керуеннің суреті бар. Екінші көп жазу Елек өзенінің бас жағында жерді қазып жатқанда табылған. Тап соған ұқсас бір топ жазу сол Елек өзенінің аяққы ағысында да бар. Өте өкініштісі ол жазуларды жақсылап тексеріп, оқып шыққан кісі жоқ. Бұл — мәдениет жұмысына салғырт қараудың бір түрі.

Орхон жазуын жақсы меңгерген елдер — оғыз бен қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер. “Моюн-Чур” деп аталған бір тас жазудың көрсетуінше, “Қыпшақтар түрік елін елу жыл басқарып отырған”. Бұлардың барлығы Күнге, Айға, Жұлдызға, Көкке табынатын елдер болған соң, тасқа қиып түсірген жазулары мен жазбасы қатар жүреді. Олардың тастағы жазуында айтатыны “Көк төңіріде болдым”, “елімді беш қатар тізілттім”, “ел алыбымын”, “Ертіс”, “Қазылық көлі”, “Қара — Жоталық” деген жер аттары кезігеді. Бұл сөздің көбі осы күнге дейін қазақ тілінде ұшырасады. Орхон жазуының Қазақстанда көп жолығатын жері — Ертістің бас жағы, Жетісу, Талас өзендерінің бойы. Өткен ғасырдан бүгінгі біздің дәуірімізге дейін табылған тас жазуларға арнап талай ғылыми зерттеу жазуға болады.

(Әлкей Марғұлан.)

8-тапсырма. ▲ Қорқыт кім болған? Оғыз-қыпшақтар қандай жерлерді мекендеген? Оғыздармен көршілес отырған ру-тайпаларды атаңыз. Академик Ә.Марғұлан Қорқыт туралы деректі кімге сүйеніп айтып отыр?

Қорқыттың өмірбаянын, ол туралы ескі ефсаналарды келістіре толығымен жазған ойшылдардың тағы бірі — атақты Әбілғазы тарихшы. Бұл ғалым: “Қорқыт — бүкіл оғыз-қыпшақтарының ұлы атасы, оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, ақылшы, кеңесші. Ол оғыз хан заманынан қалған тарихи отанға үлгі айтып, билік құрған, дана болған кісі. Оғыз елінің жұрттары: күншығыста Ыстықкөл, Алмалық, Талас, ортасы Сайрам, Қазығұрт, Қарашық тауы (Қаратау), Темірқазық, Ұлытау, Кішітау—мыстың кені (Жезқазған), күнбатыста Сыр суының аяғы (қазақ жырында: су аяғы Қорқыт), Жанкент, Қарақұм. Осы айтылған жерлерді Оғыздар бес мың жылдай қоныс етіп отырады.

Қайсы ру мықты болса, хан солардан шықты. Оғыз дәуіріндегі ең күштілер: Қайы мен Баят еді, оларға тағы алты ру қосылған” дейді.

“Оғыздарға жақын отырған елдер қаңлылар, қыпшақтар, найман-жағмауыттар (бура найман), карлұқтар еді. Оғыздар Жетісуды, Ыстықкөлді, Алмалықты, Сайрамды оларға қалдырып, өзі Сыр суының аяғына қоныстап, патшалықты Жанкент қаласында құрды. Өздері қыс күні Сыр суының екі жағын қыстап, жаз айларында Ұлытау, Кішітау, Торғай, Тобыл, Обь өзенінің аяғына дейін жайлауға барып жүрді. Оғыз тайпаларының қалдығы Торғай өзені бойында осы күнге дейін сақталған. Оған ашық мысал “Текенің дыды”, “Баршынкөл”.

(Әлкей Марғұлан.)

9-тапсырма. ▲ М. Қашқари, А. Йүгінеки, Құтып, Ж. Баласағұни туралы деректерді оқып, түркі тілдес тайпалардың сол дәуірдегі мекендеген жерлерін картадан көрсетіңіз?

Ғұламалардың шығармалары қай дәуірге жатады? Қандай тілде, қандай жазумен жазылған? Қазақ тілімен сабақтастығы туралы айтыңыз.

▲ Мәтіндерді оқып шығып, мазмұнын баяндап беріңіз. Мәтінде кездесетін өзен-су аттарын (гидронимдерді), елді мекен атауларын (ойконимдерді), адам аттарын (антропонимдерді) жеке-жеке жазып, олардың қай ғасырларға катысты екенін және қазіргі кезде қай мемлекеттің құрамында екенін көрсетіңіз.

● Жалқы есімдердің жазылу емлесіне орфографиялық сөздікті пайдаланып түсінік беріңіз.

М. Қашқари. “Диуани лұғат-ат-түрктің” шығарушысы — Махмуд бин ал-Хусейн бин Махмуд ал-Қашғари — деген бір түрк ғалымы. Бұл адамның аты бұрынғы ескі тарих кітаптарында көрінген жоқ еді. Тәржіме халі (биографиясы) туралы сөз өз кітабынан ғана табылып отыр. Бұл адам — 999-ыншы жылдан 1212-нші жылға дейін Күнбатыс, Күншығыс Түркістанды билеп тұрған “Қараханы” түркі хандарының ең күшті болып, дәуірлері жүріп тұрған заманда болған адам. Атасы Хасен (түркше аты “Бехрикин”) осы қараханылардың атақты бектерінен болған, саманилардан Маураннаһрды алып берген кісі болған. Бұл “Бехрикин” осы күнгі Ыстықкөлдің күнбатыс пен оңтүстік арасының жағасындағы “Барсхан” шаһарында болған. Кітаптың шығарушысы Махмудтың туған, кіндік кесіп, кір жуған

жері, ата қонысы Ыстықкөл жағасы Барсхан шаһары болады. Махмуд Қашғари Азиядағы түрк бектерінен, әскерінен, ғалым, шайырларының (ақын) алдыңғы қатарынан болған. Өзінің өмірін түрк қауымдары арасында, түрлі түркі рулары ішінде өткізген. Өзін “Қашғари” (Қашғарлық) деп атағанынан, Қашғар хандарымен болған сұхбаттарын (беседа) жазғанынан оның Қашғарда өмірін өткізгендігі білінеді. Бірақ қандай себеппенен екені белгісіз, бұл түркі ғалымы, түркі қаһарман бегі Бағдад халифасының алдына барған. Кітабын халифа ал-Қаим биәміраллаһның патшалығының соңғы жылында жазып, оның өзін Басари ал-Мұқтади биәміраллаһға тарту қылған.

Әйтеуір, кітап 1073-інші жылы (сиыр жылы жазылған). Махмуд Қашғаридың замандасы болған екінші бір Қараханы түрк жазушысы баласағұнлық Йусуф Хас Хажиб “Құтадғу білік” есімді кітабын 462-нші жылы, тауық жылында (1069-1070 қыс күні) жазған. Осылайша Махмуд Қашғари кітабы мен Йусуф Хас Хажибтың кітабы жазылуының арасы екі-үш-ақ жыл уақыт болады. Бірақ бұл кітаптардың біреуі түп Түркістан орталығы Қашғарда, екіншісі Бағдадта жазылған. Махмуд Қашғари кітабының Стамбұлда табылған нұсқасы 664-інші хижра (1266-ыншы) жылда Мұхаммед Абу-Бақр бин Абул-Фатих ас-Сауи ад-Дамашқи деген адамның қаламымен шығарушының өз қолымен жазған кітаптан жазылған. Бұл туралы Дамашқи өзі жазады.

Махмуд Қашғари кітабының басында бұл кітапты сол замандағы мәдениет дүниесі мұсылмандарға түрк ұлтын таныту, білдіру үшін жазғанын айтады. Осы себеппен ол өзінің түрк қауымы, түрк әдебиеті туралы кітабын араб тілімен жазған. Әрине, Махмуд Қашғари араб тілін өте жақсы білген һәм кітабын зорланбай-ақ арабтың шешен сөзі, ашық тілімен жазған.

(Халел Досмұхамедұлы. 1923 ж.)¹

Қорқыт (VIII ғасырда өмір сүрген) — мәшһүр ақын, асқан күйші, аты аңызға айналып кеткен кемеңгер, ойшыл адам. Өзі оғыз руынан шыққан, қыпшақтың жиені. Қазақ музыкасының тарихында өн-күй өнерінің атасы болып есептеледі.

Қорқытқа байланысты аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар

¹XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы авторлардың шығармаларынан үзінділердегі адам, жер, су, шығарма атаулары сол калпында өзгертілмей берілді (ред.).

“Қорқыт атаның кітабы” (XI ғ.) деген шығармада жинақталған. Оның авторы, жазылған уақыты не қайда жазылғаны туралы мәлімет жоқ. Шығарманың екі түрлі қолжазбасы бар (Дрезден және Ватикан кітапханаларында сақталған). Олар кейінірек XV ғасырда жазылған. Көптеген тілдерге аударылған. Түпнұсқасы үш рет басылып шықты (Стамбұлда, Анкарада, Римде). Орыс тілінде де бірнеше рет жарық көрді, ең бастысы академик В.Бартольд аударған нұсқа (1950 ж. Баку; Москва — Ленинград).

Әл-Фараби (Муххамед ибн Узлаг Тархани Әбунасыр әл-Фараби, 870—950 жж.) — дүниежүзілік білім мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі тарихында “екінші ұстаз” атанған данышпан, ұлы ойшыл, энциклопедист ғалым, өнер зерттеушісі, ақын, сазгер (композитор). Сыр бойында, Отырар қаласында (қазіргі Шәуілдір ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы) туып, Димашик шаһарында қайтыс болған. Өкесі әскербасы болған. Өзі әуелі аулында, сонан соң Шығыстың әйгілі елдерінде (Ирак, Мысыр, Шам, т.б.) оқып білім алған. Араб тілінде көптеген еңбектер жазған олар дүние жүзінде талай тілдерге аударылып, жан-жақты зерттеліп жүр. Батыс Еуропа елдерінің көптеген ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындарында. Олар (әл-Фараби еңбектері) XVIII ғасырға дейін тұрақты оқулық есебінде қолданылған.

Ж.Баласағұни (1015—1016 ж.) туған, өлген жылы мәлімсіз) — қазіргі Жетісу өлкесіндегі Шу өзенінің жағасындағы, Шығыс Түркістан мен Орта Азияның талай төңірегін билеп тұрған Қарахан әулеттері мемлекетінің бір орталығы болып саналатын Баласағұн (Құз Орда) шаһарында өмір сүрген, ұлы ойшыл, данышпан ақын, білікті қоғам қайраткері. 1069—1070 ж. өзінің 54 жасында 18 ай жазып Қашқарда бітірген еңбегін түрікше “Құтадғу білік” деп атаған да, алдына “оқушыға ол құт әкелсін, өмір жолына меңзесін” деген мақсат қойған. Аудармасы — “Құт әкелген білім”.

Р.Хорезми (туған, өлген уақыты белгісіз) — лақап аты (екінші бүркеншік аты — Раванди), шын аты-жөні беймәлім автор. Ақ Орда (XIV ғ. аяғы мен XV ғ. басында құрылып, үстемдік еткен Жошы тұқымдарының оң қанаты, яғни Жүз Орда — жүзге бөлінетін Орда) әдебиеті мен жазба (дәстүрлі алтынордалық) әдеби тілдің көрнекті өкілі, атақты ақын. Оның бізге “Мухаббат-наме” (“Махаббат жыры”) деген бір ғана еңбегі мәлім — 1353 ж. Сыр бойында (мүмкін, астанада —

Сығанақ қаласында, қазіргі Сунақ-Ата) жазылған. Ол былай деп толғайды:

“Мухаббат-наме” сөзін жырлайын да:
Түгелдей жазып біттім Сыр бойында”...
“Жеті жүз елу төртте дәптерімді
Бітірдім төгіп жүріп көп терімді”.

Еңбек Өзбек ханның баласы (Жәнібек ханның аталасы болу керек) қоңырат руынан шыққан Мұхаммед Қожабек (1342—1357 жж. Алтын Орданы билеген) ханның сұрауымен жазылған, Қожабекке арнап автор былай дейді:

“Жүректі ең арыстандай қоңырат текті,
Шаһиншах туысқаның Жәнібек-ті”, —

деп келеді де:

“Бітірдім Қожабекті мақтау сөзін,
Бастадым “Мухаббаттың” нағыз өзін”, —

деп шығарманың кіріспе бөлімін аяқтайды.

Шығарманың бізге екі көшірмесі жеткен бірі 1508—1509 жж. араб жазуымен, екіншісі 1432 ж. көне ұйғыр жазуымен Йезде қаласында жазылған. Екеуі де Лондонда сақтаулы. Біріншісі 47 бет, онда 474 бөйіт (948 жол өлең) бар. Ол — ғашық жігіттің сүйген қызына арнап жазған он бір сәлем хатының жинағы.

(Ә. Құрышжанов. “Ескі түркі жазба ескерткіштері”.)¹

10-тапсырма. ▲ М.Қашқаридың ел аралап жинаған мақал-мәтелдеріне қазақтың қандай мақал-мәтелдері сөйкес келеді?

■ Мақал-мәтелдердің ішінен бесеуін таңдап алып, мағынасын түсіндіріңіз. Ондағы айтылған ойға жазбаша түсінік беріңіз.

● Төрт түлікпен байланысты мақал-мәтелдерді теріп жазыңыз.

1. Қорада лақ туса, өрісте оты өнеді.
2. Сарттың /саудагердің/ азығы адал болса, жол бойы жейді.
3. Дайын асты алдына тосса, /қонақ оны/ жоқ екен деп ойламайды.
4. Күн жүзінде сызат жоқ,
Бек сөзінде қайту жоқ.
5. Ерінбегеннің ерні май болады,
Ерінгеннің басы қан болады.

6. Алатын /кісі/ — арыстан /болады/,
Қарыздар /кісі/ — тышқан /болады/.
7. Атан жүгіндей ас болса да, аш адамға аз көрінеді.
8. Аш не жемейді,
Тоқ не демейді.
9. Айламен арыстан ұстауға болады, қара күшпен
қуыршақ та ұстай алмайсың.
10. Кісі аласы ішінде,
Жылқы аласы сыртында.
11. Ыдыстың аузы тар болса, су құйғышын үлкен қыл.
12. Алыс жердің хабарын керуен әкеледі.
13. Бөтен кісінің малы мал болмайды.
14. Дос адамнан артық нәрсе алмас болар.
15. Қаз көтерілсе, үйрек көлді иемденер.
16. Бар жақсылықтың басы — тіл.
17. Ит ұялатын болса — ұлғанды жаламайды /жемейді/.
18. Інген ыңыранса, бота боздайды.
19. Бес саусақ бірдей емес.
20. Арпасы болмай, ат асудан өте алмайды,
Сүйеніпші болмай, батыр соғысқа кіре алмайды.
21. Жылан өзінің иір-иір екенін білмейді,
Түйенің мойнын иір дейді.
22. Жалқауға бұлттын көлеңкесі де жүк болады.
23. Жаны тоқ адам тез қартаймайды.
24. Азығы бар адам арымайды.
25. Ат тепшейді деме,
Ит қаппайды деме.
26. Альппен күреспе,
Бектермен тіреспе.
27. Аңқасы кепкен адамға барлық су сағым боп көрінер.
28. Кеуіп қалған ағаш иілмейді,
Тартылған кіріс түйілмейді.

29. Тай ат болса — ат тынығады,
 Ұл өссе — өке тынығады.
30. Бес қаруын дайындаған — құл қып жауын алады,
 Бес қаруын ұмытқан — құл боп кете барады.
31. Су татырмағанға сүт берер.
32. Жуаспен жұлыссаң да, ұятсызбен ұстаспа /қолжазбада: ұятсызды жеңем деме/.
33. Кеңескен білім өседі,
 Кеңеспеген білім өшеді.
34. Кеште бұлт қызарса — әйелі ұл тапқандай болады.
35. Азанда бұлт қызарса — үйге жау кіргендей болады.

(Махмұт Қашқари.)

11-тапсырма. ▲ Ақынның тіл туралы ой толғамдарын қысқаша мазмұндап жазыңыз. Ақын тілді неге өнер деп бағалаған? Тіл өнері қандай жағдайда пайда, қандай жағдайда зиян өкеледі?

■ Ақын қолданған көркем теңеулер мен нақыл сөзді теріп жазыңыз.

Тіл өнері және оның пайдасы мен зияны жайында

Көрінеді тілден ұғым, білім де,
 Сен өзінді “жарылқаушы — тілім”, — де.

Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер,
 Бас та жарар, қадір-құтты ол өшірер.

Тіл — арыстан күзететін босаға,
 Бас жарады, қуып тастар тасаға.

Не деп еді тілден көрген азарды,
 Пайдаңа асыр бұ сөзге сап назарды:

“Тіл қинайды — жүрек қанша тілінді,
 Бас аманда мен кесейін тілімді.

Бас кеспесін сөзінді бақ күзетіп,
 Тіс сынбасын — тілінді бақ түзетіп”.

Халық жаман — сөз қылады ниетінді,
Кісі күншіл — жеп қояды етінді.

Тілге Құдай білім берді тиесі,
Басыңды күт, осынау тіл иесі!

Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен,
Жарамайтын сөз шығарма тісіңнен.

Біліп айтса — дана дейміз озғасың,
Білімсіздің сөзі жейді өз басың.

Бейпіл сөзден түскен пайда көрмедім,
Сөйлегеннен түскен түсім көрмедім.

Көп сөйлеме — азбен келтір иінін,
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.

Сөз білгенге патша тағы тиеді,
Көп сөз басты жерге әкеліп иеді.

Көп сөйлесе — “оттаған” боп аталар,
Сөйлемесе — “мылқау” деген ат алар.

Олай болса қарсы жұмса құрықты,
Қарсы тұрған көтереді рухты.

Тілінді бақ — сонда басың сақталар,
Сөзді қысқарт — жас ұзарып, бақ толар.

Көп бүлінбе: тіл пайдасы — мол өзі,
Бір мақталып, бір датталар ол өзі.

Соқыр көзге нұр құйғандай көретін,
Сен енді бол біліп сөйлеп беретін.

Надан адам — соқыр болар сүле сал,
Ей, біліксіз, кел білімнен үлес ал!

Туған — өлер: бөріне атақ келмейді,
Жақсы сөзі қалған адам өлмейді.

Екі нәрсе — содан адам қартаймас,
Ісің — ізгі, сөзің болса ортаймас.

Туар адам, өлер өзі — ат қалар,
Кеткендердің сонда сөзі жатталар.

Өлмес өмір тілеп жүрсен өзіңе —
Ізгі нұр құй қылған іс пен сөзіңе.

Айттым саған “сөз мәнісін түсін!” — деп,
Тілді сөгіп, әрі мақтап мүсіндеп.

Берін жисаң — сөз ақылға сыймайды,
Таңдап оны білген адам сыйлайды.

Ұлына арнап сөз айтайын, батырмын,
“Ал, тыңда” — деп, ұлым, міне, отырмын.

Саған, ұлым, бердім осы кеңесті,
Сөз — сен үшін, өзім үшін емес-ті.

Қалса менен алтын, күміс сен ерге,
Сен оларды осы сөзге теңгерме.

Күміс кетер, жұмсағанда жол табар,
Сөзімді ұқсаң — алтын, күміс сол табар.

Адамдардан адам мирас іздеген,
Онысы — сөз пайда әкелер жүздеген.

Ей, білімдар! Түйме қабақ дәл бүгін,
Қысылсам да айтам сөздің дәлдігін.

(Жүсіп Баласағұни.)

12-тапсырма. ▲ Өлеңді оқи отырып, “аз сөз — көп сөз”, “керекті сөз — керексіз сөз”, “шын сөз — жалған сөз” ұғымдарының мазмұнын ашып жазыңыз.

● Ақын қолданған жағымды және жағымсыз мәндегі сөзді теріп жазыңыз. Олардың синонимдерін көрсетіңіз.

Тілді тыйып ұстау — әдептіліктің шарты

Білімдіден қалған сөз тағы бар:
Әдептіге “үндемес” ат тағылар.
Тілдің тый — сонда тісің сынбайды,
Жөнсіз пыққан тілден тісің қағылар.

Сөз есепсіз — тілінді тый, тарт, ұста,
Тыймаған тіл басыңа сор әр тұста.
Есепті сөз — ер сөзінің асылы,
Мылжың тілді “жау” деп ұғын тартыста.

Ақылды ма көп сөйлеген күпіне,
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та
Тіл жарасы жазылмайды: түбі не?

Тіл жайында

Ақымақтың тілі — басты дұшпаны,
Қан төгіліп, талай бастың ұшқаны.
Көп сөйлеген өкінеді түбінде —
Безей бермей, ақылға сап ұста оны.

Не келсе де тілден келер бір басқа,
Содан — жақсы, жаман атақ бір басқа.
Тыңдашы: адам ерте тұрып күн сайын
Осы тілге табынбайды құр босқа.

Бақ тілінді, аздап сөйле, мұра — сол.
Сонда аман-сау, тек жүресің, рас — ол.
“Адамды отқа күйдіретін тіл екен,
Өзіңді оттан сақта”, — деген Расул.

Екі нәрсе бір адамға келсе егер,
Жақсылық жоқ, жамандыққа жол шеген:
Оның бірі — керексіз сөз, ауан сөз,
Екіншісі — жалған айтқан сөз бекер.

Сөзі өтірік адамдардан алыс жүр,
Жолмен тура, шыншылдықпен өмір сүр.
Тіл мен жақтың нағыз көркі — шын сөзі,
Шынын айтып, бұл сөзіме құлақ түр.

Шын сөзі — бал, жалған сөзің — жуадай,
Жуа сасып бал иісін қуады-ай!
Шын сөз — шипа, өтірік сөз — кесел ғой,
Ескі сөзден осындай ой туады-ай!

Тура айтылса — шындық сөздің базасы,
“Әділ, — десін халық сені, — таза осы!”

Қисық жүрмей, әділдіктің тонын ки,
Сол болады бар киімнің тазасы.

Қатты сақта — сырынды ешкім білмесін,
Өз сөзіңнен өкініш іс келмесін.
Бар құпия ісің болып әшкере,
Көрген адам, естіген жұрт күлмесін.

Айтпа сырды, қара достың түсіне,
Ойлап қара жанашырдың ісіне.
Өз ішіңе сыймаған сыр, шығағым,
Сыя ма екен сол досыңның ішіне?

(Ахмет Йүгінеки.)

13-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, ақын шығармаларының қандай жазумен жазылғанына назар аударыңыз. Шығарма авторларының қай елде, қай кезде өмір сүргенін, шығармаларын қай тілде жазғанын айтып беріңіз.

Мәтінде кездесетін ру-тайпа, халық, ұлт атауларын (этнонимдерді) көрсетіңіз.

А.Йасауи (1103 немесе 1105—1167 жж.) — Орта Азияның атақты ақыны, Түркістанда сопылық мектебін құрған, діни-мистикалық әдебиеттің негізін салған. Қазіргі Сайрам (Шымкент облысы) маңында туған. Әкесі Ибраһим сонда шайық (діни атак, дін орталығын басқарушы) болған. Қожа Ахмет Арыстанбап тәрбиесінде болған. Бұқарада әйгілі Хамадани мектебінде оқыған. Йасы (қазіргі Түркістан) қаласын мекендеп, шайхылық құрған — “әулие шайық” атанған. Атағы алысқа тараған, көп мүрид (шәкірт) ерткен (кейін олардың ішінен де атақты ақындар шыққан: С.Бақырғани — 1186 ж. қайтыс болған. С.Аллаяр, Ахсани, т.б.). Жұрт “Мәдинеде — Мұхаммед, Түркістанда — Қожа Ахмет” деп, оны пір тұтқан. Сондықтан ол 63 жасқа келгенде “пайғамбардың жасынан артық жасамаймын” деп, жертөлеге — шілдеханаға (жердің астынан ойып жасалған үйге — қылуетке) түсіп, қалған өмірін сонда өткізген. Оның әдеби мұрасы бізге бір ғана “Диуани хикмет” (“Даналық кітабы”) деген еңбегі арқылы жеткен. Ол төрт тармақты өлеңдерден немесе екі жолдан құралған. Бір топ өлең бір “Хикмет” (парасаттылық, ақылдылық, даналық, ішкі терең ой) деп аталған. Шамамен алғанда, жүзден арта (бір жинағында 109 деп көрсетілген) хикметі болған. Қазіргі бар

көшірмелер XV (4 қолжазба) және XVII ғасырларда жазылған. XIX ғасырдың екінші жартысында бірнеше рет тасқа басылған (алғаш басылуы — 1878 ж.). Қазақ тіліне аударылып, 1901 ж. Қазанда басылып шыққан деген мәлімет бар (бірақ біз өзіміз оны көрген жоқпыз). Түркі халықтарының арасында (Түркия, Орта Азия, қазіргі Қазақстан, Түркістан, т.б.) өте көп тараған (қолжазба күйінде), Стамбұлда, Ташкентте, Қазанда, т.б. орталықтарда талай рет жарияланған. Ә.Нәжіптің айтуында, бұл еңбектің дүние жүзінде 400-ден астам көшірмесі бар көрінеді.

Қожа Ахмет Түркістанда жерленген. Басына күмбез орнатылған (1395—1397 жж.). Қазақ мәдениеті мен әдебиетін, тарихын, этнографиясын, шаруашылық жағдайын зерттеу үшін “Диуани хикметтің” маңызы үлкен деп есептелінеді.

С.Сарайи (Саиф әс-Сарайи, 1312—1396 жж.) — “Қамысты” деген жерде туған, Алтын Орда мемлекетінің ақыны, соның орталығы Сарай қаласында тұрған. Мәмлүк (қыпшақ) мемлекеті дәуірлеп тұрғанда, түркі (қыпшақ) әдеби тілі әбден өркендеп, көптеген көркем туындылары дүниеге келген кезде Мысырға барған. Сонда парсының аты шулы ұлы ақыны Шеих-Маслах-әд-дин Сағдидің (XII ғасырдың басында туып, 1292 ж. қайтыс болған) Бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына кірген “Гүлістан” (1257 ж.) поэмасын ең алғаш бөтен тілге — сол кезде қолданылып жүрген қыпшақ әдеби тіліне аударған (1391 ж. С.Сарайидің 70 жасында). “Гүлістан” қолжазбасы (түпнұсқасы) қазір Голландияда (Лейден университетінде) сақтаулы, оның фотокөшірмесі 1954 ж. Түркияда (Анкарада) басылып шықты (бастырушы медицина профессоры Ф.Н.Үзлүк).

А.Йүгінеки (Әдиб Ахмет ибн Махмұт Йүгінеки) — XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүрген. “Йүгінек” деген жер аты Орта Азияның әр жерінде-ақ кездеседі. Мысалы, Самарқанның маңайында (“Югнак”), т.б. Ахметтің дәл қай жерде туғаны белгісіз. Ол — туа біте зағип (көр соқыр) болған кісі. Көп оқып, үлкен білімдар атанған (әдиб — “оқымысты, жазушы” деген мағына береді). Түркі, араб әдеби тілдерін жетік білген. “Ақиқат сыйы” (“Хибат-ул-хакайқ”) деген дидактикалық поэма (өсиетнама) жазған. Дастанның түпнұсқасы жоғалып кеткен. Бергі кездерде жазылған үш қолжазбасы және олардың үш түрлі үзінділері бар: 1) Сауран (оның бұзылған орны Сыр бойында, қазіргі Түркістан түбінде) қаласының әмірі Арыслан қожа

тарханның бұйрығымен Самарқанда 1444 жылы көне ұйғыр жазуымен көшірілген нұсқа. Онда 508 жол өлең бар. 2) 1480 ж. Стамбұлда екі түрлі жазумен (ұйғыр, араб) қатар берілген нұсқа — 506 жол өлең. 3) XIV—XV ғасырларда араб жазуымен жазылған 494 жол. Үшеуі де Стамбұлда сақтаулы. Алғашқы екі нұсқа өзара сұрыпталып Стамбұлда (Н.Әсім, 1915 ж., Арат, 1951 ж.) және Ташкентте екі рет (1971, 1972 жж.) басылып шықты. Соңғы көрсетілген нұсқа қазіргі қазақ алфавитімен транскрипцияланып, жолма-жол (қара сөзбен) және өлең түрінде аударылып, арабша жазылған нұсқасымен қоса (1985 ж.) “Ғылым” баспасында жарияланды.

Құтып — шын аты белгісіз, лақап аты Қутб — “сопылар ізгілігінің көзі” деген діни атақ (Құдай жолында жүрген адам). Ол Хорезм өлкесінен хан сарайында қызмет ету үшін Алтын Орда ыдырағаннан кейін Көк Ордаға бағынып тұрған Ақ Ордаға келген (Сырдария алқабын, Аралдың солтүстік-шығысынан Есіл, Сарысу өзендеріне дейінгі далалық жерлердің көбін, Йассы, Сауран, Жаңакент сияқты қалаларды билеген, орталығы Сығанақ, қазіргі “Сунақ-Ата”, болған). Ақ Орданың көшпелі халқы (атақты “Дешт-и қыпшақ” даласының шығыс бөлігін түгел жайлаған) “өзбек-қазақ” деп аталған. Құтып сонда отырып 1341 ж. өзірбайжанның ұлы ақыны Низами Ганжевидің (1141—1209 жж.) “Хұсрау мен Шырын” деген поэтикалық романын “Низами балынан алуа жасайын деп едім” — деп, қыпшақ тіліне аударып, Өзбек ханның (1312—1342 жж. Алтын Орданы билеген) баласы шаһзада Тыныбекке тарту еткен (ол әкесі Өзбек өлген соң аз уақыт Ақ Орданы билеп тұрған). Бұл дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына кірген шығарманың бірінші рет түркі тіліне аударылуы еді. Еңбектің түп- нұсқасы жоғалып кеткен. Бізге жеткені — Еділ бойынан шығып, Мысырға (Александрияға) барып тұрған қыпшақ ақыны Берке ибн Биқараз ибн Адгу (лақап аты “Фақиқ” — “діни білімге жетік” деген сөз) 1383 ж. көшіріп алған нұсқа. Ол қазір Францияда (Париждің ұлттық кітапханасында) сақтаулы. Шығарманың соңында Беркенің өзі шығарған өлеңдері де бар.

(Ә. Құрышжанов.)¹

14-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, көрпеш сөзінің шығу төркініне назар аударыңыз. Мәтінге сүйеніп, тарихи жазба нұсқалар тілі қазіргі қазақ әдеби тілінің бастауы екеніне түсінік беріңіз.

Көне түркі тілінде *көрпе* сөзі “кеш туған қозы” дегенді білдіргенін XII ғасырдағы М.Қашқари сөздігі көрсетеді. Зерттеушілер *көрпе* сөзіндегі [р] дыбысының түсіп қалуы түркі тілдеріндегі жиі кездесетін құбылыс екенін ескертіп, *көрпе* дегеннен *көпе*, *кепе* тұлғалары пайда болған дегенді айтады.

Бұл, біздіңше, дұрыс этимология. Көне түркі тілдерінде *көрпе* сөзі *жас* дегенді білдірген. Сонда *көрпеш* сөзі *жас бала* дегенді білдірмек. *Қозы көрпеш* деген атақты жалқы есімнің түбірі осы — *көрпе*.

(Р.Сыздық, “Сөздер сөйлейді”.)

15-тапсырма. ▲ Қарамен жазылған сөзге түсінік беріңіз, *кепе* сөзінің синонимін көрсетіңіз.

Тоқты-торымын жинап, баласының алдына салды. Ол бірден **тұсақ** қойларын түгендеді. Бір **кепесін** әкеліп, үлкендерден бата сұрады.

16-тапсырма. ▲ Оқып шығып, қазақ тілінің қандай тіл екеніне көңіл аударыңыз. Қарамен жазылған сөздің синонимдік қатарын құрыңыз.

Түпкі таза түрін сақтаған тіл

Қазақтардың тілі — түпкі түрін — түркі сипатын сақтап қалған тіл. Рас, оған да **бірен-саран** жат сөздің енгені байқалады. Бірақ ол сөз... қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің **қорына** қосылып кеткен. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырған жинақтардың толық бір томын аударуыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа **бауырластарына** қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті.

Қазақтардың тілі **әуезді** де әсем, шебер де шешен, әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады.

(В. В. Радлов — шығыстанушы.)

17-тапсырма. ▲ Мәтінде “Кодекс Куманикус” сөздігі тілінің қазіргі түркі халықтары тілінің тарихымен сабақтастығы туралы нендей пікір айтылады?

● Мәтінге сүйеніп, “Қыпшақтар сөздігі” тілінің біздің тілімізбен байланысы туралы пікіріңізді жазбаша түсіндіріңіз.

“Кодекс Куманикус” — құмандардың (қыпшақтардың) тілінде жазылған діни мәтіндер (текстер) мен сөздіктер (XIII—XIV ғғ.). Көлемі — 82 парақ (164 б.) (бірінші бетінде “1303 жыл” деген жазу бар). Бұл қолжазба парақтарының бір кітап боп жиылып, түптелген кезі болса керек, материалдары ертеден бері айтылып жүрген сөзден құралған. Еңбектің авторы мен жазылған жері белгісіз. Соңғы мәліметтерге қарағанда, түпнұсқасы 1294 ж. жазылған да оның бірінші көшірмесі 1303 ж. жасалған, ол толығымен 1330 ж. көшіріліп біткен.

Тіл ерекшеліктері тұрғысынан алып қарағанда қазіргі қыпшақ тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің орта ғасырлардағы табиғи қалпын көрсетеді. Осы күнгі қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері болып табылатын кейбір грамматика құбылыстары, мысалы, ш дыбысымен айту (ч-ның орнына), с дыбысымен айту (ш-ның орнына), ж дыбысымен айту (й-дің орнына), т-мен айту (д-ның орнына), к-мен, қ-мен айту (ғ, г-нің орнына), т.б. толып жатқан фонетикалық сипаттамалар осы құман тілінде әрдайым байқалып отырады. “Кодекс Куманикус” тілі — қазіргі қыпшақ тілдерінің қалыптасу лабораториясы. Оның сөздік қоры мен грамматикалық құрылысы — қазақ тілі тарихының қайнар көзі.

(“Қазақ тілі” энциклопедиясы.)

18-тапсырма. ▲ Араб жазуы тараған мәдени орталықтарды атап көрсетіңіз. Жазу мәдениетін таратуда қазақ жерінде қандай мектеп-медреселердің болғанын, сол замандағы көрнекті ұстаз, мәдениет, өнер қайраткерлерін атаңыз.

Орта ғасырлардағы жергілікті жазушылардың айтуынша, ол кездегі қазақтар мекендеген Сыр бойындағы, Таластағы қалаларда, қыстақтарда — мектептер, медреселер болған. Олар, негізінен, араб жазуын үйренуге ден қойған. Ол кездегі араб жазуын үйрететін үлгілі мектептер Ташкентте, Түркістанда, Сауранда, Сығанақта, Отырарда, Сайрамда, Шымкентте, Созақта ашылған. Бұл медреселерді ашуға Қожа Ахмет Йасауидың ұрпақтары — Жұм Ахмет Йасауи, Ғамал Хажы, Хожа Ахмет ибн Ахмет Шашты, Мұхаммед Бабаи (Баба-Ата) Абутораба Бахши, Абу Язит Бестаами, Гузи ора Маргушы (Маргуба) үлкен себепкер болған. Бұлардың

барлығы — Йасауидың адамгершілік, шындық, әділет сөзін қадірлеп, бар өмірін білім, дүниетануға жұмсаған ғалымдар, халықты надандықта қалдырмай, ілгері бастыруға ұмтылған адамдар.

Қожа Ахмет Йасауидың өз ұрпақтары салдырған мешіт, медресе, мектептері олардың ата-бабалары ерте кезден қоныс тепкен Түркістанда, Сайрамда, Баба-Атада, “Шашты ордасында” болған (Хожа Ахмет ибн Ахмет Шашты).

Бұл Баба-Ата мен Шашты ордасы Қаратаудың солтүстігіндегі Құмкент қаласымен қатарлас орналасқан. Олардың тарихи мазмұны халық аузында аңыз ретінде айтылады. “Шашты Өзіздің” даңқы Құмкентпен қатар айтылады. Архитектуралық сәулеті Қара хан үлгісімен жасалған. Бірақ ұлы құрылыс алдақашан бұзылған. Оның сарайларының алдында орманның түбірі сақталған. Балтамен шауып түсірген түбірлерінің сорабы әлі күнге дейін сақталып қалған. Ұзындығы бір шақырым жерге дейін созылып жатыр. Оның маңындағы хаузені бұзылған, оған суды көзе сауытпен Қаратаудың көлінен өкеп, ағаштарды суарып отырған. Көне сөз бойынша Шашты Өзіз осы көлдің ішінде бір әулие қызбен сауық құрып, ұрпақ тарайды.

Шашты өзіздің бір ордасы — Баба-Ата. Бұл Шаштыға халық қойған аты болу керек. Қарахан дәуірінде жасалған Баба-Атаның ұлы мұрасы осында. Барлығы күйдірген кірпіштен салынған. Оның әдемі құрылған архитектурасы көзге алыстан елестейді.

Ең бастысы — ол білімнің, ой-сананың ордасы. Бала оқытуға үлкен мән беріп, оны тәрбиелі, білімді, әділетті болуға баулыған. Баба-Ата шын мағынасында үлкен ғылым ордасы, көп білім беретін жер. Одан талай білімпаз адамдар шыққан. Мектебі орасан үлкен. 500 бала оқиды, олардың білімі үлкен қалаларда оқитын балалардан кем болмаған, әрбір екі балаға бір жатақ орын берілген. Бір таңсық нәрсе, мектептің астында көп заманнан тығылып жатқан кітаптар кездескен. “Баба-Ата” совхозының директоры ол кітаптарды жақсылап жинап, тегісімен кітапханасына тапсырды. Ол кітаптар әлі тексеріле қоймаған, онда қандай әдеби кітап бары белгісіз.

Осы Баба-Атаның мектебі сияқты аты шулы білім беретін мектеп Қаратаудың екі жақ бөктерінде мейлінше көп болған. Әсіресе Шаянда, Шәуілдірде, Созақта жиі кездеседі.

Хиуадағы сияқты ұлы мәдениет мұнаралары Сырдарияның бойында көп кездеседі. Мұның мәдениет үлгілері

Хиуадан кем болмаған, бірақ бүтіндей қиратылып, үгіліп біткен. Сырдарияның өткен мұраларын еске түсіретін атақты ғұламалар — Түркістани, Сунақ-Ата, Ташкенди, Мұхаммед-баба, Жамал Қарши. Ғұлама ойшылдармен қатар Сырдарияның көп қалаларында аты шулы асқан ақындар көп болған.

(Әлкей Марғұлан.)

§3. ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІ

Араб әліпбиі негізіндегі қазақтың ескі жазба тілі, шамамен, XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі аралықта қызмет етті. Ол, негізінен, Қазақ хандығы іс қағаздарында, дипломатиялық қарым-қатынас ісінде қолданылды. Қадырғали би Жалайыридің “Жамиғ-ат тауарихы”, Әбілғазы Баһадүр ханның “Шежіре түрік” атты тарихи жылнамаларын аталмыш жазу үлгілеріне жатқызуға болады. Ескі қазақ жазба тілінің үлгілеріне Махамбет Өтемісұлы, Әбілхайыр ханның Ресей патшасы Елизаветаға жолдаған дипломатиялық жазбаларын, Ш.Уәлихановтың хат-қағаздарының тілі, т.б. жатады. Мүрсейіт қағазға түсірген Абайдың қара сөз түріндегі шығармаларының тілін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп тануға болады. Ескі қазақ жазба тілінің нормалары өсіресе XIX ғасырдың аяғына таман сөйлеу тілінің ықпалына көбірек ұшырап, халық тілінің элементтері жүйелі сипат ала бастады. Бұл тұста ілгерішіл демократиялық бағыт ұстанған “Айқап” журналы, “Қазақстан” газеті, т.б. сияқты басылымдардың орны ерекше болды. Өсіресе XX ғ. басындағы көркем әдеби шығармалар тілінде сөйлеу тілінің нормалары айқын көрінді, бірақ ескі жазба тіліне төн сөз үлгілері де жиі кездесіп отырды.

Ескі қазақ жазба тілінің сол кездердегі қазақ қоғамы үшін тарихи-мәдени маңызы аса зор болды. Өйткені ол қоғамдық сананың құқықтық, ғылымдық, эстетикалық (көркемдік) түрлерін қалыптастыру мен дамытудың тілдік құралы ретінде жұмсалды. Олай болса, ескі қазақ жазба тілі мәдени ұлттық тарихымызда ерекше құндылық деп танылуға тиіс.

Ескі қазақ жазба тілінің емле жүйесі тым күрделі болды. Себебі оның тілдік жүйесінде, біріншіден, Қараханид дәуірінен келе жатқан байырғы түркілік сөздер мен тұлғалар, екіншіден, қалың жұртшылық біле бермейтін араб,

парсы сөзі, үшіншіден, қазақтың кәдімгі сөйлеу тіліне төн элементтер болды. Жазба тілі жүйесінде мұндай үш түрлі элементтердің аралас-құралас жүруі, оның емле жүйесін оқып игеруде көп қиындық келтірді. Сондай-ақ қазақтың ескі жазба тілін халықтың белгілі бір әлеуметтік тобы ғана қолданды. Жалпыхалықтық игілікке айналып, бұқаралық сипат ала қоймады.

19-тапсырма. ▲ Қазақ жерінде қандай мектеп-медреселер болды? Қазақ даласына оқу-білім таратуға ат салысқан тұлғалар туралы өз пікіріңізді жазбаша білдіріңіз.

● Бірнеше сөйлем алып, сөздердің байланысу тәсіліне қарай талдау жасаңыз.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ағаштан құрап салынған үлкен медресе — Құнанбайдың Қарқаралыны көркейткен мешіті (1846). Ол әлі күнге дейін бұзылмай, сол күйінде сақталған. Сондай бір ағаш мектепті Шыңғыс Уәлиханов Сырымбет аулында тұрғызған. XIX ғасырдағы жақсы мешіттің бірі — Баянауыл мектебі, оның оқытушысы Камариден, артынан көп шәкірт қалдырған, соның бірі — Мәшһүр Жүсіп. Торғай бойындағы атақты медресе — Дулығалы өзенінің бойында күйдірген кірпіштен тұрғызған күмбезді мешіт, қасында балалар оқитын кірпіш мектеп. Қабырғасы өте мықты, әр жеріне мұнара тұрғызып отырған. Оны жасаушы архитектор Талпаң деген. Дулығалы мектебін бірінші рет Ыбырай Алтынсарин көргенде қатты қуанышқа бөленіп, білім алудың жарқын жолы деп түсінген.

Көп зерттеушілердің бақылауынша, бұрынғы ауыл мектебінің саны қалаға қатарласып отырады. Қазақтардың бала оқытудағы тілегі көбінесе шаруашылықпен байланысты. Ол әсіресе сауда ісіне, мал санауға, сый тартуға, достармен хат жазысуға аса керек болған. Россия патшасы Федор Ивановичқа қазақ хандығының бірінші ұлы хаты XVI ғасырдың соңында жазылған.

Орта Азиямен, Қытаймен сауда жүргізуде араб әліппесінің рөлі күшті болған. Оның көп тараған жері: Сырдың бойы, Орталық Қазақстан, Жетісу, Арал—Каспий теңізінің жағасы, Маңғыстау. Мұнда мұнаралап көтерілген үңгір сарайының іші толған жазу, сауда сөзі, атақты бектердің аттары.

(Әлкей Марғұлан.)

20-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, не туралы баяндалғанын айтып беріңіз.

■ Мәтіндегі өзен-су атауларын (гидронимдерді), тау аттарын (оронимдерді), елді мекен, ұлыс атауларын (ойконимдерді), кісі есімдерін (антропонимдерді) тауып, бөлек-бөлек жазыңыз. Шежіредегі тарихи деректердің осы аталған атаулармен байланысын ашыңыз.

▲ Қазақ энциклопедиясын пайдаланып, *көбе, кіреуке, сауыт, берен* сөзіне түсінік беріңіз.

Кейінгі замандарда, өркімдер айтқандай, Шыңғысхан ұлдарына әскер бөліп берді. Өрқайсысына төрт мың қолдан тиді. Әуелі Жошыға төрт мың әскер беріледі. Ол Еділ бойына өтті. Содан соң Жошының бар әскері (оның) екінші ұлы Батуға қалды. Батуды Сайын хан деп атайтын. Сайын хан барлық батыс елдерін, Ібір-Сібірді, болгар және башқұртты, орыс және черкесті, неміс королін, Қырым, Дешті Қыпшақты да, Темір-қақпаға дейін биледі. Өзі Еділ бойында қаза болды. Көп жайлардан соң ұлыс Тоқтаға ханға қалды. Тоқтаға ол заманда ноғаймен араз еді. Біраз уақыт ноғайменен соғысты. Ақыры ноғайды сындырды. Ерген он жеті адамымен ноғай, башқұрт қашып барды. Өзі жаралы еді. Жолда оны Орус ұстап алды. Орусқа ол “мен ноғаймын” деді. Орус оны Тоқтаға алып келе жатқанда жолда кенет қайтыс болды.

Тоқтаға Еділ бойында бірнеше жыл патшалық етті. Содан сол Тоқтаға өмірден қайтты. Одан ұрпақ қалмады.

* * *

Өзбек хан неше жылдар Еділ бойында патшалық құрды. Оның ұлы Жәнібек хан болды. Өзбек ханның орнына отырды. Ол да бірнеше жыл патшалық құрды. Екеуі елу жыл патшалық кешті. Жәнібек хан өлген соң қарауындағылары өрқайсысы әр тарапқа тарқады. Жәнібек ханның уалаятын Фетка Науақрат Чирақтлу ұлысты түгел биледі. Чирақтлуны Орус хан өлтірді. Орус ханды бәрінің ағалары патшалыққа отырғызды. Содан Орус Алатау маңына орын тепті. Ол өте биік көрінетін тау... Ол таудың қисапсыз (көп) сулары да бар. Талашқыры шаһары сонда. Отырар, Сайрам шаһарлары Хиваға жақын. Чу, Талаш, Ыстықкөл, Текелік, Алмалық және Қаратал сол елдерде. Иетикент те сонда. [Адамдары] өте биік, қуатты және сәнді, батыр келеді. Бұл мәлім және белгілі (жай). Орус хан неше жылдар осы жерде

патшалық құрды. Ақырында, солтүстік жағында Киштим деген жерде ажал тапты. Оның ұлы Құйырчық еді. Атасынан соң ұлысын сол биледі. Ол заманда Қашғар уалаятымен қақтығыс бар еді. Бұл Құйырчық сұлтанды атасынан соң патшалыққа отырғызысты. Құйырчық хан өтіп еді. Оның ұлы Барақ аталық болатын. Атасынан соң падишаһ болды. Ұлысты түгел өзіне қаратты. Құйырчық ханнан соң соны хан көтерісті. Барақ ханды жеңімпаз батыр, алып еді деседі. Айналасындағы уалаяттарды өзіне тәуелді қылды. Ақырында, Еділ мен Жайықтың арасы, Сарайчыққа жақын Қазы, Наурызбен ұрыста ажал тапты. Оның ұлын Кіші Жәнібек деп атайды. Бұл Жәнібек хан атасының ұлысын биледі. Оның ұлдары көп еді. Аңызға айналған... *қырық* інісі бар. Есімдері белгілі ұлдары мен немерелері осы еңбекте айтылады. Аты әйгілі болған ұлдары мыналар: Қасым хан, Қанбар сұлтан. Бұл екеуі бір анадан. Өсак хан, Иадик хан. Бұл екеуі бір анадан. Қожаш хан. Бұл анасынан жалғыз еді.

(Қадырғали би Қосымұлы. “Жамиғ-ат-тауарих”.)¹

21-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, Әбілғазының кім болғанын, қандай еңбектер жазғанын, қанша тіл білгенін айтып беріңіз. Әбілғазы шығармаларын қай тілде, қандай жазумен жазғанын көрсетіңіз.

Мәтіндегі елді мекен атауларын (ойконимдерді), кісі есімдерін (антропонимдерді) теріп жазыңыз.

● *Өнер, отбасында сөздеріне толық морфологиялық талдау жасаңыз.*

Әбілғазы Баһадүр

XVII ғасырдағы түрік жазба ескерткіштерінің ішінен Әбілғазы Баһадүр ханның “Шежіре түрік” (“Түрік шежіресі”) кітабының алатын орны ерекше. Оның себебі, біріншіден, кітап авторының өз заманының білімді, жан-жақты даярлығы бар (тарихшы, ақын, полиглот, жауынгер, т.т.) адамы болғандығы. Оның шығармасы тарихи, әдеби, тілдік жақтарынан аса құнды. Оның дәлелін Әбілғазының өзі келтірген мына сөзінен көруге болады. Ол өз кітабының кіріспесінде былай дейді: “Құдай тағала мырзалық қылып, маған біраз нәрсе берген. Мен, әсіресе, үш түрлі өнерді жетік меңгердім. Біріншісі — әскери өнер, яғни әскерді басқару, оның тәртібі, т.т.; екіншісі — ақындық өнер, яғни түрлі өлең құрылысын сақтай отырып, түркі тілінде месневи, қасид, ғазел, рубаят тәрізді өлең шығара алу; араб, парсы, түрік сөзінің мағынасын жетік білу; үшіншісі — бұрын Арабстан, Иран, Тұран,

Монғолияны билеген патшалардың өмірі мен мемлекеттік маңызды істерін, оларда болған ірілі-уақты оқиғаларды жатқа білу”.

Әбілғазы 1603 жылы Хиуа хандығының астанасы Үргеніш қаласында Жошы ұрпағынан тараған Араб Мұхаммед хан отбасында дүниеге келген. Анасы Мейірбану ханым да Шыңғыс хан әулетінен. Әбілғазыға төрт-бес атадан қосылатын Жанғазы Арал теңізі маңындағы өзбек, қазақ руларының ханы болған. Әбілғазының алты жасында шешесі өліп, ол өгей шешесінің қолында тәрбиеленеді. Әкесі салдырған Арысхан медресесінде оқып, ғұлама ғалымдардан дәріс алады. Осы жылдары ол халық ауыз әдебиеті шығармаларын сүйіп тындап, тарихты оқып зерттейді, әскери өнер, мемлекет басқару ісін меңгереді. 16 жасқа шыққанда әкесі оған Үргеніштің жартысын билетіп қояды.

“Жетім өз кіндігін өзі кеседі” деген мақалды айта отырып, ол өз тарихымызды өзіміз жаздық”, — дейді.

“Шежіре-и түріктің” енді бір жерінде автор бұл кітапты жазуда өзінен бұрын жазылған Рашид-ад-Диннің “Жамиғ-ат-тауарих” атты шежіресіне, сондай-ақ басқа да Шыңғыс хан ұрпақтары тарихы түзілген кітаптарға сүйенгенін айтады. Өзінің олардан артықшылығы ретінде монғол, араб, парсы, қалмақ тілдерін жақсы меңгергенін және көптеген тарихи оқиғаларды жатқа білетінін айтады.

(Бабаш Әбілқасымов, “Әбілғазы ханның “Түрік шежіресі” және оның тілі”.)¹

22-тапсырма. ▲ Академик Ө.Марғұлан Қадырғали Жалаириды қалай бағалаған? Қадырғали Жалаиридың қазақ мәдениеті мен жазуындағы орны қандай? Қадырғали Жалаири өмір сүрген кез және сол кездегі қазақ қоғамында қолданылған жазудың түрін айтыңыз.

● Қарамен жазылған сөздерге орфографиялық, орфографиялық талдау жасаныз.

Қадырғали Жалаири және оның ата-бабалары көп заманнан халықтың атақты билері тәрбиеші, үлгі беруші болып, бала оқытуға, жақсы адам тәрбиелеуге көп ой бөлген данышпан кісілерден екені байқалады. Мұны орыс ғалымдары да өте жеткізе айтқан. Демек, Жалаиридың ол кездегі мұсылманша оқып жетілген биіктігі өте жоғары еді.

Қадырғали Жалаири өз заманының атақты бір білімпазы болғандықтан, сол замандағы халық шежіресін бұлтарусыз, болған қалпында жазады.

Бұлай XVI ғасырдың соңында әдемі оймен қазақ тілінде келелі сөз жазып қалдыру, қазақ халқының тарихын, шежіресін, жұрт **тұрмысын** әдемілеп суреттеу — сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі деуге болады. Ой жүйесінің әдемі **құрылуы**, тілі, көркемдік бейнесі Қадырғалиды сол кездегі білгір кісінің бірі етіп сипаттап, оның білгіш, **жүйрік** оқымысты кісі екенін **көрсетеді**. Кітап бойынша Қадырғали араб, парсы, түркі, орыс тілдерін бірдей жақсы білген. Оның көп оқығандығы кітаптың әр жерінде, “бұл мәселе көп жерде кездеседі” деуінде ашық көрініп тұрады. Сөйтіп, Қадырғали жалайыр тайпасынан шыққан қазақтың бірінші ойшыл ғалымы, жазушысы, **өрнек** қалдырған мәдениет мұрагері. **Өзінің** жазуында да жалайыр тайпасын жоғары көтеріп, ардақтаған. “Алаш мыңы арасында **ұлығы** тарақ тамғалы жалайыр болғай”. Оның жазғандарын қазақ жазу мәдениетінің бірінші үлгісі деп тану керек.

*(Әлкей Марғұлан.)*¹

23-тапсырма. ▲ Мәтіндегі ескі жазба тілдің үлгісі қай кезеңге тән?

Мәтіндегі тілдік қолданыстан өз дәуіріне тән қандай ерекшелікті, тілдік қолданысты байқауға болады? Осы тілдік қолданыстың қазіргі тілімізге қандай ықпалы болды деп ойлайсыз?

Махамбеттің хаты

Дәлудің 19-ында
1839 йылда йолланды.

Хұрмәтлу батырлар, Баубек, Нәдіркүл, Сәли, Жармұханбет, Амантай, баршаларыңызға бірдайін сәлем-лерімізден соңыра истихфарларыңыз уләндірсә әлхәмдилла сізнің дұғакүйлеріңіздің хамидінде. Уә бұнден соң бұ йылғы Хиуа сафарымыздан сағ-сәләмәт қайтып келугі һәр сөзләрәмізні Жарастан сұрап білерсіз. Өһәм сізләрні өзім де көруге бек інтізар болсам да жұртның жайсызлығы бірлән өзімнің арты жағымның жайсыз ашуғышлығы уәзәрә бара алмадым. Өһәм өзім де бұ халықтың ішінде тұра алмаймын. Қайтып тез заман ғаскер алдындан барып, ханға жолығамын. Нешік те болса бұ йыл келмейінше қалмас. Әгәрдә өзләрәңіз-нің жайларыңыз келсе, Сәли старшинаны бәңә жіберіп алыңыз. Бән һәм сізләрнің хабарыңызны күтіп алсам кирәк. Ушан халықларның ішінде һәрнешік, Хиуадан әскер

болмайдүр деп ойламаңыз. Өгөр орыс-қазақтан қысаңлық болса, бері қарап көшіңіз. Бір малыңызға назар халқы ғайри уалият тия қылмас. һөрнешік орыс турөгө хор болмаңыз. һәм бүгінде Ғайбала ханның қолында біраз өскер бар. Адай, табынның тинтөкларін тыйып, зөкөтларін алатұрған һөд де узлөріңіз біліп тұрғансыз. һәм де бұ йыл барған алашалар молла жарылғас білөн Ошырты бинің барған иліндөн Аллақұли хан бажы һәм зөкөт бірісін де алмады. һәм ошан күз алашадан алшып икi үйні қырғыз хиуадан батырлар шауып кетіп еді, шол малларны да Аллақұли кісі жұмсап, алдыруға ниетленген ирді тілеу халықлары да малың алдын алып келіп берді. Орыстан шығып барған халық хадірсіз ирмөс. һәм сіз халықның да бізнің бірлөн бір болғаныңызны да Аллақұли хан бек хош уақ болды. Бутөн ғайри не яза-йын? Язғушы ініңіз Мұғамед Утөміш ұғлы дейур біләсіз — МҰХАМЕД.

Сәли бірлөн Жармұханбет достым, уақытыңыз болса, бізге бек мұқтаж шөй-шекер алып беріп жіберсеңіз, бек ұлуғ мархабаттан болар еді.

(Махамбет. “Ереуіл атқа ер салмай” өлеңдер жинағы.)¹

24-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, қазіргі өлеби тілдің нормасына лайықтап жазыңыз. XIX ғ. ескі қазақ жазба тілінің қазіргі жазу ережесінен өзгешелігіне назар аударыңыз. Дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік айырмаларды көрсетіп, талдау жасаңыз.

“Түркістан уәләяті газетінің” 1875 жылғы 8-санында басылған мақаладан

Біз бұ жол жердің қандай екенін үлкендүкін сөйлейік қыбланама шыққан соң су үстінде ұзақ жолға жүре тұрған кеме қылыб кеме мінкен адам жер четүнден бір талай ұзаб айлық жол жүрүб адам баласы естүмекен жер тауыб судын жайын біле тұрған адам көбейетұған болды деб мұнан бұрүн чыққан казитде тоқтаб едүк.

Бұрынғы заманда өнерсіз адам түкіл өнерлі адам да жердің қандай екенін білмейді екен бұрүнғы адам ол күнде дүнианың жарұмында жүрүб кезкен жоқ олар қайдан білсүн сөйтседе өткен адам ол күнде жердің қандай екенін білкүсі келіб әркім әр түрлі қылыб өз көңілүнден сөз чығарұб сөйлейтұған болыбды біреу жерді үч үлкен балық ұстаб тұрады дебді біреу жердің айналасы жайылыб кеткен четі

жоқ деңіздің ортасына арал болұб тұрады дебді аспан болса аспан айнекден қылған аспан жердің үстүн жауыб чет четі жерге тиіб тұрады үлкен тау болса жоғарыдан жерге түсіб кетпесін деб тау ұстаб тұрады дебді.

Бұл бұрұнғылардың айтқан сөзі бірі де рас емес бірақ жердің айналасы четі жоқ деңіз су деген біраз расқа келеді. Расқа келеді дегеніміздің мәнісі жердің айналасы деңіз екені рас бірақ деңіздің ар жағына сол замандағы адам чыққан жоқ еді деңіздің үстіне чығұб жүрсе де жердің четінден алұс кетбей жүрүб жүрүб тағы жердің четүне қайтұб келучі еді деб бұрұн бір айтұб өтүб едік біздің падшамызға қараған жұртдың батыс жағында біздің ата бабамыздың жерүнде бір үлкен деңіз бар — аны Атлантически деген — көб жылғы заманда ол деңіздің қасында жатқан деңіздің үстіне чығұб кеме мінүб ол күнде ұзамай қайтұб келіб жүркен жұрт деңіздің ар жағында бұ дүйнаның жарымы жатқанын қайдан білсүн.

Дөрт жүз жыл тұсында манағы ағыл менен табқан жол көрсететұған құбланама чыққан сонда ұзақ жолға жүркендей үлкен кеме қылуды білкен соң тағы судың жайын білкен адам көбейіб жайылыб жатқан деңіздің үстіне адасыб кетеміз деб қорықбай жердің үстінден деңізке түсіб ұзаб кетіб жүретұған болды. Со кезде бір ақылды Калумб деген ер бар екен ол Калумб деген батыр деңіздің ар жағына үтүб чығамын деб кеме мінүб құбланамаға қараб күн батыс жаққа таман жөнеледі сүйтүб Калумб жолға жолаучы больб су үстіменен жүрүб кетүб тоқтамастан жүрүб отұрүб бір талай күнден соң алғы күн батыс жаққа қараб жүрүб бір талай күнден соң деңіздің ар жағына өтүб чығұб үлкен жер тауыб ол жердің атүн Америка деб қосыбды...

§4. ТӨТЕ ЖАЗУ

XX ғ. басында халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Басқаша айтқанда, жазу-сызуды демократияландыру арқылы күллі халықты сауаттандыру ісіне бар білімін, күш-жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай, қалып қоятынын терең түсіне білген ғалым жүйесі аса күрделі ескі қазақ жазба тіліне

түбегейлі реформа жасады. Алдымен, ол араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты (а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү, е) және он тоғыз дауыссыздан (б-п, д-т, г-к, ғ-қ, ж-ш, з-с, й, л, м, н, ң, р, у) тұратын дыбыс жүйесін негізге алып қазақ әліпбиін түзді. А.Байтұрсынұлы ұсынған жазба тіл нормасы бірыңғай халықтық тілдің сөз, грамматика, дыбыс жүйесіне сүйенді, соларды таяныш етті, ескі түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб, парсы элементтерінің қолданылуы шектеулі болды. А.Байтұрсынұлы жазуы халықтық тілдің сөз үлгілерін жазба тілде бірізді қолданудың жүйесін жасады. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы халық тіліне негізделген жазбаша тілдің тұңғыш рет оқулықта, оқу құралдарында заңдастырылған нормасын (кодификацияланған нұсқасын) жасады. Тіліміздің заңдастырылған жазу нормаларын А.Байтұрсынұлы негіздеп берді.

А.Байтұрсынұлы ұсынған жазу жүйесі жалпақ жұртшылықтың ықыласына бөленді. Ден қойған адам оны бірекі айдың ішінде-ақ үйреніп алатындай 24 әріптен тұратын жүйесі ұғымға жеңіл, емлесі оңай болды. Жұртшылық сондықтан бұл жазуды бұрынғы жазудан бөлектеп, төте жазу, төте оқу деп атады. А.Байтұрсынұлының төте жазуын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл ғылымының (лингвистиканың) көрнекті өкілдерінің бірі Е.Д. Поливанов, фонетика зерттеушісі Яковлев, т.б. арнайы тексере келіп, аса жоғары бағалады. Алайда төте жазудың Кеңестер одағындағы ғұмыры ұзаққа бармады. 1929 жылы қазақ жазуы латын графикасына негізделген, 29 әріптен тұратын жазуға көшті. Ал 1940 жылы қараша айынан бастап латын негізді қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс графикасына бейімделген жазуға көшті. Ал ҚХР-дағы миллионнан астам қандастарымыз осы күнге дейін төте жазуды қолданып келеді. Онда төте жазумен оқулықтар, оқу құралдары, газет-журналдар, әр түрлі кітаптар шығады.

25-тапсырма. ▲1913 ж. “Қазақ” газетінде жарияланған мәтінді оқи отырып, автордың ұлы Абайдың сөз қолданысына төн қандай ерекшеліктерді атап айтқанын көрсетіңіз. 1) Абай + 2) мәтін + 3) оқырман арасындағы байланысты автор қалай түсіндіреді? А.Байтұрсынұлының “Абай-суреткер” + “Абай жазған мәтін” + “қабылдаушы оқырман” деген үштік жүйесіне салып, өз ой-пікіріңізді жазыңыз.

КАЗАКСКИЙ АЛФАВИТ

Байтурсуновский алфавит		НТА	Примерное произношение
До 1927	После 1927		
ا	ا	a	a
ب	ب	b	б
پ	پ	p	п
ت	ت	t	т
ث	ث	ʧ	ж
ج	ج	c	ш
د	د	d	д
ر	ر	r	р
ز	ز	z	з
س	س	s	с
ش	ش	ʃ	ш
ڭ	ڭ	ŋ	глубокое (заднее) проточное г
ق	ق	q	глубокое (заднее) к
ك	ك	k	к
گ	گ	g	г
ڭ	ڭ	ŋ	к заднеязычное, нем. ng в сл. lang
ل	ل	l	л, ль
م	م	m	м
ن	ن	n	н
و	و	o	о
و	و	ø	нем. ö
و	و	u	у
و	و	ü	нем. ü более узкое
ۋ	ۋ	v	белор. ў, англ. w
ه	ه	e	е
ي	ي	i	и
ي	ي	ʲ	звук типа ы
ي	ي	j	п
ي	ي	e	е приближ. к п
ء	ء	-	впак смягчения гласной «даджин»

А. Байтурсуновский өліпбиі

Қазақтың бас ақыны

Қазақтың бас ақыны — Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрын-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

...Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөзі жайынан өңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады.

...1903 жылы қолыма Абай сөзі жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңдап отырасын. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөзін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөзі жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың бірімен сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екенін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, білдіріп өткеніміз теріс болмас.

...Жиырма жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендердің сөйлеген сөзі, көсемдердің істеген ісі, үлгілі сөз, ұласымды өзілдер, мақалдар, мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

(А. Байтұрсынұлы. “Қазақ” газеті, 1913 ж.)

26-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығыңыз. Халық батыры Амангелді Имановтың “Шежіре-кітап” қолжазбасынан алынған естелікті көшіріп жазыңыз. Мәтінде қазіргі әдеби тіліміздің нормасынан өзгеше тұрған сөздік қолданыстарды көрсетіп, талдау жасаныз.

● Осы естеліктегі Ғ. Мүсіреповтің айтқандарын негізге ала отырып,

Амангелді туралы көлемі шағын мақала жазыңыз. Үш сөз алып толық фонетикалық талдау жасаңыз.

Амангелді Имановтың “Шежіре — кітабы”

Амангелдінің “Шежіре — кітабы” менің қолыма соғыс жылдарында түсті. Аласа бойлы, қара мұрт, шоқша сақалды бір адам әкеліп берді. Атын ұмытып қалдым. Арал ауданынан келдім дегені есімде қалған. Өлдеқайда майданның қара жұмысына кетіп бара жатып, “шежіре— кітапты” маған әкеліп берді.

— Батырдан қалған жалғыз асыл мұра еді. Қара жұмысқа кетіп бара жатпасам, елі де сандық түбінен шығармаған болар едім. Ендігі жауапкершілігі сіздің мойныңызда. Аман қайтсам, өзіңіздің қолыңыздан қайтып алармын, — деді.

Мен тезбе-тез “шежіренің” маңызды беттерін машинкеге бастырып алып, өзін орталық музейге сақтауға апарып бердім. Сол “шежіре” дәл қазір де менің алдымда жатыр.

Бұл — 25x35 сантиметрлік кеңсе кінегесі. Амангелді кітаптың оңынан солға қарай жаза бастапты.

Амангелдінің әлеуметтік ойларын, мәдениеттік шама-шарқын аңдататын мынадай жазғандары бар:

“Мен 1914 жылда 29 мартта Петрамбор қаласынан сенбі күні 7 сағат 10 минутта күн бата қайттым.

Мәскеуге таңертең 9 сағат жарымда келіп түстік. Мәскеуден кешкі сағат бес жарымда жүрдік. Сол түнімен, келер күнімен жүріп, келер түнде, түн ортасынан 2 сағат ауғанда Самар қаласына келдік. Самардың сағаты Петрамбор сағатынан 1 сағат 19 минут алда болады екен.

Самардан түс қайта 3 сағат және қырық минутта жүріп Орынборға таңертең 8 сағат 5 минутта келіп түстік.

Орынбордан жарты сағат алтыда Шалқарға келіп түстік. Шалқар сағаты Самар сағатынан 35 минут ілгері жүреді екен.

Петраграт баратын адамға керек нәрсе.

Әуелі Шалқардан билетті Петраграт деп кестіресіз. Скорай деген арбамен 4 күнде апарарды. Жолда қай қалада үш күн кідіремін десең ықтияр. 7 күннің ішінде жеткізуге міндеткер. Шалқардан Орынбор, одан Самар, одан Мәскеудің Рязан бағзалынан түсіп, Некалай бағзалынан барып арбаға мінесін. 14 сағатта Петраграт барасын.

Қайтарда Петраграттан белетке Мәскеу барғанда Рязан бағзалынан түсемін деп белетке жаздырасын.

Жазғушы Амангелді”¹.

Амангелдінің осы жазғандарынан-ақ оның зерделі адам екені, әр нәрсені қадағаламай тынбайтыны байқалады. Әсіресе әр қаланың уақыт айырмашылығын дәлдеп анықтап алуы дала қазағы түгіл, сол кездегі қазақ оқығандарының ойына кірді ме екен?

(*Ғабит Мүсірепов. “Батырдың биік түлғасы”.*)

27-тапсырма. ▲ Сөздікті пайдаланып, сөздің айтылуы мен жазылуына байланысты бірнеше тест сұрақтарын құрастырыңыз.

● Үлгідегі сөздің қате, дұрыс жазылып тұрғанына тілдік тұрғыдан түсінік беріңіз.

Ү л г і .

I. Бөлек жазылатын сөзді көрсетіңіз.

- а) Рұксат қағаз, жүз басы
- ә) Ру басы, еш кім
- б) Көп балалы, өлде қайдан
- в) Мойын жіп, жүз шамалы
- г) Су тегі, қалам ақы

II. Айтылуына қарай жазылатын сөзді көрсетіңіз.

- а) Көз болу
- ә) Атты кісі
- б) Отыра қал
- в) Құшша ұшу
- г) Жазушы

28-тапсырма. ▲ Мәтіндерді оқып шығып, А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласындағы қызметін айтып беріңіз.

■ А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі қандай дауыстыларды арнайы таңбамен белгіледі? Қандай дауыстылар үшін арнайы таңба алмай дәйекші қолданды? (Дәйекші — сөздің жіңішкелігін белгілейтін таңба.)

● А.Байтұрсынұлы жүйесін мына үлгі бойынша қазіргі жазумен көрсетіңіз.

Ү л г і : *тон* [тон] — *тон* [тән], *сан* [сан] — *сан* [сән].

Жаңа емле

Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері таза қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды. Оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде “Қазақ” газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана “Қазақ” нөмірі тарады. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар.

Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. “Қазақ” емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы “Қазақ” нөмірлерінің көбінен көрінеді.

Бұл екі жылдық қана қызмет. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор.

Әр істің бағыты оң болса ғана ерушісін адастырмайды. Қазақ тілінің нәм жазуының таза сақталып белгілі бір жолға түсуіне бірінші қам қылып, қызмет сіңірген, бұл жолда басшылық еткен кім деген сұрауға менің жауабым осы жазғандарымнан көрінсе керек.

Енді түзу жолға бір түскен соң оқығандарымыздың әрқайсысы таза қазақша сөйлеуге, қазақша жазуға тырыса бастады. Мұның белгісі қазір көп.

(Міржақып Дулатұлы. 1915 ж.)¹

Ахмет Байтұрсынұлы — ұлы реформатор ғалым

Халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған ғұлама ғалым. Сонымен қатар ол — оқу-ағарту ісін жолға қою үшін қажет өзге де іс-әрекеттерді қолға алған қайраткер. Бұл іс-әрекеттер: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі — емлені жасау, қазақша сауат ашатын “Өліпше” жазу, ана тілін танытатын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып қана емес, ғалым-ағартушы болып та көрінді. Ол қазақ тілі мен әдебиетін пән ретінде қазақ тілінде тұңғыш баяндаушы ғалым.

Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрамын зерттеуге кіріседі.

Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау, 2) қазақ тіліндегі *ы, е, и, о, ұ, у* дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу, 3) *к, г* дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздің жіңішкелігін (яғни қазіргі *ә, е, і, ұ* дыбыстарымен айтылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. Бұлайша түзілген алфавиттің дыбыс жүйесі сауат ашудың әдісіне сай келетіндігі байқалады.

А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсынұлының реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап ұсынған, осы алфавитті негізге алған жаңа жазуы (ол “Жаңа емле” деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылдың бір өзінде осы емлемен (жазумен) 15-тей қазақ кітабы басылып шығыпты және бұл жазуды (“Жаңа емлені”) 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен қазақ-орыс мектептері де қолдана бастапты.

“Жаңа емлені” А.Байтұрсынұлы әрі қарай да қырнай түседі, полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықтап жасалған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған Қырғыз (қазақ) білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланады. Бұл съездің күн тәртібіне алты мәселе қойылады: Олар: 1) жазу ережелері (яғни орфография мәселелері), 2) әліпби (яғни алфавит) мәселесі, 3) қазақша пән сөз (яғни терминология), 4) ауыз әдебиетін жию шаралары, 5) оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары, 6) бастауыш мектептердің программасы.

(Рәбиға Сыздық.)

29-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, жазба тілімізде қандай әліпбилерді пайдаланғанымызға назар аударыңыз. Қазақ жазуының бір әліпбиден екінші әліпбиге көшуінің себептері немен байланысты деп ойлайсыз? Бұл жөнінде өз пікіріңізді жазыңыз.

● Фонетика саласы қандай тақырыптарды зерттейді деп білесіз? Қарамен жазылған сөзге жазбаша толық фонетикалық талдау жасаныз.

Біз пайдаланған өліпби түрлері

Бүкіл түркі халқына ортақ көне жазба нұсқаларды айтпағанда, қазақ халқы, басқа да түркі халықтары сияқты, ислам дінінің тарауымен бірге келіп енген араб жазуын ертеректен бастап-ақ қолданған.

1914 жылы араб жазуын қазақ тіліне сөйкестендіру жолдарын баяндаған оқу құралы да жазылды. Бірақ олардан тапқан пайда тым елеусіз болды, шешілмеген түйін сол шешілмеген қалпында қала берді. Сөйтіп, бір жағынан, ғасырлар бойы қолдануға тырысушылық болса, екінші жағынан, латын өліппесіне көшудің дайындықтары кең етек алды.

Графика мен емле мәселелеріне байланысты жүргізілген бұл екі түрлі жұмысты қазақ тіл білімінің 1920 жылдар ішінде айналысқан негізгі мәселелерінің ең бастысы деуге болады.

Осыдан былай қарай, әсіресе 1928 жылдың басынан бастап, жаңа өліппеге көшу дайындығы бұрынғы жылдардан едәуір қарқынды жүргізілді. Осы бағытта айтылған пікірлерді жинақтай келе, 1929 жылы заңды түрде бекітіп қабылданған латын графикасына негізделген өліппеде қазақ тілінде 29 дыбыс бар, олардың тоғызы дауысты, жиырмасы дауыссыз деп көрсетіледі.

1940 жылдың 10 қарашасында “Қазақ жазбасын латын алфавитінен орыс графикасы негізінде жасалған жаңа алфавитке көшіру туралы заң” қабылданды. Бұл заңда өліппе 41 әріптен құралды.

(Т. Қордабаев. “Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары”.)

§5. ҚАЗАҚ ТІЛІ — КЕМЕЛ ТІЛ

Тілдің кемелдігін көрсететін негізгі белгілердің барлығы да қазақ тілінің құрылым жүйесінен толық табылады.

Грамматика жүйесінде сан, сапа, себеп-салдарлық, қатыстық, қимылдың өту сипаты тәрізді, т.б. мағыналардың болуы грамматикалық құрылымының дамығандығын көрсететін негізгі белгілер болып табылады. Грамматикалық құрылыстың ежелден келе жатқан негізгі жүйелері қазақ тілінде барынша тұрақты екені байқалады.

Дамыған тілдің негізгі белгілерінің бірі — сөз байлығы. Сөз байлығы дегеніміз — тек сандық көрсеткіш ғана емес. Ол, ең алдымен, сөз алуандығы деген ұғымды қамтиды. Ал сөз алуандығы дегеніміз не? Әдетте тілде ақиқат дүниедегі әрбір зат, құбылыстың бас-басына телінген атаулары бар. Олар әрбір затты даралап көрсетеді (*изен, жусан, тырнақ, саусақ, шынтақ*, т.б.) сонымен қоса, ең бастысы, олардың басын бір ұғымға жинақтайтын (*қара от; қол тәрізді*) атаулардың; деректі атаулармен бірге (*мектеп, кітап*, т.б.) бейдерек атаулардың (*білім, өнеге, тәрбие, ұғым, өнер*, т.б.); сондай-ақ сезім-күйді көрсететін (*монтию, жайраңдау, томсыраю, күлімсіреу*, т.б. тәрізді) сөздермен қоса ойтанымдық (интеллектуалдық) мазмұндағы (*қанағат, абырой, ар-ұят, адамгершілік* тәрізді) сөздің болуы қазақ тілі лексикалық жүйесіндегі сөздің алуан түрлілігі сөз байлығының сапасын көрсетеді.

Халықтың тарихи тағылымы, көргені мен көңілге түйгені, логикалық, эстетикалық таным-білімі қазақ тілінің сөз байлығында жинақталған. Қазақ тілі — жалпыадамзат өмірінің барлық салаларында жасалған аса маңызды білімді, қорытылған тәжірибені кемел тіл ретінде өзінің сөздік қоры мен сөздік құрамында жинақтаған тіл. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл деген жоғары мәртебеге ие болуы ендігі жерде оның жинақтауыш қызметіне тән мүмкіндіктерді кеңінен аша түспек.

Кемел тілге тән тағы бір негізгі белгі — небір нәзік айырмашылықтарды дәл көрсете алатын тілдік амал-тәсілдердің болуы; ең бастысы, тілдік-стильдік құралдардың, амал-тәсілдердің 1) *бейтарап*, 2) *кітаби*, 3) *сөйлеу тілі* деп аталатын үшөндік (триадалық) жүйе құруы. Қазақ әдеби тілінің қарамағындағы құралдардың үшөндік жүйесі өз іштерінде өрі қарай тарам-тармақтарға бөлінеді. Әдеби тілдің *кітаби тіл* және *сөйлеу тілі* деп аталатын типтері бар. Ал кітаби тілдің *көркем әдебиет стилі, ғылыми стиль, ресми стиль, публицистикалық стиль* деп аталатын салаларға тарамдалуы оның қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қарым-қатынастың жүзеге асуын қамтамасыз ете алатынын көрсетеді.

Тілдің кемелдігін танытатын осындай объективті белгілерге карағанда қазақ тілі өз мүмкіндігін жарыққа шығарған, яғни құрылым жүйесі дамыған тілдердің санатына жатады. Қазақ тілінің мұндай дәрежеге жетуі,

قازاق جاڭا ئىبپەسنىڭ

باسبا جانا جازىبا تۇرد.

ا a a	ب B b	ش c c	ج ç ç
د d d	ه e e	ا ə ə	ى g g
ع q q	ه h h	ى i i	ي j j
ك k k	ل l l	م m m	ن n n
كا ŋ ŋ	و o o	و θ θ	پ p p
ق q q	ر r r	س s s	ت t t
ۇ u u	ۋ v v	ۇ y y	ز z z
ى b b			

1929 жылы қабылданған латын әліпбиі

өріне, ондаған ғасырларда әр түрлі кезеңдерден, қазақ этносының рулық, тайпалық, тайпалық одақ, халық болып қалыптасып, ұлт болып ұюы, ата кәсібі, ата жұрты тарихымен, шаруашылығы, мәдениеті, мемлекеттілігінің болуымен тығыз байланысты. Қазақ тілі әр қилы тарихи кезеңдерден өте келе қазақ халқының (ұлтының) ұлттық тілі болып қалыптасты.

30-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіз. Жалпыхалықтық тілдің сөз байлығын арттыруға қандай құбылыстар себеп болады?

● Қандай кірме сөз сөз байлығына жатпайды? Сөз тазалығына нұқсан келтіретін жағымсыз қолданыстар туралы күнделікті өмірден мысал келтіріңіз. Өзіңіз тұрған аймақтың адамдары шұғылданатын кәсіппен байланысты қандай атауларды қолданады?

Ана тіліміздің қасиетін түсіну — басты парызымыз

Әр халықтың тіл байлығы өте мол. Оған себеп — тілді ойлап шығаратын мамандар емес, халық. Мүмкін, өрлеу сатысының баспалдағына орай тілдердің сөздік қорлары аз я көп болуы ғажап емес. Алайда сөздік қор үздіксіз баюда болатыны мәлім. Өсу, өрбу сатысындағы әр елдің шаруашылық, саяси, мәдени өзгешеліктері тілге тиісті әсер ететіні сөзсіз.

Ерекше кәсібіне қарай кейбір аймақтарда басқа өңірде жоқ сөз болады. Мысалы, балықшы, аңшы, бау-бақпашы, орманшы, мұнайшы, көмірші өңірлердің кәсіби сөзі осындай. Олардың көптеген нақтылы кәсіби атаулары ондай кәсіби жоқ өлкелердің құлағына сонылау естіледі. Бірақ та бұл — тіл шұбарлығы емес, тіл байлығы. Бұған дәлел келтіріп жатудың қажеті жоқ. Қазақ сияқты кен жайылымдағы елде жаңа сөздің туу процесі де өзгеше болады. Бір затты әр төңіректе әр түрлі атайды. Бірақ, келе-келе, сол атаулардың ең күштісі, заттың тың мәнін толығырақ, нанымдырақ қамтитыны жеңіп шығып, сөздікте азаматтық право алады. Бір-ақ мысал келтіре кетейік. Сауда капиталы кіре бастаған қазақ даласына ақша пайда бола бастады. Ол өзіне жеке атау тіледі. Батыс Қазақстанда орыстың “рубль” сөзін “мөт” деп атады. Бұл “монета” деген сөзден шықты. Кей жерде оны “сөлкебай” деп атады. Бұл “целковый” деген ұғымға бой ұрғандық. Бұлар күміс ақшаның ұғымын берсе, қағаз ақша шыққасын “теңге” деген ат пайда болды. Шамасы, бұл, “деньги” деген ұғымға жақын. Өзбектер болса “тәңга” деп

20 тиын күміс ақшаны айтады. Тағы бір жерлерде “сом” деген ұғым өріс алды. Осы атаулардың әрқайсысының логикалық мәні бар, бірақта келе-келе, ең күштісі жеңеді. Бұл кәдімгі Дарвиннің “табиғи сұрыптау” деген қағидасын еске түсіреді. Дәл осындай кірген жаңалықты әр түрлі атау қазақ тілінде мол кездеседі.

Өсіресе, көркем әдебиетте әрқайсысын орын-орнына қолданса, өрескелдік болмайды. Қазақта *Құдай, Алла, Хақ, Тәңір, Жаратқан, Құдірет* деген сөз бір ұғымды білдіреді. Қазақша *өлім, қаза, дүние салу, жан тапсыру* бір ұғымды беретін сөз.

Халық сөз табуға шебер екені анық. Дәл осы тұста тағы да қазаққа төн бір ерекшелікті айта кеткен жөн. Көшпелі ел әрқашан да бірімен-бірі сапырылысып жататыны мәлім. Міне, осы араласудың тілге тиген пайдасы зор. Мұнда тек тіл бірлігіне тиген шарапаты емес, сол тілдің дамуына, мағыналы, суретті, сұлу болуына да үлес қоса түсті.

Бірін-бірі танымайтын екі ауыл қонысы кездесіп қалғанда, олардың қарым-қатынасына ақылды, сөзшең, инабатты адамдар жүретін. Қанатты сөз өнеге тұтылып, жасық сөз күлкіге айналатын. Қарапайым ауыл адамы бұрын көрмеген адамдармен сөйлескенде аузын андап, сөзді саралап, асыл сөзді теріп сөйлеуге тырысады. Дәл осы дәстүр ауылдық жерлерде өлі де өзінің ізгілік ықпалын тигізуде. Біздердің, көрші я көше лексикасынан гөрі, сөз іздеушілер қалың елдің арасына барып сусындап қайту керек дейтініміз осыдан. Сөзді бағалау, байқап сөйлеу, пайымды сөйлеу қала интеллигенттеріне де дәстүр болуы керек еді, бірақ та туынды сөзде шорқақтық көп. Кейінгі кезде Ісләм Жарылғапов кіргізген *оқырман, көрермен, аялдама* (остановка), *балмұздақ* (мороженое) сияқты орынды сөз орысша не басқа тілде алынады. Олардың кейбірі тіпті одағайлау. Телефонмен хабарласуды біреулер “*звондау*” деп алыпты. Осында қандай әдемілік бар?

Осы арада айта кететін аса керекті жай өзінен-өзі көлденеңдейді. Ол — сол кірме сөздің қалайша төл сөзге айналу қамы. Әр тілдің өсіп-өну заңы бар. Кірме сөз қабылдаушы тілдің грамматика заңдарына міндетті түрде бағынуы керек. Өйтпегенде ол одағайлықтан арыла алмайды, “мен бөтенмін” деп айғайлап тұрады. Соған қарағанда, тіл мейірбандықты аса керек етеді. Қисық тілді шығарма, сақау адам секілді, көрі құлақты кеседі, жас құлаққа жаман үлгі болады, балаң

авторды үстірттікке үйретеді. Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды мәдени қоректендіре түседі. Әсіресе, ана тілін білу, оның қасиетін түсіну басты парызымыз.

(Ілияс Омаров. “Шабьт шалқары”, 1972 ж.)

31-тапсырма. ▲ *Шекер* сөзінің төркіні туралы әңгімелеп беріңіз. *Шекер* сөзінің халық тіліндегі, әдеби тілдегі синонимдерін көрсетіңіз.

● *Шекер* сөзіне толық фонетикалық талдау жасаныз.

Шекер

Қыздарменен шай келді, *Шырын*, шекер, бал келді (“*Алпамыс*”). Алдымен бұл сөз борық қамыстың аты ретінде Үндіқытайда пайда болған, кейін ол индиялықтарға ауысып, санскрит тілінде *чаркара*, *сакхара* түрінде айтылған және “күм, ұсақталған кесек, күмшекер” деген мағынаны білдірген. Кейін парсы тіліне *шакар*, араб тіліне *суккар* түрінде ауысқан. Ертеде Европа елдері кант, шекерді білмеген, олар көбінесе балды білген. Кейін XI—XIII ғасырлардағы Крест жорықтары кезінде грек саудагерлері шекерді Индиядан Европаға әкелген, содан бастап бұл тәтті тағамның аты Европа елдерінің көбіне ауысқан, ол гректерде *сахарос*, латында *саккарум*, немісше *zucker*, ағылшынша *sugar*, французша *sucré*, орысша *сахар*.

Бұл сөз араб-парсы тілдері арқылы түркі және моңғол, алтай тілдеріне енген. Мысалы, қазақша *шекер*, түрікше *zeker*, татарша *шикәр*, ұйғырша *шекәр*, бурятша *шихір*, т.б.

(“Қазақ тілінің этимологиялық сөздігінен”.)

32-тапсырма. ▲ Мәтіннен сезім күйді білдіретін сөзді теріп жазыңыз. Оларды ой-танымдық атаулармен салыстырыңыз.

● Өзіңіздің туған не тұрған жеріңіздің бір мезгілдегі табиғат көрінісін суреттеп жазыңыз.

Есіл бойында

Көктемде кең жайылған тасқыннан еркін сусындаған Есіл өлкесінің жібектей жұмсақ, жұпардай иісті қалың шалғыны аттың омырауын тіреп, бауырынан келеді. Бойжеткен шалғын сұлудай сыланады, сылана жайқалған шалғынның бетінде шешек атқан гүлдер тотының қанатындай толықсып құбылады. Қанша қалалсаң да, құбылған бояуды көзің түстей алмайды.

Жайқалған жасыл шалғынды жапырып жүре беруге аяғандай, не жаныңды жайлаңдырғың келгендей, бір тұста сен жасыл жібекке бөлене сұлай кетесің. Сенің дененді жасыл шалғынның толқыны толқып кеп, екі жағынан жаба бүркейді. Сен бір мөп-мөлдір жасыл суға сүңгігендей әсер аласың!..

...Бір кезде, жасыл толқынға сүңгіп құмарың қанып, енді тыныстайын дегендей, қимылсыз жата қойсаң, шалғынның түбінде ақ меруерттей жалтылдаған, көлемі бөдененің жұмыртқасындай, бір домалақ заттарды көресің. Бұл не? Жұмыртқа дейін десең, тым жиі — шалғынның түбіне сыңсып сыймайды!.. Бұл ма? Бұл — жидек!..

Есіл шалғынының арасына өсетін жеміс-жидек қана емес. Онда үркер жұлдызындай шоқталып, қызыл жақұттай жарқыраған бүлдірген де өседі. Уыз қымыз татыған ол жемісті бүрінен ағытып алып, алақаныңды толтыра асап жіберсең, қандай шөлің болса да қана қояды...

Тоғай да бұл кезде кемеліне келіп толықсып тұрады. Дәудей дөңкиген көрі үйенкісі, күміс қабықты қайыңы, қалайы қабықты терегі, мыс қабықты мойылы, теңселген талы, ши борбай шілігі, шымшымпаз шеңгелі, кірпі түкті тікені мен доланасы, торы тобылғысы аралас өскен тоғай теп-тегіс жасыл желек киіп, жапырақтары желбіреп, өзінен-өзі сыңғырлап күй тартқандай боп тұрады. Шиенің шөптен азғана биік бұтақтарына көзінді салсаң, үстіне қып-қызыл шұға жапқан сықылданады. Мойылға қарасаң, ботаның көзіндей мөлдіреп, бұтақтың басына сыймай сыңсып тұрған қарақат.

Шіркін, қарақат — төтті де, сұлу жеміс-ау!..

(С. Мұқанов.)

33-тапсырма. ▲ Сөйлемдерден фразеологиялық тіркестерді көшіріп жазыңыз, оған мағыналық түсінік беріңіз. Тұрақты сөз тіркестерінің тіліміздің көркемдік құрал ретіндегі қызметіне талдау жасаңыз.

● Тапсырмалардан төл сөзді сөйлемдерді тауып, тыныс белгісіне түсінік беріңіз.

1. Мұндай іс, білемісің, жаман атақ,
Бармасаң да береді байлап-матап.
Малдан құрық, басынан сырық кетпей,
Бермесе, дау көбейер, болып шатақ (С.Т.).
2. Содан кейін: “Енді не болса да, тыныш отырып, тыныш

жүріп байқайық. Үндемей, момын болып отырсақ, кім басымызға ойнайды” деген болып табысқан-ды (М. Ө.).

3. Өлеңді кейде өн мен домбыраға қосып айтса, кейде Сейт-қарадай төгілтіп, есіп сөйлеп, ағызып айтып береді (М. Ө.).

4. Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім,
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас (М. Ө.).

5. — Маған масыл болғанмен, ақ көңіл жақсы адам еді, бишара, — деді Қадипа Олжайды нұсқап (Ө. Ө.).

6. Орайы келсе солардың тап ортасынан ұшырармын. Жатқан жерін көрсететін атой белгі со да (М. Ө.).

7. Сәскеде Көкқайнарға кеп, Жұман аулының жанындағы адырға кіре берсем, бір төбенің басында үш ұйықтасан түсіңе кірмес бір қызық топ тұр (М. Ө.).

34-тапсырма. ■ Төменде берілген үлгіні негізге алып, ауыспалы мағыналы сөзге байланысты тест сұрақтарын әзірлеңіз.

Ү л г і . 1. Ауыспалы мағыналы сөзді табыңыз.

- а) Ақ көйлек
- ә) Істің ақ, қарасы тексерілді.
- б) Жігерлі адам
- в) Қара киім
- г) Қызыл шапан

§6. ҚАЗАҚ ТІЛІ — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛІ

Қазақ тілі — небір күрделі ойды, аса нәзік мағыналық реңктерді дәлме-дәл бере алатындай құрылымы мен жүйесі дамыған, стильдік тармақтары сараланған, сөз байлығы аса мол, ұлттық тіл деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілі — Әлемдік тіл кеністігінде қайталамасы жоқ, ғасырлар бойы гуманизм мен прогреске, қазақтардың ұлттық тұтастығы мен бірлігін нығайтуға қызмет етіп келе жатқан тіл.

Қазақ тілінде адамгершілік пен бауырмалдықты, өнеге мен ізгілікті уағыздайтын небір көркем сөз үлгілері жасалған. Абайдың ойшылдыққа толы ұлы мұрасы, Өуезов сомдаған көркем дүниелер ұлттық шеңберден шығып, әлемдік деңгейдегі өркениетке үлес болып қосылуы қазақ тілінің эстетикалық, дүниетанымдық қуатының, басқа да әлеуметтік мүмкіндігінің аса зор екенін танытады.

Жалпыхалықтық қазақ тілінің *әдеби тіл, қарапайым сөйлеу тілі, жергілікті сөйлеу тілі* (диалект) тәрізді түрлері бар. Жалпыхалықтық тілдің жергілікті сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді түрлеріне қарағанда, әдеби тіл өзінің қырналып, екшеліп, сымбатталғанымен, тіл тұтынушылардың бәріне ортақ нормаларының қалыптасқанымен, функционалдық стильдік тармақтарының саралана түскенімен ерекшеленеді. Жалпыхалықтық тілдің ең жоғары формасы болып табылатын қазақ әдеби тілі қазақ халқының қоғамдық өмірінің барлық саласында дерлік қызмет етеді. Оның қоғамдық өмірдің бұқаралық ақпарат; көркем әдебиет; ғылым-білім; ресми, құқық, саясат салаларында және тұрмыста қолданылатын стильдік тармақтары бар.

Өзінің әлеуметтік мүмкіндігін аша түсу үшін әдеби тілдің нәр алып отыратын қайнар көзі болуға тиіс. *Қарапайым сөйлеу тілі, жергілікті сөйлеу тілі* қазақ әдеби тілін байытудың бұлақ көзі болып табылады. Сондай-ақ байырғы кездегі *ауызша әдеби тілдің* үлгілері (жыраулар әдебиеті, эпикалық, тарихи жырлар, т.б.) және бастауын шағатай, орта азиялық түркі тілінен алатын қазақ топырағында жасалған *қазақ ескі кітаби тіл* үлгілері де қазіргі қазақ әдеби тілін байытудың көзіне жатады. Қазақ тілі “өз буына өзі семіріп, өз қазанында ғана қайнаған тіл емес”. Оның өзге де ұлт тілдерімен алыс-берісі бар. Сөз қатарын ауыс-түйіс жолымен молықтыру әсіресе лексика-терминология жүйесінен айқын байқалады.

Әсіресе ауызша дәстүрде дамыған эпос, тарихи жырлар, ақын-жыраулар поэзиясы тәрізді көркем эпикалық шығармалар мен ұлы Абай бастаған алыптар шоғырының жазба дүниелері стандартты тілдік нормаларды қалыптастыруда рөлі айрықша болды. Сондықтан да байырғы эпикалық шығармалар мен XV—XIX ғғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы ауызша тіл мен жазба тіл дәстүрлеріндегі сөз үлгілері бүгінгі әдеби тілдің нәр алатын ең басты бұлақтары болып отыр. Өйткені әдеби тілдің ең жақсы үлгілері жазбаша, ауызша тараған тарихи-мәдени мұраларда ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастығы үзілмей үздіксіз жетіп отырған.

Қазақ әдеби тілін жасаушы — халықтың өзі. Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуына аса көрнекті сөз зергерлері, мәдениет, ағарту, білім мен ғылым, қоғам қайраткерлері ерекше еңбек сіңіріп, үлес қосты. Әдеби тілдегі көркем сөз,

даналық сөз, танымдық, тәрбиелік сөз үлгілерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды. Тілдік құралдарды саралап, талғап қолданудың үлгісін көрсете отырып, тілдің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене келіп, өзінің тыннан жасаған бедерлі сөз өрнектерімен әрдайым әдеби тілдің сапалық дамуына әсер етті. Сөйтіп, әдеби тілдің дәлдік, өткірлік, байлық, икемділік, серпінділік тәрізді ішкі қуатын шындай түсті.

Тілдік ұжымның дүниетанымының кеңеюі, ақыл-ойының кемелденуі тілдің құрылым жүйесінің дамуына әсер етеді. Ал тілдің лексика-грамматикалық құрылым-құрылысындағы сапалық даму қоғамдық ой-сананың түрлерін қалыптастыру мен дамытудағы, қоғам мәдениетін жетілдірудегі, объективті ақиқат туралы әлеуметтік таным-білімді жинақтаудағы, оны шашаусыз ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі, тәрбие берудегі, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі тілдің қызметін күшейте түседі. Сөйтіп, қоғам тілді дамытса, өз кезегінде тіл қоғамдық сананың дамуына да ықпалын тигізеді.

35-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығыңыз. Ұлы ақын ескі жазба тіл нормаларынан неге бас тартып, өз шығармашылығында халықтық тіл нормаларын негізге алды? Абайдың ғылыми-публицистикалық стильде жазған қандай еңбектері бар?

● Ұлттық әдеби тіл дамуының Абай бастаған жаңа кезеңі жөнінде өз ой-пікіріңізді мақала түрінде жазыңыз.

Абай — жаңа жазба әдеби тілдің негізін салушы

... Абай өзіне дейінгі ғасырлар бойы шындалып, нормалары бірте-бірте тұрақталып, әдеби сипат алып өмір сүріп келген қазақ әдеби тілін әрі қарай жалғастырып, бірқатар жаңа бағыт-белгілер қосып, оның даму барысындағы келесі, жаңа кезеңін бастайды. Бұл кезең, бір жағынан, көненің жалғасы болса, екінші жағынан, жаңаның — осы күнгі қазақ әдеби тілінің бастамасы, алғашқы кезеңі.

Абай шығармашылығының тілі бұрынғы қазақ әдеби тілінің жаңа кезеңі болып саналуға бірнеше дәлелдер бар. ...Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық құқығын бекітті. Әрі қарайғы қоғамда “кітаби тіл” (ескі жазба тіл) нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген халықтық тіл нормалары негіз болуын анық,

айқын түрде көрсетті. Содан соң, осы тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңітуге *жаңа бағыт* сілтеді; бұл әдеби тіл енді тек көркем әдебиет қана емес, оқу-педагогика саласында да, ғылыми-публицистикаға да — қысқасы, қазақ қоғамының күллі азаматтық рухани мұқтажына қызмет етуге тиісті түрде дамуы қажет екенін күн тәртібіне қойды.

* * *

Абай дәуірі — қазақ қоғамының әр алуан саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық жаңа қатынастарға түскен дәуірі. Ендігі қазақ қоғамының мәдени талабын жалғыз көркем әдебиет қанағаттандыра алмақ емес. Қазақ даласына азаматтық оқу ұрығы шашырап себілген екен, енді оның қажетін өтейтін оқу-педагогикалық әдебиет керектігі күн тәртібіне қойылады. Баспасөздің пайда болуы қоғамдық-публицистикалық әдебиет жанрын талап етеді. Әр алуан ғылыми немесе жартылай ғылыми (өзірше көпшілікке арналған) шығармалар ғылыми, публицистика әдебиетіне лайық тіл болуын алға қояды. Сөйтіп, тілдің қоғамдық қызметі өлдеқайда кеңиді. Оның үстіне елдің саяси құрылысында демократизация болмаса да, қоғам дамуының объективтік күштері идеологияда демократтық тенденцияларды туғызып, халық мүддесін көздейтін талап-тілек, іс-әрекеттер пайда болады. Соның бірі оқу-жазуға, білім-ғылымға енді ат төбеліндей азғана үстем тап пен дін өкілдерін емес, бұқара халықты тарту идеясы болды. Демек, осы талап-мақсаттарды өтейтін тұтас бір тіл керек. Және ол тіл азғана оқығандарға түсінікті емес, қазақ қоғамын құрайтын “жалпақ жұртқа” — қалың бұқараға да әрі түсінікті, әрі қолайлы болуы керек.

Міне, осы қызметті енді бұрыннан келе жатқан ескі жазба әдеби тіл (кітаби тіл) атқара алмайтыны сезіледі. Себебі, біріншіден, ол қазақтың ауызекі сөйлеу тілі нормаларынан алшақтап кеткен, екіншіден, қазақ жазу тәжірибесінде белгілі бір жанрларды (діни және эпистолярлық әдебиетті) ғана қамтитындай қызмет аясы тарылған. Осы жайды, осы сырды Ыбырай да, Абай да өте жақсы түсінген. Сондықтан олар қазақ қоғамының мәдени-рухани дүниесінің әрі қарай даму процесінде ең қолайлы тіл, сан салалы жазба әдебиет тілі деп қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілі нормасына негізделген әдеби тіл формасын қалайды.

Абайдың да өз шығармашылығының жанрлық аясын кенітіп, “Қара сөзін” жазуы — құр ермек емес. Қүдіреті күшті ақын “ендігі ойына келгенін ақ қағаз, қара сиямен” өлең түрінде де жаза бере алса керек еді, бірақ ол 1890 жылдардан бастап, Мұхтар Әуезов айтқандай, “әр заманда бағасы жойылмайтын, бір үлкен қымбат қазына боп табылатын” жаңа жанрды — прозамен жазылған публицистика мен ғылыми әдебиет жанрын жасайды. Тіл функциясының кеңеюге тиісті екенін түсініп қана қоймайды, іс жүзінде кеңейтуге өзі қатысады. Өлеңдері сияқты, бұл жанр да қазақтың жалпыхалықтық тілі негізінде жазылған. Сөйтіп, тіл мәселесіне ұлттық, халықтық мүддеден қарауы, тілдің келешек қоғам үшін атқаратын рөлін дұрыс түсінуі Абай мен Ыбырайға жалпыхалықтық тілді таңдауға мүмкіндік берген.

(Рәбиға Сыздық.)

36-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, жалпыхалықтық қазақ тілінің жергілікті жерлерде кездесетін түрін көрсетіп, әдеби қолданыстағысымен салыстырыңыз: *түнлік* (жергіл.), (*түндік* әдеби). Жергілікті тілде бар, бірақ әдеби тілде баламасы жоқтарын көрсетіңіз.

■ Әдеби тілдің синонимдік қатарын байытқан жергілікті сөзді табыңыз. Жергілікті тілде кездесетін сөздің әдеби сөзден дыбыстық айырмасын тауып, оларға дыбыстық талдау жасаңыз. Жергілікті атаулардағы орыс тілінен алынған сөзді көрсетіңіз.

Өр елдің өз жерінде айтылатын тілдер бар. Семей, ақмоалықтар “дөкей” десе, торғайлықтар “өйдік” дейді. “Өңшең”, “жаббай”, “кілең” деген сөз бар; “біркелкі”, “бірыңғай”, “бірөңкей” деген сөз бар; “әтей”, “әдейі”, “тіпті”, “жорта”, “жория”, “қасақана” деген сөз бар, осылардың қайсысы дұрыс? Шын қазақтың таңбасы қайсысында басылып тұр? Айыру қиын. Бір сөздің өзін әр ел әр түрлі айтады. Өздерінше “түзейді”, басқаларша “бұзады”; мәселен, Семей жақ “кигіз”, “кірпіш”, “түндік” десе, Торғай жақ “киіз”, “керпіш”, “түнлік” немесе “түнлік” дейді. Семей жақ “тора қыстау” десе, Торғай “көң қыстау” дейді. Кей ел беті ашық қораны — “аула” дейді (“қыстау” бар елде болса керек). Бір ел “ершік” десе, енді бір ел “ыныршақ”, “сәдәлке” дейді, арысты “жетек”, “терде”, “ағлөбле” деп түрліше айтады. “Белағаш”, “белдік”, “білдік” деп түрлендіреді. “Серенке”, “шырпы”, “оттық”, “шақпақ” деп түрлендіреді. “Тайынша”, “құнаншығар”, “тайегіз”, “тана” деп әр түрлі айтады.

“Көпене”, “шөмеле”, “отау”, “шошақ”, “мая”, “іскірт” деп түрліше айтады; “ара”, “ара темір”, “пышқы” деп түрліше айтады... Осының бәрін ерінбей, жалықпай, қарастырып салыстырып отырсақ, әр ел өзінше дұрыс сөйлеп жүрмін деп ойлайды. Біз пәлен елдікі дұрыс деп айта алмаймыз. Өйткені “әйдік” пен “дөкей”-дің, “жаббай” мен “кілен”-нің, “бірыңғай” мен “бірөңкей”-дің, “жорта” мен “жория”-ның, “кигіз” бен “киіз”-дің, “құдағи” мен “құдағай”-дың, “сінді” мен “сінлі”-нің, “түндік” пен “түнлік”-тің қайсысы дұрыс деу — надандық болар еді. Бұлар бізге жат тілдер емес, бәрі қазақтікі; кейбір дыбыстары өзгергенімен қазақтығын жоймайды.

Біздің тексеретініміз — бөгде, бөтен жұрттан, өзіміздегі бар тілдің орнына тіл кіріп бара жатса соны алып тастап, қазақ тілін аршып, тазартып отыруымыз керек. Мәселен, “жетек” тұрғанда “ағлөблені” алып келсе, “қора, көң, там, үй, кірпіш үй” тұрғанда “земенке”-ні қыстырса, “мая”, “шөмеле” тұрғанда “іскірт”-ті, “көпене”-ні қолданса, “оттық”, “шақпақ”, “күкірт” тұрғанда “серенке”-ні қолданса, “ыңыршақ”, “ершік” тұрғанда “сөдөлке” немесе “сөделке”-ні қолданса — міне, бұзылып бара жатқан деп осындай тілдерді айтуға болады.

Қазақ баласы бірінде жоғын бірінен алуға, ауысуына өбден болады, жатырқаудың керегі жоқ. Мәселен, Орал, Торғайдың “әйдігін”, “кілеңін”, “дырауын”, “керімін”, “қасқасын”, “сойын” неге алмаймыз? Өбден аламыз: бұлар өдемі сөз, әдебиетке керекті сөз. “Керім” — кербез деген сөз, Абайда бар “қасқа мен жайсаң” деген сөз қазақта бар; “сой” деген (“ата тегі”, “тұқым”) сөз біздің жақта жоқ, бірақ Кіші жүздің ақындарында, әдебиетінде бар тіл, оны алмасқа болмайды, қазақтың өзінен жаңа тілдер көбейіп, табыла берсе, оған қуану керек; тіліміз сонда бай болады. Бөкейліктер “абиешшік”-ті “орман сақшысы” дейді екен — бері әкеліңіз, құшақтай аламыз. Адайлықтар “сарнау”, “зікір салу” дегенді “сар салу” дейді екен — қойынға саламыз. Түркістандық “тораңғы” деген ағашты біледі екен — тағы аламыз; торғайлықтар “бір ыстанса” жер дегенді “бір қызыл үй” жер дейді екен, о да теріс емес. “Жер майын” — “мұнай” дейді екен — өбден жақсы; ең аяғы “пірөбке”-ні біреу “бопа” деп атаған екен — қазақтікі болса, қабыл еттік.

Бірақ кейбір ел татардан, арабтан, бөгде елден тіл қол-

данып жүрсе, оны ала салмаймыз; мәселен, бөкейліктер “жалақы”-ны “ғалапа” (алапа) дейді екен, “жалақы” тұрғанда, оны алуға болмайды. Ал ай аттарын (“далу, құт, сәуір, зауза...”) аламыз ба, жоқ па, оны айрықша сөйлесу керек.

(Жүсіпбек Аймауытов,
1926 жыл. 9 наурыз.)¹

37-тапсырма. ▲ Мәтіндегі өлең жолдарын оқып, курсивпен жазылған сөздің мағынасына талдау жасаңыз. Осы сөзді халықтың және әр дәуірдегі сөз зергерлерінің шығармаларында қолдануынан қазақ әдеби тілінің ежелгі дәуірден бастау алып, дамып келе жатқанына назар аударыңыз.

1. Халық мақалында: *Қас жүйрікте* сын болмас, *қас сұлуда* мін болмас.

2. “Қозы Көрпеш—Баян сұлу” жырында:

Құлақ — көрі, бой — кіші, ақыл — дана

Ту жығылса, болмай ма *қас масқара*.

3. Доспамбет жырауда: “Алғаным Өли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді”.

4. Бұқар жырауда:

Бағаналы орда, басты орда,

Байсал орда қонған жұрт.

Қара түлкі қармалжың

Қас сыпайы киген жұрт.

5. Махамбетте:

Аз сөйлер де, көп тыңдар

Қас асылдың баласы.

6. Абайда:

Қара басқан қаңғыған

Қас надан нені ұға алсын.

немесе:

Қар — аспақ, бүркіт қара, түлкі — қызыл,

Ұқсайды *қаса сұлу* шомылғанға.

7. Сәбит Мұқановта:

Ілезде тарай қалды әр ауызға,

Байтақ ел сыйғанымен бір “қауызға”,

Батпады осынау сөзді естіруге

Жанарға досы түгіл, *қас жауыз* да (“Шыңнан шыңға”).

Бұл қолданыс поэзиялық шығармада ғана, оның үстіне ауыз әдебиеті (эпос, батырлар жыры) нұсқаларынан бастап, XVI—XIX ғасырлар аралығындағы ақын-жыраулар

шығармалары арқылы бүгінгі күні қазақ поэзиясы тілінде жалғастық тауып қолданылып келгенін байқаймыз.

(С. Исаев, “Қазақ әдеби тілінің тарихы”.)

38-тапсырма. ● Мына екі сөз (аң, қай) қай сөз табына жатады? Бірге жазылса, қай сөз табы болар еді? Егер бұлар жеке жұрнақ қызметінде қолданылса, қай сөз табына тән жұрнақ болады?

▲ Жылтың-жылтың деген қос сөз екенін білесіз, ал -қылтым, -ғылым, -шылтым, -шілтім ше?

■ Мына етістіктермен мақал-мәтелдер құрастырыңыз.

Ү л г і . Ұлық болсаң , кішік бол.

1. Болсаң, бол. 2. Болмай, болмас. 3. Берсең де, берме.
4. Ексең, ішерсің... 5. Ойнап, ойлап...

39-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, ұлы Абайдың көркем ой, көркем тілді дамытуда халық қазынасын, бұрынғы ақын-жыраулар шығармасын қалай пайдаланғанына талдау жасаңыз.

● Мәтінге сүйеніп қазақ әдеби тілінің қалыптасуы туралы айтыңыз.

Абайдың білім шөлін қандырып, сөз кестесін көркем де көрікті еткен — халық қазынасы екені даусыз. Абай халық тілінің асыл маржандарын теріп, өлеңдеріне енгізіп қана қойған жоқ, сонымен бірге олардың жаңа қасиеттерін ашып, көркемдік мүмкіндіктерінің мол екендігін танытты.

Мысалы, Бұқар жырауда: “Қариясы кімнің бар болса, жазулы тұрған хат болар”, Абайда: “Ақылы кімнің бар болса, демес мұны тілі ащы”. Ал Дулатта: “Мөңіреп жұртқа ой қайтты, Бұзауы өлген сиырдай” десе, Абайда: “Адасқан күшік секілді ұлып жұртқа қайтқан ой”, “Жапырағы құраған ескі үмітпен Қиял қып өмір сүріп, бос жүріпін”, “Жүреkte қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек”, т.б. толып жатқан тіркестер мен сөйлемдерге назар аударсақ, ондағы сөз — бұрыннан тілімізде қолданылып келе жатқан байырғы дүниелер, бірақ Абай оларды басқа қырынан қалап, ерекше тіркес құрап жұмсайды; ойды ұлып жұртқа қайтқан деп экспрессиялап беру және оны күшікке, тіпті адасқан күшікке теңеуі, үмітті ескі деп анықтап, оның үстіне жапырағын қуратуы және басқасы — поэзиядағы ұлы жаңалықтар.

Абай тіпті халық мақал-мәтелдерін де қажет деген жерде орынды жұмсап отырады: “Бұлт ала, жер шола”, “Сап-сап көңілім, сап көңілім! Сабыр түбі — сары алтын”, “Жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ”, т.б. осы мысалдардан көрінетіндей, Абай кейде мақал-мәтелді дайын сөз өрнегі ретінде өзі қолданған сөз кестесіне сол күйінде кірістіріп

жіберсе, енді бірде ол халық даналығы екенін, оның мәні өмір тәжірибесі арқылы айқындалғанын көрсетіп отырады.

(С. Исаев. “Қазақ әдеби тілінің тарихы”.)

40-тапсырма. ▲ Сөз жарыс. Тіл, сөз туралы кім көп мақал-метел біледі? Оның бірнешеуінің мағынасын түсіндіріңіз.

● “Тілін жоғалтқан ұлт (этнос) тағдыры” тақырыбында өз ойыңызды жазбаша білдіріңіз. Алғашқы бір сөйлеміңіздегі сөзге морфологиялық талдау жасаныз.

§7. ҚАЗАҚ ТІЛІ — ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ

(Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде
қызмет етуінің алғышарттары)

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995), Тіл саясаты туралы тұжырымдамасы (1996) және осыларға негізделген Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заңы (1997) республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді. Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тілге — қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғышарттары бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, Республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша өрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Міне, осы айтылғандардың барлығы қазақ тілінің Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне аса қажетті алғышарттардың жеткілікті және қазақ тілінің ішкі әлеуеттік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсетеді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңызды мынадай салаларында жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие (мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш, орта мектеп, жоғары мектеп), ғылым мен техника (ғылыми-

зерттеу мекемелерде); қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, ғылымның салааралық түрлерінде), бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм; денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; мәдени мекемелерде (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатынаста; әскери-патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, республикааралық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындарда, т.б.

Сонымен, қазақ тілі — дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпы-халықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл.

Мемлекеттік тілдің жоғарыда аталған қоғамдық қызметін мінсіз атқаруы үшін оның ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі нормаларын қатаң сақтау, жарыспалы қолданыстарды (босаң нормаларды) ғылыми негізде саралап, тиімді нұсқаларын сөздіктер мен грамматикаларда дер кезінде заңдастырып отыру аса қажет. Тілдік нормамен байланысты мұндай шаралар мемлекеттік тілдің мәдениетін көтереді.

41-тапсырма. ● Мәтінді оқып, елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде қандай шаралар жүргізілгеніне назар аударыңыз.

● Қазіргі күнде қазақ тілі қоғамдық өмірдің маңызды салаларында қызмет атқарып келе ме? Қазақ тілі сыртқы қатынас, табиғи және техникалық ғылымдар, өнеркәсіп, өндіріс орындары, қарулы күштер, ғарышкерлік, медицина, фармацевтика, т.б. осы сияқты салаларда қолданыла ма?

Еліміздегі тілдік ахуалға қатысты белсенді қозғалыс 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында кеңінен етек алды. 1989 жылы Қазақ КСР-інің Тіл туралы Заңы қабылданды. 1990 жылы Қазақ тілі және Қазақ КСР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезенге арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалды. 1993 және 1995 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Тіл заңында қазақ тілі мемлекеттік қамқорлыққа алынатыны атап көрсетілді.

Тіл заңын жүзеге асыру үшін 1989 жылы “Қазақ тілі” қоғамы, 1993 жылы Қазақстан үкіметі жанынан Тіл комитеті құрылды.

1997 жылы 11 шілдеде Тіл туралы заң толықтырылып қайта шықты.

1998 жылы Тіл туралы Заңды күшіне келтіру туралы Мемлекеттік бағдарлама жасалды.

(“Іс қағаздарын қазақша жүргізу” оқу құралы.)

42-тапсырма. ▲ Мына төмендегі сөздің синонимдік қатарын түзіңіз.

● *Шешен, қазына* сөзіне сөйлем құрап, морфологиялық талдау жасаңыз.

1. Шешен, 2. Қазына, 3. Төңті, 4. Мәртебелі.

43-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, кейінгі Тіл туралы заңның қандай тарау, қандай тақырыптағы баптардан тұратынына көңіл аударыңыз.

Тіл туралы заңнан бір бапты оқып, оның өмірде іске асырылуы туралы ауызша пікіріңізді білдіріңіз.

Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

I Тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар. 2-бап. Осы заңның реттейтін мәселесі. 3-бап. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар. 4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. 5-бап. Орыс тілін қолдану. 6-бап. Мемлекеттік тіл жөніндегі қамқорлығы. 7-бап. Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу.

II Тарау. Тіл — мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында

8-бап. Тілдердің қолданылуы. 9-бап. Мемлекеттік органдар аспектілерінің тілі. 10-бап. Құжаттама жүргізу тілі. 11-бап. Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі. 12-бап. Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарындағы тіл. 13-бап. Сот ісін жүргізу тілі. 14-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу тілі. 15-бап. Мәліметтер тілі.

III Тарау. Тіл — білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында

16-бап. Тіл — білім беру саласында. 17-бап. Тіл — ғылым және мәдениет саласында. 18-бап. Баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі.

IV Тарау. Тіл — елді мекен атауларында, жалқы есімдерде, көрнекті ақпаратта

19-бап. Топонимикалық атауларды, ұйымдардың атауларын пайдалану тәртібі. 20-бап. Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін жазу. 21-бап. Деректемелер және көрнекті ақпарат тілі. 22-бап. Почта-телеграф жөнелтілімдерінің тілі.

V Тарау. Тілді құқықтық қорғау

23-бап. Тілді мемлекеттік қорғау. 24-бап. Тіл туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық. 25-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган. 26-бап. Осы заңның орындалуын қамтамасыз ету.

VI Тарау. Тілді шетелдермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда пайдалану

27-бап. Тіл — халықаралық қызметте.

(Тіл туралы Заңнан.)

44-тапсырма. ■Өлеңнің тармақтары қай ақынның шығармаларынан алынған?

●Берілген тақырыптардың біріне шағын шығарма жазыңыз.

1. “Туған тілім — тірлігімнің айғағы...”

2. “Сүйемін туған тілді — анам тілін...”

3. “Ана тілін — арың бұл...”

4. “Ана тілін сүймеген —
Халқын сүйіп жарытпас...”

5. Туған тілдің болашағы туралы ой.

6. Менің тілім ХХІ ғасырда.

45-тапсырма (Кім жылдам?) ▲ Керекті сөзді, сөз тіркестерін тауып орнына қойыңыз, айтылған ойдың мағынасын түсіндіріңіз.

●Бір қанатты сөзді алып, морфологиялық талдау жасаңыз.

1. ...қарай кісіні ал, кісіге қарап ... алма (*Абай*).

2. ...көркі — тіл, тілдің көркі — ... (*Ж. Баласағұни*).

3. Әр халықтың ... - білімнің кілті (*А. Жұбанов*).

4. Кей ... асылды шақпақ тасқа шаққандай боп, әсем сөйлем ішінде ұшқындап, ... тұратын шағы бар (*М. Әуезов*).

5. Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, кадрлемеген ... толық мәнді интеллигент емес деуге болады (*М. Әуезов*).

6. Ана тілін тек ... ғана менсінбейді, ... ғана аяққа басады.. (*Ғ. Мүсірепов*).

7. Тіл қаруы — ..., сөз қаруы — Ақылды ой, ... сөз адамның ең жоғарғы ... (Ф.Мұстафин).

8. Тіл — ұлттың ... Тіл — идеяның, сезімнің, ойдың ... көрінісі (А.Н.Толстой).

9. Өз тілінді тұрып, ... — ... сүйе алмайсың (К.Г.Паустовский).

10. Сөз өнері — өнер атаулының ең ... да ... (О.Бальзак).

11. Өз ойларын көрікті айта алмау — ..., ал өзінің көкейін тескен ойларының болмауы — одан да асқан ... (К.Д.Ушинский).

12. тек қана өз тіліміз арқылы түсінуге болатындығын ұмытуға болмайды (К.Д.Ушинский).

Керекті сөздер: *кемшілік, қиыны, күрделісі, сөз, бөгде тілді, жаны, жанды, қадір тұтпай, ел-жұртыңды, сөз, ой, алғыр, қасиеті, өгей ұлдары, адам, от төгіп, сөздің, ақылдың, сөз, сөзіне, ана тілі.*

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Қазақ тілінің әлемдік деңгейдегі өркениетте эстетикалық, дүниетанымдық, өлеуметтік қуаты, деңгейі қандай?
2. Жалпыхалықтық қазақ тілі даму, қалыптасу, қолданылуына қарай қандай үш түрге бөлінеді?
3. Қазақ әдеби тілінің қандай қызметтік (функционалдық), стильдік тармақтары бар?
4. Қазақ әдеби тілін жасаушы кім және оның қалыптасып, байып, сапалық дамуына үлес қосып, әсер ететін кімдер?
5. “Қоғам тілді дамытады, тіл қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді” дегенді қалай түсінесіз?
6. Қазақ тілінің кемелденген тіл екенінің негізгі белгілері қандай?
7. Түркі тілдер тобына қандай тілдер жатады, олардың қайсысы қазақ тіліне өте жақын болып келеді?
8. Түркі тілдерінің көбіне ортақ болып келетін аса маңызды тарихи жазба мұраларды қандай дәуірлерге жүйелеп бөлуге болады? Ондағы негізгі шығармаларды атаңыз?
9. Араб жазуы қай кезеңде қолданылып, тілдік жүйемізге қалыптаса бастады. Тілімізге оның өзіндік әсері қандай болды?
10. Қазақтың ескі жазба тілі қай кезеңде қызмет етті?
11. Ескі қазақ жазба тіліне өз дәуіріндегі қандай үлгіде жазылған шығармалар және кімдердің шығармалары жатады?
12. Ескі қазақ жазба тілінде қандай тілдердің элементтері аралас қолданылды? Оның жазба тілді игеруде қандай қиындықтары болды?
13. Халық тіліне негізделген жазба тілдің тұңғыш өліпбиін, тілдік нормасын жасаған кім? Қазақ тілінің қалыптасып дамуына ол адамның сіңірген еңбегі туралы айтыңыз.
14. А. Байтұрсынұлының жасаған қазақ өліпбиі (жазу жүйесі) неліктен “төте жазу” деп аталады? Ол жазу жүйесінің (графиканың) оқып-үйренудегі тиімділігі туралы айтыңыз.

III. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ МЕН НОРМАЛАРЫ

§8. СӨЙЛЕУ ТІЛІ МЕН КІТАБИ ТІЛ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қазақ әдеби тілі — қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылатын, стильдік тармақтары сараланған, мәдени жұртшылықтың бөріне ортақ нормасы бар, ауызша және жазбаша түрде қызмет ететін тіл.

Қазақ әдеби тілі қоғамдық өмірдің білім мен ғылым саласында, құқықтық қатынас саласында, бұқаралық ақпарат саласында, әдебиет пен өнер саласында, тұрмыстық қарым-қатынас саласында қызмет етіп, тілдік ұжымның қарым-қатынас қажетін өтейді.

Осымен байланысты қазақ әдеби тілінің бес түрлі стильдік тармақтары қалыптасып сараланған: білім мен ғылым саласында — ғылыми стиль, құқықтық салада — ресми іс қағаздары стилі, қысқаша айтқанда, ресми стиль, әдебиет пен өнерде — көркем әдебиет стилі, бұқаралық ақпарат саласында — публицистикалық стиль, тұрмыстық қарым-қатынаста — сөйлеу тілі стилі.

Қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары, түптеп келгенде, үлкен екі арнаға саяды. Жоғарыда аталған публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ресми стиль, көркем әдебиет стилі — кітаби тіл стильдері деп аталады. Кітаби тілдің осы айтылған стильдері жазбаша және ауызша түрде қызмет атқарады. Ал сөйлеу тілінің стильдік тармақтары болмайды. Қарым-қатынас, негізінен, ауызша түрде жүзеге асады.

Кітаби тілдің де, сөйлеу тілінің де түп негізі — бір тіл. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық бірліктері (дыбыстары), лексика-грамматикалық бірліктері (сөз бен сөз тұлғалары) кітаби тілге де, сөйлеу тілне де ортақ болып келеді. Сонымен қатар сөйлеу тілінде ғана қолданылатын дыбыстық, лексика-грамматикалық бірліктер сөйлеу тілінің жүйесін құрай-

ды. Сондай-ақ тек кітаби тілдің жазбаша немесе ауызша түріне тән қолданыстардың да өз жүйесі бар. Мұны байқау үшін кітаби тіл реңкіндегі сөйлемдер мен сөйлеу тілі реңкіндегі мына тәрізді сөз қолданыстарды салыстырыңыз:


Елдес Ерназарұлы оныншы сыныпты үздік бітірді (кітаби тіл) — *Елдес оныншыны беске бітірді* (сөйлеу тілі);

Елдес кешегі емтиханда қазақ тілі пәнінен үздік баға алды (кітаби тіл) — *Елдес кеше қазақ тілінен бес алды* (сөйлеу тілі);

Аудан орталығындағы сауда үйін маман құрылысшылар салып жатыр (кітаби тіл) — *Аудандағы сауда үйін маман құрылысшылар сабатыр* (сөйлеу тілі).

Кітаби тілдің ауызша, жазбаша түрінің нормалары, жүйелері ереже түрінде грамматика оқулықтарында, оқу құралдарында түрлі сөздіктерінде көрсетіледі. Сондықтан бұл нормалар “заңдастырылған” (кодификацияланған) нормалар деп танылады. Сөйлеу тілінде де норма, белгілі бір жүйе болады. Бірақ сөйлеу тілі нормалары “заңдастырылмаған”, біршама еркін болады.

Сөз мәдениеті негіздерін игеруде сөйлеу тілінің негізгі белгілерін, кітаби тілдің басты-басты айырмасы мен стильдік тармақтарына тән ерекшеліктерін білу аса қажет. Сондықтан әдеби тілдің сөйлеу тілі мен кітаби тіл түріне, оның стильдік тармақтарына арнайы тоқталамыз.



§9. СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ

Сөйлеу тілінің қолданылатын орны. Көбінесе таныс ортада, бейресми жағдайда емін-еркін әңгімелесуде қолданылады. Мысалы:

— *Кем талапсың, шөп қайдан өңсін. Арқасынан күн өткен ешкі құсап үйден шыққасын-ақ шыжықтап қайтып кете бересің.*

— *Кетпесіме лаж бар ма? Үйімде ауыз ашып отырған бала-шағаның түрі анау. Бәрі маған қарап отырғасын теңізге тор жайып, торға шабақ аулап кеткенім рас* (Ә. Нұрпейісов).

Сөйлеу тілінің мақсаты. Екеуара тілдесу.

Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.

Сөйлеу тілінде күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым бейресми сөз жиі ұшырасады, бейтарап сөздермен қатар диалекті сөз, кейде тұрпайылау сөз де кездесіп отырады. Оларды көркем әдебиетте жазушылар кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту, ашу үшін, т.б. стильдік мақсатта әдейі пайдаланады.

Мысалы: — *Сен тағын, тағын бастадың ба!? Қанша ұрмет қысам да, болмай-ақ қойдың ғой, жүдө. Сен албасты! Секеңдеген шайтан! Қараңғы үйде жалғыз өзінді қамап қояйын ба шылық. Көзіңді бозартып... (М. Әуезов. "Білекке білек").*

Сөйлеу тілінде кәсіби сөздер көбірек қолданылуы мүмкін. Өйткені белгілі бір кәсіпорында жұмыс істейтін адамдар өзінің күнделікті өмірінде, жұмыс барысындағы қарым-қатынаста кәсіпке байланысты сөзді жиі пайдаланады. Мысалы:

— *Есеп бар ма? Мен бүгін сүген ұстадым. Бұйырған дегенді қойсайшы, аудың жалғыз көзіне сағалынан гана ілініп түрекен.*

— *Ол неменің асау болатыны қайда?*

— *Сөзіңе болайын. Қыста балықта қауқар қала ма?* (Ә. Нұрпейісов).

Ауыспалы мағынада келтірілген бейнелі сөздер және метонимия, эвфемизм сөздер жиі ұшырасады. Мысалы: — *Әпкелді тағы өңшең қаңқайған ағаштарын!* — *деп сырт айнала бере, ағашта басың қағыр өңшең. Бояуынан басқа түгі жоқ, осы да жасау боп па? — Мына Сағит боса оқуын бітіріп, қызметке жайғасып қолымызға кеп отыр. Айтты-айтпады осы жалғыз қайнымды, кенже балаңды, аяқтандырмай, өзің отырсың ба? (М. Әуезов).*

Бұл келтірілген мысалдардағы *жиһаз* сөзінің орнына — *ағаш*, *үйлендіру* сөзінің орнына — *аяқтандыру*. *Сағит* деген орнына — *кенже бала* деп қолдану сөйлеу тіліне тән белгілерді көрсетеді.

Сөйлеу тілінің фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері.

Дыбыстарды түсіріп айту сөйлеу тіліне тән фонетикалық белгілерге жатады: *басың қағыр* (басың қалғыр), *кеп отыр* —

келіп отыр, боп па — болып па, т.б. тіркестерде дыбыстарды түсіріп айту сөйлеу тіліне тән құбылыс.

Қыстырма, қаратпа, одағай сөздердің жиі қолданылуы сөйлеу тілінің морфологиялық ерекшеліктері болып табылады. Сөздің эмоционалдық бояуын арттыру үшін *-ақ, -ау, -мыс, -ғой* пылаулары пайдаланылады. Мысалы:

Балаңыз бала-ақ, жеңгей, қатты риза болдым оған (М. Иманжанов).

— *Түр! Бұлар деген нар жігіттер ғой (Ғ. Мұстафин).*

Сөйлеу тілінде сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету мағынасын беретін амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады. Мысалы: *Сәке, Мәке, еркетай, қарағым, қалқам, әкетай, аажан*, т.б.

— *Осының шын ғой, Әлеке, ө. Тап осы жерің жалпақтау-ау, Әлеке, өзің байқамай жүрсің-ау деймін (газеттен).*

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында келген соң пылауы кейде қысқартылып, жалғау тәрізді түрде айтылады.

Мен мектепке барған соң... Мен мектепке барғасын...

Сөйлеу тілінде эмоционалды-эксперссивті бағалауыш, көркемдегіш, бейнелеуіш сөздер де жиі қолданылады.

Мысалы; 1. *“Қаңқайып - саңқайып алып”, “ағашта басың қағыр өңшең” (М. Әуезов).* 2. *Өгіздей бір неміс өңқайып алдымнан тұра келді (Ғ. Мүсірепов).* 3. *Үй тар болған мен, көңіл даридай, сыямыз.* 4. *Менен оларға тиетін үнедей пайда жоқ (М. Әуезов).* Осындағы бағалауыш, теңеу, гипербола, литота, эмоционалды сөз сөйлеу стиліне тән реңк беріп тұр.

Синтаксистік ерекшеліктері. Сөйлеу тілі стилінің басқа стильдерден өзгешелігі, ең алдымен, сөйлем құрылысынан байқалады. Сөйлеу тілінде сөйлем түрлері аралас келеді. Сұраулы, лепті, риторикалық сұраулы сөйлемдер көп қолданылып, сөйлем диалогке құрылады:

Баланың сөзін сөз деп, о несі-ай маған! (Б. Майлин).

— *Қарағым-ай, қазақпысың?*

— *Иә, қазақпын.*

— *Қазақ болсаң, қарағым-ай қара қазақпысың, өкіметтің кісісімің?*

— *Ендеше, қарағым-ай, сүйемелдеп жібер, мен сияқты нашар кісіні (С. Мұқанов).*

Диалогке құрылған сөйлемдерде ой тұжырымды, әсерлі болу үшін толымсыз, жалаң сөйлемдер жиі қолданылады.

— *Есенсіз бе?*

— *Шүкір.*

— *Осы ауылдікісіз бе?*

— *Осы ауыл... (Б. Майлин).*

Сөз қайталау тәсілі, сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырып қолдану кездеседі:

Көрдің бе? Көрдің. Алдың ба? Алдың. Айтқаным-айтқан, дегенім—деген. Сұрағаным—сұраған.

Орнына отыр! — Отыр орнына!

Менде не ақысы бар? — Не ақысы бар менде? Қатты риза болдым оған. Оған қатты риза болдым, т.б.

Қорыта келгенде, сөйлеу тілінің стильдік сипаттары төмендегідей:

1. Тілдесу емін-еркін, бейресми түрде өтеді.
2. Сөйлеуші тілдік амал-тәсілдерді толық пайдаланып, ойын белгілі бір жүйемен беруге аса көңіл бөлмейді.
3. Тіл амалдарын қолдануда әдеби тілдің “зандастырылған” фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік нормалары толық сақталмайды.

Сөйлеуге дайындық деңгейі жазба сөз, шаршы топ (көпшілік) алдындағы сөздегідей болмайды. Сөз қолданыста тілдің көп мүмкіндігі пайдаланылмайды, дәлдіктен ауытқу басым болады. Мысалы, сөйлеуші синоним сөздерді, тұрақты тіркестерді таңдап-талғап қолдануға жеткілікті мән бермейді. Ойын, сөзін шолақ аяқтайды. Ой-сезімін кей жағдайда тілдік емес белгілермен жеткізеді (бас шайқау, бас изеу, қол сермеу, иығын көтеру, т.б.).

Сөйлеушінің сезім күйі сөздерінен, тілдік емес қимылдарынан анық білінеді. Тілдесуде қарапайым сөздерді еркін қолданады. Сөйлеуші өз пікірін білдіруде эмоциональды сөздерді, қыстырма, қаратпа, одағайларды жиі пайдаланады. Сұраулы, лепті сөйлемдер аралас келіп отырады; сөз диалогке құрылады.

46-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, ауызекі сөйлеу тілі стилінің өзіндік белгілерін айтыңыз.

● Диалогке құрылған сөйлемдердің тыныс белгісіне талдау жасаңыз.

Қуаныш

- Оу, сәбиге ат қою керек емес пе?
- Атты, мүмкін, қойып та қойған шығар?
- Жоқ, қоймайды. Әкесінің еркінсіз балаға ат қойылмайды.
- Онда ат табындар. Мынау деген әйдік ат болсын.

Адам аттары қарша борап жауып кетті: Бақыт, Серік, Қуаныш, Мұрат, Арман... Біреу тізіп жазып отыр.

— Тағы қандай?

— Дарын, Мақсат, Жігер ...

Әркім дүниедегі ең соны, ең әсем атты айтпаққа тырысады. Сәбидің алдағы уақытта кім болып шығатыны оған бүгін қойылмақшы атқа тікелей байланысты тәрізді.

— Соны, соны ат болсын.

Соны ат оңайлықпен табыла ма? Мұндай кезде адам ойлап жарыта ма? Тіліне бірінші оралған атты айта салады:

— Есіл болсын.

— Есіл, ол — өзен аты.

— “Есіл ер” дейтін сөз бар емес пе?

— Есіл ер деп, өлген адамға айтады.

— Төйт, жағың қарыссын!

Өнешті жырта-жырта, ақыры, “Қуаныш” деген атқа тоқтадық. Ата-анасының тұңғыш қуанышы, көзіргі нақ көңіл күйі.

— Ура! Мен қолдаймын!

— ... Өйткені Қуаныш деген ат ұлға да, қызға да бірдей жарасымды.

— Табылған ақыл.

— Мынау тарихта қалатын нәрсе!

— Әй, осы өзі тегін емес. Осының басы бас-ақ!

(Б. Соқпақбаев.)

47-тапсырма.▲ Мәтінді оқып, ауызекі сөйлеу тілі стилінің тілдік сипаты, фонетика-морфологиялық ерекшелігіне қарай ауызша талдау жасаңыз.

Нешауа

— Нешауа, — деді Тоқмет. — Ендігі жылы жаңа қыстаулардың біріне көшірсін.

— Менің орныма тағы бір сорлыны әкеп тықпақсың ғой, — деді Өмірбек.

— Бұл қораны да жөндетеміз, — деді Тоқмет.

— Жөнделеді ғой, — деді Тілеукең.

— Мен естімеген сөз еді, — деді Өмірбек. — Былтыр да айтып едіңдер осыны. Жарылқалдыңдар ғой.

— Өздері жолдан шаршап келген балалардың мазасын алма, — деді Ақлима. — Ет жегіз.

— Тойдық, — деді Тілеукең.

— Батпай отырғаны, — деді Тоқмет.

- Сорпа ішіндер, қазір шай да келеді, — деді Өмірбек.
- Шайға қарауға уақыт жоқ, — деді Тоқмет.
- Тоқметжан-ау, жата кетпейсіңдер ме! — деді Ақлима.
- Бөгеме, кемпір, жұмыстарынан қалдырасың, — деді Өмірбек.
- Едіге, атың әлі суып тұр ма еді, бізбен бірге жүрсенші, — деді Тоқмет.
- Аты дәлізде қабырғаға сүйеулі тұр, — деді Өмірбек. — Өзі шөп жемейтін, су ішпейтін жануар екен.
- Ат жоқ, шаңғымен жүрмін, — деді Едіге.
- Апыр-ау, біз бері өткенде өкең ат жіберем деп отыр еді ғой, — деді Тілеукең.
- Үйге қайтқым келді де, атты күтпей, жүре бердім, — деді Едіге.
- Нешауа, — деді Тоқмет. — Қанжығаға шылбыр байлаймыз, соның екінші ұшынан ұстасаң, сырғанайсың да отырасың.
- Шылбырға байланбай, өзім-ақ жүрем, — деді Едіге. — Таңертең ерте шығып кетсем, төрт-бес сағатта жетіп барам.

(М. Мағауин.)

48-тапсырма. ▲ Сөйлемдерден сөйлеу стиліне тән қандай негізгі ерекшеліктер байқалады? Сызба кесте арқылы көрсетіңіз.

Лексикалық ерекшелігі	Морфологиялық ерекшелігі	Синтаксистік ерекшелігі

— Бөбекжан, — деді тоқталып, — ағаң асығыс. Балшейбектің бір асығыс шаруасымен жүр екен. Азаматым аман оралсын, әлі шай да ішілер, ет те желінер. Қазір, айналайын, нан ауыз тигіз. Қысылатын түгі жоқ. Иә, иә... бұндайда да ырымын істесең болғаны (Ә. Нұрпейісов).

— Әй, Нығмет! Қой, қоя ғой енді. Ойбай-ау, сол секілді асыл ағаң үйіңе қонақ болып келсе, астына ат мінгізіп, үстіне шапан кигізіп жібермейсің бе? Мына екі жаман неменің еңсесі түсіп кетті ғой... Алажағың бар-ақ шығар. Бірақ қаза жолы ауыр ғой. Сен-ақ қия ғой. Көп болса көзі тіріде ағаңның астына мінгізген атың болар (Ә. Нұрпейісов).

— Отағасы, не керек?

— Төртінші ауылдікі едім. Бір жерде отырған жиырма шақты үйміз. Бәріміз де кедейміз. Біздің кедей екенімізді спескіден қараңыздар, өзіңіз де білесіз. Осы кеңседе Байтас дейтін бар, со да біледі (*Б. Майлин*).

49-тапсырма. Сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшелігіне қарай талдаңыз.

— Еламан аға, — деді Төңірберген, — білем, бізге өкпелісің. Өкпең орынды да ...

— Жә, қайтесің...

— Жоқ. Ел-аға, көңіл кірі айтса кетеді. Мен, алдымен, өз ағамды мақұл демеймін. Ол менің қай айтқанымды тыңдап жүр. Өйтпесе, іргелес отырған ағайынмен жауласпа, бір-біріңнің есіктеріңнен бас сұғып, жүзінді жылтытып ал деп талай кеңес бердім (*Ә. Нұрпейісов*).

— Қалқам!.. Араздықты қой... Мен ренжітпеймін дейтінің қайда? Сен үйге бармаған соң, мен тірі өліп жүрмін ғой... Жұртқа қарайтын бетім қалмады... Жұр, үйге барайық!... (*Б. Майлин*).

— Газет басқармасы осы ма?

— Осы.

— Ендеше, менің арызым бар, мен оны қалай берсем екен?

— Жазыңыз да беріңіз (*Б. Майлин*).

Ақыл айтып, ел бол деудің орнына, желіктіріп, көрдің бе істеп жүргенін. Үйір қыламын деп, басыңа секіртіп жүрме (*Б. Майлин*).

— Ағаң айтса, бересің бе? Машина шықса, қайтадан тосасың? Арқамды күн шалмайтын дейтін Әбділда бүліншілік тілемесе, нені тілейді? (*М. Әуезов*).

●Тест сұрақтарын шешіңіз.

Диалект және кәсіби сөздер нәліктен сөйлеу тілінде көп кездеседі? Тақырыпқа сүйеніп түсінік беріңіз.

I. Диалект сөздерді белгілеңіз.

1. а) Боз, боз

ә) Көпшік, дарбаза

б) Қара, ат

в) Оның, соған

г) Орман, тоғай

2. а) Еңбек, арман

ә) Барлық, күллі

б) Сым, пәс

в) Гүрс-гүрс, тарс-түрс

г) Оқулық, дәптер

II. Кәсіби сөздерді көрсетіңіз.

- | | |
|--------------------|----------------------------------|
| 1. а) Қанат, мінез | 2. а) Иінағаш, суағаш, мойынағаш |
| ә) Келер, жазар | ә) Жүген, үзенгі, пылбыр |
| б) Мұрап, ау | б) Қазанжаппа, қорықтық |
| в) Су, теңіз | в) Сөмке, кереует, кәмпит |
| г) Ой, арман | г) Қойшы, мақта, күкірт |

III. Диалект сөздерді көрсетіңіз.

- | | |
|-----------------------------|--------------|
| 1. а) Табан, бекіре, шортан | 2. а) Қаспақ |
| ә) Шәугім, шаппа, меш | ә) Шылбыр |
| б) Айыр, күрек, тырма | б) Елгезер |
| в) Әдемі, көркем, сұлу | в) Мұрап |
| г) Өнеркәсіп, сым, леген | г) Орындық |
3. а) Үлкен, кіші аласа
ә) Көрші, туыс, компас
б) Соқпақ, кетпен, шот
в) Күрзі, қорамса, дуан
г) Күлпара, шара

IV. Кәсіби сөзді көрсетіңіз.

- а) Жылым, күнжара, мұрап
ә) Ау, өңгелек, жеміс
б) Ғасыр, өмір, күн
в) Сүдігер, айдау, доктор
г) Әйбәт, жақсы, әдемі

§10. КІТАБИ ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ

Кітаби тіл — жазу дәстүрі арқылы белгілі жүйеге түскен, орныққан нормалары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл.

Кітаби тілдің жазбаша және ауызша түрде қызмет ететін бірнеше стильдік тармақтары бар: ресми стиль (іс қағаздар стилі); ғылыми стиль; көркем стиль (көркем әдебиет стилі); публицистикалық стиль.

Сөйлеу тілі, негізінен, диалог түрінде болса, кітаби тіл монолог түрінде болады. Монолог өзінің мән-мазмұны жағынан сипаттау, баяндау, пайымдау деген мағыналық түрлерге бөлінеді. Сөйтiп, белгiлi бiр мәтiн, оның бөлiктерi *сипаттау* немесе *баяндау*, я болмаса *пайымдау* түрiнде айтылады.

Сипаттауда зат пен құбылыстың негізгі, мәнді белгілері айтылады. Мысалы: *Арқасының сарғыш дағы бар, бауыры қоңырқай дақты, ақшыл, қанаты ұзын, бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құсты ақсары деп атайды (кітаптан).*

Әйгерім отқа жақындап отырғандықтан, өңі ажарланып, балқығандай қызара түскен. Үстіндегі қалың қара жібекпен тысталған ұшпақ ішігінің айналасына жалпақ құндыз ұстатқан. Ішігінің сәнін бұрама күміс түймеге орнатылған үлкен кесек қызыл маржандар ерекше ажарлап тұр. Басындағы кимешек шаршысы да ұқыпты сәнмен тартылған, кіршіксіз аппақ.

Бұл күнде тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі әсіресе көркейткендей (М. Әуезов).

Баяндауда белгілі бір зат пен құбылыстың өзара байланысы, бір-біріне қатыстылығы сөз болады. Мысалы: *Оқымыстылар бұрын атомды заттың бөлінбейтін бөлшегі дейтін. Кейін оның протонға, нейтронға және электронға бөлінетіндігі анықталды; Әрбір денеде оны құрайтын атомдар үнемі қозғалыста болады (кітаптан).*

Піл ыстық жақта болады. Біздің суығымызға шыдай алмайды. Жемі — жас ағаштың жапырағы, жемістері һәм әр түрлі дәмді нәрселер. Жейтін жемінде, басқа нәрселерді де әлгі ұзын мұрнымен алады. Жерде жатқан бір инедей нәрсені де ыңғайсыз көрінген мұрнымен оп-оңай алады. Бір ағашқа келіп, жемісін жеуден бұрын, әуелі ағашты мұрнымен соғып, сілкіндіріп, құрт-құмырсқасы түскендей болған соң, жей бастайды. Піл сондай түсінікті хайуан, ұстанған соң, кісіге тез үйір болып, көп қызмет қылады (М. Дулатұлы).

Пайымдауда белгілі бір зат пен құбылыстың салдары мен себептері көрсетілді. Мысалы: *Элементтің атомдық салмағы дейтініміз — оттектік бірлікпен көрсетілген оның атомының салмағы. Демек, атомдық салмақ белгілі бір атомның оттегі атомының 1/16-інен ауыр екендігін көрсетеді (кітаптан).*

Адамға ойларға ақыл берілді, бір-бірімен сөйлесуге тіл берілді, олай болған соң адамзатқа тіршілік бекерге, босқа, ұмырды зая қылып өткізуге берген болмайды.

Не үшін бізге тіршілік керек деп білеміз?

Бұл тұрада қазақтың бұрынғы заманындағы қариялары, ойшылдарының айтып кеткен сөзінің ішінде жауап табыла ма деп ойлаймын. Бұрынғыдан қалған сөздің мағынасы көп,

ойлары терең болушы еді, бұрынғылар: “Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса, досыңа қыл” деген екен (М. Дулатұлы).

50-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, монологке төн ерекшелігін көрсетіңіз. Мәтінде сөз болып отырған нәрсенің мәнді белгілеріне қарап, монологтің қай түріне жататынын ажыратып, талдаңыз.

● Бір жай сөйлем алып, синтаксистік талдау жасаңыз.

Жоғары білім алу мақсатымен оқу төмендегі жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады: **университет, академия, институт** (жоғары мектеп, жоғары колледж, консерватория, т.б.) колледж.

Университет — қызметі іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу және білімнің барлық деңгейінде ғылымның, техника мен мәдениеттің табиғи-ғылыми, гуманитарлық және басқа бағыттарын кең көлемде оқыту арқылы білімнің, ғылымның және мәдениеттің дамуына бағытталған жоғары оқу орны. Университет халық арасында мәдени-ағартушылық қызмет атқаратын және ғылыми білімді таратуға мүмкіндік туғызатын, білім, ғылым және мәдениетті дамытудың жетекші орталығы болып табылады.

Академия — қызметі ғылыми зерттеулер жүргізу және жоғары мектептен кейінгі және қосымша білімнің барлық деңгейінде ғылым, техника, мәдениет салаларының бірін басым оқыту арқылы білімді, ғылымды және мәдениетті дамытуға бағытталған университеттік типтегі жоғары оқу орны. Академия өзінің қызмет өрісінде жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылады.

Институт — ғылымның, мәдениеттің, техниканың бірнеше бағыттарында біліми-кәсіптік бағдарламаларды жүзеге асыратын және ғылыми-зерттеулер жүргізетін дербес жоғары оқу орны немесе университеттің бөлігі (құрылымдық бөлімшесі).

Колледж — толық емес жоғары білімнің біліми-кәсіптік бағдарламасын жүзеге асыратын дербес оқу орны немесе университеттің, академияның, институттың құрылымдық бөлімшесі.

*(Қазақстан Республикасының
Жоғары оқу орны туралы ережесінен.)*

51-тапсырма. ▲ Мәтіннің монолог сөздің қай түріне жататынын анықтаңыз. Оның тілдік белгілерін көрсетіңіз.

Себеп-салдар бағынықы құрмалас сөйлемді көшіріп жазыңыз.

Бауырдың майлы дистрофиясы

Бауыр май алмасуы процесіне тікелей қатысатын ағза болғандықтан, бұл жерде әр түрлі гистохимиялық реакциялар арқылы әрдайым май тамшыларын табуға болады. Сондықтан, бауырдың майлы дистрофиясы дегенде, біз осы жердегі май мөлшерінің әдеттегіден көбейіп кетуін немесе химиялық құрамы басқаша болған майлардың жиналып қалуын түсінеміз. Қалыпты жағдайда бауырдағы майдың тек 1/4 бөлігі ғана бейтарап майларға жатса, майлы дистрофияда оның бәрі дерлік бейтарап майдан тұрады. Бауыр клеткаларында әуелі майда тамшылар пайда болады (майда тамшылы семіру), кейінірек олар бір-біріне қосылып ірі тамшылар түзеді (ірі тамшылы семіру). Бауыр май дистрофиясы нәтижесінде үлкейіп, божырап, қамырдай жұмсарып қалады. Бауырдың майлы дистрофиясы алкогольизмде, қантты диабетте, семіздікте, зат алмасу процесінің бұзылуына байланысты пайда болады.

(“Патологиялық анатомия” кітабынан.)

52-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, оның қандай мазмұнда жазылғанына талдау жасаңыз: сипаттау ма, баяндау ма, пайымдау ма?

“Біржан — Сараны” Мұқан Төлебаев мұқият жазды, табандылықпен жазып шықты. “Опера жазу үшін мықты төзім керек”, — деп қалжыңдаушы еді өзі. Шынында, күні-түн шаршау білмей отыруға ондай пыдамды адам сирек шығар. Өзіне-өзі қатты талап қоятын. Жазғанын қайта-қайта біздерге тыңдатып, бірнеше дүркін сыннан өткізетін. Кейде оның жаңа жазған бөлімдерін үйіне қона жатып та тыңдап жүрдік.

Асылы, жаңа жазылып жатқан дүниені өйтіп тыңдаулар ол кезде барлық композиторларға тән қасиет-тін. Ондай әдет осы күнде жоқ. Қазір әркім өзінше оңаша жазып, әбден жазып біткен кезде бір-ақ театрға әкеледі. Қазіргілер жазып бітпей жатып актерлермен, өнер адамдарымен ақылдасудан, пікір таластырудан әдейі қашатын секілді. Ал Брусиловский, Жұбанов, Хамиди, Төлебаевтар көпшіліктің кемшілік тапқанына да, мақтағанына да үлкен рақмет айтып риза болып отыратын. Және бір қызығы: олар жаңа шығармасын жазып біткенше біз оны жаттап та бітуші едік.

Олардың жазып жатқан дүниесін өзіміз жазысып жүргендей сезінетінбіз. Олардың сөтсіздігін өз сөтсіздігіміздей көріп, біз де кінәлі кісідей қысылушы ек, олардың сөттілігіне біз де ортақтас адамдардай әсерленетінбіз.

Жазып жатқан шығармасы жайлы ақылдасу тек кесек шығармалардың ғана үлесіне тимейтін. Жеке өндерді жазғанда да композиторлар әйгілі өншімен, болашақ орындаушымен бірлесе, ақылдаса отырып жазатын.

(Қанабек Байсейітов.)

§11. РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАР СТИЛІ

Стильдің бұл түрі — құқықтық қарым-қатынас, өкімшілік саласында қолданылады. Іс қағаздары қолданылу аясына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Кейбіреуінің алдын ала дайындалған үлгілері (бланк) болады.

Қолданылатын орны: іс қағаздарында, нұсқау хаттарда, кеңсе құжаттарында жазба түрі; сот процесі кезінде, елшілік кездесулерде, мемлекет, мекеме қызметкерлерінің іскерлік қарым-қатынасында ауызша түрі қолданылады.

Қарым-қатынас мақсаты: хабарлау, нақты мәліметтер беру.

Тілдік амал тәсілдері: сөз, сөз тіркестері тілдегі өз мағынасына сай жұмсалады. Мысалы, ресми стильде *жазушы* сөзі *сөз зергері*, *қаламгер* деп қолданылмайды. *Жеңіл автомобиль* атауы, сөйлеу тіліндегідей, *жұмсақ машина* деп айтылмайды.

Грамматикалық ерекшеліктер тұрғысынан алғанда, іс қағаздары қалыптасқан үлгіде, баяндау түрінде жазылып, сөйлемдері тиянақты, ой аяқталған болып келеді де, мазмұны көбінесе “тапсырма”, “бұйыру” ыңғайында болады.

Ресми стильде кітаби реңктегі сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, даяр тіркестер мен термин сөздер пайдаланылады. Мысалы: *орындау міндеттелінсін, мекемеге тапсырылсын, жүзеге асырылсын, ұйымдастыру қолға алынсын, баса көңіл бөлінсін, ескеріп отыратын болсын, қамтамасыз етілсін, баса назар аударылсын*, т.б. күрделі тіркестер көбірек кездеседі.

Ресми стильде сөйлемнің баяндауышы тұжырымдылықты, нақтылықты білдіру үшін көбінесе ырықсыз етіс түрінде келеді. Мысалы, *орындалды, орындалсын; жеткізілді, жеткізілсін; тапсырылды, тапсырылсын*.

Іс қағаздары көбінесе өткен шақ формасында жазылады, айқындап тұратын сөздер жиі қолданылады.

Ал сөйлеу тілінде анықтап тұратын сөздер тізбегі түгелдей айтыла бермейді, көбіне ықшам түрде жұмсалады. Мысалы, *10-сынып оқушылары — онының сыныптағылар.*

Стильдік сипаттары: ресмилік, нақтылық. Айтылатын ойды бұрмалауға не екіұшты түсінуге жол бермейтіндей дәлдіктің болуы; автордың жеке басының сезім күйі тежеулі, сөзі ресми сипатта болуы.

Қорыта келгенде, ресми стильдің өзіндік ерекшеліктері төмендегідей:

1. Қолданылу аясы: іс қағаздары, нұсқау хаттар мен кеңсе құжаттарында қолданылады.
2. Қарым-қатынас мақсаты: хабарлау, нақты мәліметтер беру.
3. Тілдік құралдары: кітаби сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, даяр тіркестер мен терминдер.
4. Стильдік сипаты: ресмилік, нақтылық, дәлдік.

53-тапсырма. ▲ Мәтіннің стильдік ерекшелігіне талдау жасаңыз. Осындай бір жағдаятты мысалға алып, сенімхат жазыңыз.

Сенімхат

Мен, К.Байшығанұлы атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы Ақжан Тұрсынәліқызы, биылғы оқу жылында кітапханадан маған берілетін оқулықтарды өпкем Индира Тұрсынәліқызының алуына сенім білдіремін.

25 тамыз, 2006 жыл. _____ Ақжан Тұрсынәліқызы.
(қолы)

К.Байшығанұлы атындағы орта мектеп оқушысы Ақжан Тұрсынәліқызының қолын растаймын.

Мектеп директоры _____ Д. Халықұлы.
(қолы)

25 тамыз, 2006 жыл.

54-тапсырма. ■ Мәтіндердің стильдік ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасаңыз.

Стильдік сипатына қарай жүйелеп, кестеге түсіріңіз.

Лексикалық	Морфологиялық	Синтаксистік
------------	---------------	--------------

Құлақ естігенді көз көреді

Бір күні балалармен ауыл сыртында доп ойнап жүр едім, әкем дауыстап шақырды.

— Үйге жүр, балам! Құлақ естігенді көз көреді деген рас екен. Мектеп ашылатын болыпты. Бақытымызға қарай Жамалетдин де, тіпті Ыбырайдың өзі де келіпті. Баралық, Құдай сөгін салса, ілігіп, кетерсің, қарашығым, — деді.

Апам да айналып-толғанып, бар білетін тілегін айтып, мені киіндіре бастады. Әкем менен бұрын киініп алған екен.

— Тезірек болсайшы, бөйбіше, кеш қалып жүрерміз, — деп қояды.

Біз аттан түсіп, мектеп үйіне қарай жүріп келе жатқанда, Жамалетдин қарсы шықты. Әкеммен сәлемдескеннен кейін:

— Немене, ақсақал, Спандиярды оқуға әкелдіңіз бе? — деп сұрады.

— Иә, шырағым, оқысын деп әкелдім. Өзің айтып кіргізіп көр, — деді әкем.

— Мақұл, Алтынсаринге, жүріңіз — деп Жамалетдин бізді мектепке ертіп жүрді. Біз таянып келгенде, сыпайы киінген, қолында қара папкасы бар, орта бойлы бір жас жігіт мектептен шықты. Бұл — осы ашылғалы отырған мектептің меңгерушісі екен. Менің аты-жөнімді сұрастырып жазып алды да, әкеме қарап:

— Енді болды, — деді.

Әкем түсінбей қалса керек, біресе маған қарап, біресе меңгерушіге алақтап қарап тұрды да:

— Шырағым, алынды ма? — деп сұрады.

— Алынды, алынды! — деді ол. — Оқу желтоқсанның 10 күні басталады, балаңызды сол күні әкелерсіз.

— Өркенің өссін, қарағым! — деді әкем.

— Рақмет, ақсақал, қош болыңыз, — деп меңгеруші бізді шығарып салды.

(С. Көбеев.)

Телефонхат

Талдықорған қалалық радиохабарларын тарату басқармасына — радиоторап директоры Алдабердиевке.

Үстіміздегі жылдың 3 мамыры күні, қала әкімшілігі ғимаратының кіші залында, әкімнің орынбасары Жеңістің 55-жылдық мерекесін өткізуді ұйымдастыруға байланысты кеңес өткізеді. Осыған орай, мереке өткізілетін жерден

радиохабарларын таратуды ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешетін өз өкіліңізді жіберуіңізді сұраймыз.

Кеңес сағат 15⁰⁰-те басталады. Ғимаратқа кіру үшін жеке басын растайтын құжат ала келу керек. Өз өкіліңіздің аты-жөнін мына телефон арқылы 64-42-03, бүгін сағат 18⁰⁰-ге дейін хабарлаңыз.

Қол қойған: қала әкімінің көмекшісі Өкімжанұлы.

Жіберген: Оспанқызы.

Анықтама телефоны 64-42-01.

30 сәуір 2006 жыл, сағат 10⁰⁰.

55-тапсырма. ■ Мінездеме мәтінін оқып, тілдік стиліне талдау жасаңыз. Сыныптас құрбыңызға, аға, әпкелеріңізге мінездеме жазыңыз.

Мінездеме

Елдос Ілиясұлы Есік қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің 11-сыныбында оқиды. Елдос Ілиясұлы жақсы оқиды. Мектепте, жүрген ортасында қарапайым, биязы мінезімен құрбыларының, ұстаздарының ықыласына бөленіп жүрген оқушы. Сабырлы, сүйкімді Елдос құрбыларымен тез тіл табыса алады.

Ол өте ұқыпты, тиянақты, әр жұмысқа, берілген тапсырмаға мұқият жауапкершілікпен қарайды.

Салмақты мінез, кішіпейіл сыпайылығымен үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор болып жүреді. Әр нәрсеге қабілетті Елдос Ілиясұлы мектептегі көпшілік жұмысқа да белсене араласады. Ол мектепаралық пәндік олимпиадаларда білімділігімен, алғырлығымен көзге түсті.

Қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерін өте қызығып, ізденіп оқиды. Елдос Ілиясұлы құрбылары арасында да, мектепте де беделді, үлгілі оқушы.

56-тапсырма. ■ Ресми стильге тән бір мәтін ойлап жазып және көркем әдебиеттен сөйлеу тілінің стиліне тән бір үзінді алып, ерекшелігіне салыстырмалы талдау жасаңыз.

▲ Мәтін іс-қағаздар стилінің қай түріне жатады? Тілдік ерекшелігіне қарай ауызша талдау жасаңыз.

Қазақстан Республикасының көрнекті саяси әрі қоғам қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда қазіргі Алматы, бұрынғы Верный, қаласында туған.

Д. Қонаев Мәскеу қаласындағы М.И. Калинин атындағы

түсті металл және алтын институтын бітіріп, кен инженері мамандығын алды. Д. Қонаев Ұлы Отан соғысы жылдарында республика Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары ретінде тылдағы жұмысты ұйымдастырушы талантты басшылардың бірі болды.

Дінмұхаммед Қонаев 1952—1955 жылдар арасында Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болды. Республика ғылымын дамытуда көп еңбек сіңірді. 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. “Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-қопару жұмыстары” деген монографиялық еңбегінің маңызы зор.

Д. Қонаев 1964 жылдан 1987 жылға дейін Қазақстан КПОК-ның бірінші секретары болып істейді. Халықтар достығын нығайтуда, олардың интернационалдық бірлігін дамытуда қажырлы еңбек етті.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа 1972, 1976, 1982 жылдары үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 8 рет Ленин орденімен марапатталды.

Д. Қонаев 1992 жылдың 12 қаңтарында 80 жасқа толды.

(“Алматы” атты кітаптан.)

§12. ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

Ғылыми стиль — кітаби тіл стилінің бір түрі. Оған әр мамандық, әр салада жазылған ғылыми шығармалар, оқулықтар мен оқу құралдарының тілі жатады. Ғылыми стильде негізгі зерттелетін зат пен құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді, түсіндіруді қажет етеді. Белгілі бір ғылым саласындағы термин сөздер жиі қолданылады.

Қолданылатын орны: ғылыми еңбектерде, зерттеулерде жазбаша түрі, ал ғылыми мәжіліс, кеңес, т.б. ғылыми ортада ауызша түрі қолданылады.

Қарым-қатынас мақсаты: заттың, құбылыстың, ақиқат дүниенің мәнді белгісін көрсету, құбылыстың себеп-салдарын ашу; шындықты ұғым түрінде логикалық жүйемен бейнелеу.

Стильдік сипаттары: айтылатын ой, сөз дәлелді және тура мағынада қолданылады; атау сөз көбіне дерексіз, жалпылық ұғымда жұмсалады. Мысалы, *қарға* — ғылыми әдебиетте құстардың белгілі бір отрядына жататын тобы. Ал бұл көркем әдебиетте, сөйлеу тілінде “қар үстінде жорғалап жүрген *қарға*”, “ағаш бұтағында отырған *қарға*”, т.б. болып нақтылы сипатта айтылады.

Тілдік амал-тәсілдері: дерексіз жалпылық ұғымдағы сөздер жиі ұшырайды: *құс, өсімдік, жан-жануар, шөп, ағаш, жылдамдық, уақыт, кеңістік*, т.б.

Мысалы: *Егер тозаңдату болмаса, өсімдік гүлдеп, гүлін төгеді, бірақ жеміс салмайды.*

Ғылыми термин сөздер жиі қолданылады: *Түзуші ұлпалар сабақтың тамыр ұшында болады (Өсімдіктану кітабы); Қисық сызықтың мұндай түрін математикада гипербола деп атайды (Физика кітабы).*

Ғылыми стильде көбінесе баяндауыш ырықсыз етіс түрінде және ауыспалы келер шақ тұлғасында қолданылады. **Мысалы:** *Қайнау кезінде сұйықтың температурасы өзгермейді. Мұндай өрнектерді рационал өрнектер деп атайды.*

Кейде ғылыми стильдегі сабақтас құрмалас сөйлемдердің бірінші жай сөйлемнің баяндауышы шартты рай түрінде келіп, екінші сыңары ойды тиянақтап, дәлелдеп, анықтап тұрады. Көп сатылы матаса байланысқан тіркестер жиі кездеседі.

Бұл денеге қағаз қиқымдарын тақап ұстап көру керек, сонда дене оны өзіне тартатын болса, ол — дененің электрленгені.

Егер эбонит таяқша тебілсе, онда оған жақындатылған дененің заряды тектес болғаны.

Ғылыми стильде сұраулы, лепті сөйлемдердің қолданылу мүмкіндігі шектеулі болып, көбінде ой хабарлы сөйлем түрінде баяндалады.

Қорыта келгенде, ғылыми стильдің негізгі белгілері мынадай:

қолданылатын орны: ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда, ғылыми кеңес, мәжіліс, пікір алысулар, т.б;

мақсаты: заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, объективті мәлімет беру;

стильдік сипаты: айтылатын ой дәлелді, зерттелген, тура мағыналы болып келеді;

тілдік құралдары: ғылыми терминдер жиі қолданылады; осы шақ және ауыспалы келер шақ баяндауышты хабарлы сөйлемдер болып келеді.

57-тапсырма. ▲ Қолданылатын орны, мақсаты, тілдік тәсілдері, стильдік сипатына қарай мәтіннің стильдік ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

Сынап

Сынап — химиялық элементтердің бірі, көшпелі. сусылдақ зат. Әдеттегі температурада ерітілгенде күміс түсті жылтыр сұйықтыққа айналады. Қағаз үстіне қойғанда, ізі қалмайды. Кейде ұсақ түйіршіктерге бөлінеді. Ыстықта оңай буланады. Суда, спиртте және тұз қышқылында ерімейді. Азот және күкірт қышқылдарында еріп, сынап тұздарының қосылысын түзеді. көптеген металдармен реакцияласады. Қытайдың барлық жерінен шығады. Кермек дәмді, улы зат.

58-тапсырма. ■ Мәтіндердің стильдік ерекшелігіне салыстырмалы талдау жасаңыз.

● Күрделі сөздерді теріп жазыңыз.

Анықтама

Осы анықтама Маржан Оспанқызының 2000—2005 жылдар аралығында Абай атындағы Алматы ұлттық университеті қазақ филологиясы факультетінің сырттай бөлімінде оқығандығын растайды.

Анықтама Ақсу аудандық оқу бөлімінің кадрлар бөлімшесіне көрсету үшін берілді.

Факультет деканы _____

Еспенқызы Т.М.

қолы

2005 жылдың 4 желтоқсаны.

Түйетабан

Бұл да көп жылдық шөп тектес өсімдік. Сабақсыз немесе қысқа сабақты болады, томардан өсетін жапырақтары ұзындау, сопақша қандауыр тәрізді, түбірін айнала өседі. Жапырақ жиегінде сары түсті ұзынды-қысқалы тікендері болады. Ортасында тығыз орналасқан бірнеше гүл шоғырлары бар. Түсі күрең қызыл немесе көкшілдеу, жемісі ұзынша келеді. Өзен бойларында, шымды және көгалды, саздау жерлерде көп өседі.

Жинау және өңдеу. Түйетабанның дәні дәрі болады. Көктемде, күзде жемісі піскенде қазып алып, жуып тазалап, кептіреді. Дәмі төтті болады.

Қазақ малшылары түйетабанның білеу тамырын сүтке қайнатып, көкөніс орнына азық ретінде пайдаланған.

(“Дәрілік өсімдіктер” кітабынан.)

59-тапсырма. Ғылыми стиль мен ресми іс қағаздар стилінің өзіндік сипаттарына талдау жасаңыз.

Күн энергиясын пайдалану

Адам пайдаланатын энергияның басым бөлігінің көзі — Күн. Күн энергиясының есебінен Жер бетінде жылдық орташа температура 15⁰С шамасында сақталып тұрады. Күннен келетін жылу мен жарық ағыны біздің планетамызда тіршіліктің болып тұруына қолайлы жағдай жасайды. Бүкіл Жер бетіне түсетін күн сәулелерінің қуаты соншалықты зор, оны алмастыру үшін 30 миллиондай қуатты электр станциялары қажет болар еді.

Күннің Жер бетін бір қалыпты жылытпауының салдарынан жел пайда болады. Желдің және ол ала келетін жауын-шашынның әсерінен үлкен-үлкен тау-тастар біртіндеп күйреп бұзылады. Адам өзендердің энергиясын электр энергиясын алу үшін, кемелерді жүргізу үшін, ал желдің энергиясын жел двигательдерін қозғалысқа келтіру үшін пайдаланады.

60-тапсырма. ▲ Мына мәтін қандай стильде жазылған? Стильдік талдау жасаңыз.

“Кітаби Қорқыт” жырлары

734 жылы Алтайдағы Түрік қағанаты құлаған соң, Жетісудан Қарахандар, Сырдан оғыз-қыпшақ ұлысы құлады (Жанкент). Бірақ 956 жылы селжүктер ислам дінін алған соң, оғыз ұлысында бүліншілік туып, ұлыс 1043 жылы ыдырайды. Осы кезеңнен қалған “Китаб дадам Қорқыт ғалисантайфа оғузан” дейтін үлкен жырлар бар. Оны біз қысқартып “Кітаби Қорқыт” деп атаймыз. Бұл жырлар X—XI ғасырларда Сырда туған. Айтушы — Қорқыт.

Қорқыттың жырлары Қазақстан, Орта Азия, Кавказ түркілеріне ортақ. Оның “Аталар сөзі” деген 400 мақалын неміс ғалымы Х.Ф.Диц Берлинде бастырған. Бұл жырлар Дрезден (12 жыр) және Ватикан нұсқасы (6 жыр) делініп, екі түрлі нұсқада сақталған.

Қорқыт жырлары жер жүзі түркі танушыларына мәлім. “Деде Коркут” кітабы жөнінде орыс тілінде 314 зерттеу, Әзірбайжан, Анадолы түріктері, түрікмен, Батыс Европа, шығыс тілдерінде 463 еңбек жазылған.

(Ә. Қоңыратбаев.)¹

61-тапсырма. ▲ Термин сөздерге байланысты тест сұрақтарын шешіңіз. Термин сөздер көбіне қандай тілдік стильде қолданылатынына түсінік беріңіз.

■ Осы үлгіде тест сұрақтарын жасаңыз.

1. Мына сөйлемдерден ғылыми стильге тән термин сөзді анықтаңыз.

- а) Оның сөзі де қосымша болды.
- ә) Түбір сөзге қосымша жалға.
- б) Сәбит бұған қосымша жұмыс берді.
- в) Қосымша төлем қосты.

2. Искерлік қарым қатынасқа байланысты термин сөзді көрсетіңіз.

- | | |
|---------------------------|------------------------------|
| а) Сөз, сөз тіркесі, буын | а) Геометрия, телефон, ұстаз |
| ә) Дөңгелек, тікұшақ | ә) Төлқұжат, кітап, мұғалім |
| б) Әкім, делдал, іссапар | б) Химия, тәртіп, тергеуші |
| в) Алу, теңеу, синус | в) Қаржы, кеден, хаттама |
| г) Шеміршек, жүйке | г) Туннель, өдебиет, кесе |

3. Термин сөздерді табыңыз.

- | | |
|-------------------------|-----------------------------|
| а) Бәдірен, диалог | а) Тырнақша, поэзия, терме |
| ә) Сарапшы, қалам | ә) Бокс, мандай, босқын |
| б) Мұрап, мақал-мәтел | б) Цех, шахта, үй |
| в) Циклон, қос нүкте | в) Барлаушы, шөгінді, халық |
| г) Депутат, департамент | |

4. Термин сөздерді белгілеңіз.

- | | |
|------------------------------|------------------------------------|
| а) Соқа, кетпен, шот | а) Тіркелім, даңғыл, көшпелі |
| ә) Көрші, туыс, компас | ә) Көпек, өсімдік, қорамса |
| б) Өтем, күнтізбе, жәрдемақы | б) Сөмке, атшабар, отбасы |
| в) Диалог, мағлұмат, тамыр | в) Сюжет, тамыр, жұрнақ |
| | г) Көлік, жекешелендіру, зейнетақы |

§13. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ

Публицистикалық стильде жазылған шығарма қоғамдық өмірмен тығыз байланысты болады. Қоғамдық өмірдегі жаңалықтар, өзгерістер туралы жұртшылықты құлағдар етіп, қоғамдық пікір қалыптастырады.

Сондықтан да публицистикалық стильдегі шығарма қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көңілге қонымды болып, бұқараға ықпал ету сипаты басым болады.

Қолданылатын орны: газетте, саяси-қоғамдық журналдарда жазбаша түрі; жиналыстар мен митингілерде, радио-телевизия хабарларында ауызша түрі қолданылады.

Қарым-қатынас мақсаты: заттар мен құбылыстардың мөнін ашу, оған көпшіліктің назарын аудару; жұртшылықты белгілі іске жұмылдыру, белгілі бір мақсатқа үндеу, оған деген сенімін ұштау, иландыру; сондай-ақ белгілі бір құбылысқа оң не теріс баға беріп, қоғамдық пікір туғызу.

Стильдік сипаты: сөз үндеу, жұртшылықты жұмылдыру, иландыру мөнінде жұмсалады. Сөз ой мен сезімге қатар өсер етерліктей болып келеді.

Тілдік белгілер.

Публицистикалық стильде зат пен құбылысқа оқушы назарын аудару үшін экспрессивті-эмоционалды реңктегі және бағалауыш сөз жиі қолданылады.

Мысалы, *жарыс жүлдегері, еңбек майданы, ерлік мектебі*, т.б.

Публицистикалық стильде жалпы саяси лексика, терминдер, күрделі тіркестер жиі қолданылады.

Егемендік, бағдарлама, Ұлттық галлерей, кеден, өркениет, демеуші, халықаралық олимпиада, ұлттық театр, т.б.

Публицистикалық стильде көркем сөз төсілдерінің барлығы дерлік, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, афоризмдер мол пайдаланылады. Мысалы:

Жауапкершілігі ұлан-асыр істе заңғар шыңнан көріну — баршамызға парыз. Алдыңғы кезекте саналы болашаққа ұмтылу керек. “Жалғыз ағаш орман болмайтынындай” алған білімнің де өз басыңнан артылмаса несі пайда? (Газеттен.)

Публицистикалық стильде бұйрықты, лепті, риторикалық сұраулы сөйлемдер жиі қолданылып, сөз қайталаулар да кездесіп отырады.

62-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып қандай стильде жазылғанын анықтаңыз. Стильдік талдау жасаңыз.

Қырандарға биіктік жарасады

Жаңа ғасырымыз ерекше, көтеріңкі көңіл-күймен басталды. Ел мен ел арасындағы елбасшыларының өзара ерекше жағдайда өткен кездесулері, бір-біріне деген ілтипаты, ежелгі көршілік, жуықтық, туыстық жағдайлардың бәрі де осы бір кездесуден айқын көрініп тұрды. Біртұтастық, қашаннан қалыптасқан үлкен елдік ұғымға ерекше сипат бергендей.

Тек қана табан тіреп жүрген қасиетті Жер-Ананың үстінде емес, аспандағы Алатаудың, Медеу мұз айдынының үстімен қалқып бара жатқан қанатты жол үсінде де қатар қалықтаған қырандардай жарасқан қалыптары жанымызды жайландырып, биік жандар — биікте де тым жарасады екен-ау деген қуанышты сезімдерге бөлейді.

Алатаудың қарлы шыңдарына көтеріліп тұрып, бір-біріне қалтқысыз қасқая қараған осынау үш елдің басшыларының ойларында, жүректерінде қандай толқулар, қандай ұлы армандар, қандай жылы сезімдер болғанын бір Төңірдің өзі біледі. Биікте жүрген қырандар тек биіктік жайлы ойласа керек!.. Өзбекстанның президенті И. Каримов жұрттан өз ойын жасырған жоқ, талай елдерді аралап жүрсе де дәл Алатаудай сұлу да сұңғыла, қасиетті жерді кездестіргенін айтты. Олай болса, сондай жерді мекендеген елдің де жаны сұлу, ақыл-парасаты биік деген ұғым туады...

(М. Айтқожа.)

63-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, стильдік ерекшелігіне қарай талдау жасаныз. Осы мәтіндерді үлгі ретінде алып, өздеріңіз осындай мәтіндер дайындаңыз.

Көкпарға жігіттің жігіті ғана шыдайды

Көкпарға жігіттің жігіті ғана шыдайды және игере алады. Оған күшке қоса жүректілік, қайтпас қайсарлық қажет. Кешегі көкпаршы, бокс спортына келгеніне көп бола қоймаса да, әлемді таңғалдырған Сидней олимпиадасының күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдебеков, міне, осы көкпарда қалыптасып піскен көк бөрі. Ол туралы зерттеу еңбектерім де бар. Құдай қаласа, жарыққа да шығып қалар.

...Кішкене кезімнен ауылдағы көкпаршыларды көріп өскендіктен болар, қым-қуыт тірлік ырғағымен мұрныма су жетпей жүрсе дағы көкпар көз алдымда көлбеңдеп,

көкейімнен кетпейтін. Ақыры, осыдан үш жыл бұрын Жамбыл ауданындағы Шиен ауылына барып, алғашқы көкпарымызды ұйымдастырдық.

Адам денсаулығын нығайтуда басқа спорт түрлеріне қарағанда, көкпардың пайдасы көп ілгері. Өз басым жылқыны жағалаған жанның науқасқа тез шалдыққанын көрмешпін. Сонан соң ат құлағында ойнайтындар керемет жүректі болады. Ал көкпарға келетін болсақ, талас кезінде іске қосылмайтын дене мүшесі қалмайды.

(Газеттен.)

Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институты
Хабарлаған хатшы

Телефон № _____
(аты-жөні)

Еңбекшіқазақ аудандық білім бөліміне

Қабылдап алған хатшы _____
(аты-жөні)

Телефон № _____

Телефонограмма

№

Алматы қаласы 12 сағ 00 мин

20.03.2006 ж.

2.03.2006 жылы сағат 15³⁰-да Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтында Мұқағали Мақатаевтың 75 жылдығына орай “Өлең-өмір, өмір-өлең” және “Жаттап жүрем жырыңды” тақырыбында оқушылар жазған шығармалар бейгесін сараптау болады. Бейгеге шығарма жіберген оқушылар келіп қатысуы керек.

64-тапсырма ▲ Газет-журналдардан публистикалық стильде жазылған бір мақаланы тандап алып, іс-қағаздар үлгісінде бір мәтін жазыңыз. Екеуіне салыстырмалы талдау жасаңыз.

● “Көктемгі мереке”, “Тәуелсіздік — бабаларым туын тіккен жол”, “Мен — тәуелсіз елдің ұрпағы”, “Жұртын сүйген жүрек” (өзіңіз пір тұтқан, ұнатқан ақын, жазушы жайлы). “Ой түбінде жатқан сөз” (құрбыларың туралы ой айтсам) тақырыптарының біріне шағын шығарма жазып, тілдік стиліне талдау жасаңыз.

■ Мына хаттаманың үлгісіне қарап, өздеріңізде өткен бір жиналыстың (ата-ана, сынып оқушылар, т.б.) хаттамасын жазыңыз.

Үлгі:

Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп

Хаттама

Есік қаласы № 5.05.2001 ж.

Есік қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің 11-сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы

Төрағасы _____
(аты-жөні)

Хатшысы _____
(аты-жөні)

Қатысқаны 28 оқушы (*Қатысқан, қатыспағандардың тізімі қоса беріледі*)

Күн тәртібінде:

1.

2.

1. Тыңдалды:

Сынып жетекшісі _____ ның күн тәрті-
(аты-жөні)

бінде мәселелер бойынша жасаған баяндамасы тыңдалды. Баяндаманың мәтіні қоса тіркеледі.

(Егер қаралатын мәселелер бойынша жеке-жеке адамдар баяндама жасаса, сөйлесе, онда әрқайсысы жеке жазылады.)

Сөйлегендер:

(Сөздің қысқаша мазмұны түсіріледі.)

1. _____
(сөйлеушінің аты-жөні)

2.

3.

Қабылданған қаулы

1 - 1

1 - 2 мақұлдансын

2 Тыңдалды:

Сөйлегендер

Қаулы

Төрағасы _____ аты-жөні
(қолы)

Хатшысы _____ аты-жөні
(қолы)

65-тапсырма ▲ Мына сөйлемдерден публицистикалық стильге төн қандай тілдік белгілерді байқауға болады?

1. Мұғалім деген сөзді жалпылама емес, мына төмендегідей төртгішпен қолданғанымыз жөн.

Ұстаз — жас ұрпаққа өз өнерін білімін үйретуші, ақылшы, төрбиеші.

2. Қазағымыз той-думансыз өткен бе? Өрине, жоқ. Сол думан-сауықты қалай өткізіп жүрміз?

Өрине, өз дәрежесінде өтетіні де, өтпейтіні де бар.

3. Оянатын шақ өлдеқашан туған.

Тек соны түйсікпен жете сезіне алмай жүргендейміз. Өкінішті-ақ.

66-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, публицистикалық стильге төн тілдік белгілерді көрсетіңіз. Жағымды мағынадағы бағалауыш сөздерді теріп жазыңыз.

■ М.Ғабдуллиннің қаһармандығы мен ғалымдығы туралы ой толғап, қағаз бетіне түсіріп көріңіз.

● Мәтінде кездесетін термин сөздерді теріп жазыңыз. Олардың қандай салада қолданылатынына назар аударыңыз.

Тау алыстаған сайын айқын көрінеді

Бір халықтың мақтанышына айналған азаматтың өр тұлғасынан үлгі-өнеге алар асыл қасиеттер көбірек табылған сайын сол елдің мерейі өсе беретінін тарих талай рет дәлелдеді. Ердің күні елмен болса, елдің рухы — ерден.

Ел бағына туғандардың ішінде Мәлік Ғабдуллиннің жұлдызы ерекше. Өйткені ол қаһармандықты биік санамен, сабырлы мінезбен, қарапайым даналықпен, парасатты өнерпаздықпен жасаған азамат.

“Мен мақтануды жек көретін, жақтырмайтын адаммын. Бірақ мына бір жайды саған сыр етіп айтайын. Мен майданда немістермен қолма-қол соғыстым. Қөптеген фашисті атып өлтірдім. Жаудың он шақты танкісін гранаталармен қираттым. Бұл айтқандар мақтануым емес, шындығым. Ал енді осыларды істеген кім деп сұралық. Оны істеген Ғабдуллин деген қазақ баласы, қазақ деген ұлттың ұлы дейді жұрт. Олай болса, ондай ұл өзінің ұлтын мақтан етіп, “қазақпын” деп айтуға pravосы бар ма? Өрине, бар. Батыр атағына ие болған мен емеспін. Ол — қазақ халқына берілген атақ” деуінде қаншалықты ғибратты қарапайымдылық жатыр.

Сондықтан да болар, орыс жазушысы Борис Полевой 1943 жылы “Правда” газетінде шыққан мақаласында

гвардия майоры Мәлік Ғабдуллинге Совет Одағының Батыры деген атақ берілді. Генерал келіп оның кеудесіне Алтын Жұлдызды қадаудан бұрын-ақ “Мәлік өз дивизиясының ерекше сүйетін геройы, ақындар өлең шығарып, жырларына қосып жатқан қазақ халқының батыры болатын” деуінде үлкен мән де, сыр да бар.

Ұлы Жамбылдың: “Батырым — Мәлік беренім, жүйрігім, озған өренім. Халқы сүйген қалаулым, жырымды саған төгемін”, — деп ағыл-тегіл сөз маржанын түйдектеуі елдіктің, ерліктің белгісі ғана емес, қазақ сөз өнерінің өлі талай жаңа эпостарды тудыратындығының кепілі еді.

Автоматшылар ротасына өзі таңдап алып, тәрбиелеген Төлеген Тоқтаров екеуіне бір күні Батыр атағы берілуінің де өзіндік ерекшелігі бар. Төлеген шын жүректілікті, Мәлік биік сананың күшімен, ақыл-біліммен шайқасу үлгісін көрсетті. Мәлік ерлігі — қаламды автоматқа айналдырған интеллектуалдың батырлығы болатын.

Қаһармандықты көрсету үшін әдемі сөз іздеп әлектенген авторды сезбейміз, өмірдің өзі сияқты қоңырқай сөздермен-ақ көрініс жасап, даңқты батыр Төлеген Тоқтаровтың бар шындығын көзімізге елестеткен.

Мәлік қаламы ойлы оралымдарға бейім екендігін мақал-мәтелдерге бергісіз сөз өрнектерінен де көреміз. “Таныс істің таңсықтығы жоқ. Адамды үрей билеп кетсе, үрпите береді. Жаураған адам — жаралымен тең. Жүрекке — жолдың алыстығы жоқ, бәрі де жақын” сияқты мөлдіреген сөз тіркестері өте жиі кездесуі Мәліктің жазушылық талантын танытады.

Сонымен, Мәлік Ғабдуллиннің ғибратты ғұмырбаянын қысқаша түйіндесек, қазақ елінің тарихында саналы батырлығымен, парасатты ғалымдығымен, қарымды қаламгерлігімен ізі қалған ардагерімізді әрқашан халық жүрегінде сақтап, мөлдір махаббатқа бөлей берейік дегім келеді.

(Т. Кәкішев. “Егемен Қазақстан” газетінен.)

§14. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

Көркем әдебиет стилінде айтылатын ой мен сезім образ арқылы беріледі. Жазушы, сөйлеуші оқырманға ойын жай баяндай салмай, әсерлі, көркем көріністер, бейнелер арқылы әсер етеді. Сондықтан оқырман мен тыңдаушының ой-сезімін баурап алады. Көркем әдебиет тілі экспрессивті-эмоциональды болады.

Қолданылатын орны: көркем шығармаларда жазбаша түрі; көпшілік алдында, сахнада айтылатын өңгіме, аңыз, т.б. жанрларда ауызша түрі қолданылады.

Қарым-қатынас мақсаты: шындықты, ақиқат өмірдегі зат, құбылыстарды бейнелеу арқылы оқырман сезіміне әсер ету.

Стильдік сипаты: сөз деректі, образды мәнде қолданылады. Эмоциональды, экспрессивті болады.

Тілдік амал-тәсілдері: сөздерді әр түрлі ауыспалы мағынада қолдану жиі ұшырасады.

1) *Бақтыяұлға алғашқы күндерден бастап-ақ суық хабарлар жетіп жатты.*

2) *Лайығы осы болды деп, екеуі шешсе, мен шырық бұзам ба? (М. Әуезов.)*

Көркем әдеби стильде бейнелеуіш, суреттеме, көркемдегіш құралдар (тенеу, метафора, метонимия, эпитет, антитеза) еркін пайдаланылады:

Батпақтының айы мұндай арсыз болар ма! ... Аспанға шығып алады да, ыржаңдайды да тұрады (Ғ. Мүсірепов).

Көркем әдеби тілде терминдер, кәсіптік сөздер, көне және тарихаят, диалект сөздер де қолданыла береді. Бұлар кейіпкердің ерекшеліктерін, ортасын, білімін, мінезін, т.б. жайын аңғартып тұрады.

Көркем әдебиет стилінде бейдерек атауларға қарағанда деректі сөздердің жұмсалу аясы кең болады. Мысалы: *өсімдік* деудің орнына *бетеге, жусан; ағаш* деудің орнына *қайың, терек, үйеңкі*, т.б. деп даралап, нақтылап көрсетеді. Мысалы:

Кішкене өзен бойын өрлей біткен күрке-күрке құба талдар да тып-тыныш, тобылғы мен баялыш жамылған күйінде, бүгін ғана пайда болғандай қызықтырады (кітаптан).

Көркем шығарманың бір ерекшелігі — көп жанрлы болып келеді. Проза, драма, поэзия және т.б. жанрдың өзіне тән тіл ерекшелігі бар. Олар халық тілі байлығын жанрлық ерекшелігіне байланысты еркін қолданады. Шылаулар, қыстырма, одағай, қаратпа сөздердің экспрессивті-эмоциональды мақсатта өз орнымен жұмсалуды көркем тіл кейіпінің морфологиялық ерекшелігін көрсетеді. Мысалы:

Лпырай, бұл кісі болса, білімді адам. Біз де бір жұрттың сөз ұғарлық басы бар жастарымыз дейміз. Адамды адамға жанастыратын тіл-ау (М. Әуезов).

Шығарма жанрына сәйкес әр ақын-жазушының тіл ерекшелігі мен стильдік өзгешеліктері де болады. Өнердің

қай саласында болсын шынайы суреткер өзіндік өрнегімен, нақышымен көрінеді.

Өр жазушының өзіне тән суреттеу стилі, сөз саптау мәнері бар. Өрқайсысы өзінің өмір танымына, шығармасының идеялық мазмұнына сай өзінше “сөйлейді”, өзінше толғайды, өзінше нақыштайды.

Суреттеу көркемдеудің тілдік амал-тәсілдеріне қарай, оқырман сөз шеберлерінің суреткерлік даралығын танып біледі.

Ал ресми стильде, публицистикалық стильдерде, көркем публицистика жанрын еске алмағанда, мұндай даралық болмайды.

67-тапсырма. ▲ Мәтіннің қандай стильде жазылғанын анықтап, тіліне стильдік талдау жасаңыз.

● Ауыспалы мағынада қолданылған сөздердің астын сызыңыз.

● “Мен туған жер”, “Бақытты — балалық”, “Тырна дауысы”, “Өкініш”, тақырыптарының біріне шағын шығарма жазып, стильдік сипатына, тілдік амал-тәсіліне талдау жасаңыз.

Бейтаныс ауыл

Еркебұлан ойланып қараса, өткен өмірдегі барлық дарынды жандарымыздың тағдыры осы айналаға соға береді екен.

Осындай өрісі бір ойлардың бірінен соң біріне көшіп келе жатқанда таң атты. Тамырлары көлдің жағасына ұйлыға қонған ауыл көрінді. Кірпіштеп кесіп, шошайтып үйген қи-шөмеле сияқты қоңырқай ауыл.

(F. Мүсірепов.)

68-тапсырма. ■ Мәтіндерді оқып, стильдік сипатына, тілдік амал-тәсіліне талдау жасаңыз.

Ауыл түні

Қазіргі жарық түннің тыныштығының ортасына Кеңезек ұйқыға кеткен сұлудай болымсыз дымқыл тұманмен бусанып, тыныс алған сияқты. Өзек бойына шашырап қонған ақшұбар ауылдар әр жерде, тарғақтың, үйрек-қаздың ұядағы жұмыртқасындай болып, өзінше бір жарастықпен дөңгеленіп, үймелей отыр еді. Ауылдардың көпшілігі жатқан. Түндіктері жабылған ақ үйлер ай сәулесі түсіп маңқиып, қара үйлер тұнжырай қарауытып, түн тыныштығына

бойсұнып қалғығандай. Қотандағы мал тегіс жатқан — тегіс қалғыған ұйқыда. Өзек бойында бір-біріне сүйеу болғандай болып, анда-санда даланы жаңғыртып айқайлаған күзетшілердің айтағы естіледі. Өр жерде бірен-саран иттер үреді. Күзетші сарылған дауыспен дағдылы айғайын созып зорайтып айтады. Ұйқы түніндегі күзетші айқайы тұманды түс көргендей болып қалғыған Кеңөзекті әлдилеп тербеткендей еді.

(М. Әуезов.)

Құрметті Насыр інім!

Соңғы хатыңызды алдым. “Өмір мектебінің” балалар вариантын жасауға кірістім, осы айдың аяғына дейін болып қалам ба деймін.

Жазу жұмысын білесіз. Өр шығарма — туған балаңыз сияқты, өз баласының кісіге міні жоқ сияқтанбай ма? “Өмір мектебі” де солай көрініп, бөрі әдемі сияқтанған денесін қайтадан жасау оңай боп жатқан жоқ, дегенмен әрбір мүшесін кескенде, жаным ауырған сияқтанғанымен, шамамша көзді жұмып, батыл қимылдап жатырмын. Менің он екі жасар бір қызым өзіме ұқсайтын еді, сондай ғып шығарам ба деп тырысудамын.

Қазақшадан аударғаныңыз жақсы болады ғой деймін, өйткені басқа тілге аударылғаннан алса, түпнұсқаның біраз бояуы түсіп қалады ғой.

Маған Сіз жолдастық көп қызмет атқарып кеттіңіз, борыштымын, рақмет! Алдағы күз өзбек ағайынды біраз араласам ба деп ойлаймын. Оны дәм біледі. Биыл реті келмесе, алдағы жылдың көктемінде... Бұхара, Самарқан жақтарын көргім келеді...

Жолдастарға, әсіресе Муса-Һакама, Кяфр (Ғафур) — һакама, түгел сәлем.

Қолжазба жіберерде тағы хат жазармын.

Сәлеммен Сәбит ағаң.

69-тапсырма. ▲ Мына мәтіндердің тілдік стилінде ұқсастық және айырмашылық бар ма? Талдау жасаңыз.

● Екі құрмалас сөйлем алып, толық синтаксистік талдау жасаңыз.

Мен, Асанқұл Әлия, 1978 жылы 7 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келдім. Отбасында төрт адам бар. Өкем, шешем, ағам және мен.

Өкем Садықұл Асанқұл — заңгер. Алматы қалалық

сотының мүшесі. Шешем Асқарқызы Ғалия — дәрігер, №1 емханада көз дәрігері болып істейді. Ағам Өсет — ҚазҰУ-дың тарих факультетінің 4-курс студенті.

Мен 1985 жылы №54 мектеп-гимназиясының 1-сыныбына қабылдандым. Мектепті жақсы деген бағамен 1996 жылы бітірдім. Сол жылы Қазақ Мемлекеттік заң институтының мемлекеттік қызмет және халықаралық құқық қорғау факультетіне түстім. Қазір екінші курс студентімін.

(“Іс қағаздарын жүргізу” кітабынан.)

Ұстаздық еңбек

Мен бала кезімде көркем әдебиеттерді көп оқитынмын. Соның әсері ме тым арманшыл әрі қиялшыл едім. Өлең жазбасам да, өлең оқуды жақсы көретінмін. Сөйте тұра математика, физика пәніне ерекше көңіл бөлдім. Математика пәнінің мұғалімі Алматый Қаймолдина: “Күләш, түбі сен математик не физик боласың” — деуші еді. Айтқаны келді. Алдын ала қалай дәл болжағанына әлі күнге таң қаламын. Ұстаз шәкіртке сыншы деген осы емес пе?! — деп, Сартерек негізгі тоғыз жылдық мектептің физика-математика пәнінің мұғалімі Күләш Нұрмұхаметқызы Төлеутаева бізбен өңгімесін осылай бастады.

Орыс жазушысы Н.А.Островский: “Өмір әрбір адамға ғаламат зор, баға жетпес сый, күш-жігерге толы жастықты, арманға толы жастық дәуренді береді”, — дейді. Сол айтқандай, мен де жастық шағымда оқыдым, білім алдым, арман сапарына аттандым. Жолым болды. 1977 жылы Абай атындағы педагогика университетінің физика-математика бөлімін бітіріп шықтым. Содан бері үздіксіз ұстаздық етіп келемін. Бірнеше жыл бастауыш сыныпқа сабақ бердім. Қазір жоғары сыныптарға сабақ беремін “Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға”, — деп Абай атамыз айтқандай, еткен еңбегім әр жылдарда лайықты бағаланып, абырой-атақтан құр алақан тастамай келеді.

Бес баланың анасымын. Ұлым әскер қатарында болса, Назым деген қызым Шәкәрім атындағы Семей университетінде студент. Алуа мектепті биыл бітіреді. “Талпынған бала — талпынған құстай, құмары қанбас аспанға ұшпай” деп қазақ қалай дәл тауып айтқан, — деді ұстаз сөзін аяқтай келе.

Жиырма жылдан астам ұстаздық еңбекті серік етіп, еліне сыйлы бола білген К.Төлеутаева — бүгінде екі-үш немере сүйіп, бақыттың гүлзар бағында абыройы артып отырған ардақты ана. Ол — шын мәніндегі нағыз бақытты жан.

70-тапсырма. ■ Мәтінді көшіріп жазып, көркем әдеби тілге тән тілдік белгілерге талдау жасаңыз. Көркем әдеби тіл стиліне тән қандай тілдік белгілерді байқауға болады?

Ертеңіне түске тармаса Ұлпаньмен Есеней, Есенейімен Ұлпан келді... Екі үйлі “түрікпен” қыстауының айналасы кұлшырып тұр екен. Қардың суымен тез өсіп шашақтана бастапты. Одан өрі, жарқырап жатқан көлге дейін, қара топырақты жерге шығатын мың түрлі асыл шөптер гүл атып, қызылды-жасылды шұбартып жатыр. Қыр жоньш-қасының сарғыш, жасыл көк гүлдері де қою көрінеді. Өр жерге топталып өскен тікендер алтындай жарқыраған сары гүлдерін төгіп тұр. Ауылдың азғана малы көк жазыққа тұяғын да тигізбеген сияқты. Балғын көктем бар ажары мен мырзалығын төге салған қалпында тұр. Қыстаудың өзі де шоқ ағаштың қойнауына салынған екен. Жазғытұрғы самал жел ақырын-ақырын ескектеп, көк дүниені тербетіп қояды. Қазақ мұндай жерді көргенде, аунап-аунап алғысы келеді.

Ұлпан пәуескеден түсе сала, көзін жұмып, мұрнын дала иісіне тосып бір-екі кеудесін кере дем алды.

(Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”.)

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Ауызекі сөйлеу тілі, оның қолданылатын орны, мақсаты, тілдік сипаты туралы тақырып бойынша талдау жасаңыз.
2. Жазба тіл деп қандай тілді айтамыз, оның ауызекі сөйлеу тілінен өзіндік ерекшелігі туралы айтыңыз.
3. Жазба тіл қандай стильдік тармақтарға жіктеледі?
4. Ресми іс қағаздар стилі, оның қолданылу аясы, сөйлеу мақсаты, тілдік құралдары, стильдік сипаты туралы түсінік беріңіз.
5. Ғылыми стиль, оның қолданылу орны, мақсаты, стильдік сипаты, тілдік құралдары туралы айтыңыз.
6. Кітаптағы салыстырмалы талдауға берілген жаттығуларды мысалға алып, ресми стиль мен ғылыми стильдің өзіндік ерекшелігіне талдау түрінде түсінік беріңіз.
7. Публицистикалық стиль, оның өзіне тән сипаты туралы айтыңыз.
8. Кітаптағы жаттығуларды мысалға алып, ресми тіл стилі мен публицистикалық стильдің тілдік байланысы туралы салыстырмалы түсінік беріңіз.

9. Көркем әдеби тіл, оның қолданылатын орны, мақсаты, стильдік сипаты туралы айтыңыз.
10. Көркем әдеби тілдің тілдік амал-тәсілдері жайлы ресми стильмен салыстырмалы талдау жасаңыз.
11. Шығарманың жанрына сәйкес ақын-жазушылардың тіл ерекшелігі мен стильдік өзгешелігі дегенге мысалдар арқылы түсінік берініз.

§15 КІТАБИ ТІЛДІҢ ЖАЗБАША ЖӘНЕ АУЫЗША НОРМАЛАРЫ

Орфографиялық норма. Орфография (грек. *orfhos* — дұрыс, *grapho* — жазамын) — сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже. Орфография дыбыстарды (фонемаларды) қандай әріппен беруді, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін белгілейді. Кейде орфография кең түрде емле мағынасында қолданылып, тыныс белгілерінің қойылу тәртібін де көрсетеді. Сөздердегі дыбыстарды әріппен беруде қазақ орфографиясы, негізінен, фонемалық қағидат бойынша дыбыстық қоршауға неғұрлым тәуелсіз дыбысты белгілейді. *Басшы* дегендегі [с] көршілес [ш]-ның ықпалына ұшырап, [ш] түрінде дыбысталады. Бірақ дыбыстық “қоршауға” тәуелді болғандықтан, бұл құбылыс ескерілмей *басшы* түрінде жазылуы орфографиялық норма деп танылады. Сондай-ақ *сауда* сөзіндегі бірінші буындағы [а] жіңішке қосымша жалғанғанда [ә], ал екінші буындағы [а] дыбысы [е] түрінде дыбысталады [сәудегер]. Дыбыстық қоршауға тәуелді болғандықтан, мұндай құбылыстың да жазуда ескерілмеуі орфографиялық нормаға жатады.

Фонетикалық қағидат бойынша сөз естілуі бойынша жазылып, фонеманың дыбыстық қоршауға тәуелді түрленімдері таңбаланады. Қазіргі орфографиялық ереже бойынша кейбір жалқы есімдердің сыңарлары фонетикалық қағидатпен жазылады (*Ботагөз, Амангелді*, т.б.).

Тарихи-дәстүрлік қағидат бойынша сөздің жазылуы тілдің қазіргі күйіне сәйкес келмейді де, сөз үйреншікті болып кеткен дағды бойынша жазылады. Әдетте, тарихи-дәстүрлік қағидат жазу-сызуы бір графика негізінде қалыптасып, өзгермей келе жатқан тілдерге тән (мысалы, ағылшын, француз, т.б.). Әліпби жиі ауысып отырғандықтан, бұл қағидат сирек қолданылады. Мыс., *тарих, халық, хикая, қаһарман*, т.б. сөздердің жазылуы тарихи-дәстүрлік қағидатқа негізделген.

А й ы р ы м қ а ғ и д а т ы бойынша дыбыстық құрылымы ұқсас сөздер шартты түрде орфография арқылы ажыратылады: *қан— хан, қауыл— қауіп, өкімет— үкімет.*

Сөздердің бөлек, бірге, дефис арқылы жазылуы әр түрлі лексика-грамматикалық топтарды қамтиды да, сөзді, сөз тіркесін, күрделі сөздерді бір-бірінен ажыратып тұрады: *аққайың* (“шөп”, сөз) — *аққайың* (сөз тіркесі), *қолтаңба* (сөз) — *қол /дың/ таңбасы* (сөз тіркесі), *ақтаңдақ* (сөз) — *ақтаңдақ жер* (сөз тіркесі); сондай-ақ сөздердің дефис арқылы тұлғалануы олардың дыбыстық, лексика-грамматикалық қасиетіне байланысты ерекшеліктерін байқатып тұрады: *бала-шаға, ертелі-кеш, көре-көре, жап-жақсы, қызық-ақ*, т.б. Сөздердің бас әріппен жазылуы, негізінен, жалқы есімдерді қамтиды, сондай-ақ сөйлемді келесі сөйлемнен ажырататын белгілердің бірі ретінде бірінші тұрған сөз бас әріппен таңбаланады.

Сөздерді тасымалдау ережесі қазақ орфографиясында сөздің буын жүйесіне негізделген.

Орфоэпиялық норма. Орфоэпия (грек. orthoepia, orthos — дұрыс, epos — сөз) — ауызша сөздің бірізді дыбысталуын қамтамасыз ететін ұлттық тіл нормасының жиынтығы. Әдетте, сөздің бірізді дыбысталуы ауызба-ауыз тілдесуді жеңілдетуге ықпалын тигізеді. Орфоэпия деген ұғым тілдің фонетикалық жүйесіндегі фонемалардың, сөздер мен грамматикалық тұлғалардың, сондай-ақ сөз үндестігі, сөз үйлестігі, сөз екпіні, интонациялық құрылымдар, т.б. дыбысталуын қамтиды.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесінде әсіресе дыбыс үндестігі ерекше орын алады. Кейбір зерттеулерде сөздің бірыңғай жуан немесе жіңішке, бірыңғай езулік немесе бірыңғай еріндік болып айтылуының мәні ерекше. Сондықтан дыбыс үндестігі қазақ тілі орфоэпиялық негізгі нормаларының бірі болып табылады.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі дауыссыздардың бір-бірімен үйлесімді (ассимиляция) айтылуының: [башшы] басшы, [біссіз] біссіз, [түнгү] түнгі, т.б. орфоэпиялық норма үшін ерекше мәні бар.

Орфоэпия ұлттық тілдің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысты. Мыс.. [ш]-мен сөйлеу: [шаш] — [чаш] емес, [үш] — [үч] емес, [ж]-мен сөйлеу: [жарқын] — [джарқын] емес, [жақсы] — [джақсы] емес, т.б. Сондай-ақ

жалпыхалықтық тілде кездесетін “л” — “д” дыбыстық нұсқаларының маңдай (маңлай диал.) жылқылар (жылқыдар диал.) болып айтылуы ұлттық әдеби тіл нормаларының қалыптасуымен байланысты.

Қоғамдық өмірде шаршы сөз (публичная речь) түрлерінің (театр, кино, радио-телевизия хабарлары, т.б.) пайда болып, өлеуметтік мәнінің артуы орфоэпиялық нормалардың орнығып, ұлттық сипатқа ие болуын жеделдете түсті. Алайда қатаң дыбыстарды “сындырып”, “ұяндатып” айту нормасы [қолғойдү] — [қолқойды] емес, [кәсібодақ] — [кәсіподақ] емес, соңғы жылдарда өсіресе радиотелехабарларда әріп қуалап, сөзді қалай жазылса, солай оқу дағдысымен байланысты бұзылып, “қатқылдата” дыбыстау жиі ұшырай бастады. Бұл жай орфоэпия тұрғысынан қазақ сөзінің өуезділігіне нұқсан келтіретін жағымсыз құбылыс, нормадан жәнсіз ауытқу деп табылады.

71-тапсырма. ▲ Төмендегі сөздерге мағынасына қарай -қа, -ке, -ға, -ге; -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -сы, -сі, -ы, -і қосымшаларын жалғап жазыңыз. Емлесін түсіндіріңіз.

абстракт	бауыр	мүлік	модель
азбан	ауыл	тәж	металл
акт	жауыр	король	металлоид
факт	бұлт	картоп	колледж
дауыс	цирк	сейсмоскоп	коттедж

72-тапсырма. ▲ Емле ережелерді пайдалана отырып, төмендегі сөздердің неге бөлек жазылатынын түсіндіріңіз.

құбыла жақ	көп боз	он сегіз
құба тал	ақ боз	жиырма бес
құла ат	қара ала	ауа райы
құла дала	қара торы	құлақты жарғанат
құба төбел	қызғылт сары	кума толқын
құла дүз	қара қоңыр	кума жел
құла қасқа	он бес	қутұмсық қаз

73-тапсырма. ▲ Емле ережелерін пайдалана отырып, төмендегі сөздердің неге бірге жазылатынын түсіндіріңіз.

өнержай	түйежапырақ
мұражай	мыңтамыр (өсімдік)
ілеспехат	мысыққұйрық (өсімдік)

отбасы
 өнеркәсіп
 өнертану
 абайтану
 қоғамтану
 намазшам
 ақшам
 меймандос
 көкшағыр (өсімдік)
 көкшегір (құс)
 түйеқұс

мүйізтұмсық (зоол.)
 мұзойнақ
 мұзжарғыш (кеме)
 микроаудан
 ауданаралық
 мекемеаралық
 қалааралық
 мектепаралық
 өнертабыс
 өнертапқыш
 елбасы

74-тапсырма. ▲ Мына сөздердің неге бас өріппен жазылатынын түсіндіріңіз. Жер-су аттарын бір бөлек, кісі есімдерін бір бөлек жазыңыз.

Қу-Арасан минералды бұлақтары, Мырза Мұхамед Қайдар Дулати, Кенже Қала Бағыс, Үйсін Төле би, Сұлтан Ахмет шах, Кіші Борсық құмы, Кіші Қаратау жотасы, Уәйіс ата, Қобда өзені, Қарқаралы тауы, Өйтеке би, Балқаш-Алакөл ойысы. Бетпақдала шөлі, Едіге тоғайы, Бадам-Сайрам су қоймасы, Бестабаң шыңы, Кенді Алтай, Кіші Қаратал, Кіші Азия, Қос Шалқар, Піл сүйегі жағасы, Дондағы Ростов, Сауд Арабиясы, Арғын Алшағыр би, Ақсақ Темір, Шойынқұлақ, Айша бибі, Өнет баба, Қаздауысты Қазыбек, Қаракерей Қабанбай, Сұлтан Бейбарыс.

75-тапсырма. ▲ Төмендегі сөздерді айтылу нормасы бойынша жазыңыз.

түнгі [түнгү]
 қоспы
 жұмысшы
 бөрене
 түйе
 көлге
 онға
 тонға
 тоны
 бозпа
 боз құнан

ақ білек
 ақ жүрек
 ақ боз
 ақ көңіл
 ақ жаулық
 кешке кел
 ақ иық
 шекара
 Ботакөз
 келе қалды
 алып ал
 алып бар

күш-жігер
 Қыз Жібек
 боз жорға
 жүрек оты
 сары ала
 қара ала
 қалааралық
 Сарыөзек
 Сарыарқа
 ешкіемер
 ақ лақ
 қара үйрек

IV. ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ

§16. ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА

Тілдік норма дегеніміз — тілдік таңбалардың (сөз, қосымша, сөйлем), тілдік амал-тәсілдердің қолданыстағы бірізділігі мен реттілігі, белгілі бір тілдік ұжымның дұрыс деп таныған жүйесі.

Әдеби тілдің заңдастырылған нормасы — сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. Тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы туралы білім саласы ретінде пайда болғаны мәлім. Тілдік норма — әдеби тіл туралы ұғымның ең бір өзекті элементі. Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормасын сақтау дегенге саяды. Тілдік норма, алдымен, тілдік жүйемен (системамен) салыстырыла қарастырылды. *Мен оқыдым, сен жаздың, ол үйге барды* тәрізді құрылымдардың жақтық мағыналарын өзгеше қиыстырып айтуға болмайды. Затты тәуелдеп айтып көріңіз: *менің кітабым, сенің кітабың, оның кітабы*. Қазақ тілінде сөйлеушілердің бәріне ортақ септеудің де жүйесі бар. Міне, осыған қарағанда, тілдік жүйе мен тілдік норма тепе-тең құбылыс тәрізді көрінеді. Бұл тілдік жүйе мен тілдік норманың бірлігін көрсетеді. Сондықтан тілдік норманың арқауы тілдік жүйе болып табылады. Бірақ тілдік жүйе мен тілдік норма тепе-тең құбылыс емес.

Тіл — жүйелі құбылыс. Қазақ тілінің сөз жасау жүйесінде *-ла, -ле, (-да, -де, -та, -те)* сияқты аса құнарлы қосымшалар есім сөзден етістік тудырады: *аяқ-та, бас-та, көз-де, су-ла, ау-ла, шөл-де*, т.б. Сөз тудырудың дәл осы жүйесі бойынша *-да, -де* зат есімге жалғануға тиіс. Бұл жүйе бойынша кез келген зат есімге *-ла, -ле (-да, -де...)* қосымшасын жалғауға болатын сияқты. Бірақ жүйе бойынша *баула*,

жүкте, сыйла деп айтқанымызбен, *кірпикте, соғымда, кітапта* деп айтуға болмайтыны белгілі. Неге? Себебі бұлай деу жүйеге (системаға) қайшы болмағанмен, дағдыда жоқ. Міне, осыған байланысты белгілі бір тіл қолданысты норма деп тану үшін оның тілдік жүйеде болуы немесе норманың тілдік жүйемен жарыспалы болуы жеткіліксіз. Бұған қоса ондай қолданыс тілдік дағдыда болуы, сондай-ақ дәстүрге айналуы қажет.

76-тапсырма. ■ Мына сөздердің қайсысы заңдастырылған тілдік нормаға сай келеді? Өрқайсысына сөйлем құрап, салыстыра талдау жасаңыз.

1. Менді — менді; жылқыдар — жылқылар
2. Жұмыршағым ауырды — асқазаным ауырды
3. Мата — кездеме
4. Шыны — шөлмек — шипа — бөтелке
5. Сосын — содан кейін
6. Құман — құмған
7. Жиырманшы — жиырмасыншы
8. Төртеу — төртеусі
9. Көбі — көбісі
10. Бәрі — бәрісі
11. Сен бардың — сен барғын

77-тапсырма. ■ Мына шумақтағы сөздік қолданыста “заңдастырылған” тілдік нормаға сәйкес емес қандай қолданыс бар?

Ой-қырымда елімнің аты қандай,
Өр атауда талай сын жатырғандай.
Жай көл емес киелі мынау айдын
Жазираға жарасқан жарқын маңдай.

78-тапсырма. ● Мына тұрақты тіркестердің бірін тақырып етіп алып, үлгідегідей мағынасына түсініктеме беріңіз.

Үлгі.

Жүрек жалғау

1. Индира сабақтан келгенде, анасы тамақ дайындап жатыр екен.

— Кішкенедең кейін тамақ та піседі. Ас піскенше, жүрегінді жалғай тұрсайшы, қарның ашты ғой. Бауырсақ же! — деді.

Өбден қарны ашқан адамның сәл-пәл тамақ ішуін жүрек жалғау дейді.

- 2. Піскенше — пысқанша
- Тұрсайшы — тұрсаңшы
- Қарны — құрсағы
- Тамақ — ас, ауқат

1. Жүрек жалғау. 2. Аттың жалында, атанның қомында. 3. Жауырды жаба тоқу. 4. Сойылын соғу. 5. Төбе шапы тік тұрды. 6. Бүйректен сирақ шығару. 7. Ат жалын тартып міну.

79-тапсырма. ● Үлгі бойынша берілген сөздерге омонимдік талдау жасаңыз.

▲ Сөздердің әдеби тілдік нормаға төн белгілерін айтыңыз.

Ү л г і .

Қал I. етістік. Ешқайда кетпей, бұрынғы орнында, сол жерде қалу. *Қал дегенде қаласың, айтқан тілді аласың* (“Қыз Жібек” жырынан).

Қал II. зат есім. Теріде болатын әр түрлі дақ. *Қара қалы бар әдемі келіншек елестеді (Д. Исабеков)*.

- 1. Қал I —
- 2. Қаңтар I —
- 3. Желін I —
- 4. Жел I —
- 5. Жаттық I —
- 6. Бытыра I —
- 7. Біз I —

80-тапсырма. ■ Ауызекі сөйлеу тіліне төн фразеологизмдерді тауып, оған тілдік жүйе, тілдік норма ұғымымен байланыстырып мағыналық түсінік беріңіз.

● Қарамен жазылған сөздерге орфоэпиялық талдау жасаңыз.

1. Әй, Ырғызбай, мынау елді көрдің ғой... өліспей беріспейді. Мен солай ет дедім. Тек соқтығып көр, арындаған Ырғызбай, артың ашылады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шақпақ таңба соқтырып қайтасың. Солай етуді мен бұйырамын, мынау айыпсыз жылаулар болған жұртыма... Тек қазір кейін қайтпа, үш кісі жіберіп сөзге кел.

2. Мысы құрыған Жиренше де жақындап кетті. Ит көрген текедей боп, иегі мен сақалын омырауына тыға түседі. Екі көзін ежірейте қарап тыңдап қапты.

3. Біз қу жанды шүберекке түйіп кеп тұрмыз, білдің бе?
Сен де шараңнан аса берме!

(М. Әуезов.)

§17. ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ДАҒДЫ

Кей сөздерді тілдік жүйе бойынша *тізгінде*, *шылбырла*, *арқанда*, *бұзаула*, *ботала* деп қолданып жатамыз. Бірақ осындай сөздерді тілдік жүйеге сай қолданғанымызбен, сөз жұмсауымызда ара-тұра нормадан ауытқу кездесіп те қалады. Оның негізгі себебі ондай қолданыстың дәстүрде бар не жоғын елеп-ескермеуден туып жатады. Мысалы, *ат тұсады* дегенді *ат тұсаулады*, *қой қоздады* дегенді *қой қозылады* деу — тілдік жүйеге кереғар болмағанмен, бірақ дағдыға айналып, дәстүрге енген қолданыс емес. Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе мен тілдік дағды қайшы келіп те жатады. *Қозыла* деп қолдану — тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екендігін байқау қиын емес. *Ат ертте дегендегі ерттені ерле* деп қолдану да соған ұқсас: “*Көкем атты ерледі, ерлеп жүріп терледі*” (“*Манашы ұлы Тұяқбай*”).

Абдырап, басын қосып жиылғанша,
Бір жерге уағдасы құйылғанша,
Ат ерлеп, түйе қомдап, жігіт жинап,
Үйлері аруанаға буылғанша (Нұрхан Ахметбеков).

Тілдік жүйе бойынша, дұрысында, *ерле* болуға тиіс (салыстырыңыз: *шідер-ле*, *жыр-ла*, *қыр-ла*, *тұр-ле* (“текеметке тұр басу”, т.б.). Кей жағдайда тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікте болса, кейде өзара қайшылықта болып, күреске түседі. Мұндайда бірде жүйе басым болып, дағды ығысады да, қайшылық шешіледі, қарама-қарсылық бірлікке айналады. Кейде тілдік жүйеден тілдік дағды басым түсіп, дағды орныға түседі де, нормаға айналады. Тілдік жүйе бойынша *ерле* болуға тиіс сөздің *ертте* болуы жүйеге қарағанда дағдының басым түсуінен деп түсіну керек.

Жүйе бойынша реттік сан есімдерге қосымша *-ыншы*, *-інші* (*-ншы*, *-нші*) түрінде жалғанады: *бірінші*, *екінші*, *үшінші*, *төртінші*... Олай болса, *жиырмасыншы* (*шілде*) емес, *жиырманшы* (*шілде*) болуға тиіс қой? Ескіше уақыт есептеуде сан есімдер тәуелділік тұлғада қолданылған: *қараша жұлдызының бесі*, *қазан жұлдызының он алтысы*, т.б.

Кейіннен күнді реттік сан есіммен (*сегізінші маусым, бірінші шілде, жиырма алтыншы қазан*, т.б.) айту нормаға айналды. *Жиырманшы* деп жүйе бойынша айтпай, *жиырмасыншы* деп қолданудан да тілдік жүйеден тілдік дағдының басым түсіп жатқандығын байқаймыз.

Дағды үнемі тілдік жүйеден басым түсе бермейді. Тілдің даму барысында кейде екі түрлі (не одан да көп) жүйе қатарласа қолданыла келіп, оның ішінде тілдің даму үрдісіне сәйкес келген біреуі жалпыхалықтық сипат алып, тілдік норма ретінде танылады да, өзгесі тіл майданынан ығыстырыла бастайды. Тіл қолданысынан ығысқан жүйенің кейбір көріністері нормаға айналған жүйемен қатар дағды бойынша қолданылып та отыруы ықтимал. Бірақ оларды белгілі бір мақсатсыз жұмсау — әдеби тіл нормасын бұзу.

Қазақ тілінде сөздерге тәуелдік жалғауының жалғануын еске түсірсек, дауыстылардан соң бұл қосымша *-сы, -сі* (баласы, күлкі-сі, дала-сы, т.б.), ал дауыссыздардан кейін *-ы-і* (*рүйі, қыс-ы, жаз-ы, тау-ы*, т.б.) түрінде келуі — бұлжымас жүйе. Осындай жалпыға ортақ жүйені ескермей, біреуі, екеуі, үшеуі, төртеуі, көбі, уақыты, бәрі дегендерді біреу-і-сі — біреусі, екеу-і-сі—екеусі, үшеу-і-сі— үшеусі, төртеу-і-сі— төртеусі, көбі-сі, уақыт-ы-сы— уақтысы, бәрі-сі деп қолданушылық бар.

Бұл жерде мұндай жөнсіз қабаттастырудан сырттай осыған ұқсас құбылыстың парқын айыра білу абзал. *Отағасы, қолбасы, елубасы* тәрізді бірер сөздерде тәуелдік жалғауы айтыла келіп, сол сөздің құрамына сіңіп кеткен. Ондай сөздердегі тәуелділік жалғауы (*отаға-сы*) меншіктілік мағынаны білдірмейтіндіктен және бір тәуелділік көрсеткіші үстемелене жалғанады: *отағасысы, қолбасысы, елубасысы*, т.б. Бұл айтылғандар объективті нормаға тән қасиет.

81-тапсырма. ● Мәтінде айтылған пікірдің тілдік норма, халықтық тіл қолданыстағы тілдік жүйе, дағды дегенмен қандай байланысы бар екеніне түсінік беріңіз.

■ Мәтінде әдеби тілге қандай түсінік берген?

Әдеби тіл дегеннің өзі қалыптасқан белгілі нормалары бар, стильдік тұрғыдан жоньлып қырналған сөздері, дыбыстық жүйесі, сөйлеу мәнері сол әдеби тілдің барша өкілдері үшін ортақ өрі түсінікті тіл ғой. Ал жергілікті халық тілінде қолданылатын сөздердің, дыбыстық құбылыстардың, сөз саптау

машығының бар-баршасы үнемі осы талаптың аясына сый бермейді. Сондықтан әдеби тіл жергілікті тіл құбылыстарын өз бойына сіңіру, еншілену деген жайға келгенде, халық тілінде бар дүниеліктің бәріне талғаусыз қарай алмайды. Ондағы барды тандап, талғам таразысынан өткізіп, елеп-екшеп барып өз кәдесіне жаратады. Басында халық тілінен әдеби тілімізге дәл осындай жолмен келіп, қазір әдеби тіліміздің сөз байлығының төрінен орын алып отырған, бұл күнде жалпыхалықтық рухани игілікке ұласқан сөздердің тілімізде талайы бар. Жалаң сөзділік болмас үшін осы тұста бірнеше мысал келтірейікші.

Айтқанда да, жазғанда да бәріміз жаппай қолдана беретін *дақыл, дөнді дақыл, бағбан, сүдігер, сақпаншы, мердігерлік* сынды сөздер қазір жұртшылыққа әбден таңыс. Бірақ осы сөздердің әуелде Қазақстанның тек оңтүстік аймағы тұрғындарының тіліне ғана тән сөз болғанын біздің әрқайсымыз жете біле бермейміз.

(С. Омарбеков.)

82-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, “Жайма шуақ” сөзінің мағынасына тілдік норма, тілдік дағды тұрғысынан түсініктеме беріңіз. Тұрақты тіркестерді табыңыз.

● Қарамен жазылған сөздердің омонимін сөйлем арқылы талдап көрсетіңіз.

Таң сәріде жайма шуақ болмайды. Сөз жатықтығына қойылар талаппен мүлде сыйыспайтын ағат қолданыстардың көзге шыққан сүйелдей болып баттып тұратыны да, бидай арасында өскен бидайықтай көзге бірден шалына қоймайтындары да болады. Сөз мәдениеті үшін әсіресе соңғысы қауіпті. Өйткені ондайлар, ет үйрене келе, кейбіреулердің дағдысына сіңеді. Тілдік нормадан қиыс жатқан қолданыстың бірін байқаған Ғ.Мүсіреповтей сөз зергерлерінің мына ескертуді еске түсіре кету артық емес. Газет бетінде жарияланған аударма әңгімеден “жайма шуақ таң сәріде” дегенді ұшыратқан жазушы: “Таң сәріде жайма шуақ болмайтынын білмейді-ау деймін. Жайма шуақ деп кешегі не болмаса бүгінгі күннің сипатын айтады. Тегінде, мал жаюға болатын қысқы күннің шуағын айтады. Таң сәріге де, тұтас алғанда, түн мезгіліне де мұның қатысы жоқ”, — дейді.

(Н. Уәли.)

83-тапсырма. ▲ Мына тест сұрақтарын шешіп, үндестік заңы туралы түсінік беріңіз. Үндестік заңының тілдік норма, тілдік дағды, сөз мәдениеті дегенмен қандай байланысы бар деп ойлайсыз?

■ Осы үлгіде үндестік заңына тест сұрақтарын құрыңыз.

1. Ілгерінді ықпалды табыңыз.

- | | | |
|----------------|--------------|------------|
| а) Кісілер | а) Дауыссыз | а) Ағылшын |
| ә) Тұс-тұстан | ә) Атың кім? | ә) Ішсін |
| б) Теңізпі | б) Шөп шабу | б) Сәнқой |
| в) Талдықорған | в) Он бес | в) Баспы |
| г) Бөлінген | г) Көбіне | г) Өдейі |

2. Кейінді ықпалды табыңыз.

- | | |
|--------------|-----------------|
| а) Кек алған | а) Үйрек сияқты |
| ә) Өл кету | ә) Жаяу жүрдік |
| б) Сөукеле | б) Он үш |
| в) Фабрика | в) Қазы-қарта |
| г) Ештеңе | г) Тоқ ат |

3. Сөз ішіндегі кейінді ықпалды табыңыз.

- | | |
|--------------------------------|-----------------|
| а) Алматыдағы қыздар институты | а) Сенбі күні |
| ә) Ерінбеген етікші болады | ә) Жасыл желек |
| б) Жаңажол ауылының малы | б) Ыстық көл |
| в) Құлпырған жасыл жер жүзі | в) Жібек торғын |
| г) Көйлегінің жағасы | г) Салқын самал |

84-тапсырма. ▲ Мағынасы берілген сұрақтарға сөйкес келетін тұрақты тіркесті табыңыз. Оны қатыстырып сөйлем құраңыз. Осы тұрақты тіркестерге әдеби тілдік норма, тілдік дағды ұғымымен байланыстырып түсінік беріңіз.

1. Кейбір балалар үлкен адамдармен сөйлескенде дөрекі, тік сөйлейді. Өдеппен сөйлеуді білмейді. Ондай баланың сөзі қандай?

2. Сабақ сұрағанда кейбір балалар айтайын деген ойын толық айтып аяқтамай, сөзінің басын айтып, аяғын қайтеді?

3. Бір сөзге келмей жылап қоя беретін ерке, шолжан балалар да болады. Оны қалай дейді?

4. Оқуға да, жұмысқа да пысық болмай, бос, болбыр болса, оны қалай дейді?

5. Жолдастарының да, басқаның да айтқан ақыл, кеңестерін мақұлдамай, өзінше жүретін болса, оны қалай дейді?

6. Ешкімді аямайтын, аяушылық дегенді білмейтін болса ше?

7. Еңбек етпей, ұрлық, бұзықтық жолымен мал тауып, күн көруді ойлайтын оңбағандарды қалай дейді?

Керекті тұрақты тіркестер: *шыбық тимес шыңқ етер; сөзінің аяғын жұтып қояды; оңай олжа табу; араптамақ; сөзі түйеден түскендей; қоян жүрек; босбелбеу; адамға жаны ашымайды; ешкіммен санаспайды, бетімен кеткен.*

(“Қызықты грамматика” кітабынан.)

§18. ҚАТАҢ НОРМА

Қатаң норма тіл жүйесімен бұлжымас бірлікте болады. Тілдік жүйені жақсы білетін сөйлеуші бұл жерде еш дағдармайды. Тілде белгілі бір мағынаны берудің әр түрлі нұсқалары болуы ықтимал. Мысалы, жалпыхалықтық тілде бұйрық райдың екінші жағы үш түрлі нұсқа бойынша беріледі: *сен бар, сен барғын, сен барың*. Қазіргі әдеби тілдің қатаң нормасы бойынша бұйрық райдың екінші жағы етістік түбірге сәйкес *сен бар* түрінде айтылатындығы мәлім. Ал *сен барғын, сен барың* қазақ тілі диалектілері мен ауыз әдебиеті мұраларының тілінде кездесетіндігі белгілі. Мұндай варианттарды талғап, таңдап қолдану сөйлеушінің ыркында болмайды. Тіл тәжірибесінде сыннан өтіп, жұртшылық таныған түрін ғана сөйлеуші қарым-қатынас мақсатында қолдана алады. Бұл — әдеби тілдің қатаң нормасының бір ғана мысалы. Қатаң нормалардың түрі фонетика, лексика саласында да кездеседі.

85-тапсырма. ▲ Сөйлемдегі қатар қолданылатын сөздердің әдеби тілдік нормадағысын теріп жазыңыз.

1. Мансапқор, әркөкірек дегендер осыдан шығады ғой (Т. Ахтанов). 2. Абайдың мансапқұмар болмағаны мәлім (“Қаз. әдебиеті” газеті). 3. Тақ иесінің кәдесі бойынша мансапкерлеріне сыйлық берді (“Мың бір түні”). Мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті (І. Жансүгіров). 4. Мен мансапшыл да емеспін (Ә. Әбішев). 5. Пенде үшін мұнан өткен бақытсыздық жоқ (Ө. Қанахин). 6. Әйелді оқыту заралы дескен бенде әлі көп (журналдан). 7. Өмірде бәнде болып, басы сәждеге тимеген (Қ. Қуанышбаев). 8. Сөйлейді әр алуан пенде ағасы, жыласа қабыл болар көздің жасы (О. Кертағырл). 9. Дорбаға салған секері бар (газеттен). 10. Шекердің дәмін татқан мол құмырсқа ойнақ салып, тызылдатып шаға бастаған

(Қ. Құттыбаев). 11. Дүкеннен күмсекер сатып алды. (“Жалын” журналынан). 12. Жондарды жарқыратып алыпты орап, қойғандай күмшекерді жерге шашып (Т. Жароков).

86-тапсырма. ▲ Мына сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, осы сөздерді қатыстырып шағын өңгіме жазыңыз. Жазған өңгімелеріңізден үш сөйлем алып, ондағы тілдік қолданыстағы қатаң нормадағы сөзге талдау жасап, түсінік беріңіз.

1. Сөске. 2. Бесін. 3. Ала көлеңке. 4. Көз байланған. 5. Ел орынға отырған. 6. Түн жарым. 7. Таң сәріде. 8. Таң шапағы. 9. Қызыл арай. 10. Күн төбеге көтерілді.

87-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазыңыз. Ғалымның тіл қисыны деп нені айтқанына назар аударып, оның тілдік нормамен сабақтастығына талдау жасаңыз.

● Бір сөйлем алып, ондағы сөздерге буын түрлеріне қарай толық талдау жасаңыз.

Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс.

Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тіл қолдана білу деп айтатын ойға сөйкес келетін сөзді таңдап ала білуді және сол сөзді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бөріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бөрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын өңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу “амансыз ба?” деп, біреу “есенсіз бе?” деп, біреу “сәлемет жүрсіз бе?” деп, біреу “күйлі, қуатты барсыз ба?” деп амандасады. Бөрінің де ой-мақсаты бір, бөрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды.

Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады.

Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу — тіл қисыны деп аталады.

(А. Байтұрсынұлы.)

88-тапсырма. ▲Тест сұрақтарын шешіңіз. Жінішке, жуан айтылатын сөздер деп қандай сөздерді айтады? Олардың тілдік жүйе, тілдік дағдымен қандай байланысы бар деп ойлайсыз?

●Өзіңіз осы үлгіде тест сұрақтарын құрыңыз.

1. Ашық буынды сөздерді көрсетіңіз.

- | | | |
|-------------------|----------------|-----------------|
| а) Кішіпейіл бала | а) Уақытымызда | а) Кейде, кеше |
| ә) Әдемі сурет | ә) Ертеден | ә) Дара, жеке |
| б) Аяулы Сәния | б) Динара | б) Өккі, саяқ |
| в) Құрметті | в) Анасына | в) Кіші, бөлек |
| г) Кешегі оқиға | г) Қазынамыз | г) Шоңу, абыржу |

2. Тұйық буынды сөздерді көрсетіңіз.

- | | | |
|-------------|------------------|-------------|
| а) Алма | а) Ең, өте, тым | а) Ой, елде |
| ә) Ат-тон | ә) Ет, кет, аса | ә) Oh, жеке |
| б) Ас-су | б) Аш, әл, өк | б) Қи, ық |
| в) Ас үй | в) Ал, жан, көр | в) Ен, ит |
| г) Ата-баба | г) Есі-дерті, еш | г) Ор, сіз |

3. Бітеу буынды сөздерді көрсетіңіз.

- | | |
|---------------|-------------------|
| а) Құстарға | а) Кішіпейіл бала |
| ә) Дүйсенғали | ә) Әдемі сурет |
| б) Келгенде | б) Аяулы Сәния |
| в) Дастарқан | в) Құрметті |
| г) Жалтару | г) Кешегі оқиға |

4. Бітеу буынды сөздерден тұратын сөйлемді көрсетіңіз.

- а) Біз дәрісханада отырмыз.
- ә) Қол сынса, жең ішінде.
- б) Сөз сүйектен өтеді.
- в) Менің орныма жұмыс істей тұр.
- г) Мен тыңдап жаттым.

§19. БОСАҢ НОРМА

Кейде тілдегі сан алуан варианттарды талғап-таңдауда аса қатаң талап қойылмайды. Ондай варианттардың қай түрін қолдану сөйлеушінің (жазушының да) өз ырқында (мысалы, *тірідей-тірілей, мұны-бұны, айқай-айғай, азар-әзер, түгендеу-түгелдеу*, т.б.). Әдеби тіл нормасының мұндай түрі **босаң норма** деп аталады. Тілдегі бұл төрізді варианттар

кейбіреулерге тілдегі мүкістіктей болып та көрінеді. Шындығында, олай емес. Бұл — тілдің жанды дүниедей түлеп, өзгеріп отыруының белгісі. “Өлі тілде” ғана мұндай құбылыс болмайды. Өзге де қоғамдық құбылыстар тәрізді, тілдің де өзгеріп, дамып отыратындығы белгілі. Бірақ тіл “ескіні” бірден аластай алмайды. “Ескі” мен “жаңа” біразға дейін ілесе жүреді. “Ескіден” бірден қол үзіп, “жаңаға” бірден ойысса, тілдің ұрпақ пен ұрпақты, “аға” буын мен “кіші” буынды жалғастырып жататын қызметі әлсірейді. Онда әр ұрпақтың өзінше тіл жасауына тура келер еді. Тілдегі сан алуан варианттардың жарыса қолданылу себебі “кеше” мен “бүгінді”, “бүгін” мен “ертеңді” ұластыру қызметіне байланысты болып жатады. Бірақ осыған қарап босаң нормаға байланысты варианттарды қолдануда талғау, саралау деген мүлде жоқ деуге болмайды. Босаң нормаға қатысты вариантты қолданудың, таңдаудың өз ерекшелігі мен қиындығы бар.

Варианттардың тілдің даму үрдісіне лайықты түрін өрістете жұмсап, артықшылық беріп отыру, олардағы нәзік айырма, рендерді дер кезінде тап басып тани білу, т.б. мәселелер сөз мәдениеті үшін аса маңызды. Тілдегі варианттар құбылысына лингвистикалық барлау жасап көруге де болады. Жарыспалы жүйенің мынадай түрін газет-журналдардан жиі кездестіріп жүрміз: *ақшалай — ақшадай, барлы-жоқты — барды-жоқты, бірлі-жарым — бірді-жарым, екіншілей — екіншідей, ескілей — ескідей, жылылай — жылыдай, жаңалай — жаңадай, кәрлен-кәрден, қаралай — қарадай, немқұрайлы — немқұрайды, өлілей — өлідей, пісілей — пісідей, тірілей — тірідей, шикілей — шикідей, ыссылай — ыссыдай*, т.б. Жалпыхалықтық тілдегі мұндай жарыспалы қолданыстың қайсысын әдеби тілдің нормасына лайық деуге болады? Осындай сұрауға келгенде, сөздікке қол созамыз. Сөздіктің бірі — “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі”. Бұл сөздіктен [д] вариантты да (*кәрден, кәрлен емес, тірідей, қарадай*), [л] вариантты да (*жылылай, тірілей, шикілей*) ұшыратамыз. Екі түрлі жүйенің аралас-құралас жүргендігінен [л] мен [д] варианттын қайсысы әдеби тілдің ішкі даму үрдісіне сәйкес келетіндігі әлі анықтала қоймағандығын байқаймыз. Тілдің ішкі даму күйіне қандай жүйенің (“л” немесе “д” варианттың) сәйкес келетіндігін анықтап, тиянақтай түсу болашақтың ісі болмақ. Дегенмен бұлардың қазіргі кезде жиірек жұмсалатын түрін көрсе-

туге болады: *ақшалай* (ақшадай емес), *бірлі-жарым* (бірді-жарым емес), *жылылай* (жылыдай емес), *тірілей* (тірідей емес), *ұшты-күйлі* (ұшты-күйді емес), *кәрлен* (кәрден емес), *немқұрайлы* (немқұрайды емес), т.б.

Тілдің өзгеру, даму бағытына сай үрдістерді айқындай отырып, норманың кейбір босаң түрінен қатаң нормаға көшуді жеделдетуге де болады.

Босаң нормадан қатаң нормаға ауысу *-шы*, *-ші* қосымшасы жалғанған белгілі бір сөздер тобына да қатысы бар. Қазақ тілінде сөз жасауда потенциалдық мүмкіндігі айрықша қосымшалардың бірі — *-шы*, *-ші*. Бұл қосымша арқылы жасалған сөздерді есімізге түсіріп көрейік. Қай-қайсымыз болмасын қиналмай-ақ ондаған сөзді тізбегімен айтып бере аламыз: *егінші*, *малшы*, *суретші*, *әнші*, *биші*, *қойшы*, *сыршы*, *бұзаушы*, *қозышы*, т.б. Ал *боташы*, *құлыншы* деп айтыла ма? Айтылмайтын себебі — тілдік дағдыда жоқ. Тілдік дәстүрде болмайтыны — шаруашылық өмірде жоқ. Ал *бұзаушы*, *қозышы* деудің жөні бір басқа. Енелеріне жамырап кетпеу үшін мұндай төлдер бөлек бағылады да, оларды бағып-қағушыны *бұзаушы*, *қозышы* деп арнайы атайды. Сөзді бұлайша белгілі жайдан бастап отырған себебіміз бар. Бас-аяғы бес-алты сөзге жалғанатын *-кеш* (*арбакеш*, *түйекеш*, *кірекеш*, т.б.), *-айт*, *-ейт* (*құрмайт*, *шөлейт*, т.б.) тәрізді сөз тудыру мүмкіндігі шектеулі қосымшалармен салыстырғанда, әлуеттік мүмкіндігі мол қосымшаларды қолдануда нормадан ауытқу әлдеқайда жиі кездеседі. Жалғану өрісі кең қосымшаларға келгенде, “осылай айтыла ма, тілдік дәстүрде бар ма?” деп қадағалап, пысықтап отыруға тура келеді. Жоғарыдағы тізбекті қайта жалғастырып көрейік: *тарихшы*, *тілші*, *емші*, *аспаңшы*, *құрылысшы*, *тәрбиеші*, *аспазшы*, *диқаншы*, *наубайшы*, *бағбаншы*, *тәуіпші*, т.б. Осы тізбектің өзі қазіргі сөз қолданыс нормасына лайық және нормаға лайық емес деп екіге бөлінеді. Өйткені *аспаз*, *диқан*, *наубай*, т.б. тәрізділер түбір күйде тұрып-ақ мамандық иесін білдіреді. Рас, *диқаншы*, *аспазшы*, *наубайшы* тәрізді сөздер ақын-жазушыларымыздың шығармаларында кездеседі. *Диқаншы*, *бағбаншы* сөздерінің ертеректе қолданылуы, бір жағынан, заңды әрі кешірімді. Олай дейтініміз әдеби тілдің кешегісі мен бүгінгісі, ондағы тіл амал-тәсілдерінің қолданылу күйі қазіргімен дәлме-дәл келе бермейді. Басқасын айтпағанда, оны *-шы*, *-ші* қосымшасының өзінен-ақ бай-

қауға болады. Бұл қосымшаның бұрынғыға қарағанда сөз тудырудағы белсенділігі әлдеқайда арта түсті. Ертеректе кездесетін *егінші, малышы, әнші, қайықшы, жаушы*, т.б. типтес сөздің қатары *қызылшашы, қоғамтанушы, зерттеуші, шахматшы, бессайышы*, т.б. сияқты қолданыстармен молыға түсті. 60—70-жылдары *жазылбекшілер, жақаевшылар* түрінде жалқы есімге жалғанып, белгілі бір адамдардың мақсат-мүдде, қызмет-кәсібін жалғастырушы, ізбасарлары деген ұғымды аңғартуы да бұл қосымшаның жаңа бір қыры екендігін танытады.

Ғасырға толар-толмас уақыттың ішінде *-шы, -ші* қосымшасының жалғану өрісінің бұлайша кеңейе түсуі жаңа бір үрдістің пайда болуына әсерін тигізді: бұл жұрнақ кейбір сөздердің құрамынан шыға бастады: *диқаншы* > *диқан*, *аспазшы* > *аспаз*, *бағбанышы* > *бағбан*, *шаштаразшы* > *шаштараз*, т.б. Қандай да болмасын тілдік амал-тәсілдердің белсенділігі артқан сайын, басы артық қолданыстан арыла түсу үрдісі пайда болады. Олай болса, бұрынғыша босан норма ынғайымен бірде *аспаз*, бірде *аспазшы*, бірде *бағбан*, бірде *бағбанышы* деп қолдану лексикалық нормадағы жаңа құбылысты елеп-ескермеуге саяды.

Қазіргі тілімізде кейбір тілдік амал-тәсілдердің жұмсалыуына көңіл аударып, зер сала бастасақ, “бұлай қолдану дұрыс па?”, “осылай деу нормаға лайық па?” деген де көлденең сұраулар көбейе береді. Газет-журнал оқып отырғанда, радио тыңдап, теледидардан айтылатын сөзге құлақ салғанда *мал өсірушілер, қызылша өсірушілер, сүт сауушылар* дегендерді ара-тұра ұшыратып та қаламыз. *Малшы, қызылшашы, сауыншы* тәрізді туынды сөзбен берілетін ұғымдар аналитизмдер (сөз тіркесі) арқылы берілген. Қазақ тілінің бітім тұлғасы жалғамалы (агглютинативті). Сондықтан да мұндай қолданыстарды қосымшалар арқылы беру — бұл тіл үшін табиғи нәрсе. Осы себептен бұрын-соңды ешбір қазақтың түйешіні *түйе өсіруші*, жылқышыны *жылқы өсіруші*, сауыншыны *сүт сауушы* дегені белгілі. Сөзді бұлайша қолдану — аналитизмге көзсіз бой ұрып, сөзді табиғи қалпынан айыру, нормадан қиыс кету. Аналитизмнің де өз кезегінде жұмсалар жері бар. Бірақ оған шектен тыс жүгіне беру де орынды көрінбейді. Ал қажетті жерінде аналитизмді қолданудың жөні мүлде басқа. Әрине, *жүгері өсіруші, қызылша өсіруші* тәрізді орынсыз қолданылған аналитизмнен *картон өсіруші*

деудің жөні басқа. Сәбіз, пияз, картоп тәрізді көгөніс түрлерін білдіретін сөзді *сәбізші, пиязшы, картопшы* деп айту тілдік дағдыға ене қоймаған. Мұндайда *картоп өсіруші* деп қолданылған аналитизм орынды көрінеді.

Қазіргі қолданысымызда босаң нормаға жататын *мүлде басқа*— *мүлдем басқа, мынадай*— *мынандай, шын мәніндегі*— *шын мәнісіндегі, жалғыз*— *жаңғыз, түгелдеу*— *түгендеу*, т.б. варианттардың алдыңғы сыңары баспасөз беттерінде жиірек жұмсала бастағаны сезіледі. Бұлай болуы орынды да, өйткені *мынандай* дегенге қарағанда *мынадай* нұсқасы ықшам. Тіл-тілге ортақ заңдылық бойынша ықшам, жинақы қолданыстар (варианттар) тілдің коммуникативтік қызметіне қолайлы көрінеді. Ал *жалғыз*— *жаңғыз, түгелдеу*— *түгендеу* варианттарындағы *жалғыз, түгелдеу* тәрізділердің артықшылығы— бұлардың өзге тұлғада кездесуі мен дербес қолданылуы: *жалғыз, жалқы, түгелдеу, түгел, түп-түгел*. Осылардың жарыспалы сыңарлары *жаңғыз* (*жаңқы* түрінде қолданылмайды), *түгендеу* (*түген, түп-түген* деп айтылмайды) дегендерден мұндай ерекшелік байқалмайды. Варианттардың бір-бірінен осындай өзгешеліктері сезіле бастаған кезде-ақ әдеби тіл нормасына немқұрайлы қарамайтын оқушы артықшылығы бар сыңарларға жіп таға бастайды. Ал қатаң норма түріне байланысты ақау жіберу әдеби тіл нормасына жаттықпаған, тіл мәдениетіне жүрдім-бардым қарайтын адамдарда жиі ұшырасады.

89-тапсырма. ▲ Мына сөйлемдердегі босаң нормадағы сөздерді теріп жазыңыз.

● Әдеби тілдік нормада қолданылатындарының астың сызыңыз. Ол сөздердің синонимін табыңыз.

1. Бағанағы балаңыз ба? 2. Ол кең, бейқам көңілмен қуана кірді (*С. Шаймерденов*). 3. Күндізгі бітімнің құр алдап, биқам қылу екендігі көріне бастады (*С. Торайғыров*). 4. Үйінде банағы жігіт тұратын еді (*С. Сейфуллин*). 5. Бейғам адамның біреуімін (*С. Мұқанов*). 6. Жақсы бейіл білдірді (*газеттен*). 7. Өнерді үйрен, үйрен де жирен (*Абай*). 8. Қария бізді шын пейілмен, жомарт көңілмен қарсы алды (“Қаз. әдеб.” *газетінен*). 9. Көп еді ғапылдықпен еткен ісім (*Н. Ахметбеков*). 10. Кімнен жеркенді екен сонша? (*С. Омаров*). 11. Манағы кездескен жігіт сен емессің бе? (*Газеттен*).

90-тапсырма. ▲ Төмендегі сөздерді қолданылуына қарай қандай

сөздер дейді? Олардың қай сынары әдеби тіл нормасына сәйкес келеді деп ойлайсыз?

1. Теңдік—теңлік. 2. Өнде—өңде. 3. Балуан—палуан.
4. Ақшалай—ақшадай. 5. Барлы-жоқты—барды-жоқты.
6. Бірлі-жарым—бірді-жарым. 7. Екіншілей—екіншідей.
8. Көрлен—көрден. 9. Қаралай—қарадай. 10. Пысты—пісті.
11. Ащы—ашты. 12. Бешпет—бешпент. 13. Риза—разы—ырза.

91-тапсырма. ▲ Мына сөздердің жарыспалы сынарларын табыңыз.

■ Жарыспалы (босан нормадағы) сөздердің ойды көркем жеткізуге әсері бола ма?

1. Ескілей — ... 2. Жылыдай — ... 3. Жаңадай — ...
4. Тірідей — ... 5. Шикілей — ... 6. Ыссыдай — ...
7. Немқұрайлы — ...

92-тапсырма. ▲ Газет-журналдардан күнделікті өмірде жарыспалы түрде қолданылатын сөздерге мысалдар теріп жазыңыз.

Үлгі. 1. Бұны—мұны. 2. Үлгірім—үлгерім. 3. Түгендеу—түгелдеу, т.б.

93-тапсырма. ▲ Орфография, орфоэпия терминдеріне түсінік беріңіз.

Төмендегі орфография, орфоэпия заңдылықтарына байланысты берілген тест сұрақтарын шешіп, осы үлгіде тест сұрақтарын құрыңыз.

I. Орфография бойынша дұрыс жазылғанын табыңыз.

- | | | | |
|---------------|----------------|---------------|----------------|
| 1) а) Ақылгөй | 2) а) Дүниеқор | 3) а) Өлдекім | 4) а) Көзғарас |
| ә) Ақылкөй | ә) Дүние қор | ә) Өлде кім | ә) Көзқарас |
| б) Ақылғой | б) Дүние ғор | б) Өлдегім | б) Көз ғарас |
| в) Ақылқой | в) Дүнияқор | в) Өлде-кім | в) Көзқарас |
| г) Ақылкүй | г) Дүниеқор | г) Өлде-гім | г) Көз-ғарас |

II. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- | | | | |
|----------------|---------------|-------------|-------------|
| 1) а) Күлдіргү | 2) а) Кінарат | 3) а) Тияды | 4) а) Қария |
| ә) Күлдүргі | ә) Кінәрат | ә) Тыяды | ә) Көрия |
| б) Күлдіргы | б) Кінәрет | б) Тыйады | б) Көриа |
| в) Күлдіргі | в) Кінарет | в) Тыйяды | в) Қариа |
| г) Күлдырғы | г) Кінәрет | г) Тийады | г) Кариа |

III. Орфоэпиялық нормаға сай жазылған сөзді табыңыз.

- | | | |
|--------------------|--------------|---------------|
| 1) а) Көңіл аудару | 2) а) Өз-өзі | 3) а) Қызғылт |
| ә) Көңіл күйі | ә) Өзінше | ә) Бала |
| б) Көлік | б) Өйткені | б) Монғол |
| в) Көркемденгеммен | в) Құбұжұқ | в) Ойын-сауық |
| г) Өзен | г) Қойқайды | г) Күйдүргү |
-
- | | | |
|--------------|-----------------|---|
| 4) а) Оқыған | 5) а) Бөлексіну | 6) а) Өңгіменді айтып бол. |
| ә) Көтерген | ә) Бөлектету | ә) Қой қораға қамалды. |
| б) Көре-біле | б) Бөле жара | б) Қара ғазан сары бала қамы үшін қылыш сермедік. |
| в) Алмат | в) Бөлдүргүз | в) Өзен жағасы қалың қамыс. |
| г) Көпшіл | г) Бөкселеу | г) Шопан үйге келді. |

§20. ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ СТИЛЬ

Әр тілдің өзіне тән төл заңдылығы бар. Сонымен бірге тіл-тілге ортақ заңдылықтар да бар. Тіл тарихын зерттеуші білімпаздардың көрсетуінше, сондай заңдылықтардың бірі — кейбір сөздегі аяққы дауыстының “жоғала” бастауы. Зерттеушілер бұл құбылысты тілдегі ашық буынды сөздің шектен тыс көбейіп кетпеуі, сөздің дыбыстық жағынан ықшамдалуы тәрізді құбылыспен байланыстырады. Тілдегі ашық буынды сөздер мен өзге буынды сөздердің, аз буынды сөздер мен көп буынды сөздердің қалыптасқан белгілі бір арасалмағы болуға тиіс. Егер олардың арасалмағы бұзылса, бірінен екіншісіне ауытқудың пайда болуы ықтимал. Ондайда ашық буын тұйық буынға, көп буынды сөз аз буынды сөзге айналу үрдісі пайда болады. Тіл қолданысымызда жиі кездесетін варианттардың бір алуанын осы құбылысқа қатысты қарастыруға болады. Олар: *тәңір — тәңірі* (“иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар”), *сауыр — сауыры, беймаз — беймаза, дағар — дағара, көкпар — көкпары, қодық — қодыға, алхор — алхоры, баған — бағана, бидай — бидайы (жастықтың бидайысы), дабыр — дабыра, бекзат — бекзада, нысан — нысана, ертеқ — ертегі, шабдал — шабдалы, шаштараз — шаштаразы, тораңғы — тораңғыл, заман — замана*, т.б. Әсіресе соңғы онжылдықтарда осы варианттардың соңғы дауыстысыз түрі (*тәңір, сауыр көкпар, шабдал*, т.б.) қалыптасып, не қалыптаса

бастағандығы байқалады. Бұлардың ішінде де мағыналық айырым, стильдік реңк алып, дербес қасиетке ие болғаны немесе соған бейім тұрғандары да бар. *Дабыр* — “дан-дүн”, “у-шу”: “Тыстан кірген суық пен көп кісінің *дабырынан* тынышы кеткен Ділде басын көтерді” (М. Әуезов). Дабыра — “даурықпа сөз”, “дабыра қылу”, “жұртқа жаю”: “Шырағым, мұндай даулы мәселені сен жұрт арасына өзiрге дабыра қыла көрме (С. Мұқанов).

Осы жарыспалы қолданыстардың қатарында стильдік реңк алған вариантқа *заман* — *замана* сөзін жатқызуға болады. *Заман* — бейтарап мағынада, *замана* — көтеріңкі реңде жұмсалады: *замана келбеті, замана үні, замана талабы*, т.б.

Тілімізде белгілі бір ұғымның бірнеше сөзбен аталатын орайлары бар: *жазушы* — *қаламгер, суреткер*; *егінші* — *диқан*; *мұғалім* — *оқытушы, ұстаз*, т.б. Бұл — әдеби тілдің стильдік айырым жігін саралай түсетін белгілер. Олай дейтініміз сөздердің қолдану аясы, жұмсалу орны осындай мән-дес сөздер арқылы саралана түседі. *Жазушы, мұғалім, оқытушы* сөздері әдеби тілдің барлық тармақтарына (стильдеріне) тән бейтарап сөздер болса, *қаламгер, суреткер, ұстаз* публицистика, көркем әдебиет стиліне тән мазмұны көтеріңкі қолданыстар. Мысалы, ресми стильде *Жазушылар одағының мүшесі* деп айтуға болатыны белгілі де, осы ұғымды *Қаламгерлер одағының мүшесі* деп қолдану лайықсыз болар еді.

Елімізде ғылым, өндіріс, шаруашылықтың әр алуан салаларының қарқынды дамуы тіліміздің сөздік құрамына да өсер етті. Тілімізде терминдер мен терминдік ынғайдағы сөздер де көбейді. Тіпті баспасөз бетінде олардың тым жиі жұмсалуы, әсіресе публицистика (газет-журнал, радио, телевизия саласындағы тіл) стилінде терминдерге экспрессиялық балама іздеу үрдісін күшейте түсті. Сондықтан болар, астықты *алтын дән*, мұнайды *қара алтын*, Конституцияны — *Ата заң*, малды — *аяқты қазына*, теледидарды — *көгілдір экран*, президентті — *елбасы*, т.б. деп атау дағдылы, қажетті қолданысқа айналып отыр. Бұларды термин сөздердің “қосарында” жүретін ерекше экспрессиялы сынары деуге болады. Егер қазақ тілі тек қана ғылымның немесе ресми қарым-қатынастың ғана тілі болса, онда экспрессиялы қолданысқа зөру де болмас едік. Бірақ жоғарыда аталғандай, экспрессиялы сөз қатарларын қызметіне сай жұмсамау әдеби тілдің стильдік нормасына нұқсан келтіреді,

кей жағдайда тіпті өрескел өрі түсініксіз көрінеді (мысалы, ешбір адамның “5 тонна қара алтын түсіріп алдым, бір қап алтын дән алдым” деп сөйлемейтіндігі белгілі).

94-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, тілші ғалымның “Сөз талғау” туралы айтқан пікірінің тілдік норма және стиль ұғымымен қандай байланысы бар екенін айтыңыз. Ақын тілі және өншейін тіл дегенге түсінік беріңіз.

● *Сөйлемдерді* сөзіне толық фонетикалық талдау жасаңыз.

Сөз талғау

Шығарма тілі екі түрлі болады. Оның бірі ақын тілі деп, екіншісі өншейін тіл деп аталады. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: өншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды.

Шығарма сөзі өнді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарты мынау — сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі.

* * *

Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

- сөздің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көктеп, дұрыс ымыраластыру;
- сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

(А. Байтұрсынұлы.)

95-тапсырма. ▲ Мына төмендегі тіркестерге мағыналық талдау жасап, тілдік нормаға сөйкес келетінін, келмейтінін ажыратып жазыңыз. “Норма және стиль” тақырыбына сүйеніп түсінік беріңіз.

1. Пышағы өткір, сөзі өткір, көзі өткір, қолы өткір
2. Мінезі ауыр, қолы ауыр, сөзі ауыр, аяғы ауыр, жолы ауыр, басы ауыр
3. Қағілез бала, қиқар келін
5. Жалынды жастар, жалынды қариялар

6. Сөзі түйнемедей, көзі түйнемедей
7. Аш қасқыр, аш бөрідей, аш ит-құстай
8. Бөрі терісі, бөрі ішік
9. Бөрі арығын білгізбес, қасқыр арығын білгізбес.

96-тапсырма. ▲ Мына сөздердің баламасын табыңыз. Бұл сөзді сөйлемде осылай жұмсартып, сыпайылап қолдануды сөздердің рендік мәніне және сөйлеу әдебіне байланысты түсіндіріңіз.

● Сөздердің мағынасын құлаққа жылы тиетіндей етіп осылай алмастырып қолдану тәсілін тіл білімінде қалай атайды?

1. Аузы жеңіл — ...
2. Баласын құтты орнына қондыру — ...
3. Құлағы тосаң — ...
4. Қолының жымысқысы бар — ...
5. Қосып айтады — ...
6. Ауыз бастыру — ...
7. Сөзге келу — ...
8. Бет жыртыспау — ...
9. Жасы ұлғаю — ...
10. Қалтасы тесік — ...
11. Сымсыз телефон — ...
12. Аузының желі бар — ...
13. Ұзын құлақ — ...
14. Ішінде бүкпесі бар — ...
15. Қолды болды — ...

97-тапсырма. ■ Мәтінді көшіріп жазып, сөйлемде осындай мағыналық ренк мәніне қарай талғап қолданылатын сөздерге мысал келтіріңіз.

● *Сұхбаттасу* сөзінің синонимдік қатарын түзіңіз.

Сұхбаттасу

Газет тілі үшін бағалауыш сөздер (жағымды, жағымсыз ренктегі сөздер) ауадай қажет. *Сұхбат* тәрізді кейбір сөзіміздің қазірдің өзінде-ақ бейтарап ренктен жағымды ренкке көшіп келе жатқандығын байқау қиын емес.

Сұхбаттасу — “әңгімелесу” деген мағынаны білдіреді. Бірақ сұхбаттасты дегенді жай ғана тілдесу деп ұқпаймыз. Келелі мәселе көтеріп, терең пікір қозғаған тартымды да әсерлі әңгімені сұхбат деп түсінеміз. Қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері, өнер майталмандарымен болған әңгімеге қазір газеттеріміз “сұхбат” деген айдар тағып жүруі де — бұл сөздің жағымды рен алып келе жатқандығының көрінісі.

(Газеттен.)

98-тапсырма. ■ Өз ойыңыздан бірнеше сөздің синонимдік қатарын түзіп, олардың рен мәніне қарай сөйлем құрастырыңыз. Мағыналық мәніне талдау жасаңыз.

Ү л г і. 1. Қысқа, келте, шолақ, шұңтиған, шұнақ.

99-тапсырма. ▲ Берілген тест сұрақтарын шешіңіз.

Синоним сөздерді мағынасына қарай орынды қолдануды тілдік

норма және стиль, сөздердің сөйлемдегі рөл мәні ұғымымен байланыстырып түсінік беріңіз.

■ Осы үлгіде синоним сөздерге тест сұрақтарын құрыңыз.

I. Синоним сөздерді табыңыз.

- | | | |
|-----------------------------|------------------------------|-------------------|
| 1) а) Қыс, жаз, ескі | 2) а) Жұлдыз, планета | 3) а) Ағаш, темір |
| ә) Кір, түс, алма | ә) Аспан, жер | ә) Ауыр, аусыл |
| б) Кір, көр, қор | б) Адам, кісі | б) Тас, жер |
| в) Қою, ойна, көрме | в) Жуан, жуықта | в) Ер, батыр |
| г) Аспан, әуе, көк | г) Құн, табыс | г) Жер, аспан |
| 4) а) Ойшыл, аруана, асқақ | 5) а) Ағаш, бұтақ, жапырақ | |
| ә) Алуан, асқар, айшықты | ә) Ауыр, зор, адуын | |
| б) Ақылды, ғұлама, кемеңгер | б) Тас, тау, шын | |
| в) Ғалым, ұстаз, алпауыт | в) Қайратты, қажырлы, қуатты | |
| г) Арман, әсем, зерлі | г) Еңбек, абырой, жұмыс | |
| 6) а) Қала, астана, аймақ | 7) а) Адал, арам, азат | |
| ә) Бау, бақша, егін | ә) Ат, есім, ныспы | |
| б) Жоғары, төмен, аласа | б) Ту, жалау, елтаңба | |
| в) Ас, тамақ, тағам, дәм | в) Жетім, жесір, жігіт | |
| г) Дәреже, абырой, көрнекті | г) Алаң, алаңда, ал | |
| 8) а) Азат, азайту | 9) а) Көш, көпір | |
| ә) Жүйрік, шабан | ә) Өкпе, жүрек | |
| б) Ақсақал, қария | б) Күй, күйші | |
| в) Алаш, алаша | в) Арық, күйлі | |
| г) Арық, семіз | г) Үй, баспана | |

§21. ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАР

Өзге тілдік нормалардан (диалект, наречие) әдеби тіл нормасының өз ерекшелігі бар. Әдеби тіл нормалары оқулықтарда көрсетіліп, тиісті сөздіктерде тіркеліп отырады. Ал тиісті әдебиетте көрсетілген қағида, ережелерді сақтамау — нормадан ауытқу. Бірақ сөздіктерде тіркелмеген, түрлі оқулық пен анықтағыштардан ұшырата бермейтін сөздерді де күнбе-күн кездестіруіміз мүмкін.

Кезінде *ардагер* (ветеран), *тәлімгер*, *ұстаз* (наставник), *баспагер*, *басылым*, *ғарыш* (космос), *теледидар*, *әрлеуші*, *аспашиы*, *айдар* (рубрика), т.б. қолданыстар бірден оқулық-

тарға еніп, сөздіктерде тіркеле қойған жоқ. Оның себебі мынада: жаңа қолданыс тіл жұмсау дүкенінде сыналып, байқалуы, тәжірибеден өтуі керек. Олардың құбылысты дәл, дұрыс бейнелей алатындары өміршең болып қалады да, лингвистикалық зерттеу елегінен өткен соң, сөздіктерде тіркеліп, оқулықтарға енеді.

Әуелде *ғарыш* сөзі *ғарышкер* сөзінің, *космос* сөзі *космонавт* атауының экспрессивті сынары түрінде қолданылды. Қазіргі кезде *ғарыш*, *ғарышкер* — *космос*, *космонавт* сөзінің баламасы ретінде терминдік ұғымда қолданыла бастады. Сондай-ақ *ғарыш* сөзі *ғарыш айлағы* (“космодром”) деген ұғымның да атауына ұйытқы болды.

Жаңа сөздер уақыт сынынан өтіп тіл қолданысымызда орныға түскеннен кейін сөздіктерде көрсетіліп заңдастырылады. Ал кейбір сөздер сөздіктерге енбей, тиісті әдебиетте көрсетілмей де жатады. Кезінде жұртшылық назарын аударып, пікір таласын тудырған оқырман, *көрермен* төрізді сөздер тілдік дағдыға айнала келе орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерде, грамматика оқулықтары мен оқу құралдарында, анықтағышта әдеби тіл фактісі ретінде тіркелгендігін байқаймыз.

Бір кездері *оқырман* төрізді қолданысты, сырт қарағанда, бөтенсінудің де реті болған сияқты. *Жыларман*, *өлермен*, *күлермен*, *білермен*, т.б. төрізді сөздердегі *-ман*, *-мен* тұлғасы іс-қимыл, процестің өзі емес, соған шектес, жақын әрекетті білдіреді. Көркем сөз зергерлерінің де бұл тұлғалас сөздерді осындай мағынада қолданғандығын көреміз. “*Жөн айтыса ма олар, адамиа? Бірін-бірі боқтап, төбелесермен болып жатыр*” (М. Әуезов). Мұндағы *төбелесермен* “төбелесудің” өзі емес, “төбелесетін шаққа жету” деген мағынаны аңғартады. *-Ман/-мен* тұлғалас сөздердің (*жыларман*, *сабарман*, *білермен*, т.б.) білдіретін мағынасына қарағанда, *оқырман* деу қисынсыз қолданыс төрізді көрінді. Бірақ бұл жерде екінші бір құбылысты да ескеру қажет. Ол — *-ман* тұлғалы сөздің тілімізде заттың аты ретінде жұмсалу фактісінің де бар екендігі, мысалы, *атарман* (стражник), *шабарман*. “*Жаһангер сонда да жай жата алмады, бар еді атақты көп атарманы. Олардың екі жүзін ертіп алып, Ой қылды Залдан барып бата алғалы* (Т.Ізтілеуов).

“*Бірен-саран шабарман старшынды өз қолымен де ұрып жіберіп, болыс, би, қарияларды бойын жазғызбай ақыра ықтырып бет қаратпай жасқандырып тұрды*” (М. Әуезов).

-*Ман, -мен* тұлғалы сөз кейде септік жалғауы не өзге де қосымшалар арқылы “заттанған” күйде де жұмсалады: Берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз (мақал). -*Ман, -мен* тұлғалы сөзді заттық мәнде жұмсау жазушының өзіндік тіл қолданысында да кездеседі. “*Әуелі жылда екі рет егін салып, содан ішермендік, тұқымдық алған соң, жер емшегін емуден дәндей берді (М. Әуезов).*”

-*Ман, -мен* тұлғалы сөздердің тілімізде осылайша заттану ерекшелігін ескерсек, *оралман* сөзін орфографиялық сөздік, анықтағыштарда тіркеп, заңдастырып отыру, норма ретінде мойындау қажеттілігі байқалады. Жоғарыда сөз болған неологизмдердің дені қоғамдық өміріміздегі жаңа ұғым, жаңа құбылыстарға, содан туып отырған номинация үрдісіне байланысты пайда болды. Кейінгі жылдарда тіліміздің сөздік құрамы *ғарыш* (космос), *ғарышкер* (космонавт), *ғарыш кемесі* (космос кораблі), *ғарыш айлағы* (космодром), т.б. терминдерімен, атауларымен толығырақ түскені мәлім.

Сөз мәдениеті алдымен тіл амал-тәсілдерін дұрыс қолданудан, сөз дұрыстығынан басталады. Ал сөзді дұрыс қолданудың негізгі арқауы — әдеби тілдің нормасы. Біз жоғарыда айтылған бірлі-жарым мысалдардың өзінен-ақ әдеби тіл нормасының табиғаты күрделі құбылыс екендігін, оның әр түрлі ерекшеліктері болатындығын да байқалдық. Әсіресе қатаң норма мен босан норманы дәл айыра білу, босан нормаға байланысты тілдік варианттардың ерекшелігін, жарыспалы сыңарлардың бір-бірінен артықшылығын сезіне білу, олардың қыр-сырын дұрыс байқай отырып саралай жұмсау, түптеп келгенде, сөз мәдениетіне қойылар негізгі талаптардың бірі.

100-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, оқушы мен оқырман атауының мағыналық айырмасын ашыңыз. Оқырман атауының пайда болу себебін көрсетіңіз. -*Ман* тұлғасы арқылы жасалған атауларды тізіп көрсетіңіз.

● Мәтіннен бір жай сөйлем алып, толық синтаксистік талдау жасаңыз.

Қазіргі ғылым мен техника заманында дүниедегі, айналадағы, ой-санамыздағы әрбір зат, әрбір құбылыс, әрбір ұғым өзгелерден ажыратылып, өз атауымен аталуы орын алды, өйткені бұл күнде әрбір зат (құбылыс, ұғым) түгіл, оның ұсақ бөлшектерінің (детальдарының) өз орны бар, ол орынның мәні бар, оларды өзге, мейлі, тіпті өте жақын, ұқсас заттармен

(құбылыс, ұғымдармен) шатастыруға мүлдем болмайды. Мұны номинация тенденциясы деп атап жүрміз, осы тенденция қазіргі орыс тілінде өте күшті. Қазақ тілі үшін бұл бағыттың жеке күші бар ма, әлде тек орыс тілінде байқалғандықтан, калька арқылы көшіре салынуы керек пе? Біздің ойымызша, қазақ тілі өз бетімен әр нәрсені дербес атау (номинация) әрекетіне ие бола алады. Өйткені қазақ халқының да бастан кешіріп отырған дәуірі — ғылымның қарыштап дамыған заманы, орыс тілін тұтынушылармен қоғамымыз бір, өміріміздің салты, темпі, талабы бір. Демек, мектепте оқитын оқушыдан жалпы кітап (газет, т.б.) оқитын адамды ажыратып, оны өз атауымен білдіру үшін оқырман сөзін жасауға тіліміздің даму принциптерінің өзі мәжбүр етіп отыр.

(Р. Сыздық.)

101-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығыңыз. Шет тілдік “сөз тасқыны” туралы айтыңыз. Ғылым мен техника, медицина, спорт саласында қолданылып жүрген шет тілдік атауларды көрсетіңіз.

● Өзіңіз қалаған бір газетті алып, ондағы шет тілдік сөздерді теріп жазып, қоғамдық өмірдің қай саласында қолданылатынын көрсетіңіз.

Кейінгі жылдарда тіліміздің сөздік құрамы *космос*, *космонавт*, *космос кораблі*, *орбита*, т.б. халықаралық терминдермен, атаулармен толығырақ түскені мәлім. Олай болса, телевизор сөзі тұрғанда неге теледидар деп жаңа сөз жасаймыз, немесе космос сөзінің қолданылып жүргендігіне қарамастан, оған ғарышты неге қосақтаймыз? Сөзді басы артық қолданып жүрген жоқпыз ба? Халықаралық терминдерді сол күйінде неге қалдыруға болмайды? Газет-журнал беттерінде кейде осы тәрізді жаңалықты жатсынған пікірлер де шаң беріп қалады.

Ғарыш сөзінің төркін тіліндегі (араб тіліндегі) мағынасы діни ұғымға қатысты сөз, сондықтан да бұл сөздің космос мағынасында жұмсалуды, сырт қарағанда, қайсыбіреуге орынсыз көрінуі де ықтимал. Алайда шетел тілдерінен енген сөздер өзге тілдің “мүлкіне” айналғанда, түп төркін мағынасының ескерілмейтіндігі де белгілі. Бөтен тілден енген сөзге өзгеше мағына телу қай тілде болмасын кездесіп отырады. Мысалы, әуелде *фауна* “орман мен дала жаратушысы”, *флора* “гүл мен көктем төңірі” деген мифтік сипаттағы латын сөзінің тіл-тілде өзгеше терминдік ұғымда жұмсалатындығы аян. *Ғарыш* сөзінің қазақ топырағындағы мағынасы “алыс аспан, шырқау биік”.

Дариядан артық ақылың,
Төбен биік ғарыштан.
Қартайғанда бір көріп,
Зират етіп қайтуға
Жамбыл келді алыстан (*Жамбыл*).

Ендігі жерде *ғарыш* “космос” ұғымын білдіретін терминдік мөнге ие болды. Сөйтіп, ғарыш сөзі жаңа қызметке жегілді.

Қазіргі кез — шет тілдік сөздер тасқынының күшейе түскен кезі. Кез келген саламатты тіл тосын келген “ұғымды”, “жаналықты”, ең алдымен, өз мүмкіндігі, өз амал-тәсілдері арқылы игеруге тырысады. Байқап отырсақ, *ғарыш*, *ғарышкер*, *ғарыш айлағы*, *құжат*, *төлқұжат*, *елтаңба*, *әңіран*, *ғаламдастыру*, *оралман*, *сынып*, *егемен*, *егемендік*, т.б. осының көрінісі. Бұл атаулар алдымен газет-журнал беттерінде, көркем тіл кестесінде қолданыла келіп, әдеби тілдің өзге де стильдік тармақтарында қолданыла бастады.

(*Н. Уәли.*)

102-тапсырма. ▲ Мына сөйлемдердегі жаңа қолданыстағы сөздерді теріп жазып, мағыналарына түсінік беріңіз. Бұл сөздердің сөздіктерге, оқулықтар мен анықтағыштарға енген не енбегеніне талдау жасаңыз.

1. Қаладағы бірқатар ірі кәсіпорындар мен мекемелер Алматы қалалық “Қазақ тілі” қоғамына демеуші болуға ынта білдіреді. 2. Тарихи дерекнама көзіне сүйенер болсақ, XX ғасырдың өзінде Түркістан шаһарында медресе жұмыс істегені мағұлым. 3. Таяуда “Жұлдыз” журналының дөңгелек столы Жамбыл облысының Талас ауданында өткізілді (*газеттен*). 4. Басқалардың қолына түспейтін затты қалайда табуға тырысу, қымбат бұйыммен көзге ұру, өзіндегі барға масаттану үшін әдейі ерекшелену — нағыз дүниеқоңыздықтың өзі. 5. Менің байқауымша, олар халыққа тиімді делдалдық қызмет көрсетеді. 6. Орта бойлы, қара торы қыз дәрісханадан көңілді шықты. Қасындағы құрбысына қолын сермеп, бірдеңе айтып келеді. 7. Дәмқосар — тағамның дәмін кіргізу үшін пайдаланылатын қоспа. 8. Ойнақы, ақжарқын Ердуан аты түрік жігіті автобустың құлағында ойнап отырып, Ата Түрік әуежайына алып келді. Оларды әуежайға кіргізбейді... енді, міне, шығарып салушыларды ішке кіргізбейтін әуежайдың бір санылауын тауып, біздің жанымызға жетіп келгені (*газеттен*). 9. “ИЛ-62” самұрығы

бірте-бірте биіктей берді. Аспансерік қыздың саңқылдаған таза, ашық үні қалыңдай бастаған күдік тұманын жел кеулегендей ыдыратты. 10. Мұнда негізгі еңбекақыға 15 пайыз қосымша беріледі. Еңбекақымен бірге сыйақы беріліп тұрады (*газеттен*).

103-тапсырма. ▲Оралмандар деп кімдерді айтады? Оралман терминін репатриант, мұқажыр терминімен салыстырып, мағына айырмашылығын көрсетіңіз.

Айтылуы бөлек, жазылуы бірдей сөздерді қалай деп атайды? Мысалдар келтіріңіз.

Соңғы бірер жылдарда *-ман* тұлғасы арқылы жасалған сөздердің қатарына *оралман* атауын қосуға болады. Бұл атауды, негізінен, *репатриант* терминінің қазақша баламасы деп түсінеміз. Аталмыш сөздің мағынасын бұлай ұғыну, бір жағынан, дұрыс та болар, бірақ *оралман* атауының мағынасында әнтек те болса өзіндік реңк бар. Әдетте *репатриант* деп “кезінде саяси, діни, т.б. әр түрлі себептермен бөтен елге кетуге мәжбүр болған, кейіннен өз Отанына қайта оралған эмигранттарды, сондай-ақ соғыс тұтқындарын, босқындарды” атайды. Ал қазақ тілінде *оралман* деп “жаппай қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшырап, жат елге жаппай қоныс аударған азаматтардың өз Отанына қайта оралғандарын” атайды. Бұл атауда қазақ ұлтының бір кездердегі тарихи тағдырымен байланысты мән бар. *Оралман* атауы осындай номинациялық қажеттіліктен туса керек. Қайсы бір ұлттардың тарихында басқыншылық, саяси, діни қудалау, т.б. уәждермен байланысты бөтен елді, өзге жерді паналап қоныс аудару уақиғасын елдің тарихи тағдыры деп танып, өз тіліндегі атаумен арнайы атайды.

Бір кездері қасиетті Мекеден сонау Мединеге қоныс аударушыларды арабтар өз тілінде *мұқажырлар* деп атаған.

Оралман сөзі, сырт қарағанда, қазіргі сөзжасам жүйесіне қайшы келетін сияқты. Әдетте *оқырман*, *көрермен*, *шабарман* дегендерде *-ман* қосымшасы *оқыр+*, *көрер+*, *шабар+* тұлғаларынан соң жалғанып тұр. Ал *оралман* сөзі бұл жүйеден ауытқып кеткен.

Сондықтан, *оралман* сөзі “оралмаймын” дегенмен мөндес, “үзілді-кесілді қарсылықты” білдіреді, ол “оралу” мағынасына кереғар деп қарайтындар да бар. Біздіңше, бұл пікірге, бір есептен толық қосылуға болмайды, себебі зат есім *оралман* мен “үзілді-кесілді қарсылық” мөндегі етістік

оралманның дыбысталуында парық бар. Біріншісінде екпін соңғы буынға түсіп тұр: *оралм[а]н, оқырм[а]н, көрерм[е]н*, т.б., *қызыл алм[а], үлкен көрм[е], кең бөлм[е]* дегендегі тәрізді; ал екіншісінде екпін алғашқы буынға түседі: *ор[а]лман, к[ө]рермен, [а]йтпан*, т.б., *қағазды [а]лма, жамандықк[ө]рме, сөздіб[ө]лме* дегендегі тәрізді.

Сондықтан зат есім мағынасындағы *оралман* мен етістік мағынасындағы *оралман* жазылуды ұқсас (омографтар), ал айтылуы ер басқа сөздерге жатады.

(Н. Уәли.)

104-тапсырма. ▲ Мына сөздерден тілдік қолданыста кейіндеп қалыптасып, тілдік нормаға еніп келе жатқан сөздерді теріп жазыңыз. Мағыналық түсінік беріп, тілімізде қандай жолдар арқылы қалыптасқанына өзіндік талдау жасаңыз.

1. Ардагер. 2. Бала. 3. Жұмысшы. 4. Еңбек. 5. Еңбекқор. 6. Егін. 7. Төлімгер. 8. Тыңгер. 9. Тың жер. 10. Баспа. 11. Баспагер. 12. Жеті қат аспан. 13. Ғарыш. 14. Ғарышкер. 15. Лездеме. 16. Бағыт. 17. “Ата жұрт” атты айдармен беріледі. 18. Теледидар. 19. Ақсақал. 20. Зейнеткер. 21. Хабар. 22. Хабарлама.

105-тапсырма. ▲ Мына жаңа сөздерді құрамына қарай талдап, жасалу жолын түсіндіріңіз. Тілімізге қалай қалыптасқанын айтыңыз.

● Қазіргі күнде өзіңіз сөйлескенде, өңгімелескенде және теледидар көргенде жиі еститін жаңа сөздерді пайдаланып бірнеше сөйлем жазыңыз.

● Жаңа қолданыстағы сөздерге байланысты тест сұрақтарын құрыңыз.

1. Жадуал. 2. Зейнетақы. 3. Зейнеткер. 4. Тұғырнама. 5. Ереже, қағида. 6. Өкілеттік. 7. Дәйектілік. 8. Қаулы. 9. Баж салығы. 10. Альфшарт. 11. Кәсіпкер. 12. Кәсіпкерлік. 13. Ізашар. 14. Жекешелендіру. 15. Үкім. 16. Сыбайлас. 17. Бағдарлама. 18. Салым. 19. Жарнама. 20. Сөзтізбек. 21. Салауаттылық. 22. Бейнетаспа. 23. Қолжазба. 24. Өтемақы.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Әдеби тіл нормасы деген не?
2. Тілдік жүйе, тілдік дағды дегенді қалай түсінесіз, оның тілдік нормамен қандай байланысы бар?
3. “Тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікте болса, кейде өзара қайшылықта болып, күреске түседі” дегенді қалай түсінесіз?
4. Тілдік норма және сөз мәдениеті ұғымының байланысына түсінік беріңіз.

5. Қатаң нормадағы сөздер деп қандай сөздерді айтады? Мысалдар арқылы түсінік беріңіз.
6. Босаң нормадағы сөздердің өзіндік белгілерін атаңыз. Кейбір анализдерді (лексикаланған тіркестерді) мағына мәніне қарай орынды қолданбау және тілдік норма туралы айтыңыз.
7. “Тілдік норма және стиль” деген ұғымды қалай түсінесіз?
8. Сөздердің аяққы дауыстыны жоғалтып, тұйық, бітеу буынды сөз түрінде қалыптасуы не екеуінің қатар қолданылуы және тілдік норма туралы түсінік беріңіз. Бұлардың ішінде мағыналық айырым, стильдік рең алып, дербес қасиетке ие болатындарына мысалдар келтіріңіз.
9. Мәндес сөздер және әдеби тіл стильдері туралы айтыңыз. Сөздердің сөйлемдегі реңдік көркем мәні дегенге түсінік беріңіз, оның сөз мәдениетімен қандай байланысы бар деп білесіз?
10. Термин сөздердің қосарында жүретін ерекше экспрессиялы балама сынарлар деп қандай сөздерді айтамыз?
11. Экспрессиялы сөз қатарлары неліктен публицистикалық стильде кенінен қолданылады?
12. Қандай сипаттағы сөздерді жаңа қолданыстағы сөздер дейміз?
13. Тілдегі номинациялық бағыт, әрекет (тенденция) дегенге түсінік беріңіз. Қазақ тіліне әр нәрсені дербес атау (номинация) әрекеті төн екеніне мысалдар арқылы талдау жасаныз.
14. Жаңа қолданыстағы сөздердің қандай сөздіктерге тіркеліп, оқулықтарға енеді? Кейбір жаңа қолданыстағы сөздердің уақыт сызынан өтіп, тілдік қолданыста орынға түскенімен, сөздіктерге енбеуі, тиісті лингвистикалық әдебиетте көрсетілмеуі неліктен?

V. СӨЗ САПАСЫ

§22. СӨЗ САПАСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Кей адамдардың сөзі жұртты ұйғытып, тындаушылардың айызын қандырады. Ондай сөзді тындай беруден өсте ешкім жалықпайды. Ал қайсыбіреулердің сөзі әсерсіз, нәрсіз болып тындаушысын мезі етіп жібереді. Мұның өзі *сөздің коммуникативтік сапасы*, қысқаша айтқанда, *сөз сапасы* деген аса күрделі ұғыммен тығыз байланысты.

Сөз сапасы алдымен тілдік және тілдік емес (экстралингвистикалық) шарттарға тәуелді.

Сөз сапасының тілдік емес шарттары. Жұртты аузына қарата білетін шешен, әрине, нанымды, соны деректерге, логикалық қисынға сүйенеді. Жұрт білетін жайдан сөз қозғамайды. Сөйлейтін сөзіне, жазатын мәселесіне селқос қарамай, сөзін кімге арнап отырғанына мән беру — сөз сапасына тікелей әсер ететін аса маңызды жайттардың бірі. Небір мазмұны жақсы сөздер тындаушысын таппаса, желге кеткендей болады: сөйлеуші мен тындаушы арасында тілдік қарым-қатынас үзіле береді. Сондықтан сөйлеуші әрқашан тындаушыларының әлеуметтік бейнесін бағдарға алып сөйлейді: қарапайым шаруа адамдары ма, білімді, дайындығы жоғары адамдар ма, орта мектеп оқушылары ма, жоғары мектеп оқушылары ма, ауыл тұрғындары ма, әлде қала тұрғындары ма, ресми орта ма, бейресми орта ма, бастық па, бағынышты ма, жасы үлкен бе, жасы кіші ме, т.б. Қысқасы, тындаушыға қарай сөйлеушінің сөз тандауы, тілдік амал-тәсілдерді талғап қолдануы арадағы тілдік қарым-қатынастың үзілмеуінің, ойдағыдай жалғаса беруінің бірден-бір шарты болып табылады.

Сөздің коммуникативтік сапасы ойлау мәдениетімен де байланысты. Қасаң, таптаурын ойдан әсерлі сөз шықпайды. Сөйлеушінің тілдік бейнесі жұтан тартып тұрады. Өзгенің сөзін, немесе оқығаныңды есте сақтау арқылы ғана сөйлеу,

мазмұнын қайталап айтып беру сөз “тапшылығын” білдіреді. Ал естіген, оқыған, көрген нәрсенді терең игеріп, терең сезіне отырып қорытқанда, сіңіргенде, “өз дүниені” айналады. Ойға ой қосылады, ой байлығы сөз байлығына айналады.

Міне, бұл айтылғандар сөз сапасына тікелей әсер ететін тілден тысқары шарттар немесе тілдік емес факторлар.

Сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттар (тілдік факторлар). Сөздің қарым-қатынастық сапасының жоғары болуы, ең алдымен, тілмен тікелей байланысты шарттарға тәуелді. Атап айтқанда, сөзді әдеби тілдің нормасына сай қолдану, дәлме-дәл қолдану, талғап, саралап қолдану, бедерін тауып жұмсау, сөз арасын бөтен сөзбен шұбарламау, т.б. сөз сапасына төн тілдік шарттардың негізгілері. Мұндай талаптар сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тілдік қарым-қатынастың үзілмеуін, беки түсуін қамтамасыз етеді.

Сөздің жұртшылықтың бәріне ортақ айтылу нормасы, жазылу нормасы, мағыналық (лексика-семантикалық) нормасы бұзылып жатса, немесе сөз жұтаң тартып тұрса, сөз арасында бөтен, бөгде сөздер, мазмұны төмен қарадүрсін, қарабайыр элементтер жүрсе, мұндай сөздің тыңдаушыға оң әсер ете қоюы екіталай. Сөз бұрыстығы (нормаға сай болмауы), тіл жұтаңдығы, тіл шұбарлығы, тіл қасандығы — сөз сапасына теріс әсер ететін қолданыстар. Сөздің коммуникативтік сапасын төмендететін мұндай жағымсыз құбылыстар, әдетте, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысқа кері әсерін тигізеді.

Сөйлеуші сөзі тыңдаушысын, сондай-ақ қағаз бетіне түскен сөз оқырманға ықпал етіп, селқос қалдырмаса, арадағы байланыстың үзілмей беки түсуін қамтамасыз етсе, сөз сапасының жоғары екенін көрсетеді. Керісінше, сөйлеушінің сөзі немесе жазба сөз кедір-бұдыр болып, тыңдаушысын, оқырманын “алаңдата” берсе, яғни арадағы байланыстың үзілмей “беки” түсуін қамтамасыз ете алмаса, селқос қалдырса, сөз сапасының төмендігін көрсетеді. Кейде өзара еңгімеде сөзін “селт етпей тыңдадық”, “ұйып тыңдадық”, “бас көтермей оқып шықтық” деп мақтап жатады. Шынында, мұндай пікір — сөз сапасына берілген. Субъективті баға, яғни сезім арқылы берілген баға. Қазіргі кезде сөз мәдениеті деп аталатын пән сөз сапасын ғылыми негізде, ғылыми тұрғыда объективті бағалауды қарастыра бастады. Бұл ретте *сөз дұрыстығы, сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз әдеби* дегендер сөздің коммуникативті сапасын көрсететін белгілер болып табылады.

Тақырып бойынша тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Сөз сапасы деген ұғымға түсінік беріңіз.
2. Сөз сапасы қандай шарттарға тәуелді болады?
3. Неліктен сөйлеуші әрқашан тыңдаушылардың әлеуметтік бейнесін бағдарға алып сөйлеу керек? Тақырыпқа сүйеніп түсінік беріңіз.
4. Сөздің коммуникативтік (қарым-қатынастық) сапасы ойлау мәдениетімен байланысты дегенді қалай түсінесіз?
5. Сөз сапасына әсер ететін тілдік емес шарттарға (факторларға) нелер жатады?
6. Сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттар мен факторлар туралы айтыңыз. Оларға қандай нәрселер жатады?
7. Сөздің коммуникативтік сан белгілеріне нелер (қандай ұғымдар) жатады?

106-тапсырма. ■ Мәтінді көшіріп жазыңыз. Сөздің коммуникативтік сапа белгілерін білдіретін ұғымдарға талдау жасаңыз.

- Өр сөйлемдегі тыныс белгілерге түсінік беріңіз.
- Мәтін неге “Сөз тапқанға қолқа жоқ” деп аталған. Қарамен жазылған сөз тіркестерінің синонимін жазыңыз.

Сөз тапқанға қолқа жоқ

Мәңке бидің үйіне арық құнанына мініп Сырым бала келеді. Баланы көзге ілмеген би: “Балаға айран әкел”, — деп, ет бергізбепті.

Таңертең семіз қызыл тұсақтың үйелеп өліп қалғанына қайғырған Мәңке:

— “Құтты қонақ қонса, қойы егіз табады: құтсыз қонақ қонса, малын қырсық шалады” деген, қызыл тұсақ үйелеп өліпті. Бала, құтсыз қонақ болдың. Енді үйімнен кет, — деп ызғар шапсады. Сонда Сырым бала:

— Олай болмас: “Құтты қонақ қонса, малы өліп, басы аман қалады: құтсыз қонақ қонса, өзі өліп, малы иесіз қалады” деген, менің қандай қонақ екенімді өзіңіз біліңіз, — депті.

(“Сөз тапқанға қолқа жоқ” кітабынан.)

107-тапсырма. ■ Мына сөздердің сөз сапасының тілдік, тілдік емес шарттарына (факторларына) қандай қатысы бар деп ойлайсыз? Тақырыпқа сүйеніп ауызша талдау жасаңыз.

● Ат тергегенде қыз балаға, ұл балаға айтылатын сөздерді бөліп жазыңыз.

1. Еркежан. 2. Кекілдім. 3. Шырақ. 4. Қара көз. 5. Айдарлым. 6. Шырайлым. 7. Еркем. 8. Тетелес. 9. Төре жігіт. 10. Бикеш. 11. Мырза жігіт. 12. Шырақ.

108-тапсырма. ■ Мәтінді көшіріп жазыңыз. Мәтіндегі тілдік қолданыстардан сөздің қарым-қатынастағы қандай сапа белгілерін, тілдік, тілдік емес шарттарды (факторларды) байқауға болады? Ауызша түсінік беріңіз.

● Ат тергеу мағынасында айтылған сөздерді теріп жазыңыз. Соларға мөндес сөздердің қатарын түзіңіз.

1. Сондай қайын ата алдында өзін еркін ұстап үйренген, шай құйып отырған ажарлы, ашық жеңге Күләйім бір сөт Дәмежанға күле қарап алды да: — Байқа, еркемді ел жаққа жібермей қойсақ, өзің салған қоршаудан өзің өте алмай, екі көзің төрт болып жүрмесін, — деді сыңғырлай күліп.

2. Жеңелері жастай қала жағалап кеткен Дәмежанды “Төре бала” деп айтатын-ды. Тәңірім-ау, көптен ұмыт болып кеткен осы бір аяулы сөзді қайтадан естудің өзі қандай қымбат еді?! — Төре бала-ау, келіншегіңмен екеуің қалаға бардыңдар да, жатып алдыңдар ғой мүлде, — деді үлкен ағасы Сағымжанның әйелі Қамария (Қ. Жұмаділов).

3. — Тентегім, сен теріс айтып жатырсың! (М. Әуезов).

4. — Жанардың апасы-ау, қайдан таптың бұл қызды? — деп абысындары жабыла сұрап жатыр.

5. Алда айналайын Мырза аға-ай, жатқан жерің жанатта болғыр-ай!

6. Ойбу, жиен қыз-ау, осындай заманда адам меймандықта жүріп алар ма? (Ш. Мұртаза).

§23. СӨЗ ДҰРЫСТЫҒЫ

Сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау — сөз дұрыстығы деген ұғымды білдіреді. Сөз ақиқат өмірдегі белгілі бір затты, нәрсені, құбылысты меңзеп тұрады. Сөз — ақиқат өмірдегі белгілі бір заттың, нәрсенің, құбылыстың тілдегі “өкілі”.

Қазақ тілінде *самай* сөзінің *самай шаш*, *самайын қырау шалған* тәрізді орындарда жұмсалып, адамға байланысты қолданылатыны белгілі. Солай бола тұрса да біз автордың былай деп жазғанын оқимыз: “Баса киген түлкі тымағының екі самайына қалың қырау қатқан Өзен қария шанадан түскені болмаса, қозғалмай тұр” (*газеттен*).

Сөз дұрыстығынан жөнсіз ауытқудың мұндай түрлері тіл білмегендіктен емес, көбіне мұқиятсыздықтан болып жатады. Әдетте, *самай*, *желке* дегендер — адамға қарата айтылатын сөздер. Өлбетте тымақтың самайы, желкесі болмайтыны

белгілі. Адамға төн мұндай нәрселерді киімге таңу ақиқатпен үйлеспейді.

Әдетте, сөз әр түрлі ұғымды, заттар мен құбылыстарды дәл атап қана қоймайды, оларды бейнелеп те айтады. Тілімізде “аса көп мыңғырған мал” деген ұғымды *алалы жылқы, ақтылы қой* деп те бейнелі тіркеспен атайды: “*Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрі жемей ме иесі ұйықтап жатқан соң*” (*Махамбет Өтемісұлы*). Ал осындай бейнелі сөздер мен сөз оралымдарының мағына-мазмұнын қайсыбір авторлар тап басып дәл тани алмай жатады. Сондай тіл мүмкіндігінің бір мысалы мына төрізді: “*Шағын алаңға шықтым. Анадайдан бір отар ақтылы қой шашырай жайылып келеді*” (*журналдан*).

Әдетте, *ақтылы қой* “есебіне сан жетпейтін, мыңғырған қой” дегенді білдіреді. Олай болса, бір отар қойдың есебіне сан жетпегені ме?

Тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тілдік қолданыстағы сөз дұрыстығы деген ұғым нені білдіреді?
2. Сөз және ақиқат өмірдегі зат, нәрсе, құбылыс ұғымына түсінік беріңіз.
3. “Сөз әр түрлі ұғымды, заттар мен құбылыстарды дәл атап қана қоймайды, оларды бейнелеп те атайды. Ал осындай бейнелі сөздер мен сөз оралымдарының мағына-мазмұнын қайсыбір авторлар тап басып, дәл тани алмай жатады” дегенді қалай ұқтыңыз? Тақырыптан мысал келтіріп, түсінік беріңіз.

109-тапсырма. ▲ Ғасырлар бойы қалыптасып, тұлғасы тұрақты сипат алған фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамын орынсыз өзгертіп, мақсатсыз ауыстыру тіл бұзарлыққа апарарды. Қазіргі кезде тұрақты тіркестердің, фразеологизмдердің құрамын мақсатсыз бұзып қолдану баспасөз беттерінде, радио, телехабарлар тілінде де ұшырасып отырады. Солардың бір түрін төменде арнайы көрсетіп отырмыз. Тұрақты тіркестердің “бұрыс” (сол жақта) нұсқасы мен “дұрыс” нұсқасын салыстырып жазбаша талдау жасаңыз.

Өтірікті судай араластырды — өтірікті судай сапырды.

Тасы тауға домалаған — тасы өрге домалаған.

Төсек жанартты — төсек жаңғыртты.

Аяқ киім тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда — өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда.

Күн бір жауса, ағаш екі жауады — күн бір жауса, терек екі жауады.

Отбасы шырқын сақтау үлкен парыз — отбасы шырқын бұзбау үлкен парыз.

Жанын шытқа түю — жанын шүберекке түю.

Қылтасы қалтырап — тізесі қалтырап.
Көлеңкесінен қалтыраған — көлеңкесінен қорыққан.
Жүрегіне мұзды су құйып жібергендей — төбесінен мұздай су құйып жібергендей.
Мұртын балта кеспейді — мұртын балта шапшайды.
Елмен көрген ұлы той — көшпен көрген ұлы той.
Абыройын айрандай ақтарып алды — абыройын айрандай төкті.
Жібек шығтай үлбіреген — жібек матадай үлбіреген.
Көңілі қайысты — қабырғасы қайысты.
Бір аяғын екі етікке тығып — екі аяғын бір етікке тығып.
Алақандағы аялысы — алақандағы аяулысы.
Хабарына кіріп шықпады — қаперіне кіріп шықпады.
Көздің жауһарын алады — көздің жауын алады.

110-тапсырма. ■ Мәтінді оқып, мағынасына мән беріңіз. Қарамен жазылған сөздер мен тіркестердің синонимдік қатарын түзіңіз. Синоним сөздерді мағынасына, рен мәніне қарай сөйлемде орынды қолдана білудің “сөз дұрыстығы” ұғымына қандай қатысы бар?

Қазақ халқы “Ұлдың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге” деп ұл-қыздарының **өнегелі** де **ұятты**, тәрбиелі де текті болуларына аса үлкен мән беріп, әрбір ата-ана бұл жауапкершілікті өздерінің **міндеті** деп санаған.

Ата-ананың сөзін сыйлап, оларға құлақ асу, пікірлес болу — отбасы тіршілігінің бір **ғанибеті** ғой, шіркін! Сол арқылы-ақ бала ата-анасының мерейін өсіріп, оларды өз ортасындағы төрге шығарады.

Бұны әрбір жан өзінің адамдық міндеті деп білуі керек. Ата-ананың сөзін **құлаққа ілмеген**, олардың **тәрдегі басын есікке сүйреген** баланы халық жетесіз дейді.

(“Әдептілік қағидалары” кітабынан.)

111-тапсырма. ■ Кейіпкерлердің тілдік қолданысындағы сөз дұрыстығына талдау жасаңыз.

● Нағашы сөзімен байланысты айтылатын туыстық атауларды жазыңыз. Өр сөйлемдегі тыныс белгінің қойылуына түсінік беріңіз.

Тасым нағашым манағы Берекет дегенін ертіп келді. Алдыңғы күні қонақта бірге болатын Берікболдың жұрағаты екенін айнытпай танырдай, сол құралыптас ұзын мойын, томпақ көз, жылтыр қара. Бірақ ана сабаздай қылжықбас, сөзуар емес, сөзге олақ екен.

— Менің өкемнің менен үлкен баласы мына “Жангелдіде”

совет еді, ол кісі бір неге кетіп... қолайсыз неге ұшырап... — деп келе жатыр еді, Төкен:

— Кім! Кім дейсің! — деп қайта сұрады.

— Менің әкемнің менен үлкен баласын айтам.

— Ағам демейсің бе, өй, құрғыр!

Берекет Төкеңе алаң-жұлан қарап, тұрып-тұрып тамағын кенеді.

— Айта бер, айта бер! — Нағашым ептеп демеген болды сасып қалған жігітті.

— Сол ауылдан Бекет келіп еді кеше... Менің әйелімнен туған, — деп келе жатыр.

— Өй, құры, құрығыр! — деп нағашым тағы да бөліп жіберді сөзін. — Мен-ақ айтайыншы.

(Берқайыр Аманшин.)

§24. СӨЗ БАЙЛЫҒЫ

Сөз байлығы — оралымды тілге қойылар талаптың бірі. Сөзі жұтаң адамның ойы да таяз тартып тұрады. Соның салдарынан мақсатсыз қайталау да көп болады. Орынсыз қайталау тілдің коммуникациялық сапасын күрт төмендетеді, ойды дәлме-дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болады да, аз сөзбен көп мағына беру қағидаты (принципі) бұзылады. Өйткені айтылатын ойға әр сөздің қосар мағыналық, эстетикалық, эмоциялық, т.б. реңктері болады. Ал бір рет айтылған сөздің сөйлем сайын мақсатсыз қайталануы беруінен мәтіннің танымдық мазмұны кемиді. Сондықтан сөз мәдениетіне ден қойған адам сөз байлығына ерекше көңіл бөледі. Халық тілі байлығын, сөз мағынасының қыр-сырын игеруді жұртшылық, ең алдымен, аса көрнекті қаламгерлерден, тіл нақшы келісті сөз зергерлерінен үйренеді.

Олай болатыны түсінікті де. Өйткені сөздің аса мол кені, небір шұрайлы үлгілері көркем әдебиетте (өлең, жыр, эпос, дастан, әңгіме, повесть, роман, т.б.) жинақталған. Мысалы, М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларында сөздің саны 30 мыңнан асады. Жазушы “Абай жолында” 16983 сөз қолданған. Мұндай деректі өзге де әйгілі қаламгерлер тілі жайындағы статистикалық деректермен салыстырып көрсек, цифр сыры ашыла түседі. А.С. Пушкин өз шығармашылығында — 21197, В. Шекспир 15000 сөз қолданған. “Абай жолы” эпопеясында 1 және 2 рет қолданылған сөз саны — 8698, Пушкин шығармаларында мұндай жиіліктегі сөздің

саны — 9301, Мамин-Сибиряктың “Приваловтар миллионы” романында 11283 сөз қолданыс бар. 1, 2 рет қолданылатын сөз саны — 7312.

Бұл — тіл байлығы деп аталатын коммуникациялық сапаның объективті құбылыс екендігін көрсетеді. Жоғарыда айтылған өңгімеге қарағанда, тіл байлығы тек лексикамен ұштасып жатады деуге болады. Шынында, солай болғанмен, тіл байлығы деген ұғым сөздің лексика-фразеологиялық топтарын ғана емес, ана тілінің синтаксистік, морфологиялық жүйелерін де қамтиды. Тек лексикасына қарап кез келген мәтіннің тілі бай деуге болмайды. Тілдің морфологиялық, синтаксистік амал-тәсілдері, лексикалық қазынасы бір-бірімен астаса, ынтымақтаса, тіл табыса келіп, тіл байлығын құрайды.

Бұл айтылғандардың бәрі әдеби тіл арнасының ішінде тек көркем әдебиет стиліне қатысты болып көрінуі ықтимал. Шындығында, сөз байлығы жөнінде көркем әдебиет пен публицистикалық стильдерге қойылатын талапты әдеби тілдің ғылыми, кеңсе стилі тәрізді салаларына қойылатын талаппен бірдей деп қарауға болмайды. Әдеби тіл арналарының ішінде тіл байлығын аса керек ететін сала — көркем әдебиет. Ал ғылыми стиль немесе кеңсе стилімен салыстырғанда, сөз молдығы — публицистикалық стильге аса қажетті сапалардың бірі. Іскери сөзде, іс қағаздарында сөз байлығынан гөрі стандартты қолданыстарды қатаң сақтау, кеңсе стиліне тән сөздер мен грамматикалық формаларды талғай білу, ресми қолданысқа тән синтаксистік құрылымдарды меңгеру алдымен ауызға алынады. Әрине, сырт қарағанда, тіл байлығы тек жазушы немесе журналистерге ғана қойылар талап тәрізді көрінуі де мүмкін. Алайда қолына қалам, қағаз ұстамайтын, белгілі бір ұжымнан тыс қоғам мүшесі жоқ. Оның да іс-әрекеті қоғамдық өмірдің сан алуан саласына тәуелді. Діқан, малшы, жұмысшы, ғалым, жазушы, дәрігер, мұғалім, т.б. өз ұжымдарында немесе микрофон, телевизия, газет, журнал, кітап тәрізді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өз ойлары мен іс тәжірибелерін, пікірлері мен тұжырымдарын, ұсыныстарын көпшілік талқысына салады. Сол айтарын сөз байлығы арқылы әсерлі, жатық тілмен жеткізсе, көпшілік жүрегіне жол табады.

Сонымен, сөз байлығы деген сапаның стильдік тармақтардағы көрінісі әр түрлі болғанымен, қоғам мүшелеріне

қойылар талап бірдей. Тіл байлығы — сөз сапасының аса маңызды құрамдас бөлігі. Әдетте, жеке адамның сөз байлығы (шамамен 8—10 мың сөз) жалпыхалықтық тілдің байлығы деген ұғыммен ұштасып жатады.

Тілдегі сөздер аспан әлеміндегі жұлдыздар тәрізді. Жарығы бар, көмескісі бар, қас-қағым сәтте пайда болып, қас пен көздің арасында ғайып болатындары бар... Қазақ тіліндегі сөздердің саны қанша? Оның дәл санын ешкім айта алмайды. Ешбір тілде сөздің санын математикалық дәлдікпен айту мүмкін емес. Бірақ тіліміздегі сөздердің мыңдап, жүз мыңдап саналатыны белгілі. Әр түрлі заттар мен құбылыс атауларын білдіретін сөздерді мол қамтыған, жіпке тізгендей саралап берген сөздіктердің өзінде сөз саны жарты миллионға жетпейді, ерекшелігіне қарай толық сөздіктің өзінде кісі аттары, фамилиялары, жер-су атаулары, тым тар өрісті терминдердің қамтылмай, шеткері қалып қоятындығы белгілі. Оның үстіне кейбір сөздердің 20—30-дан астам мағынасы бар. Сөздің контекстегі мағыналық қырларын түп-түгел қамтыған сөздік лингвистика тарихында әлі жасала қойған жоқ. Кейде тілді теңіздей терең деу оның осындай сарқылмас байлығына байланысты айтылса керек. Егер ұшан-теңіз байлыққа ие тілден керегімізді алып, кәдемізге жарата білуге дағдыланбасақ, сөз жоқ, тіліміз (сөз қолданысымыз) жұтаң тартып тұрар еді.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Ойды мазмұнды жеткізуге қандай нәрселер кедергі болады?
2. Халық сөз байлығын, сөз мағынасының қыр-сырын білуді ең алдымен, кімдерден үйренеді?
3. “Сөз байлығы” деп аталатын коммуникациялық сапаның объективті құбылыс екенін неден байқауға болады?
4. “Сөз байлығы” деген ұғымды тіл білімінің қандай жүйелері құрайды?
5. Сөз байлығы көбіне жазба тіл стилінің қайсысынан нақты байқалады деп ойлайсыз?
6. Іскери сөз және іс қағаздарында қандай тілдік белгілер басым болады?
7. *“Тілді теңіздей терең деу оның осындай сарқылмас байлығына байланысты айтылса керек”* деген сөйлемге тақырыпқа сүйеніп түсінік беріңіз.

112-тапсырма. ▲ Аң атауларын және сол атауға берілген анықтаманы мұқият оқып шығыңыз. Жыртқыш аңдарды білдіретін атауларды бір бөлек, қоныр аңдарды (жыртқыш еместерді) білдіретін атауларды бір бөлек теріп жазыңыз. “Жыртқыштар”, “қоныр аң” деп тақырып қойыңыз. Тақырыпты өзіңіз білетін аңдардың атауларымен толықтырыңыз.

Аң атаулары

Қарсақ — терісі үшін ауланатын аңдардың бірі. Дене тұрқы 50—60, құйрығы 25—30 сантиметр, түлкіге қарағанда құлағы үлкен, тұмсығы сүйір келеді.

Қашыр — ертеректе есек пен жылқыны шағылыстыру жолымен алынған, жұмысқа көнбіс, төзімді жануар. Оған қажеттіліктің жоқтығынан бүгінде ол өсірілмейді.

Қара күзен — оны кейде су күзені деп те атайды. Сусар тұқымдасына жататын, бағалы терісі үшін ауланатын аң. Қоры мол.

Қарақал — мысық тұқымдасына жататын жыртқыш. Арқасы қоңыр сары, бауыры ақшыл сары келеді. Дене тұрқы 85 сантиметрдей, биіктігі 45 сантиметрдей болады. Қызылқұмның оңтүстігін мекендейді.

Қарақұйрық — қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын аша тұяқты аң. Жыл маусымына байланысты қоныс аударады, еті, терісі үшін ауланады.

Қолтырауын (крокодил) — аллигаторлардың бір түрі. Қазақстан жерінде ерте заманда өмір сүріп, құрып кеткен бауырымен жорғалаушы.

Қонжық — аюдың баласы. Туғанда салмағы 500 грамдай болады, бір айдан кейін көзін ашады, үнгірден пыққанша жай өседі, кейін тез жетіледі.

Қодық — құланның баласы.

Қодас (як) — қуыс мүйізді, күйіс қайыратын мал. Басы үлкен, мүйізі алшақ. Төзімді, күшті мал. Тұрқы сиыр шамалас болады. Сүті, терісі, еті пайдаланылады.

Құлтеке — киіктің текесі, 10—15 жыл жасаған соң мүйізі түсіп, орнында түбі жуан тұқылы қалады. Бұл текенің бойы серейіп, мойны жуандап, әукесі салбырап іріленіп кетеді. Мұндай киік текесін қазақ *құлтеке* немесе *қумүйіз* дейді.

Қорықбас — киіктің бір жасар текесі, мүйізі сынық сүйемдей ғана шығады.

Құралай — киіктің лағы. Туған сағатында-ақ жүре бастайды. Киіктер төлдей бастаған кезде көкек айының аяғы мен мамырдың басында кенеттен күн суытып, қар аралас жаңбыр жауады. Халық оны *құралайдың салқыны* дейді.

Құлжа — арқардың қошқары. Үйірін қауіп-қатерден қорғап жүреді, өте сак. Қойдан әлдеқайда ірі келеді.

Құдыр — қабырға тұрқы шағын кішкентай аң. Оның аталық безінен алынатын мускус парфюмерия өнеркәсібінде

аса бағалы шикізат болып есептеледі. Құдыр кей жерлерде қолға үйретіліп, фермада өсіру ісі өріс алуда.

Құну — сусар тұқымдасына жататын борсыққа ұқсастау терісі бағалы жыртқыш. Денесінің тұрқы бір метрдей, салмағы 25—32 килограмм. Бүйір тұсында иығынан құйрығына дейін ақшыл сары немесе қызыл қоңыр жолағы болады. Республикамызда тек Оңтүстік Алтайда кездеседі.

Құндыз — сүт қоректілерге жататын терісі өте бағалы, кәсіптік тұрғыдан ауланатын кеміргіш. Сусар тұқымдастарға жатады. Арқасы мен құйрығы жылтыраған қоңыр. Суда тіршілік етеді. “Құлан — қырда, құндыз — суда” деген мәтел содан қалса керек. Дене тұрқы 60—70 сантиметрдей болғанымен, өте батыл әрі күшті. Бір қызығы өзеннің тік жарынан суға қарай сырғанауды ұнатады.

Құлан — тақ тұяқтылар отрядына жататын жылқы тұқымдас жабайы жануар. Шоқтығынан биіктігі 130—150 сантиметрдей. Тұқымы құрып бара жатқанымен Қазақстанда құланды жерсіндіру жүргізілуде.

Мәулен — жолбарыстың күшігі.

Мәлін — мысық тұқымдас, тек одан сәл үлкендеу, терісі бағалы аң. Жонында және төбесінде үлкен қара қоңыр теңбілдері болады. Суға жақын жерді мекендейді.

Саз кәмшат (нутрия) — терісі әдемі, мықты, әрі жеңіл келетін ірі кеміргіш аң. Денесінің ұзындығы 50—80 сантиметрдей, үлкен егеуқұйрыққа ұқсайды. Құрлықта да, суда да тіршілік етуге бейім.

Сусар — өзі аттас тұқымдасқа жататын жыртқыш сүт қоректілердің бір туысы. Бұлғын мен сусар буданын қидас деп атайды. Терісі бағалы.

Сілеусін — мысық тектес ірі жыртқыш. Дене тұрқы бір метрге жуық, бойы үлкен иттердей. Түсі ақшылдау, бауырынан сәл жирен теңбілі білінеді. Ұрғашысын ілбіс дейді. Құлағында шошақталған қара қылшығы болады. Нашар жүгіреді, алайда қимылы өте шапшаң айлакер.

Тарпаң — көдімгі жылқының жабайыланып кеткен түрі, тұқымы өте аз. Сирек кездеседі.

Үстірт қойы (муфлон) — жабайыланып кеткен қой тұқымы.

(“Білім және еңбек”. 1984 ж. №9.)

113-тапсырма. ● Сырға атауларын көшіріп жазып, әр атаудың тұсына анықтамасын жазыңыз.

▲ Асыл тас атаулары кездесетін өлең-жырлардан мысалдар келтіріңіз. Кісі есімдерінде кездесетін асыл тас атауларын көрсетіңіз. Олардың неліктен жалқы атаулық (ономастикалық) қызмет атқарып тұрғанына тоқталыңыз. Жалпы атаудың жалқы атауға айналу себебін түсіндіріңіз.

Сырға атаулары

Айбалта сырға, ай сырға, айшық сырға, айшықты сырға, ақық сырға, алқа сырға, алтын сырға, аттық сырға, гауһар сырға, жапырақ сырға, жез сырға, жұмыр сырға, зер сырға, зере сырға, иықты сырға, төбе сырға, ұзын сырға, үзбелі сырға, үкі аяқ сырға, үш буынды сырға, үш шолпылы сырға, шарбақ сырға, шұжық сырға, шілтерлі сырға, иінді сырға, көз сырға, күмбез сырға, күміс сырға, күпек сырға, қоза, қозалы сырға, қоңырау сырға, құмған сырға, қыспа, маржан сырға, сабақ, сабақты сырға, салпыншақ сырға, зер (таза алтын) сырға, сирақты сырға, сиыршық, собық, сона, сонақ, сояу сырға, сірге, сіркелі сырға, т.б.

Асыл тастар

Гауһар, маржан, інжу, жақұт, лағыл, моншақ, зүбержат, алмас, феруза, меруерт, замартас, иешім тас, көрібтас, мөлдір тас, мәрмәр, сутас, табас, дәурия, ақтас, ақық.

114-тапсырма. ▲ Мәтіндегі мезгілдік мағынаны білдіретін атауларды теріп жазыңыз, олардың ішінен көнеленген сөздерді көрсетіңіз. Жеке сөз арқылы және тұрақты тіркес арқылы жасалған шақ атауларын бөлек-бөлек жазыңыз.

■ Осындағы бір атауды (таң, таң шапағы, сөске, бесін) тақырып етіп алып, шағын шығарма жазыңыз.

Тәуліктегі шақ атаулары

Қазіргі кезде тәуліктің шақтары сағат тілімен өлшенетіндігі белгілі. Күнделікті тұрмыста мезгілді көбіне сағат бойынша айту дағдыға айналды. Алайда сағаттың тұрмыста қолданыла бастағанына айтарлықтай көп уақыт бола қойған жоқ. Олай болса, сағат сыртылына дейін, тіпті одан көп бұрын, тәулік қандай шақтарға бөлініп, олар халық тілінде қалай аталды?

Таң. Қазіргі тіл қолданысымызда *таң атқанда, таң құлан иектегенде, таң бозарып атқанда* деген тіркестер бар. Ал халық тілінен таң мезгілін білдіретін сөздің бұдан басқа да небір түрін кездестіреміз. **Таң сімірі.** “Төбеден жүлдыз

ауғанда, таң сімірі жауғанда” (“Төрехан батыр”). **Ереуіл таң.** “Шолпан жүлдыз батқанда, пәленің алды қайтқанда, **Ереуіл таңдар атқанда, қызара келіп күн шықты**” (“Ер Қосай”). **Көгала таң.** “Желпіндіріп ту байлап Ерлерім тұрды ат сайлап, көгала таң болғанда” (Қашаған Күржіманұлы). **Рауан таң.** “**Рауан таң біліне, жемісті сайдың, бойына бастап келді оленді**” (“Құрбыаұл”).

Сөске. Мәл. Күн ұясына көтеріліп, қыза бастаған шақтан сөске басталады. Сөске мезгілді байырғы жырларда *сөске маһал* деп атайтындығын ұшыратамыз: “Сөске маһал болғанда, қыз іздеген Төлеген көшкен бір елге жолықты” (“Қыз Жібек”). Мұндағы маһалдың мағынасы — “кез, шақ”. Маһал сөзі дыбыстық өзгеріске ұшырап, кейбір тұрақты сөз тіркестерінің құрамында мәл түрінде айтылады. Мысалы, Жасы мәлден өтті.

Жасында анық сұңқар болғаныңыз,

Дариядай жігіт күнде толғаныңыз.

Сыпырып жас кезінде ілсең-дағы,

Тұғырға мәлден өтіп қонғаныңыз (Мұсабек Байзақұлы.

“Манат қыздың хаты”).

“Келіпін сексен үшке **мәлден өтіп.** Берсе көзі Алланың көрмей жүр ме?” (“Қозы Көрпеш—Баян сұлу”). Мәлден өтті, жасы мәлден өтті деген сөз орамы “белгілі бір кезден, шақтан өтті” дегенді білдіреді. Мұндағы кез, шақ байырғы әдебиетте “алпыс үш жас” дегенді аңғартса керек. Ертеректегі қазақ салтында мүшел жасты да (13, 25, 37, 49, 61, т.б.) қасиетті деп есептеген. Сондықтан мүшел жастың біріне толған адамды “тым алыс сапарға шықпайды”, “көзсіз төуекелге бармайды”, “қауіп-қатерден сақтанып жүреді” деп отырады. Немесе мүшел жасты тура атамай орағыта айтқан. Бұлбұл үнді Біржан салдың ақын Сарамен айтысында “*Адымым күні бүгін қалыбында, Екі жыл отыз беске келгеніме*” деуінде, бәлкім осындай сырдың болуы да ықтимал. Өрине, санды тура атамаудың бұдан да өзге орайлары бар. Мысалы, ақ берен Есет Қараұлының (1779—1860):

Назданып аяқ көсілген,

Сылдырап белін шешінген,

Алма мойын арудың

Ажары кетер бетінен

Екі он бестен жасы өтсе, —

деуі сөз ажарлаудың айрықша тәсілі.

Сәске мезгілінің өзін халық бірнеше шаққа бөледі. Күн уясынан құрық бойы көтерілген шақ — сәске немесе *ерте сәске*. Бұдан кейінгі мезгіл — *ұлы сәске*. Ұлы сәске — *қан сәске* деп те аталады. Еліміздің батыс аймағында тәуліктің осы мезгілін білдіретін *сиыр түсі* деген атау қолданылған:

Жайылған атын алдырып,
Үстіне тұрман ер салып,
Сиыр түсі болғанда,
Сағыздан өтіп заң салды (*Ығылман Шөреков*).

Түс ауды. Күннің тас төбеден ауған сәті. Түстің қайтқан сәтін *түс қыңды*, *түс қиды* дейді. “*Ойлағандай, түс қия берген кезде көрші ауылдан қайтқан қауыммен тағы бір хабар әкелді*” (*М. Әуезов. “Абай жолы”*).

Әдетте, ертеде, шаруа адамына түске дейінгі шақ, сірә, тым ұзақ көрінсе керек. “*Күн түске дейін көк өгізге мінеді, түстен кейін қара жорғаға мінеді*” (*Куфтин Б. А. Календарь...*) дейді халық. Бұл — түстен кейінгі уақыт тез өтеді дегені. “*Күйеуі келсе қыз тұрмас, бесін келсе күн тұрмас*” мақалдың да мазмұны осыны аңғартады.

Бесін. Түстен кейінгі шақ — *бесін*. Әрине, *бесін* атауын сыртқы ұқсастығына қарап бес сөзіне қатысты деуге болмайды. *Бесін* сөзі түркі тілдеріне парсылардан ауысқан деуге болады. Парсы тілінде *пишин* “түс мезгілі”, *намаз пишин* “бесін намаз” дегенді білдіреді.

Халық тілінде *бесін мезгілін* екі шаққа бөліп атайтындығын байқаймыз. Бірінші — *ұлы бесін*.

Жырларда кездесетін *айна бесін* осы “ұлы бесінмен” мағыналас деуге болады. “*Әлде өтірік, әлде рас, мен жоқ едім қасында, Айна бесін болғанда, батырың елге құлады*” (“*Ер Қосай*”). Екінші — *кіші бесін* — бесінге қатысты тағы бір атау — *қожа бесін*. “*Қожа бесін болғанда, Қобыландыдай батырың бір төбеге барады*” (“*Қобыланды*”).

Екінді. “*Екіндіде елге сүйкімді қонақ келеді*” дейді қазақ мақалында. *Бесін* ауып, күн батуға таянған шақ — *екінді*.

Солмай ма көктемдегі әдемі гүл,
Оңбай ма бетке біткен әдемі түр?
Еңкейіп *екіндіге* күн құласа,
Көріксіз көрінбей ме дүние бір (*Жамбыл*).

Халық тілінде *екінді* мен жарыса қолданылатын сөздің бірі — *намаздыгер*. Діни салт бойынша оқылатын үшінші

намаздың аты есебінде қолданылған бұл сөз де ертеректе мезгіл, шақты білдіретін атауға айналған. *Намаздыгер* мезгілін Шу бойында *дігер намаз шағында* деп те атайтындығын кездестіреміз.

Күн байығаннан (батқаннан) кейінгі мезгіл — *іңір, ымырт; ақшам, намазшам*. “*Іңірде жатқан ырыссыз қалар*” дейді халық мақалы. *Іңір* мезгілінің өзі *қызыліңір (қоңыріңір)* және *іңір қараңғысы* деп екі шаққа бөлінетіндігі белгілі.

Намазшам. *Намазшам* діни салтта “төртінші намаздың” аты, парсы тілінде шам “кеш” деген мағынаны білдіреді. Бұл сөзді де шаруа адамы байырғы кезде мезгілді білдіру мақсатында қолданған. “*Намазшам мезгілінде бие ағытып, екі айғыр желі басында жатып қалды*” (“*Қозы Көрпеш — Баян сұлу*”). Кеш мезгіліне қатысты, оның шақтарын нақтылай түсетін *ымырт жабылды, шам жамырады, сам батты, ақсам батты*, т.б. тұрақты тіркестер бар. “*Ақсам батпай түн шықпас, ажал жетпей жан шықпас*” (Бұқар).

(Н. Уәли.)

115-тапсырма. ▲ Тест сұрақтарын шешіп, ауыспалы мағынада тұрған сөздерге мағыналық түсініктеме беріңіз.

1. “Ашық” деген сөздің ауыспалы мағынада қолданылып тұрғанын көрсетіңіз.

- А. Ашық есік
- Ә. Ашық жер
- Б. Ашық бөлме
- В. Ашық мінез
- Г. Ашық терезе

2. Ауыспалы мағынаны көрсетіңіз.

- А. Тал түсте төбесіне ат ойнатты.
- Ә. Дүниеде ат құмар адам көп болған.
- Б. Әскерлер жаттығу жасап, ат ойнатып жатыр.
- В. Ауыл ат бөйгесіне дайындалуда.
- Г. Ауыл ат соқамен жер жыртқан.

3. Ауыспалы мағыналы сөйлемді көрсетіңіз.

- А. Бала: “Құттөбет, айтақ!” — деп, жүгіріп шықты.
- Ә. Есбол итін айтақтап қуды.
- Б. Оларды айтаққа еліртіп, Оспанға қарсы салды.
- В. Қасқырлы жердің елі айтақшыл.
- Г. Шырақтарым, иттерді айтақтап, ысқырып қойындар.

4. Ауыспалы мағынаны көрсетіңіз.

- А. Анасының бетіне бала қарап жылайды.

- Ә. Ана кісіні танысың ба?
 Б. Ана қуанышыңда шек жоқ.
 В. Атаң мұнда анаңмен есен-аман.
 Г. Су анасы — бұлақ.
5. Сөздің тура мағынасын табыңыз.
 А. Алтын ұя мектебім.
 Ә. Өсектің ұясы қайда?
 Б. Көзі ұясынан шықты.
 В. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды.
 Г. Аққудың ұясы көл ортасында.
6. Сөздің тура мағынасын табыңыз.
 А. Ақша беті үлбіреп тұр.
 Ә. Үлбіреді, төгеді гүлдеп иісін.
 Б. Ол кезде үлбіреген қыз еді.
 В. Үлбіреген бір келіншек келді.
 Г. Сарғайған, өбден үлбіреп тозған қағаз екен.
7. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.
 А. Шелектер бұрынғысынан бес есе үлкейген.
 Ә. Көлемі үлкейді, қампиды.
 Б. Бекболаттың көзі үлкейіп барады.
 В. Дәрежесі үлкейген екен.
 Г. Атамның жасы үлкейді.

116-тапсырма. ▲ Автор екі шумақ өлеңді салыстыра отырып, қандай ой-пікір айтқан? Ақынның өрнекті сөз қолданысына талдау жасаңыз.

Ақын құбылысты қазақша көрген

Бүгінгі көптеген жас ақындардың өлең-жырларында мүмкіндігінше ұлттық ұғымдармен сөйлеуге, қазақы өрнектерге деген ынтызар ықылас барын байқамау, көрмеу мүмкін емес. Көзге оттай басылатын дәстүрлі жыр рухындағы көркем айшық, баламалар, текті тенеу, төл тынысынан айқын танылады.

Біз солдаттың немересіміз,
 Кеш келдік мына жарқын қоғамға,
 Жүрілмеген жатыр қанша жол алда,
 Біз көбіміз атамызды білмейміз,
 Біздер жайлы түк білмейді олар да.

Осы жолдардың өлең екенінде дауыңыз жоқ шығар. Ия, өлең. Рас, мақтауға да, даттауға да келмес. Кәдімгі құбатөбел шумақ. Осы өлеңнің, басқа тілге, аударылған қалпын елестетіп көріңізші...

Шашау пықпаған, қылы қисаймаған күйі өзге тілдің өрнегіне нақ-нақ түсер еді-ау. Өйткені ұғымда, тілде ұлттық, этникалық бедер жоқ.

Енді мына шумақтарға назар салыңызшы:

Балқып, жанып күн деген төстемірдің,
Зергерлікпен өң берді кешке бүгін,
Саулы інгеннің үрпіндей жұмсақ желге
Ботагөз — көл жаудырап тосты ерінін.

Мүлде басқа кеп! Жер мен көктей, от пен судай парық. Ең алдымен, мұнда сурет, бейне бар (қағида: образдылық — өлеңнің басты қасиеті). Екіншіден, бұл жай сурет емес, көз қарықтырған қазақы нақыш. Ақын құбылысты қазақша көрген. Өрнекті тілдің күдіретімен көңіл айнасына жалпыға ортақ табиғаттың бір сәтін қазақ жанарының сәулесіне шағылған көркем келбет кескінімен түсірген, халқымыздың ежелден бергі тұрмысына тән көріністі былай қойғанда (саулы інген, жаудыр көз бота), құбылысты бейнелеудің дәстүрлі, тамырлы, таза ұлттық өзгешеліктері көрініс тапқан.

(Тұрсынжан Шапай.)

§25. СӨЗ ТАЗАЛЫҒЫ

Тіл мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі — сөз тазалығы. Сөз тазалығы дегенде алдымен ойымызға оралатыны тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы. Бірақ әдеби тілімізде өзге тілдерден енген сөздер, тіпті сөз тудырушы қосымшалар да бар екені мәлім. Ондай құбылысты тіл-тілдің барлығынан дерлік кездестіруге болады. Өзге тілден сөз алмаған, ауыс-түйістігі жоқ “таза” тілдер кемде-кем.

Сөздердің мәдени лексика деп аталатын тобына жататын дәптер сөзі әуелде грек (*дифтера*) одан, иран тілдері (*дафтара*) арқылы түркілер мен монғол (*дэвтэр*), тибет (*девтһер*) тілдеріне тараған. Тілден-тілге “көшіп” жүретін “мәдени” сөздер, ауыс-түйіс терминдер тіл-тілдің барлығында дерлік кездеседі деуге болады.

Өзге тілден еніп, заңды түрде орныққан осы тәрізді сөздерден кейбіреудің дағдысына енген мүкістіктер (*остановкаға барамын, субботада келді, звонит ет*, т.б.) мүлде

басқа. Дағдының да дағдысы бар. Жұртшылық қабылдаған, тілде орныққан, норма ретінде танылған шет тілдік сөздің орны бөлек.

Ана тілге деген сүйіспеншілік, ыстық сезімнің лебі таза сөйлеуден де байқалып тұрады. “Ана тілің, қайткенде де, ана тілің болып қала береді. Жан-төніңді салып сөйлеген кезде, басыңа бірде-бір француз сөзі келе қоймайды, ал жарқылдата сөйлеуді қаласан, оның жөні бір басқа”, — дейді Л. Толстой. Бір тілден екінші тілге сөз енуі тәрізді ауыс-түйістердің болуы — тіл-тілде кездесетін құбылыс. Сондай-ақ мұндай ауыс-түйістік ұғымдарда да болады. Кейбір ұғымдар көшірме (калька) тәсілімен аударылып та алынады. Орыс тіліндегі *земледелие* сөзі, зерттеушілердің көрсетуінше, латын тілінен алынған көшірме (қазақша—*егіншілік*), ал *принять меры* француз сөзінің көшірмесі, (қазақша—*шара қолдану*), т.б. Тілімізде көшірме сөздің не бір түрлері бар: *қанатты сөз* (крылатые слова), *қарулы күштер* (вооруженные силы), *жартылай қорғаушы* (полузашитник), т.б.

Ел мен елдің аралас-құраластығы, қарым-қатынасының барысында бір тілден екінші тілдің сөз алуы, жаңа ұғымның пайда болуы тәрізді заңды құбылыстың шылауында ілесіп жүрген жөнсіз көшірмелер (калькалар) тіл тазалығына нұқсан келтіреді. Тіл мәдениетін сөз еткен мақалаларда *жарты арал* (дұрысы — түбек), *аналық қой* (дұрысы — саулық, саулық қой), *елу бас қой* (елу қой), *мал өсірушілер* (дұрысы— малшылар) тәрізді көзсіз көшірмелер тіл шұбарлау екендігі орынды көрсетіліп, дұрыс сыналып та жүр.

Көркем әдебиет, саяси публицистикалық әдебиетті тәржімалауда аудармашыларымыз, алдымен, халық тілінен дәлме-дәл балама іздейді. Әсіресе тұрақты сөз тізбектерін қазақшалауда олар калькаға орынсыз бара бермей, халық тілінен дәлме-дәл балама таба білді: *своя рука владыка* — қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса; *откладывает в долгий ящик* — сөз бұйдаға салу; *утопающий и за соломку хватается* — суға кеткен тал қармайды, т.б.

Аударма әдебиет арқылы тұрақталып, тілімізде тиянақ тапқан қолданыстардың қатары соңғы жылдарда: *тарих сахнасына шықты*; *екі арасын қытай қорғанымен бөліп тастауға болмайды*; *америка ашты* (ашқан жоқ); *екінші тыныс* (мартен пешінің екінші тынысы) тәрізді тұрақты тізбектермен көбейе түсті. Осындай тізбектерден тіл шұбарлайтын тіркестерді ажырата білу — сөз тазалығына

қойылар талаптың бірі. Кейінгі жылдарда тіл шұбарлайтын тіркестің мынадай түрлері ұшырай бастады: “*Ол түнгі тосқауыл рейдіне қатысушылардың қоғам мүлкіне қол сұғушыларды қалай су бетіне шығаратынын соңғы екі-үш жыл ішінде көп естіп те, оқып та жүрді*”; “*Бүкіладамзатқа келген қару ешқашан бір елдің ішкі ісі болмақ емес. Ондайды “ішкі іс” деп сылап-сипаушылар американа саясатының дірменіне жел береді*”, “*Қаламқас поселкесінің аумағы ат шаптырым. Көшпелі вагондар, егіз тамшыдай ұқсас үйлер*”, “*мәселені қабырғасынан қою*”, т. б. Осы мысалдардағы су бетіне шығару, дірменіне жел беру, егіз тамшыдай тәрізді тіркестер, сырты қазақша болғанмен, мазмұны қазақша емес. Оқырман автордың айтпақ ойын зорға түсінеді. Дұрысы: *Су бетіне шығару* емес, “бет пердесін ашу”; *дірменіне жел беру* “отына май құю”; *егіз тамшыдай* емес, “егіздің сыңарындай”. Тілімізде осы ұғымдардың дәлме-дәл атауы бола тұрса да, оны елеусіз қалдырып, өзге тілдегі бейнелі қолданыстарды көшірме сөзбен қазақпалай беру түсініксіз, тіпті түсінікті бола қойғанның өзінде әсерсіз, нәрсіз сөз тізбегін құр көбейте түсер еді. Мазмұн-мағынасы шалашарпылау ғана ұғынылатын, бедер, өрнегінен айырылған мұндай тіркестер сөз тазалығына мүлде жат элементтер.

Қазақ әдеби тілінің байып, өрленіп отыратын негізгі арналарының бірі — жалпыхалықтық тіл. Жалпыхалықтық тілдің бір түрі — диалект. Диалектизмдердің әдеби тілге қарым-қатынасы бір жақты ғана деп үзілді-кесілді айтуға болмайтыны белгілі.

Қазақ әдеби тілінің жалпыға ортақ қасиеті — тұтастығы, бірлігі. Бұл — ғасырмен өлшенетін ұзақ уақыттың жемісі. Ал оны елеп-ескермей, әркім өз аулына тарта сөйлесе, әдеби тілдің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тұтастығы мен бірлігіне нұқсан келмей ме? Ал бірлік, ынтымақ — ұлы күш. Міне, тіл тазалығы дегенді әдеби тілдің бірлігі мен тұтастығы үшін күрес деуге болады. Бірақ диалектизмдердің әдеби тілге қатынасының екінші жағын, аса мәнді жағын ескермеу әдеби тілді нәрлендіретін, байытатын арналы бұлақтың көзін жапқанмен бірдей көрінер еді. Тілден заңды түрде орын алуға тиіс ұғымдар, зат пен құбылыс атаулары әдеби тілде болмай жатса ше? Ондайда жергілікті сөздер әдеби тілдің керегіне жарап, мұқтажын өтеуі мүмкін. Бір кездері *егемен, мердігер, тәлімі жер, тәлімі бидай* дегендер жергілікті тіл аясында жүрген

болса, қазіргі уақытта бұл сөздер әдеби тілдің игілігіне айналды.

Әдетте, әдеби тілдің өзге тармақтарына қарағанда, көркем әдебиет тілінде жергілікті ерекшеліктерді, сөйлеу тілінің әдеби түрінен тысқары жатқан элементтерін қолданудың үлкен мүмкіндіктері бар. Мұндайда бейәдеби элементтер (әдеби тіл нормасы ретінде танылмаған шет тілдік сөздер, диалектизмдер, ауызекі тілге тән, қарабайыр сөздер) екі түрлі қызмет атқарады. Біріншіден, олар, ең алдымен, коммуникациялық қызмет атқарады (ойды хабарлау, сезімді білдіру, т.б.). Екіншіден, эстетикалық қызметте жұмсалады. Белгілі қаламгерлеріміз әдеби тілден тысқарылау жатқан бейәдеби элементтерді кейіпкер тілін даралау, тілдік мінездеме беру, персонаждардың білім дәрежесін, ой-өрісін, мәдени деңгейін көрсету, ауызекі тілге тән сипат беру мақсатымен эстетикалық жүк арта қолданады. Бейәдеби элементтерді уәжсіз, мақсатсыз қолдану сөз тазалығына нұқсан келтіреді. Өйткені *бойлай. бәткерде қылу. шекейін* дегендердің әдеби тілдегі баламасын толық бере алатын, жалпыға ортақ баламалары бар (*үнемі, әшкереледі. дейін. шейін*). Мұндай сөздер эстетикалық қызмет атқарып тұрса, онда әңгіме басқа.

Бейәдеби сөздердің көбіне диалогте қолданылуы да жайдан-жай емес. Шебер құрылған диалогтен оқушы түсінер нәрсе аз болмайды. Кейіпкер кім, ескінің көзі ме, жаңаның өзі ме? Білімі мен білігі қандай? Автор кейіпкердің аузына түзу сөз салып отыр ма? Әлде әдейі бейәдеби сөздермен бұра тарта сөйлетіп отыр ма? Қысқасы, қалауын тауып қолданса, кейіпкер тілінде кездесетін бейәдеби сөздер шығармаға әр береді.

Оқырман ондай шығарманың тілін сөз шұбарлау деп түсінбейді. Кейіпкер тілінің сипаты да әр түрлі. Олар бірде қысқа қайырым, диалогке құрылса, бірде кейіпкердің ой тербеп, сыр қозғайтын, сезім күйін ақтаратын толғаныстары арқылы да беріледі. Ондайда жазушы жергілікті тіл ерекшеліктеріне, сөйлеу тілінің әдеби түрінен тысқары жатқан өзге де тілдік амал-тәсілдерге жүгінуі мүмкін. Тәжірибелі қаламнан шыққан шығармаларда бейәдеби сөздер уәжді қолданылып, эстетикалық қызметте жұмсанып, жарасымын тауып жатады. Енді бір шығармаларда бейәдеби сөздерді мақсатсыз, уәжсіз қолданудан оқушы жасандылықты, кейіпкер табиғатына үйлесімсіздікті аң-

ғара бастайды. Әдеби журналдардың бірінде жарияланған бір повесте *нәyeti, кермалдасып, шеккі емес, бәткерде қылды, кеспір, үзір*, т.б. деп сөйлейтін кейіпкерді ұшыратасыз. Қазіргі заман жастарының аузына автор осындай сөз салып, “ерекше” сөйлеткен сайын, шығарманың шынайылығына оқырман күдік келтіре бастайды. Ой тұтастығы бұзылып, сөз шұбарланады. Сырт қарағанда, бейәдеби элементтерді қолданудың шарты бұзылмаған да сияқты. Бірақ оларды қисапсыз көп қолдану, орынсыз жұмсау сөз түйткілін көбейтеді.

Сөйлеуде немесе жазуда болсын әр сөз айтылар ойға, мазмұнға қатысты болып, мағыналық жүк арқалап тұруға тиіс. Бірақ кейбір адамдардың сөйлеу дағдысында сөз тазалығына нұқсан келтіретін, сөзді әсерлілігінен айыратын “қызметсіз” қыстырынды сөздер жиі кездеседі. Сөз арасында қыстырылып жүретін *жаңағы, нетіп, әлгі, мәселен, ал енді, сонымен* тәрізділерге аузы үйір адам тындаушысын мезі етеді. Әсіресе сөйлеушінің айтар ойы айқын болмай, өзі сөз етіп отырған жайын түсінігі бұлдыр болған кезде, сүреңсіз сөздер киліккіш келеді. Сөз тазалығын сақтауға талаптанған адам белгілі бір мәселе жөнінде өңгіме қозғамас бұрын сөйлейтінін кесіп-пішіп, ой елегінен өткізіп алып, жұрт алдына шығады. Тіл тазалығын сақтауға талаптанған адам сөз арасын ыбырсыта бермейді.

Тақырып бойынша тапсырмалар мен сұрақтар

1. Тілмізге басқа тілден орынды, орынсыз сөз ауысу, оның тілдік қолданыста дағдыға айналуы туралы пікіріңізді айтыңыз. “Дағдының да дағдысы бар” деген сөздің тіл тазалығына қандай қатысы бар? Тақырыптан мысал келтіріп талдау жасаңыз.
2. Аударма сөздер, аударма тіркестер, тұрақты тіркестердің тіл тазалығына қатысы туралы айтыңыз. “Тіл шұбарлайтын тіркестер” дегенге мысалдар арқылы түсінік беріңіз.
3. Диалект сөздер, олардың әдеби тілдің сапасын, байлығын, тазалығын сақтаудағы әсері қандай деп ойлайсыз? “Әдеби тілдің бірлігі мен тұтастығы” және диалект сөздер деген тақырыпта пікіріңізді айтыңыз.
4. Бейәдеби сөздер (элементтер) тілдік қолданыста қандай қызметтер атқарады? Көркем шығармада бейәдеби сөздерді (элементтерді) қолдану, ондағы олардың өзіндік орны туралы айтыңыз.

117-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, ғалымның қандай күрделі мәселе көтеріп отырғанына назар аударыңыз. Шет тілдік сөздерді ұзаққа қолданудың сөз сапасына тигізер жағымсыз әсеріне мысал келтіріңіз.

●Қазіргі кезде ана тіліміздің тазалығына нұқсан келтіретіндей қауіп бар ма? Үйде, көшеде, аулада, т.б. бейресми жағдайда сөйлескенде, өз тазалығына көңіл бөлесіз бе? Ойларыңызды ауызша баяндаңыз.

Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Бірақ күр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да түү басында біздікі секілді таза да, бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөздері қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық.

Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдарда оқып қайтқандарымыз да бар. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі анқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқыталаы. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. Жас балалар келешектегі бір буын халық. Бұрынғы қазақ арасына тарап жүрген қисса-хикаялардың бәрі ноғайша, арабша аралас тілмен жазылған. Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осындай топшылауға болады. таза деген қазақ тілі де күн бұрын сақталуына қас қылмасак — бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз.

(Міржақып Дулатұлы. 1915 жыл.)

118-тапсырма. ▲ Кейіпкерлердің сөз саптасын, сөйлеу мәнерін байқап, кейіпкерлердің сөйлеу мәдениетіне өзіндік талдау жасасын.

Таныстыру

Қамажай. Темірбек-ау мынауың... Күні бұрын неге айтпадың? Ұят боп қалды-ау, ә? Ылғи да асығыс. Тым болмаса телефонмен бір айта салсаң етті.

Темірбек. Ничего, ничего, мамуля. Қуаныш атаулымын ойда жоқта болғаны жақсы. Күні бұрын білген қуаныш қуаныш емес. Эффектісі аз болады. Ал, Сұлтан, бұл кісі менің әпкем, өзім мамуля деп атап кеткем. Мына қыз — қарындасым. Оның қасындағысы подружкасы. Екеуі институтта бірге оқиды.

Ал мына екі қыз Кемила және Светлана. Қазақша аты Сұлдухан. Аты не очень удачный ат. Сондықтан Светлана

деп кеткенбіз. Все мы уже знакомы, моя миссия окончена, теперь прошу за стол.

(Дулат Исабеков.)

119-тапсырма. ▲ Сөз тазалығы деген ұғымға қысқаша сипаттама жазыңыз. Сөз тазалығына нұқсан келтіретін шет тілдік сөздер, дерекі сөздер, әдеби баламасы бар жергілікті сөздер (диалектизмдер) төрізді жағымсыз колданыстарға мысал келтіріңіз.

● Төмендегі мәтінді оқып шығып, жеке адам мәдениеті мен сөз мәдениеті жөнінде жазбаша пікір білдіріңіз.

Ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін жоя отырып, ұлтбезерлік тудырады. Оны үкімет орындары адамгершілік жолына бөгет зиянды ауру деп тануы керек.

Қазақ мектебінде оқымағаннан кейін, қазақ балалары көшеде ойнап жүргенде де орысша сөйлеп, үй ішінде де ата-анасымен орысша былдырласып, осы кезде ана тілінен мүлде құры қалған жастар қалада көбейіпті...

Бір жігіттің үйленген тойында бес-алты 20 жастан асқан қазақ қыздары жалпы қазақтың ішінде өне бойы орысша сөйлесіп отырысты.

“Қыздар, қазақша сөйлемесендер, мен орысшаларына түсінбеймін”, — деген соң, жым-жырт, үндемей отырысты. Себебі қазақша сөйлей білмейді екен. Біреуіне сөз бергенде (жоғарғы кенестің қызметкері екен): “Жолдастар, конечно, мен қазақша хорошо не говорю, сондықтан извините меня я по-русски буду говорить”, — деп орысша сөйлегенде, орыс тілін тағы да өбден былтықтырды...

(Бауыржан Момышұлы.)

120-тапсырма. ■ Сөйлемдерді оқып, тілімізге басқа тілден орындалғанына сөз ауысуы оның тілшік қолданыста дағдыға айналуы туралы айтыңыз.

1. Дұрыс самочувствием, общие состоянием жаман емес.
2. Сіз почему рещеті бешірге калмедіңіз?
3. Мен сізге звонит еткен едім, но ответ болмалы?
4. Сіздің статьяңызды посмотрет етіп болған соң ғана, редакционная измененіе жасап, печатет етеміз.
5. Оған обязательно привет пердайт етіңіз.
6. Передаче береміз... сіздің тындағандарыңызға Е-ныңкы выступленіеңіз.
7. Мен оған удавається етем, мекін дошқам ете страшно билет.

“Бауыржан Момышұлы” кітабы.

(Б. Момышұлының тіл тазалығы туралы пікірлерінен.)

121-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, кейіпкер тілі және диалогтің көркем шығармада қолданылуы дегенге “Тіл тазалығы” тақырыбымен байланыстырып түсінік беріңіз.

● Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасаңыз.

Риза көңіл

Оның көкшіл көздері жылт-жылт етеді. Өзінен-өзі ыржиып күлген сайын аузы сынық сүйем үлкейетін тәрізді, езулері құлағына сөл-пөл ғана жетпей қалатындай. Мен атын сұраған соң, өзі жайлы шағын ақпар беру қажет деп тапса керек:

— Өзім микроауданда тұрам. Үйді былтыр алғам. Үш бөлме, сыңғырап тұр.

— Онысы тамаша екен, — дедім мен.

Ол тағы да дыбыссыз, ыржия күліп алып:

— **Былай тұрамыз, во!** — алақанының ішкі қырымен кеңірдегін көрсетті.

(*Мұхтар Мағауин.*)

§26. СӨЗ ҚЫСҚАЛЫҒЫ МЕН НҮСҚАЛЫҒЫ

Сөзді “қызметсіз” жұмсап, тіл шұбарлаудың тағы бір түрі бар. Ол біреуге байқалса да, біреуге байқала бермейді.

“Мал төлдету ісін шығынсыз іске асыруды қамтамасыз еттік”. Мұнай көзін іздестіру жұмыстары одан әрі жалғасын табуда” тәрізді сөйлемдерді радио, телевизия хабарынан кездестіреміз. Осындай тіркестерді “қызметсіз” сөздерден арылтып, етек-жеңін ықшамдап құруға болар еді. *Мал төлдету шығынсыз аяқталды.* Бұл — аудандағы ірі көрсеткіштің бірі, *мұнай көзін іздестіру одан әрі жалғастырылуда* деп, тізбекті басы артық тіркестерден арылтсақ, орны ойсырап калмайды... *Болып табылады, болып саналады, бірінен саналады* дегендер қызметсіз тұрған қыстырындылар. Сөйлемді әрдайым *болып табылады, болып саналады, бірінен саналады* тәрізді тіркеске құрудан гөрі, есім баяндауышқа аяқтаудың тиімді көрінетін кездері бар. Мұндай құрылымнан жинақылық байқалып тұрады. Ондай қасиетті сыралғы қалыптасқан мақал-мәтелдердің құрылымынан да байқаймыз. Мысалы, *“Сөздің көркі — мақал, жігіт көркі — сақал.* Осыны *“Сөздің көркі мақал болып табылады, жігіт көркі сақал болып табылады”* демес едік.

Аз сөзбен көп мағынаны жеткізу — сөз мәдениетінің бір

қыры. Бірақ қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес. Шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде ғой. Сонда ғана сөз қысқалығы тіл мәдениетінің мәнді бір қырына айналады. Француздың белгілі ғалымы, жазушысы әрі философы Блез Паскальдың “Провинция тұрғынына хат” шығармасында “Қысқа жазуға уақытым болмағандықтан хатты ұзыннан-ұзақ жазуға мәжбүр болып отырмын” деген екен. Шындығында, белгілі бір ойды ойсыратпай жеткізу, басы артық қолданыстардан сөзді арылттып отыру аз сөзбен көп мағынаны білдіру оңай емес, оған аз уақыт кетпесе керек.

Сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік төрізді қасиеттерді дағдыға сіңіре отырып, сіреспе тіркес, қызметсіз қолданыстардан сөзді арылта түсіп, айтар ойды икемді, орамды тілмен жеткізу тіл мәдениетіне қойылар талаптардың бірі. Ондайда кітаптағыдай сөз оралымын, сөйлем құрылымын беталды қолдана беруден гөрі сөйлеу тілінің ықшамдау тәсілдеріне де арқа сүйеу сөз алуандығын көрсетеді. Бастан-аяқ бір сарынмен сөйлемей, сөз алуандығына көңіл бөлу, шұбырынды сөз, сіреспе тіркес, “қызметсіз” қыстырындыларға жол бермеу — сөздің қысқалығы мен нұсқалығы деген сапаны аңғартады.

122-тапсырма. ▲ “Сөйлемді қызметсіз сөз, сіреспе тіркестерден арылтып, ықшамдап жатық құру” дегенге тақырыптан мысалдар келтіріп түсінік беріңіз. Мұның сөз сапасына қандай қатысы бар екенін дәлелденіз.

● “Қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес, шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде” дегенге әр түрлі шығармалардан, ұлы адамдардың қанатты сөздерінен, халық даналығынан (мақал-мәтелдер) мысалдар келтіріп, жазбаша түсінік беріңіз.

■ Ұлы ойшылдың қысқа да нұсқа даналық сөздерін көшіріп жазып, терең мағына мәнін айтыңыз.

1. Ер артық сұраса да, азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

2. Әкесінің баласы — адамның дұшпаны.

Адамның баласы — бауырың.

3. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.

4. Егер ісім өңсін десең, ретін тап.

5. Биік мансап — биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады.

6. Дүние — үлкен көл, заман — соққан жел, алдыңғы

толқын — ағалар, артқы толқын — інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.

7. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық, сақалын сатқан көріден, еңбегін сатқан бала артық.

8. Жаман дос — көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.

9. Досы жоқпен сырлас, досы көпшен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жоқ бол.

(Абай Құрманбайұлы.)

123-тапсырма. ▲ Тұрақты сөз тіркестерін қолдану арқылы ойды қысқа, сапалы, әсерлі етіп жеткізуге бола ма? Бірнеше мысалдар жазып, ойыңызды жазған сөйлемдеріңіз арқылы дәлелденіз.

■ Мәтінді көшіріп жазыңыз. Шешен бала байлық, бақ туралы қандай түйінді ой айтады?

Бөлтіріктің қартайған шағында ақыл сұрай келген бір жас жігіт:

— Ақ ата (Бөлтірікті жұрты осылай атаған), бақ кімге қонады? Бала ыстық па, байлық ыстық па? — дейді. Сонда Бөлтірік:

— Қарағым, байлық — қолға ұстаған мұзың емес пе, бақ — ол да ұшқан бір құсың емес пе, бала — артта қалған ізің емес пе?! Бәрінен жолдас-жораңмен, ағайын-туысыңмен, ел-жұртыңмен “сіз-біз” деп өмір сүргенге не жетсін. Осыларға жүрегің жылы болса, қайғың — күл, қуанышың — от! — дейді.

(“Шешендік сөздерден”.)

124-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, жазушының сөз ықшамдау ерекшелігіне назар аударыңыз. Мәтінде арнайы қолданылмаған, бірақ ой жүгірту арқылы айқындауға болатын сөздерді көрсетіңіз. Сол сөздерді қатыстыра отырып, ықшамдалған сөйлемді толық түрде жазыңыз. Мазмұнға зиян тигізбей сөз ықшамдаудың тілдік тәсілдерін көрсетіңіз.

Жауын күшейе түсті. Және селдетіп, бір қалыпты шүмектемейді. Үйіріліп, ұйтқи соғады. Арқаның ақ түтек бораны сияқты. Жоғарыдан ба, төменнен бе, оңнан ба, солдан ба, айырғысыз. Төңіректегі қалың ағаш түгілі, дәл түбінде тұрған жалпақ емен де пана таптырмады. Малмандай су болдық. Бірақ қозғалғамыз жоқ. Маған жауын жылы төрізденді. Ал Әлия топанға мүлде назар аудармаған сияқты. Анда-санда мана біз желден ықтаған, енді нөсерден

қорған болудан қалған кәрі еменді қақ айырардай айбатпен күн күркірейді. Әлияның жүзі көкала сөулеленеді. Бет-аузы тарам-тарам. Жаңбыр суы. Бәлки, мұны, әрине, кейін ғана ойладым, көз жасы. Жаңбыр тамшыларымен араласқан ағыл-тегіл көз жасы.

Мен күткен сөз айтылмады. Бірақ Әлияны кінәлаудан аулақпын. Бәрін көзбен, көңілмен жеткізді емес пе. Оның үстіне менікі — ойын. Әйтсе де көңілім басылып қалды.

Тұра бергенде мән жоқ. Қырсыққанда жаңбыр жауып, қараңғы түпкір сыр тарқатар жайлы мекен болмай шықты. Мен тонази бастадым. Әлия мүлде қалшылдап кетті. Бір төуірі, үй жақын.

(М. Мағауин.)

§27. СӨЗ ДӘЛДІГІ

Сөйлеудегі (сондай-ақ жазудағы) дәлдікті қалай ұғамыз? Әдетте, сөйлеушінің сөзіне риза болып, айызы қанған адамның “дәл айтты, тауып айтты” деп, өзгенің сөзіне баға беріп отыратын кездері бар. Рас, сөйлеуші өз ойын өзгелерге дәл жеткізе алмаса, жаңағыдай бағалаудың болуы да мүмкін емес. Сондықтан әсерлі айтылған сөзді “дәл айтты, тауып айтты” деп түйеміз.

Бұл — сөз дәлдігі жөнінде әдеттегі түсінігіміз. Мұнда нақтылықтан гөрі жалпылық басым. Ал сөз дәлдігі деген лингвистикалық терминнің бұл түсінікпен дәл келетін тұстары да, одан өзгешелеу ұғынылатын жерлері де бар.

Сөз дәлдігі деген сапаға қойылар талаптың бірі — сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөзді тілдегі мағынасына сай талғап, таңдамай қолдана салудың баспасөз беттерінде кездесетін кейбір мысалы мынадай, “*Мен келген кезге дейін бұл аймақта қой басын өркендетуге мән берілмей келеді екен*” (журналдан).

Осындағы шырқы бұзылған қолданысқа назар аударсаңыз, дәл айтуға “мұқтаж” болып тұрған сөздердің мән-мұндалап тұрғандығын байқайсыз. Қой шаруашылығын өркендету деп айтуға болатындығы белгілі, ал *қойдың басын қалай өркендетуге* болады? Әңгіме қой санын көбейту жөнінде емес пе?

Сөздерді өз мағынасына сай қолданбау, дәлдіктен көз жазып қалу, әсіресе басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа, немесе бір түбірден тарап, дербес

мағынаға ие болған сөздерді (бұлар тіл ғылымында *паронимдер* деп аталады) жұмсау да жиі кездеседі: “*Енесі сүйектерін сырқыратып орнынан қозғалды*” (кітаптан); “*Жігіт жусан иісіне еліктеп, мас болғанын сезбеді*” (журналдан); “*Мүйізден зерделенген сандықтың құрсау қаңылтырлары ғана жатыр*” (журналдан). Бұл жерде *сырқыратып* емес, *сыртылдаатып*; *еліктеп* емес, *елітіп*; *зерделенген* емес, *зерленген* деп қолданып, дыбысталуы ұқсас сөздердің мағыналық парқын ажырату аса қажет. Онда неге тегіс жерде сүрініп, сөзімізден ақау жіберіп жатамыз? Оның себебі біреу-ақ: ол — сөз қолданысымыздағы ұқыпсыздық. Ұқыпсыздықтың салдарынан дәлдіктен айырылып, сөздерді бірінің орнына бірін сапырылыстырып жұмсау *шоқы* — *шұқы*; *тынық* — *трнық*; *ауа* — *әуе* тәрізді дыбысталуы ұқсастау атауларды қолдану да жиі кездеседі. Сөз — болмысты бейнелейді. Сөз — шындықтың санамызда сөулеленуі. Айналамыздағы заттар мен құбылыстар сөз арқылы таңбаланады. Осыған сөйкес бізді қоршаған “құбылыстар” мен “сөз” арасында белгілі бір қатынастың бар екендігін аңғарамыз. Кейде сөз дәлдігін сақтай алмай, көз жазып қалуымыздың үлкен бір себебі “зат” (“құбылыс”) пен “сөз” арасындағы байланысты жете тани алмауымыздан. “Сөзді” білмесек, сол сөздің қандай заттың (құбылыстың) таңбасы, бейнесі екенінен бейхабар болсақ, сөзді сол заттық мағынасына сай қолдандық деп айта алмас едік. Кейде сөзді дәл қолдана білмеуіміздің себебі “зат” — “сөз” қатынасын дұрыс ұқпауымызға байланысты.

Енді сөзді дәл қолданбаудың мынадай мысалына назар аударайық. “*Өліарада ауа өңі өзгеріп сала берді. Шалқалаған жаңа ай шағырмақтанып, күн қабағы көдімгідей салыңқы тартқан*” (газеттен); “*Берекелі күздің аңқылдап алтын күрек желі есті*” (газеттен); “*Өкеңмен тумалас Қоңырбай деген нағашың бар*” (газеттен). Осылайша сөзді дәл, орынды қолданбау қатеге ұшыратады, тіпті сөйлеушіге абырой әпермейтіндей күлкілі жағдайға душар етеді. Мысалы, өкемен тумалас адам *нағашы* болушы ма еді? Ал *өліара* сөзіне келетін болсақ қазақ ұғымында *өліара* деп ескі ай мен жаңа айдың қараңғы кезін айтады. *Өліарада* ай көрінбейді, ай көрінетін кез *өліара* деп аталмайды. Ал *алтын күрек* деген тіркесті автор, сірә, метафоралық қолданыс деп ұқса керек. Қар кетіріп, жер бетін дегдітетін жел *алтын*

күрек деп аталады. Оны жазда немесе күзде соқты деу сөз қолданысымыздағы үлкен ағаттық. “Өліарада ай көрінді”, “Күзде алтын күрек есті” деген баяндаулар өсіресе табиғаттың қыр-сырына қанық диқан мен малшы қауымды иландыра қоймайды. Қазақ сөзінің байлығына қызығып, оны кәдеге жаратамын деу — жақсы талап, бірақ сол байлықты дәлме-дәл жұмсай білу де керек. Байқасақ, жылдың әр мезгілінде соғатын желдің өз атауы бар. Күздің қара суық күндері үйіріп соғып, тал, терек, емен мен үйеңкі жапырақтарын төгіп кететін жел — *жапырақ жел* деп аталады екен. Жылылық әкеліп, қыс бойы жатқан қасат қардың көбесін сөгетін желді тілімізде *ескек соқты* дейді. “Оңтүстіктің жылы желі, *ескегі соқты*. Осыдан бір ай бұрын соқса, жұрт оны “жыл әкелді”, “игілік әкелді” деп, қуанышпен қарсы алар еді (М. Әуезов). Сондай-ақ шілде түсер шақта соғатын жел *керімсал* деп аталады. Мал бағып, егін еккен шаруа адамына *керімсал* — өте жайсыз жел. Керімсал тынбай соққан кезде, жердің отын күйдіріп, егінді қуратып та жібереді. Осындай жайсыздығы мен шаруаға тигізер кеселі көп болғандықтан, сол құбылысты білдіретін *керімсал* сөзі ауыс мағынаға көшіп “қиын-қыстау кез” дегенді де бейнелейді:

Тайбурыл сонда сөйледі:

“Тауға бітер емен, тал,

Кімге келмес *керімсал*,

Наз бедеу атқа бітер жал”... (“Қобыланды батыр”).

Егер ел ішінде айтылатын сөзге құлақ түре жүрсек, әр мезгілде жауған қардың да тілімізде өз атауы бар екендігін байқаймыз. Қыс бойы жатқан қар кетіп, жазғытұрым басталар шақта жауған қар *құс қанаты* деп аталады, сірә де, бұл сөз жыл құсының ұшып келер кезімен байланысты айтылса керек. Алғашқы жауған қардың бәрін емес, соның ішінде еріп кетпей, бекіп қалатынын қыс бойы жататын қардың басын *жолдас қар* деп атайды. Бұлардың ішінде қазақтың ерекше бөліп айтатыны — *наурыздың ақша қары*. Бұл атаулар тек мезгілге байланысты болса, қардың жұқалығы мен қалыңдығы, жаңасы мен ескісі, қаттысы мен жұмсағы, т.б. қасиеттеріне қарай аталатын түрлері (*омбы қар*, *қасат қар*, *көбік қар*, *көкше қар*, *сіре қар*, т. б.) қаншама?

Дәл сөйлеуге қажетті алғышарттың бірі — мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, тандай білу. Оған көз жеткізу үшін, алдымен, мынадай мәтінді оқып көрейік: *“Жерқылаң мінген, қылаңнан киген екі жігіт кешкі салқынмен есіп жүріп кеткенде, кер бетеге, боз көденің арасынан зорға көрінгендей түстері де, жүрістері де көзге түспей, ұрлана жүруге бейімделіп алты”* (М. Әуезов). Осы мәтіндегі *кер бетеге, боз көде* деген деректі ұғым атауларының орнына осы сөздермен мағыналас дерексіз ұғымды білдіретін *шөп* деген сөзді қойып, қайта оқып көрейікші. Сөйлемнің мазмұны өзгермейді. Ал әсері, әрине, алғашқы оқығанымыздай емес, тым әлсіз соғатыны бірден байқалады. Бұлай өзгертуден нені жоғалттық? Дәлдікті. *“Шөп арасынан зорға көрінгендей”* десек, дәлдік жоқ. Олай дейтініміз екі жігіт те жерқылаң ат мінген, жерқылаң киінген. Жердің түсі де *боз көде* мен *кер бетеге* төрізденіп қылаңытып, Тоғжан ауылына бара жатқан екі жігітті сырт көзден жасырып тұр. Бұдан байқарымыз: деректі ұғымға төн сөздерді талдау арқылы да суреткер қаламы сөз дәлдігі деген сапаны дөп басқан.

Сөз — белгілі бір зат пен құбылыстың атауы. Сөзді білгенмен оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеген, немесе шала-шарпы ғана білген жан дәлдіктен көз жазып қалады. Кейде осы айтылғанға керісінше, зат пен құбылыстың дәл қалай аталатынын білмеу не оған ден қоймау да, сөз дәлдігінен жаңылуға себеп болады. Ондай адам *бота* деудің орнына *түйенің баласы, атқа тұсау салды* деудің орнына *аттың аяғына арқан орады* деп сөлекет сөйлеп тұрады. Бұл — сөйлеудегі олақтық. Кейде көзге баттып тұрмағанмен, осыған ұқсастау мысалдарды газет-журнал беттерінен де ұшыратып қаламыз: *қой қырқушы, қозы тәрбиелеуші, қой төлдетуші; қой өсірушілер, қызылша өсірушілер, мақта өсірушілер*, т.б. Сөз дәлдігінен бұлайша ауытқу — тілімізде осы ұғымдардың қалыптасқан, орныққан атауларын (*қырықтықшы, сақпаншы, шопандар, қызылшашы, мақташылар*, т.б.) елеп-ескермеуден туған. Осы төрізді мысалды кейде әңгіме, повестерден де ұшыратып жатамыз. *“Шелегін жуып, сарайдан ішіне сабантыққан теріні алды да, енесінің алдына тастады”* (*кітаптан*). Автордың айтайын деп отырғаны — *тұрлып*. Бұл сөз, рас, қазіргі кезде кейбірімізге бейтаныс болып та бара жатыр. Жас бұзаулаған сиырдың төлі өліп қалғанда, сол өлген бұзаудың терісіне сабан тығып (тұлып жасап) енесінің көз алдына

әкеліп қоятын болған. Сонда сиырдың сүті қайтпай, сауғанда ісініп тұрады. Міне, шаруашылық өмірдегі осы әрекет “алдамшы, жалған нәрсеге иланды” деген мағынаны білдіретін *құр тұлыпқа мәңіреді* деген тұрақты сөз орамының жасалуына негіз болды. Белгілі ағартушы ақынымыз Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдерінде мынадай жолдар бар:

Елде егер жүрсең келмей ұмытпассың,
Сүйгенге сырттан кір сөз жуытпассың.
Тұлыпқа мәңіреген сиырдай боп,
Көрүмен сүйген жарың мауық бассын.

Сөз дәлдігі — әдеби тіл стильдерінің (көркем әдебиет, публицистика, ғылыми стиль, ресми стиль) бәріне бірдей қажетті сапа. Дегенмен сөз дәлдігі туралы әңгіме болғанда, бұлардың ішінде зерттеушілердің алдымен ауызға алатыны ғылыми стиль, іс-қағаздар стилі. Сөз дәлдігі сөйлеу тіліне де қатысты.

Мысалды алыстан іздемей-ақ емін-еркін сөйлеудегі, өзара айтылатын әңгімедегі сөз қолданыстарымызды еске түсіріп көрейік: *университетті қызыл дипломмен бітірді — университетті үздік дипломмен бітірді; емтиханнан бес алды — емтиханнан үздік баға алды; емтиханнан құлап қалды — емтиханды тапсыра алмады*, т.б. Сөйлеу тіліндегі осындай қолданыстың бірін дәл, бірін дәл емес деген тәрізді қатаң талап қойылмайды. Ал ресми қолданыста (өтініш, өмірбаян, түсінік хат, т.б.) бұл тәрізді еркіндік болмайды. *Оқуды қызыл дипломмен бітірді, бес алды, құлап қалды* тәрізділер ресми тіл стандартына тән емес, бірақ сөйлеу тіліндегі мұндай еркіндіктің өз жарасымсы бар. Немесе бетпестік сөйлесуде белгілі бір оқу орындарының, мекеме, кәсіпорын атауларын құжаттағыдай толық айтып жатудың орнына *университетке бардым, мектептен келдім, директорда болдым* деп ықшамдап айту да орынды деп есептеледі.

Тілде толып жатқан варианттар, мағыналас сөздер бар. Әдеби тілдің функционалдық арналарының кейбірінде (сөйлеу тілі, көркем әдебиет) олар белгілі бір мақсатқа байланысты депутат//халық қалаулысы, Президент//Елбасы дегендер жарыса қолданылып та жатады. Ресми қолданыста олай емес, синонимдер мен вариант сөздердің бірде анауын, бірде мынауын жұмсау тым шектеулі болады: *депутат, Президент* тәрізді бейтарап нұсқасы қолданылады.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. “Сөйлемде сөздерді мағынасына қарай дәл тауып қолдану және сөз дәлдігі” деген тақырыпқа сүйеніп түсінік беріңіз.
2. Бір түбірден тарап дербес мағынаға ие болған сөздерді қалай атайды? Олардың сөз дәлдігіне қандай әсері болады?
3. “Сөзді дәл, орынды қолданбау қатеге ұшыратады, тіпті күлкілі жағдайға душар етеді” деген сөзге тақырыптан мысалдар келтіріп, ауызша талдау жасаныз. Газет-журналдардан өздеріңіз тақырыпта талдағандай орынсыз қолданылған сөздері бар сөйлемдер тауып жазыңыз.
4. Мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, таңдай білудің сөзінді, ойынды дәл жеткізудегі әсері қандай?
5. “Сөз — белгілі бір зат пен құбылыстың атауы және сол зат пен құбылысты белгілейді. Сөзді білгенмен, оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеген немесе шала-шарпы ғана білген жан дәлдіктен көз жазып қалады” дегенге “Сөз дәлдігі” тақырыбына мысалдар келтіріп, талдап түсінік беріңіз.
6. Сөздегі логикалық әділдік деген не, оның сөз сапасына қандай қатысы бар? Оқулықтан мысалдар келтіріп талдау жасаныз.
7. Тұрақты тіркестегі логикалық үйлесім туралы айтыңыз. “Ант ішті” деген сөзді неге уәде ішті, серт ішті деп айта алмаймыз. Оның мәні неде?
8. Тілдегі мөңдес, мағыналас сөздер және стильдік қолданыстар. Сөздің көтеріңкі, бөсен, бейтарап стильдік реңі дегенге “Сөз дәлдігі” тақырыбындағы мысалдар арқылы түсінік беріңіз.
9. Сөз дәлдігінің әдеби тіл стильдеріне қатысы туралы айтыңыз.
10. Неліктен ғылыми стиль мен іс қағаздар стилінде сөз дәлдігіне баса назар аударылады? Мысалдар арқылы талдау жасаныз.

125-тапсырма. ▲ Жазушы қолданған әр сөздің мағына дәлдігіне назар аударыңыз. Мәтіндегі сөздерді мағынасына қарай “кәсіби атаулар” деген тақырыпқа топтастырыңыз. Өсімдік атауларын теріп жазыңыз, сөздіктерді үлгі тұта отырып, олардың мағыналарын ашыңыз.

▲ Сөз байлығы мен сөз дәлдігі деген ұғымға сәйкес мәтіндегі кәсіби сөздерді пайдалана отырып, олардың деректі және дерексіз (абстракті) ұғымдағы түрлерін көрсетіңіз.

Баушы мен бала

(Әңгіме)

- ... Білсең айта ғой: бау деген немене?
- Бау — бау. Тымақтың бауы, түндіктің бауы...
- Бау-бақша деген немене?
- Жеміс егетін жер емес пе.
- Бауда қандай жемістер өседі?
- Алма өседі, қауын-қарбыз өседі. Үзім өседі...

— Білмедің, балам, білмедің.

— Неге?

— “Неге” екенін айтайың, бау бір басқа, бақша бір басқа. Бауда алуан-алуан жеміс ағаштары өседі: алма, өрік, мейіз, үзім, жиде, тұт, бадам сияқты. Міне, мұны бау дейді. Парсылар “бағ” деп келеді. “Иран бағы” деп келеді.

— Ал бақша деген немене?

— Бақша деп қауың, қарбыз, буылдық, сөбіз, қияр, пияз, карпосте, памедор, қабак, күн бағар сияқты жемістер егетін жерді айтады.

— Ә, білдім-білдім: бау дегеніңіз орысша “сад” болды. Бақша дегеніңіз “огород” екен ғой.

— Е, болса, болар.

— Мен бау-бақша деген бір сөз екен деп ойлаушы ем.

— Сен білмейсің. Өйткені, сіздің Арқада бау болмайды. Бау — әкесі де, бақша — баласы. Сіздің жақта “тайынша” дейді. Біз “тана” дейміз. Сөздің әкесі — Сырда, баласы — қырда, Арқада ғой. Балам, сен оны білесің бе?

Осы сөзді айтты да, қарт баушы алма ағаштың түбіріне балта шапты. Балтаны бір-екі салған кезде 13 жастағы бала безектеп:

— Әкей, неге кесесіз? Алмасы керек емес пе? — деді.

— О-ой, балам-о-ой! Ағаштың жайың әлі білмейді екенсің ғой. Бұл ағаш 14-тен асып, 15-ке шығып тұр. Бұл ағаш көп жыл жемістеп келді. Осы ағаштан жылына 15 пұт, 20 пұтқа дейін алма алып жүрген күндеріміз болды. Үнемі ондай болып отыра бере ме? Кейде жақсы шықпайды. Өйтпесе бау ұстаған кісі байып-ақ кетер еді. Біздің бір жақсы ағашымыз елдің бір жақсы атынан кем емес.

— Ендеше, бұл ағашты неге кесесіз?

— Кесетінім, бұл өзі қартайған ағаш. Көрі малдың, көрі адамның баласы шажа болып, азып тұмай ма? Сол тәрізді көрі ағаштың алмасы да азып, сенек болып шығады. Көрмейсің бе, түрінін өзі қотыр-қотыр. Міне жерлерін құрт жеген. Міне жерлері шіріген, можа болған. Қартайған сайын тамырлары тарбайып, маңайындағы балапандарына орын бермей, олардың несібесіне ортақ болып барады. Бұтақтары қисайып, салбырап, жалбырап, балапандарына күн сәулесін түсірмей, бойын өсірмей барады. Мынау жас ағаштарға күннен түр, жерден жем жеп, өсу керек. Көсегені көгертетін осылар.

— Әкей, көрі ағашты кеседі дейсіз. Бекет батыр көшесіндегі жас ағаштардың да басын қырқып тастапты ғой. Оларды неге кескен? — деп тағы сұрады.

Баушы бұ жолы балтасын жуырда тоқтатпады. Ағашты екі жағынан бірдей кертіп, қылбуыттаған кезде демін бір алды да, балаға қарап сөйледі:

— Ол тораңғыл деген ағаш болады. Саусақтың саласындай мүсін боп өседі. Тораңғыл тым жиі егілсе, ұзарып, бойлап, жапырағы селдіреп, сидалана береді. Жапырақсыз ағаштың бойы серейгені болмаса, саясы болмайды. Адам ырысқа талпынады. Ағаш күнге талпынады, күнге өрлеген ағаш өзгеден бой асырам деп, сояу болады. Өз басына бақ іздеген адам көзге шыққан сүйелдей оғаш тұрады. Көбінің сөзі мен сұғы жаман болады. Көппен көрмеген бақтың не баққа сендігі бар? Тораңғылдың басын тұжырып қоятыны — елден ерек сереймесін, өзге ағаштармен тең өссін дегені сояу болмай, жапырақтары күлтелі, пайдалы болсын дегені. Енді білдің бе, балам? Тіліңе қызығып бірталай жұмысымнан қалдым-ау! Өзің бір көр-жерді сұрай беретін, жақсы болатын бала екенсің. Өркенің өссін, асырағыш! Ал енді былай таман тұр: ағаш басыңа құлап кетер, — деп баушы балтасын екі-үш салып, алма ағашын гүрс еткізді.

(Жүсіпбек Аймауытов.)¹

126-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, мәтіндегі атауларды есіңізде сақтаңыз. Мезгілге байланысты жауған қардың атауларына және *омбы қар*, *қасат қар*, *көбік қар*, *көкше қар*, *сіре қар* деген сөздерді қатыстырып мағына-мәнін ашатындай сөйлем жазыңыз.

Әр мезгілде жауған қардың атауы бар

Егер ел ішінде айтылатын сөзге құлақ түре жүрсек, әр мезгілде жауған қардың да тілімізде өз атауы бар екендігін байқаймыз. Қыс бойы жатқан қар кетіп, жазғытұрым басталар шақта жауған қар *құс қанаты* деп аталады, сірә де, бұл сөз жыл құсының ұшып келер кезімен байланысты айтылса керек. Алғашқы жауған қардың бәрін емес, соның ішінде еріп кетпей, бекіп қалатынын қыс бойы жататын қардың басын *жолдас қар* деп атайды. Бұлардың ішінде қазақтың ерекше бөліп айтатыны — *наурыздың ақша қары*. Бұл атаулар тек мезгілге байланысты болса, қардың жұқалығы мен қалыңдығы, жаңасы мен ескісі, қаттысы мен

жұмсағы, т.б. қасиеттеріне қарай аталатын түрлері (омбы қар, қасат қар, көбік қар, көкше қар, сіре қар, т. б.) қаншама?

127-тапсырма. ▲ Мына сөздердің синонимдік қатарын түзіңіз. Синонимдік бір қатардағы әр сөзге рең мәніне қарай сөйлем құраңыз. Осы сөйлемдер арқылы сөздерді мағынасына қарай дәл тауып қолдану және сөз дәлдігі дегенге түсінік беріңіз.

Ү л г і : Қарт — кәрі, егде, кексе, мосқал.

1. Басында көнетоз қоян тымақ, селдір сақал мосқал кісі сырғышпен көпене қарды пірене итеріп келеді (*Ғ. Мұст.*).
2. Қартаң, кексе біздей шал қарай берсең қайда жоқ (*А. Қ.*).
3. Жасы егде тартқан ақылды әйелдің сөзін ешкім жерге тастамады (*С. М.*). 4. Өңі кәрі көрінгенмен, өзі жас екен ("*Жас алаш.*" газ.). 5. Бурыл сақал қарт бүркітші Бекбол жуан торы аттың шылбырын беліне қыстырып, енді үзенгіге аяғын сала бергенде, арт жағынан ат пысқырды.

1. Қарт. 2. Мұңды. 3. Бойшаң. 4. Қиқар. 5. Әсерлі

128-тапсырма. ▲ Мына тұрақты тіркестердің тұсына мағыналық түсініктеме беретін баламасын жазыңыз. Олардың синонимдік қатарын түзіңіз. Сөйлем құраңыз. Оған сөз дәлдігі және мағыналас сөздердің сөйлемдегі рең мәні дегенмен байланыстырып түсінік беріңіз.

1. Сіркесі су көтермейтін — ...
2. Көсегесі көгеру — ...
3. Күдер үзу — ...
4. Қаймағы бұзылмаған — ...
5. Жылы ұшырау — ...
6. Жүрек жалғау — ...
7. Жүрек жарды — ...

129-тапсырма. ▲ Сөз тіркесі, фразеологизм, күрделі сөз дегенге үш-үштен мысал келтіріңіз.

● Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, мына мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңыз.

1. Айтушы ақылды болса, ... дана болады.
 2. Ақпа құлаққа айтқан сөз ағып кетеді, ... айтқан сөзді құйып алады.
 3. Айта білмес ..., тыңдай білген құлақ артық.
 4. Аталы сөзге... жауап қайырады.
 5. Білімдіден шыққан сөз ... болсын кез.
 6. ... аз сөйлеп, көп тыңдайды.
- Жылқы жақсысы аз оттап, көп жусайды.

7. Сөйлеуге сөз таптым да тыңдауға ... таппадым.

8. Су сағасы — ...

Сөз сағасы — құлақ.

9. Сөзінді айт ...

Айтып-айтпай не керек,
құлағына мақта ...

10. Тыңдаушысы болмаса ... жетім.

11. Керенау кердең, бір ...

Керекті сөздер: *бұлақ, сөз, құймақұлаққа, кісі жақсысы арсыз, құлақ, тыңдаушы, ұрқанға, керім, талаптыға, тыққанға, ауыздан.*

130-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, кейіпкердің сөйлеу тіліне талдау жасаңыз. Құрметтеу, сыйлау мағынасында айтылатын туыстық атауларды рен мәніне қарай қолдануды сөз сапасы, сөз дәлдігі тақырыптарымен байланыстыра түсіндіріңіз. Туыстық атауды білдіретін сөздердің астын сызыңыз.

Әскербек әкесімен өзілдей сөйлесіп, күлімдеп жүреді. Өлен баласының көңілді жүргеніне мәз болады.

Бірақ бүгін көңіл деген нәзік нәрсені күте білмей Әскербек әкесін ренжітіп алды. Оқиға ойда жоқта сөзбен шиеленісті. Мектептен жақсы баға алып, жайрандап келген Әскербек әкесіне:

— Өлмен Өлменович, әдебиет сабағынан бес алғанымды хабарлаймын, — деді.

Өншейінде танадай қара көздерін күлімдетіп, баласына елжірей қарайтын әкесі бұл жолы қалың қасты қабағын қарс жауып алды.

— Балам, менен биік бола бастағанға, ойың да биік бола ма десем...

— Құлдық ұрып құлшылық етуге өзірмін, көке... Не кінәм бар?

— Өдептілік өкені құрметтеуден басталады.

— Құрақ ұшып құрмет көрсетіп тұрған жоқпын ба?

— Мені “көке” деуші едің, енді тең құрбыңдай тергейтін болыпсың... “Ұрыс “сен” деген сөзден шығады” дейді халық.

— Аты-жөніңді толық айту да айып па?

— Қазақ атам ұрпағын әрбір адамды құрметтей білуге үйретеді. Ал адамды құрметтеу үшін атын ардақтап, дәрежесін көтеріп, жасы мен туыстық қатысына қарай ата, әже, апа, шеше, көке, төте, жөке, аға, ағатайым, нағашы, жиен, бөле деу керек.

— Көке, кешіріңіз, шынында да, сый-құрмет көрсету

осындай ұсақ-түйектен басталады деп ойламаған екенмін.

— Бұл рәсім — ұсақ-түйек емес, ат тергеу — адамгершіліктің белгісі.

— Ат тергеу келіндердің ғана міндеті емес пе?

— Адамды өз атымен атамай, тіпті болмаса атының соңына сыпайылап “еке” деген жұрнақ қосып, айту — үлкен дәстүр. “Көке”, “Апам”, “Ағатайым”, “Атам” деген сөзді қосып айту — сыпайылық. Ол — халықтық дәстүр, аса мән берер мәдениет белгісі.

(“Халық тағалымы” кітабынан.)

§28. СӨЗ БЕДЕРІ ЖӘНЕ СТИЛЬ

Сөз бедері туралы түсінік. Кейде белгілі бір мәтінді оқып отырсақ, автордың сөйлем құрауында, грамматикалық амал-тәсілдерді қолдануында “дұрыс емес-ау” дейтіндей мін байқалмауы ықтимал. Сөйлемдегі сөз өз мағынасына сай қолданылған сияқты болып көрінеді. Енді сол мәтіннен мынадай үзіндіні оқып көрейік:

“Ауылдың жан-жағы таумен шектеліп жатыр. Онда неше түрлі аң, құс кездеседі. Егер тауға шыға қалсаң, неше алуан гүл аралас өскен өсімдіктің жұпар иісі танауыңды қытықтап, тынысыңды кеңейтеді” (оқушы дәптерінен). Автордың бұл жерде, алдымен, сөзді көркем тіл кестесіне лайық талғай білуге назар аудармағандығы байқалады. Көркем әдебиет стилінде дерексіз ұғымдағы сөздерге қарағанда деректі ұғымдағы сөздерді қолдану орынды болып есептеледі. Бұлай болу себебі көркем шығарма табиғатының ерекшелігіне байланысты. Көркем шығармада баяндалған нәрсені елестету арқылы қабылдаймыз. Сондықтан деректі ұғымды білдіретін сөз арқылы затты көзбен көріп, қолмен ұстауға болатындай, шындық өмірдегідей сезінуге болады. Мысалы, “аң”, “құс” дегенді “көруге” болмайды, *қасқыр, түлкі, қоян* немесе *бүркіт, жапалақ, тазқара, шәулі* дегендерді “көруге” болады. Міне, осындай “көруге” болатын нәрсені оқушы көркем шығарма тілінен елестету арқылы қабылдайды. Ал аң, құс, өсімдік тәрізді дерексіз ұғымдар ой-сана арқылы қабылдауға бағытталған. Көркем шығарманы тек бірыңғай дерексіз ұғымдағы сөздермен құру — елестету арқылы қабылдауына кедергі болып, мәтіннің көркем тіл стиліне тән жігі бұзылады. Егер көркем мәтін мен ғылыми

мәтінді салыстырсақ алдыңғысында деректі ұғымдағы сөздер жиі қолданылады да, соңғысында дерексіз ұғымды білдіретін сөздер жиі ұшырайды.

131-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, А.Байтұрсынұлының талдауымен танысқан соң, Абайдың “Аттың сыны” өлеңіндегі аттың дене мүше атауларын теріп жазыңыз, ондағы тұрақты теңеулерді көрсетіңіз. Өлеңдегі сөз бедерінің қандай тілдік амал-тәсілдермен, құралдармен байланысты екенін ашыңыз.

...Көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздердің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдеріндегі қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтық әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылына қарай сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса, білімі кем— даусыз. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, “Аттың сыны” деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпас еді. Абайдың “Аттың сыны” деген өлеңін оқығанында көз алдына сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар деп, тайсақтап тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әр түрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған, тәржіме халін жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсор, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсінбей жүргендерін байқағаным бар, тіпті осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып

қарасақ, айтылған пікірде сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда.

(А. Байтұрсынұлы. "Қазақ" газеті. 1913 ж.)¹

АТТЫҢ СЫНЫ

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағак.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сінірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе кетті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуге тыныш тұрса, байлап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,
Иек қағып, еліріп жүрсе өсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

(Абай.)

132-тапсырма. ▲ Мына мәтіннен көркем шығармадағы деректі және дерексіз ұғымдағы сөздердің астын сызыңыз. Деректі және дерексіз ұғымдағы сөздердің ойды, нәрсені нақты және әсерлі қабылдаудағы мәніне тоқталыңыз.

● Бір сөйлем алып ондағы сөздерге толық морфологиялық талдау жасаңыз.

“Елтіңжал” сияқты қалың орманның екі үй “түрікпенмен” ағайындығы алыстан қосылатын Аңдарбай-Отарбай аулына берілгендігі Еменалыға қатты батып жүретін. Өлі қыстау салып үйрене қоймаған Аңдарбай “Елтіңжалдың” әр жеріне бей-берекет орналасты да, екі үй “түрікпен” қақ ортаға қыстады. Сондықтан “Елтіңжал” Мүсіреп қыстауы атанып бара жатыр еді.

Едәуір ұзын орманның күнгей жағы қалың қара шие, жортып өтсең ат шамасын қызылға бояп жіберетін жидек пен бүлдірген. Екі жағындағы екі өзекте де жуа өседі, аралар ұялайды. Шөбі де қалың. Жолдың орта тұсында самаладай жарқырап биік өскен жуан-жуан ақ қайындар қарағайдай түзу. Екі үй “Түрікпен” осы қайындардың ортасына қыстапты. Еменалының осыған іші күйеді. Сол күйіктен осы күнге дейін қысы-жазы киіз үйде отырып келген Еменалы қыстау салуға бел байлады. Екі үй “түрікпеннің” дәл іргесіндегі бөренелік қайындарды қырып алып, ағаш үй салдырмақшы болды.

(*Ғ. Мүсірепов.*)

§29. СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ СТИЛЬДІК БЕДЕРІ

Біздер күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста тілдік амал-тәсілдерді ой мен сезімімізді білдіруде көбіне “дайын” күйде жұмсаймыз: *Көрші үйдегі Елдос үй тазалайды, кішкене қарындасына қарайды, бақшаның шөбін отайды. Елдос қандай жақсы бала!* дегендегі сөздерді жұртшылықтың бәріне ортақ мағынада қолданамыз. Сөзді алдын ала кесіп-пішіп, елпекшеп, талғап-таразылап ой елегінен өткізіп жатпаймыз. Сөйлеу тілінде сөзді машықтанған (автоматты) түрде жұмсай береміз. Сөздің ақиқат өмірдегі зат, құбылыс, қимыл, қимылдың орындалу тәсілі заттың сыны, сапасын (денотаттарды) меңгеруі, тікелей солардың таңбасы болып жұмсалудың сөйлеу тілінің бедері деп атаймыз. Сөзімізде стандарт, дайын үлгілердің болмауы, сөздің барынша ықшам болуы сөйлеу тілінің бедерін көрсетеді. Көркем

шығармада суреткер диалог арқылы сөйлеу тілінің бедерін дәл беруге тығысады. Сондықтан өмірдегі сөйлеу тілі мен көркем шығармада суреткердің “жасаған” сөйлеу тілі өте ұқсас болып келеді.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Деректі және дерексіз ұғымдағы сөздердің ойды, нәрсені нақты және әсерлі қабылдаудағы мәні қандай? Олардың әдеби тіл стильдерінде қолдану ерекшелігіне тоқталыңыз.
2. Сөйлеу тілі, сөйлеу тілінің бедері дегенге ауызша түсінік беріңіз. Сөзімізде сөйлеу тілінің бедерін қандай тілдік қолданыстар көрсетеді? (Қалай көрсетеді?)
3. Көркем шығармада суреткер сөйлеу тілінің бедерін қандай сипатта (не арқылы) дәл беруге тығысады?

133-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, сөйлеу тіліне төн белгілерді көрсетіңіз. Сөздің ықшам қолданысына назар аударыңыз. Тәжірибе ретінде диалогті толық түрде құрып көріңіз.

- Туған жеріңіз?
- Оңтүстік Қазақстан.
- Өскен жеріңіз?
- Солтүстік Қазақстан.
- Жетілген жеріңіз?
- Батыс Қазақстан.
- Марқайған жеріңіз?
- Шығыс Қазақстан!
- Оho! Бармаған жер, баспаған тауыңыз жоқ екен де!
- Неге болмасын! Бармаған жер, баспаған тауым көп өзі, өте көп...

(Ә.Тарази. “Басынан Қаратаудың..”.)

134-тапсырма. ▲ Мәтінді оқи отырып, көркем диалогті өмірдегі сөйлеу тілімен салыстырыңыз. Екеуіне ортақ тілдік белгілерді көрсетіңіз.

- Одағай сөздердің қандай қызмет атқарып тұрғанын айтып беріңіз.

Мен үйге кірсем, бір жақсысы апам жоқ екен, ұсақ балалар әжемнің бауырына тығылып ертегі тындап жатыр да (бұл көктемде мен өзімді есейдім деп біліп, бұрынғыдай әжемнің бауырына кіріп жатуды қойғам, тіпті өйтуге намыстана-мын), ал Нәзира әпкем жемпір тоқып отыр. Мен оған бояулы қарындашты көрсетіп қулана күлдім.

— Жүр далаға, — дедім.

— Немене, сыртымнан мені бір қарындашқа сатып келгеннен саусың ба? — деді ол да күле сыбырлап.

— Ол маған ертең тағы өкеп беретін болды, — дедім.

— Ақымақ, — деп Нәзира өпкем шекемнен ақырын нұқып қойды.

Өзі дереу киіне бастады.

— Әй, қайда барасыңдар? — деген өжем.

— Мен сақамды жоғалтып алдым есік алдында, соны іздейміз, — дедім мен табанда өтірікті қиыстығырып.

— Ө-ө...

Сыртқа шыққан соң мен екеуіне де өктем сөйлеп, өзімнің басымдығымды білдірдім.

— Тек сүйісуші болмаңдар және көп тұрмаңдар. Мен өзім бақылап тұрам, — дедім.

Және солай істедім де. Төрт-бес қадамдай жерде екеуінен көз айырмай қарадым да тұрдым.

— Иә, не айтасың? — деді Нәзира өпкем.

— Жәй, әншейін сені көргім кеп кетті...

Мұнан әрі екеуі де үндеген жоқ. Бір-біріне қарама-қарсы қарады да тұрды. Өлден соң Токтар өпкемнің қолынан ұстаған.

— Әй, әй, онша жақындаспаңдар! — дедім мен қатал ескертіп.

Екеуі менің ескертпеме күліп қана қойды. Ауыл арасы тым-тырыс. Терезелерден өлеусірей жанған май шамдар жылтырайды. Бақа шұрылдады.

(С. Мұратбеков. “Жабайы алма”.)

135-тапсырма. ■ Мына қошемет, таңдану мағынасындағы сөздер қандай тілдік жағдаяттарда қолданылады? Сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңыз.

● Екі сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңыз.

Қошемет, таңдану сөздері

Айт де! (палуанға)

Айтқаның келсін!

Азамат екен!

Аузыңа май!

Анаңнан айналайын!

Тамаша!

Ғажап!

Керемет!

Ой, арыстаным!

Жігіт деп осыны айт!

Уай пәлі! (ақынға).

Ерім, жаралдың!

Е, солай десейші!

Тусаң осылай ту!

Өркенің өссін!

Қасқыр екен!

Уай сабаз!

Уай, деген! (өншіге).

Ой, жолбарысым!	Уай батырым!
Әмин!	Шіркін!
Әп, бөрекемді!	Соқ! Соқ! (палуанға)
Бесе, Бесе!	Паһ, Шіркін!
Жаса, жаса!	Періштенің құлағына шалынсын!
Жарайсың ерім!	Пай-пай! т.б.

§30. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМА ТІЛІНІҢ СТИЛЬДІК БЕДЕРІ

Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар (газет, журнал, т.б.) тілінде, — бұлар публицистикалық шығармалар тілі деп аталады, — күнделікті қолданып жүрген көдімгі сөзіміз қоғамдық пікір тудырудың құралы ретінде жұмсалады: *“Үй тазалап, кішкене қарындасына қарап, бақшаның шөбін отап, ата-анасына жәрдемдесіп жүрген Б. Момышұлы атындағы орта мектептің 10- сынып оқушысы Елдос Ерназарұлы ата-анасының қолғанаты”*. Осылайша газетке жазып немесе радио-телехабарлар арналарынан сөйлесек, көдімгі өзіміз күнделікті қолданып жүрген сөзіміз қоғамдық пікір қалыптастырудың құралына айналады. Түптеп келгенде, мұндай стильдік құралдар, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдарында (газет, журнал, радио-телевизия хабарлары, т.б.) қоғамдық, саяси, экономикалық мәні бар мәселелер жөнінде дабыл қағып, жұртшылыққа ықпал етуге қызмет жасайды. *Қоғамдық пікір қалыптастыруда нәтижеге қолы жетті, нәтижелі болды, өнімді еңбек, парасатты ой, қанат жайды, өрістеді, берекелі болды, құлаш сермеді*, т.б. толып жатқан жағымды мағынадағы сөздер мен сөз тіркестері, сондай-ақ *етек алды, енжар, енжарлықтың салдары, жалқау, маскүнемдік, маскүнемдік етек алды*, т.б. толып жатқан жағымсыз мағынадағы сөздер жиі жұмсалады. Сөздің қоғамдық пікір қалыптастырудың құралы ретінде жұмсалып, нақыш алуы публицистикалық шығарма тілінің сөз бедері болып табылады.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Публицистикалық шығарма тілінің сөз бедері дегеніміз не?
2. Өзіміз күнделікті қолданып жүрген сөздеріміз қандай жағдайда қоғамдық пікір тудырудың, қалыптастырудың құралы ретінде жұмсалады? Оған қандай тілдік қолданыстарды алуға болады? Тақырыптағы мысалдарды алып, ауызша талдау жасаңыз.

136-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, әдеби тілдің қай стилінде жазылғанын ажыратыңыз. Тәуелсіз Қазақстанның саясат, экономика саласындағы жетістіктерін айтып беріңіз.

● Мәтіндегі сөздерді “бейтарап”, “жағымды”, “жағымсыз” деп үш топқа бөле отырып, жағымды және жағымсыз мазмұндағы сөздерді бөлек теріп жазыңыз.

Ел бірлігі мен тыныштығы

Осыдан он жыл бұрын, яғни, 1990 жылы 25 қазанда сол кездегі Жоғарғы Кеңес еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдады. Ал 1991 жылы желтоқсан айында Отанымыз үшін аса маңызды қос құжат дүниеге келді. Атап айтқанда, 10 желтоқсанда Қазақ КСР-інің атауын өзгерту туралы Заң шығып, осы күннен бастап еліміз Қазақстан Республикасы деп аталды. Сонымен бірге, 16 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық Заң жарық көрді. Арада екі жарым ай мерзім өткенде, еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып қабылданып, өркениетті елдермен терезесі тең құқыққа ие болды.

Әрине, жетпіс жыл бойы кеңестік жүйенің қамытын киіп, жоғарыдан берілген нұсқауды мүлтіксіз орындауға бейім, қылышынан қан тамған “Қызыл саясаттың” қолшоқпары болған жас мемлекет үшін КСРО-дан сіңген әдеттерден бірден арылу оңайға түскен жоқ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік егемендік туралы декларация жарияланған соң, Қазақстан тарихында мүлде жаңа тарихи бетбұрыс болғанын, еліміздің өркениетті бағыт ұстанған жолын анықтап берді.

Дүбірлі оқиғаларға толы он жыл жас мемлекеттің бұғанасын бекіте түсті. Өркениетті жолмен тәй-тәй басқан балаң қадамын нығайтты. Ішкі идеялық бағыт-бағдарды анықтап алған соң, Елбасы сыртқы саясатта сарабал бағыт ұстанды. Егемендік жалауын желбіреткен Қазақстан мемлекетін әлемнің алпауыт деген мемлекеттері танып, онымен санаса бастады. Айналасы екі-үш жылдың ішінде жер бетінде табиғи қазба байлығы, жер көлемі, халқының қайсарлығы мен ержүректілігі, спорттағы саңлақтары жағынан ерекшеленетін Қазақстанды әлем мойындады. Оларды қызықтырғаны кен байлығы мен әр түрлі ұлт өкілдері мекендейтін елдегі бейбіт тіршілік екендігі шүбәсіз.

Ел бірлігі салтанат құрған мемлекетте байлық та, бақыт та орнығатынына осы бір деректер анық мысал болса керек.

Қазақстанның, ең алдымен, таяу және алыс шетелдермен тығыз интеграциялық байланыстар орнатудағы жұмыстары жеміссіз емес. Мысалы, Ресеймен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен мәңгілік достық туралы келісім жасалды. Сыртқы байланыстарды одан әрі жақсарту мақсатын көздей отырып, ұлттық қауіпсіздікті нығайту қолға алынған. Атап айтқанда, 1998—2000 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздіктің негізгі міндеттерінде көрсетілгендей, жетекші елдермен қарым-қатынас жетілдіріле түсті, Қазақстанның энергетикалық секторына капитал тарту деңгейі өсті, әскери доктрина өзірленді және демографиялық стратегия жүзеге асырыла бастады.

(“Түркістан”. 28 қазан—3 қараша. 2000 жыл.)

137-тапсырма ■ Мына мәтіндегі публицистикалық шығарма тілінің сөз бедеріне төн сипатты, тілдік қолданысты айтыңыз. Жағымды мағынадағы сөздердің астын сызыңыз.

Бейбітшілік күні атап өтіледі

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1981 жылғы 36-сессиясында БҰҰ-ның Жарғысына сөйкес бейбітшілікті халықаралық және ұлттық деңгейде қолдау мақсатында арнайы күн белгілеу жөнінде шешім қабылдаған болатын. Сол жылдың 30 қарашасында Бас Ассамблеяның қорытынды қарарына орай, қыркүйектің үшінші аптасының сейсенбісі, яғни БҰҰ-ның кезекті сессиясы ашылатын күн — Халықаралық бейбітшілік күні деп белгіленеді. Алғаш рет бұл күн БҰҰ-ның штаб пәтерінде 1982 жылдың 21 қыркүйегінде, яғни БҰҰ Бас Ассамблеясының 37-сессиясы ашылған күні аталып өтілді. Ал өткен жылдың қыркүйегіндегі БҰҰ-ның қарары бойынша 2002 жылдан бастап Халықаралық бейбітшілік күнін жыл сайын қыркүйектің 21-інде атап өту белгіленді.

Бұл даталы күн БҰҰ-ның мүшесі ретінде Қазақстанда да кең көлемде аталып өтіліп, соған сөйкес түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Мысалы, елордадағы Президенттік мәдениет орталығында “Адамдар соғысты қаламайды” және өнер мұражайындағы “Әрқашан күн сөнбесін” деген тақырыптардағы кітап көрмесі мен балалар қолымен

салынған сурет көрмесі алапат соғыс пен бейбітшіліктің аражігін ашып берді.

Мұндай шаралардан облыс орталықтары мен басқа қалалар да сырт қалмады. Көптеген жоғары оқу орындарында, білім және мәдениет мекемелерінде, кітапханаларды бейбітшіліктің не екендігін паш ететін асқақ өн мен күмбірлетіп күй төгілді. Осылайша Халықаралық бейбітшілік күнін қазақстандықтар есте қаларлықтай атап өтті.

(“Егеменді Қазақстан” газетінен.)

138-тапсырма. ●Газет, журналдардан бір шағын мақала көшіріп жазып, оның қай стильде жазылғанына және стильдік сөз бедеріне талдау жасаңыз.

■Тест сұрақтарын шешініз. Дұрыс деп тапқан шешіміңіздегі тыныс белгінің қойылу себебін түсіндіріңіз.

Тыныс белгіні сауатты қоя аласыз ба?

1. Жалпылауыш сөзге байланысты қойылған тыныс белгіні табыңыз:

- а) Біз, тіміскілегіш балалар, тұтқындардың қайда екенін тез тауып алдық.
- ә) Екеуі ымырт жабыла бергенде Бөкенші жайлауы — Жәнібекке тартты.
- б) Төрт бұрышты қара — Жәнібек.
- в) Әсия, шешей, мен, кешегі ағай — бәріміз бір мезгілде келдік.
- г) Менің байқауымша, олар әлі келмеді.

2. Оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылған тыныс белгіні көрсетіңіз.

- а) Ақшоқы — қазір өскен, өзгерген ауыл.
- ә) Шолпан, Марс, Жер — бәрі планета.
- б) Мұнда, Ойылда, барлық мәселе шешімін тапқан.
- в) Төрт бөлмелі тас үй салқын, жайлы.
- г) Күн шуағына бөленген Жер-Ана мейірімін төгеді.

3. Тыныс белгісі қате қойылған сөйлемді табыңыз.

- а) Абай мен Ербол ұзақ жүрді.
- ә) Біздің жердің ауасы жылы, әрі құрғақ.

- б) Біз оны не жұмысынан, не үйінен кездестіре алмадық.
- в) Қайыр — әнші, суретші, ақын.
- г) Айттылуы бір, бірақ мағынасы басқа сөз.

4. Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылған сызықшаны табыңыз.

- а) Жұрт айтты — көне берді.
- ә) Аяғы жоқ — жүреді, аузы жоқ — сөйлейді.
- б) Ағаш арасын қараса — жоқ.
- в) Алыс-берісіміз көп, ағайын адамбыз.
- г) Қарқаралы деген округтің әміршісі — Құнанбай мен осы Майыр.

5. Қай сөйлемде сызықша дұрыс қойылған?

- а) Нем кетті — барып қайтам.
- ә) Берсе — алам ғой.
- б) Құр барып қайтпа — алып қайт.
- в) Өркім — әуелінде өз ауылының баласы.
- г) Қойшы енді — бөлежан.

6. Тыныс белгі дұрыс қойылғанын көрсетіңіздер.

- а) Ал, шырақ, әңгіменді айта бер.
- ә) Ал шырақ, әңгіменді айта бер.
- б) Ал, шырақ әңгіменді айта бер.
- в) Ал, шырақ, — әңгіменді айта бер.
- г) Ал, шырақ әңгіменді, айта бер.

7. Бірыңғай мүшенің тыныс белгілерінің дұрыс қойылғанын табыңыз.

- а) Ол біресе желеді, біресе жүреді, біресе тоқтайды.
- ә) Ол біресе, желеді, біресе, жүреді, біресе тоқтайды.
- б) Ол, біресе желеді, біресе, жүреді, біресе тоқтайды.
- в) Ол біресе, желеді, біресе, жүреді, біресе тоқтайды.
- г) Ол біресе, желеді біресе, жүреді, біресе тоқтайды.

§31. РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАРЫ ТІЛІНІҢ СӨЗ БЕДЕРІ

Ресми іс қағаздары тілінде қолданылатын сөздің көбі сізге бейтаныс емес: *Директор, мектеп, сынып, өтініш, оқушы*, т.б. Енді осы аталған сөзді негізге ала отырып, “Өтініш” жазып көрейік.

Б. Момышұлы атындағы орта
мектептің директоры Асқарұлы
Асхат мырзаға осы мектептің
10-сыныбын бітіруші
Ерназарұлы Елдостан

Өтініш

Мені Өзіңіз басқарып отырған мектептің 11-сыныбына
қабылдауыңызды өтінемін.

20 тамыз, 2006 ж.

Е. Ерназарұлы.

Міне, осы тәрізді күнделікті қолданып жүрген сөздердің іс қағаздары тіліне лайық бедер алғанын байқаймыз: Атау сөздер толық қолданылады, оны анықтап тұратын сөздерді түсіріп, сөйлемді ықшамдауға болмайды. Дайын сөз үлгілері мен тілдік стандарттарды қолдану арқылы сөздің ресми “қалыпқа” түсуі іс қағаздары тілінің сөз бедері болып табылады.

Әдетте, ақиқат өмірдегі зат, құбылыстардың негізгі белгілерінің санамызда бейнеленуін ұғым деп атайды. Ұғымның өзі екі түрлі болады: тұрмыстық ұғым, ғылыми ұғым. Мысалы, *ай* деген заттық — “жерге жарығын түсіріп тұратын аспан шырағы” деп түсінсек, бұл — тұрмыстық ұғым. Ал “*ай* дегеніміз жердің табиғи серігі” десек ғылыми ұғымға жатады. Ғылыми сөз, негізінен, ғылыми ұғымдар жүйесіне сүйенеді.

139-тапсырма. ▲ Көрсетілген үлгілерді көшіріп жазып, тиісті сөздермен толтырыңыз. Ресми стилге төн белгілерін көрсетіңіз. Ресми іс қағаздары стилінде кездесетін тіркестерді теріп жазыңыз.

Өтініш

(мекеме, ұйым басшысының аты-жөні)

(қызметкердің аты-жөні)

Мені _____
(құрылымдық бөлімнің аты)

_____ (қызметтің аты)
_____ жұмысқа алуыңызды өтінемін.

_____ (күні, айы, жылы)

_____ (қызметкердің қолы) _____ (толық жазылады)

Конкурстық таңдау бойынша жұмысқа алу туралы

N
Бұйрық

Конкурстық таңдаудан өтуіне байланысты

_____ (аты-жөні)

200... ж. “ ” _____

_____ (бөлім, цех)

_____ (қызметтің түрі)

айына _____ теңге айлықпен жұмысқа алынсын.

Негіздеме _____
өтініші. _____ (аты-жөні)

Ғалымдар кеңесі мәжілісінің 200... ж. “ ” _____
мәжілісхаты.

Мекеме _____
басшысы _____ (қолы) _____ (толық жазылады)

Бұйрықпен таныстым _____
_____ (қызметкердің қолы)

Жұмысқа алу туралы

N
Бұйрық

_____ (аты-жөні)

200... ж. “ ” _____

_____ (бөлім, цех)

_____ қызметке

_____ (қызметтің түрі)

айына _____ теңге айлықпен жұмысқа алынсын.

Негіздеме _____
өтініші. _____ (аты-жөні)

Мекеме _____
басшысы _____ (қолы) _____ (толық жазылады)

Бұйрықпен таныстым _____
(қызметкердің қолы)

Әскер қатарына шақыруға байланысты жұмыстан босату туралы

№

Бұйрық

_____ (бөлім, цех)

_____ (аты-жөні)

200... ж. “ ” _____ бастап әскери қызметке шақырылуына байланысты жұмыстан босатылсын, Қ.Р. Еңбек туралы заңдар кодексінің 31-бабы, 3-п.

Негіздеме _____
(аты-жөні)

өтініші, әскери комисариаттың шақырту қағазы.

Мекеме _____
басшысы _____ (қолы) _____ (толық жазылады)

Бұйрықпен таныстым _____
(қызметкердің қолы)

§32. ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНІҢ СӨЗ БЕДЕРІ

Оқулықтар мен сөз құралдарындағы, ғылыми әдебиеттегі атаулар ақиқаттағы нақты бір заттың (тіл ғылымында денотат деп аталады) атауы түрінде емес, ұғымдардың (сигнификаттардың) таңбасы, пайымдаулардың таңбасы ретінде жұмсалады. Күнделікті тұрмыста қолданып жүрген *қайың* сөзі бақшаға барған жолдағы қайыңның (денотаттың) атауы, *жапырақ* сол қайыңның *жапырағы* болса, өсімдіктану оқулықтарындағы *қайың* немесе *жапырақ* сөзі ұғымымыздағы, ой-санадағы қайыңның атауы, я болмаса таңбасы. Белгілі бір атаулардың ақиқаттағы затты емес, сол заттың санадағы, ұғымдағы атауы ретінде жұмсау — ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері болып табылады.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері дегеніміз не? “Оқулықтар мен ғылыми әдебиеттегі атаулар ақиқаттағы нақты бір заттың атауы түрінде ғана емес, ұғымдардың таңбасы, пайымдаулардың таңбасы ретінде жұмсалады” дегенге түсінік беріңіз.

140-тапсырма.▲ Мәтінді оқып шығып, мазмұнын қысқаша баяндаңыз. Шегіртке атауының терминдік мағынасын көрсетіңіз. *Ұршық, сан, табан* атауының терминдік мағынасын күнделікті тұрмыста қолданылатын *ұршық, сан, табан* атауының лексикалық мағыналарымен салыстырыңыз.

Шегірткелердің сыртқы бітімі

“Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, құс қанатты, құмырсқа ізді, бота тірсекті” деп қазақтың жұмбағында шегірткені сүгіреттейді.

Қазақтың бұл айтуы шегірткенің сыртқы бітіміне дұлдұрыс келеді.

Шегірткенің денесі — бас, көкірек, құрсақ деген үш бөлімге айырылады. Бөлімдердің әрқайсысы да бірігіп тұрған буындардан (сегменттерден) құралады.

Шегірткенің сырты қитын деген қабықпен қаптаулы. Орнына қарай қитынның қалыңдығы да, қаттылығы да түрліше. Сегменттердің жалғасқан орнында қитын өте жұқа, жұмсақ, сондықтан сегменттер қимылдағып келеді.

Шегірткенің басы жылқының басына өте ұқсас. Мойны қысқа, жіңішке. Бастың алдында бір-бірден екі ұзын мұрты (мүйізі) бар. Мұрт дененің тұрқынан ұзын. Буын-буын мұрт — шегірткенің сезім мүшесі. Шегіртке мұртымен иіскеп, сипап сезеді.

Бастың төменгі жағында аузы бар. Ауыздың екі жағында екі-екіден төрт жағы бар. Жоғарыда, төменде ауызды айнала жатқан екі ерін бар.

Жоғарғы жағы (екеу) қатты қитыннан жаралған өткір орақ. Орақтың жүзі біреу. Екі орақ айқасқанда, қайшыдай қияды.

Төменгі жақ (екеу) өткір тақташық. Төменгі жақтан салбырап шығып тұрған, буындалып түзілген бір-бірден жақ барлауылдары бар. Шегіртке жүргенде осы барлауылдармен тіміскілеп, жерді қармалап жүреді.

Жоғарғы ерін тақташық секілді. Төменгі ерін де құрама тақташық. Төменгі еріннің барлауылы бар. Барлауыл — сезім мүше. Шегірткенің басы, шындығында, буындасқан бірнеше бөлімшелерден түзілген. Бастың құрама екені көзге жарытып байқалмайды.

Көкірек те үш сегменттен құралған. Әр сегментте екі-екіден аяқ бар. Әрбір аяқ жалғасқан бірнеше бөлімдерден жаралған. Аяқтың денеге жабысқан топшыдағы бөлімін жамбас дейді. Жамбастан соңғы кішкене бөлімді ұршық дейді. Ұршықтан соң келетін ірі бөлімді сан деп атайды. Саннан соңғы бөлім — сирақ. Сирақтың сырты тікен. Сирақтан соңғы бөлімді — аяқтың ұшы не табан дейміз. Аяқтың ұшы бірнеше буындасқан бөлімдерден түзілген. Аяқтың ұшында екі тырнағы (тұқайы) бар.

Шегірткенің артқы аяғы өңге құрт-құмырсқаларға қарағанда өте ұзын болады, секіруге жұмсалады.

Жүргенде шегірткенің аяқтары кезектесіп көтеріледі. Үш аяғы көтерілгенде, қалған үш аяғы жерге тиіп тұрады. Бір жағындағы бірінші, үшінші аяқ пен екінші жағындағы екінші аяқ қатар көтеріледі.

(Халел Досмұхамедұлы.

“Жануарлар” кітабынан. 1926 жыл.)

141-тапсырма. ▲ Мәтіндердің стильдік ерекшелігіне талдау жасаныз. Ғылыми стильге тән сөз бедерін көрсетіңіз.

Инжугүл

Инжугүл — көп жылдық шөптесін өсімдік. Тамырсабағы көлбей өседі, жапырақтары ұзын сағақты, сопақ пішінді, ұзындығы 10—12 см, ені 4—8 см. Гүлдері селдір шашақ, гүлшоғырын құрайды, жеке гүлінің пішіні қоңырау тәрізді болады. Күлтесі ақ түсті, әдемі хош иісті. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Жемісі қауашақ немесе жидек.

Гүлі бунақденелер арқылы тозаңданады. Жемісі жануарлар арқылы таралады. Інжугүл улы өсімдік. Оның құрамында эфир майы, жүрек жұмысын жақсартатын гликозид болады. Ол химиялық құрамы жағынан жоғары бағаланады, сондықтан дәрілік өсімдіктерге жатады. Гүлі ақ, иіс-су өнеркәсібінде пайдаланады. Інжугүл азайып бара жатқандықтан қорғауға алынып, қызыл кітапқа енгізілген. Сондықтан жер асты тамырсабағына зақым келтірмеу керек. Інжугүл Батыс Еуропа және Солтүстік Америка, Батыс Қазақстан ормандарында, өзеннің бойында емен, шірінді бұта араларында өседі. Өсемдік үшін гүлзарларда, бақтарда қолдан өсіріледі.

(“Өсімдіктану” кітабы.)

Космос сәулелері

“XX ғасырдың басында космостан сыры белгісіз бөлшектер ағыны келіп жататыны анықталады. Космостан келгендіктен, оларды “Космос сәулелері” деп атаған. Келесі келе ол сәулелердің протондар ағынынан тұратындығы ашылды. Кейінірек ол сәулелердің құрамында басқа да жеңіл элементтердің ядролары бар екендігі анықталады. Жерге келіп жетпестен бұрын ол сәулелер Жер шарын қоршаған атмосфера құрамындағы атомдармен өсерлеседі.

Космос сәулелерінің табиғи көзінің бірі — жұлдыздар. Миллиондаған градусқа дейін буырқанып қызған жұлдыздар қойнауында зат ядросы мол энергияға ие болып, өлем кеңістігіне атылады. Бұл бөлшектер өте шапшаң таралады да, Жер атмосферасына жетіп, онда ядролық реакция тудырады”.

(“Зерде” журналы.)

§33. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНІҢ СӨЗ БЕДЕРІ

Ақын, жазушылар (оларды суреткер деп те атаймыз) сөзді, сөйлемді, т.б. тілдік амал-тәсілдерді өлең, әңгіме, роман, т.б. көркем дүние жасауда “құрылыс материалдары” ретінде қолданады. Бірақ суреткер оларды тілдегі дайын күйінде ала салмай, өзінің жасап отырған эстетикалық дүниесіне (шығармасына) лайықтап өңдейді, ажарлайды. Суреткерді бұл жерде шебер “құрылысшыға”, ал оның шығармасын әсем “ғимаратқа” ұқсатуға болады. Құрылысшы да өзі салып жатқан ғимараттың кірпішін таңдайды, тетігін тауып


қалайды, әрлеп, бедер салады. Суреткер өзі бейнелеп отырған затты, құбылысты ақиқаттағыдай, өмірдегідей етіп көрсетуге тырысады. Өйткені оларды оқырман елестету арқылы қабылдау керек. Шығармадағы атаулар пындық өмірдегі заттарға, құбылыстарға “меңзеп” тұрады, солардың “таңбасы” түрінде жұмсалады. Бірақ бұлар жазушының пындық өмірдегіге ұқсатып жасаған қиялындағы дүниесі болып шығады.

Ақиқатқа, пындық өмірге негізделіп жасалған қиялдағы дүниесі сөзбен бедерленген көркем суретке айналып, белгілі бір идеяны, ойды білдіреді. Мысалы, журналист Елдостың жақсы бала екенін тікелей айтып оқырманды иландырады, сөйтіп, қоғамдық пікірге қозғау салса, жазушы сөзбен көркем “сурет” салу арқылы Елдосты бейнелейді. Сол көркем суретті оқи келіп, жақсы бала екен деп, оқырман өзі қорытынды шығарады.

Енді жай ғана көркем мәтінде қалайша образға айналатынын айта кетейік. *Түн, ауыл, өзен, ай, жер, үй*, т.б. көптеген атауды күнделікті қарым-қатынас тілінде қолдана береміз. Сондай-ақ дәл осы тәрізді атауларды көркем шығарма мәтінінен де ұшыратамыз. Сөз екі мәтінге де ортақ болғанмен, қызметі әр басқа, парқы бөлек.

Біріншісінде, яғни күнделікті сөйлеуімізде бұл атаулар пындық, өмірдегі заттар мен құбылыстардың нақ өзі (денотат): *ауылға келдім; ай жарқырап тұр екен; өзен жағасынан бір үй көрінді*, т.б.

Ал екіншісінде, яғни көркем мәтінде кездесетін атаулар пындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың нақты өзі емес, бейнесі (образы): *Ауылдың маңы терең сай, тасыған өзен күркіреп (Абай)*. Осы айтылғандарды былай көрсетуге болады:



Көркем мәтінге түскен атаулар осылайша ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстардың көркем бейнесіне айналады.

Көп жағдайда: суреткердің қиял дүниесі пындық өмірден алшақ кетпейді: өзенді “өзен”, ауылды “ауыл” түрінде береді.

Ал кейде суреткердің қиялы шарықтап, ақиқаттағы, шындықтағы заттар мен құбылыстардың бейнесі өмірдегіден **алшақ** кетеді. Сөйтіп, тілсіз нәрсеге тіл бітіріп, жансыз нәрсеге жан кіргізеді.

Ауылжым-жырт, ауыл тыныштықта дегеннен гөрі *ауыл мызғып, қалғып тұр* деу көркем тіл кестесі үшін әлдеқайда деректірек. Өйткені “мызғып”, “қалғып” тұрған нәрсені, тыныштықта деген сөзбен салыстырғанда, айқынырақ елестетуге болады: “*Көгал сайда отырған бес-алты үйлі аз ауылдың түңлігі тегіс жабық. Ай астында ақ үйлерде мызғып, қалғып тұр*” (М. Әуезов. “Абай жолы”). Ассоциация арқылы оқырман санасында “мызғып, қалғып тұрған” жанды нәрсенің елесі пайда болады да, түңгі ауылдың бейнесін шындықтағыдай көз алдына келтіреді. Енді бір суреткердің талантты қаламы тіпті оқырман ойламаған тұстан қысқы ауылдың түңгі бейнесін тың әрекет арқылы береді де экспрессиялық әсерді арттыра түседі:

Аязды түнде ақпанда,
Ит үрмей, тауық шақырмай,
Арқасын сүйеп ақтауға,
Қымтанып ауыл жатты жай.

Бұл — суреткер қаламының адам сезіміне (сезімдік қабылдауына) тұтқиылдан әсер етуі. *Ауыл тыныштық құшағында, ауыл ұйқыда* дегендерге оқырман сезімінің “еті үйренген” болса, арқасын сүйеп, қымтанып жатқан адам әрекетіндегі қысқы ауылдың түңгі бейнесін М.Мақатаев қаламы салған соны сурет, жанды бейне арқылы елестетеміз. Міне, осылайша көркем тіл кестесіндегі сөз деректі сезімдік қабылдау түрінде болады.

Суреткер де кәдімгі сіз бен біз білетін сөзді қолданады. Әдетте *таңдайы тақылдады, мұрны пыс етті, бірін-бірі тепкіледі, кісінеді*, т.б. дегендерді адамның немесе жануардың қимылы мен әрекетіне қатысты қолдана береміз. Ал суреткер ешбір “сиқыры” жоқ мұндай сөздерге басқа түрде бедер салуы мүмкін. Мысалы:

“*Осындай қаумалаған ойдан құтылып, талықсып барып таң алдында көзі ілінгені сол еді — таңдайы тақылдап, Дарханның жаман үйін селкілдете тағы бір поезд өтті. Шындығында, өткен жоқ, мұрны пыс етіп, вагондары бір-бірін тепкілеп тоқтады да, аман-есен жеткендігін кісінеп білдірді*” (О. Бөкеев).

Үй қасынан өткен пойызды “*таңдайы тақылдады, мұрны пысетті, вагондары бір-бірін тепкіледі, кісінеді*” деп, суреткер жандының бедерін салу арқылы жансызға жан беріп отыр. Жазушы жылқы түлігінің белгілерін ала отырып, ұлттық нақышпен пойыздың көркем бейнесін жасаған.

Жоғарыда айтылған мысалдарға теңеу, метафораларға қарап, суреткер айтып отырған жайды оқырман тек бейнелеуіш, көріктеуіш тәсілдер арқылы ғана көз алдына елестетеді немесе түйсіне алады деуге болмайды. Күнделікті қарым-қатынас қызметін өтеп жүрген қатардағы жай сөздердің өзі де көркем тіл кестесіне енген жай сөздер арқылы да затты, іс-әрекетті, сапаны шындық өмірдегідей түйсініп, “көзбен көріп, құлақпен естігендей” әсер қалдырады.

Сөздерді, басқа да тілдік амал-тәсілдерді заттар мен құбылыстардың көркем бейнесі түрінде жұмсау көркем әдебиет тілінің сөз бедері деп аталады.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Сөз күнделікті қарым-қатынас тілінде ақиқаттағы нақты бір заттың атауы, көркем мәтінде бейнеге (образға) айналады дегенге тақырыпқа сүйеніп түсінік беріңіз.
2. “Суреткер жай қарапайым сөздерге бедер салу арқылы тілсіз нәрсеге тіл бітіріп, жансыз нәрсеге жан береді” деген ұғымға тақырыптан және көркем шығармалардан мысалдар алып, ауызша және жазбаша талдау жасаңыз.
3. “Көркем тіл кестесіндегі сөз деректі сезімдік қабылдау түрінде болады” дегенді қалай түсінесіз? Өз ойыңызды айтыңыз.
4. Көркем әдебиет тілінің сөз бедері дегеніміз не?

142-тапсырма. ■ Көркем шығармалардан мына төмендегі сөздердің бейнелі сөз бедері болатынын көрсететін сөйлемдер теріп жазыңыз.

1. Бұлақ. 2. Су. 3. Терек. 4. Ай. 5. Сәуле. 6. Қанат.
7. Жылқы. 8. Жер. 9. Тұман. 10. Ой. 11. Сезім.

143-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, ақиқат өмірдегі зат, құбылыстардың бейнесін білдіретін сөз-образдарды бір бөлек; зат құбылыстардың ақын қиялынан туған бейнесін білдіретін сөз-образдарды бір бөлек жазыңыз. Екеуін салыстырып айырмасын көрсетіңіз.

Үлгі: 1) бұғы, марал, киік, аю, қабан, биік, қия, т.б.

2) бұлт жамылып, торғын киген Алтай, бұлт тартқан күйік, бұлттан басқа оранбаған, т.б.

Алтай аясында

Ал десең, аясына алады Алтай,
Көргенде көңілге күй салады Алтай.

Сұлудай торғын киген бұлт жамылып,
Арқаға әлденеше қарады Алтай.

Алтайдың ең үстінде Ақтау биік,
Бойына бұлт жете алмай тартқан күйік.
Андары, бұғы, марал ойын салып,
Секірген қиясында өршіл киік.

Алтайдың алқабында аю, қаблан,
Оңтүстік даласында орғып құлан.
Елгі ешкісімен есебі жоқ,
Жайылып сайын шөлде сайрандаған.

Секілді ақ бас атан алабасы,
Бұлт жайлап, бұлттан өзге қона алмаған.
Ақша қар ақ күмістей ай шағылып
Жібектей бұлттан басқа оранбаған.

Арудай қараторы көсіліскен,
Қаратау етегіне құлап түскен.
Ақ торғын қалықтайды қойнауында,
Гүлдердің көбелектер сөлін ішкен.

Бірінен-бірі биік — ну қарағай,
Етектен көтерілген өрге қарай.
Таулардың өркештенген өрлерінде
Қыз емшек қия тастар тұр жағалай.

Көргенде көз, көңілдің Алтай емі,
Алтайдың кен аңкиды алған демі.
Жерінен алтын, күміс жентектеліп,
Алтайдың кен құсады талай жері.

Күн мүсін қыздан сұлу Алтай сері,
Күмістей су лақтырған өзендері.
Даусынан дүрілдеген тау сілкініп,
Тас жарылып құлайды кейбір күні.

Өн салады бұлбұлы үзілдіріп,
Үннен үнді маржандай тізілдіріп,
Нәзіктігі жүректі елжіретіп,
Есің ауып, тыңдайсың дымың құрып.

(Иса Байзақов.)

144-тапсырма. ■ Мәтіндерді оқи отырып, ондағы заттар мен құбылыстарды көзбен көргендей, құлақпен естігендей, иісін сезгендей боласыз. Олай болса, сөз қалайша ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстардың бейнесіне айналған? Көруге, естуге, иісін сезуге болатын зат атауларын жеке-жеке көрсетіңіз. Жансыз заттың жаңды нәрсе түрінде, тілсіз нәрсенің адам кейпінде берілуіне тоқталыңыз. Көркем әдебиет тілінің сөз бедері тұрғысынан түсінік беріңіз.

Қаншыр мен бөдене

Бір қаншырға айтыпты бөдене кеп:
— Сен үшін қатты уайым қыламын, — деп.
Соландаған байғұссың ұшуға олақ,
Бір күні кетеді ғой тұрымтай жеп.

Қаншыр айтты: — Қауіп жок тұрымтайдан,
Шықпаймын қалың қамыс, қопа сайдан.
Мен сендей жалтаң жерге оттамаймын,
Тығылған соң мені алып жейді қайдан?

Бөдене айтты: — Қамысың тыныс емес,
Босқа арықтап жүргенің дұрыс емес.
Айламен-ақ алғызбай кетіп жүрміз,
Тұрымтайың біздерге жұмыс емес.

Жүз құбылып қуланып жылпалақтап,
Таңырқатты қаншырды өзін мақтап.
— Тілімді алсаң екеуміз дос болайық,
Маған ерсең жүремін жаудан сақтап.

Аңқау сорлы бір қудан алды сабақ,
Бөденемен дос қылды құлқын тамақ.
Жау міндеті мойнында бөдененің
Екеуі емін-еркін қырда оттамақ.

Қыраңға шығып алып, оттап жүрді,
Бетегелі ырғайға әбден кірді.
Тегінде бөдененің айтқаны рас,
Тарлауға жайылған соң шын семірді.

Бір қырға шығып еді оттай, оттай,
Зырқырап келе жатыр бір тұрымтай.
Бөдене көре салып бұға қойып,
Қаншырға хабар қылды: “Бүк, — деп, — ойбай!”.

Жалма-жан бұға қалды қаншыр батыр,
Жер еді панасыздау, шөпсіз тақыр.
Екеуі тыпыр етпей жатса-дағы,
Тұрымтай тұп-тура келе жатыр.
Бөдене әр айланы көп ойлады,
Бір түрлі сол арада еп ойлады.
“Тұрымтай мұны көріп алып кетсін,
Қаншырды ұшырайын” деп ойлады.

— Қойыпты бұл тұрымтай бізді көріп,
Мен қапсам, кетер едім бір бұлт кіріп.
Сен ертерек қаппасаң, құтылмайсың,
Бұл сені алып жейді тура келіп.

Мендей тарғыл емессің, барандаусың,
Қыбырлап, тыныш жатпай алаңдайсың.
Ерте ұшып, бір қамысқа тығылып бақ,
Бұл жерде жатып аман қала алмайсың.

Аңдамай алдауға еріп қаншыр ұшты,
Тұрымтай оны көріп тым құнысты.
Қанатының қаққаны көзге ілеспей,
Адым жерге жібермей қағып түсті.

Бөдене ұшып жыпылдап кетті алысқа,
Дос болыңыз осындай алдамшысқа.
Қасындағы қаншырды қанға бояп,
Өзі барып тығылды бір қамысқа.

Қамыста жатып алды қылмай қауіп,
Құтылды досын беріп айла тауып.
Қонғанын бөдененің көрген біреу,
Жүгіртіп сол араға келді шауып.

Бөдене жатыр еді қыбыр етпей,
Қарап жүр шыр айналып көзі жетпей.
Ат басып бөденені жаншып кетті,
Жазасын о да тартты аман кетпей.

Жігіттер! Осы сөзге құлағың сал,
Басыңда миың болса, мұны ұғып қал.

Алды-артын ойламаған аңқауменен
Алдампаз арам достан ғибрат ал!

(Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар.)

* * *

Ашық күн. Айнала тып-тыныш. Күлгін түсті ұсақ жапырақ жамылған қалың талдар қимылдайды. Ұзарып пісіп, сабағы енді қата бастаған үкі бас құрайлар мен жалбыздың иісі шығып, аптап ыстық леппен ауық-ауық мұрынды қытықтап өтеді. Арғы бетте өзен бойын жарыса қуалап кетер қалың тоғай. Одан әрі көгерген көк алсынды жалпақ шабындық ойпанда талмен өріп бастырып тастаған маялар — жер бетінің меңдері секілді.

Біз өзен арнасының оқыс ойысып, кең қолтық жасап өтер биік жар қабағында отырмыз. Алдымызда Есіл жатыр. Жай көзге өзен беті сондай алдамшы, тып-тыныш. Биіктеп шыққан күн сәулесі айнадан көрінгендей, қалтылдап қаймақшымайды. Су бетінде тірлік күресінің жорығымен әлсін-әлі шоршып шығып, қайта сүңгіп жатқан су мекендеушілерінің ғана ізі бар. Өуелі ноқаттан басталар сақиналар сан буын құрап барып, жағаға жетіп жоғалады. Мұның бәрі алдамшы тыныштық. Ағынның қатты екенін бейсуат қалқып, батып шығып қылтындап, зырлап бара жатқан ағаш түбірі, томарлардан байқайсың. Суға тапшы кең сақара — Сары-Арқаның сан мындаған жыра-сайларынан жылап шығып, барған сайын кеңейіп, барған сайын молайып кең арнаға айналар өзен бұлықсып дыбыссыз ағады. Бір сәт тоқтау жоқ, бір сәт үзіліс жоқ. Өйткені алдында күшағын кең жайып, асыға күтіп жатқан қиырсыз ұлы мұхит бар. Соған асығады. Табиғат әманда ұлылыққа құштар. Ұланғайыр кендікті аңсайды. Уақыт та, адам да солай. Мен де шалқыған теңізді — махаббат теңізін аңсаймын. Қасымда жымиып күліп, үнсіз отырған Қарғашқа ұмтыламын. Бірақ өзен маған: “Сабыр, батыр-екесі, сабыр!” Шын құштарлық, терең сезімде “ал кеттім” жоқ та, сабырлық қана бар” — дегендей болады.

(С. Шәймерденов. “Қарғаш”.)

145-тапсырма. ▲Өлеңді оқып шығып, сөздің көркем тілге тән белер алуын түсіндіріп жазыңыз. Тенеу, метафора, эпитеттерді тауып көрсетіңіз. Ақиқат өмірдегі заттардың, құбылыстардың акын қиялымен байланысын ашыңыз.

●Адамның іс-әрекетін бейнелейтін заттар мен құбылыс атауларын теріп жазыңыз. Ондағы екі сөзге толық морфологиялық талдау жасаныз.

Оқжетпестің қиясында

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай төрбетпейді.
Бурабай көлі менен Көкшетауды
Көрмесен көкіректен шер кетпейді.
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестей
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді.
Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді.
Көкшеде күңіренген Кенем қайда?!
Дарига, жүрегімді дерт өртейді.

Көкшені күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-қара бұлттармен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды бөлек тау тұр,
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-дөнгелек көл ортада,
Жел ойнап ақ бетіне меруерт шашқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар,
Жасаған мұнарадай құйып тастан.
Найзағай Оқжетпестің қиясына
Жалғыз-ақ Кенекем ғой қадам басқан.

(М. Жұмабаев.)

146-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, көркем шығармадағы сөздің қалайша бейнелі сөзге (сөз-образға) айналатынын айтып беріңіз.

● Мәтін ішіндегі көркем үзіктен зат есім, сын есім, етістік және үстеу сөз таптарына қатысты сөздерді табыңыз. Оларды бөлек жазып көрсетіңіз. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін көрсетіңіз.

“Сөз — образ”

Көркем контекстегі сөз арқылы ақиқат өмірдегі “заттың”, “іс-әрекеттің”, “сапаның” санамызда нақты сәулесі пайда болады. Сондықтан көркем тіл кестесіне енген *шам, білезік, сырға, бөрік* тәрізді ешбір сиқыры жоқ сөздер сөз — образға айналады. Екіншісі бірі айтатын “қатардағы” сөздердің өнер материалдарына, басқаша айтқанда, сөз образға қалай айналатынын байқау үшін мынадай мәтінге назар аударып көрейік.

Үлкен үйдің ортасында ала көлеңкелеу жанған тас шам бар. Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласы — Әділбек, Асылбекпен- бәрі де қонақтармен бірге болды. Бұл үйге әсіресе өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол Сүйіндіктің қызы — Тогжан. Абай келгеннен бері Тогжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. Сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілменен Тогжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері — баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай ұп-ұшкір боп, самайға қарай тартылған қас, жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

Тогжан үйдегі сөзге құлақ салып, не күліп, не қымсына, сұлу қастары бір түйісе түсіп, бір жазылып толқыл қояды. Елбіреп барып діреткен қанат лебіндей. Самғап ұшар жанның жеңіл әсем қанатындай. Биікке, алысқа мегзейді (.....). Абай көпке шейін Тогжан жүзінен көзін ала алмай, телміре қарап қалды (М. Әуезов. “Абай жолы”).

Егер тілдегі мағынасына қарай анықтама берсек, шам сөзі “жарық беретін құрылғы” дегенді білдіреді. Шам сөзі контекстен тыс абстракті сипатта. Басқаша айтқанда, өңгіменің қандай шам туралы екендігі, май шам ба, жаяу шам ба, білтелі шам ба, ондық шам ба, электр шамы ма, бізге беймәлім. Шамның бұдан басқа да түрлері көп.

Ал жоғарыда мысалға алынып отырған мәтіндегі шам қандайда болмасын “жарық беретін құрылғы” деген абстракті ұғымда емес, сол ұғымға енетін заттың нақты бір түрі туралы екендігін байқаймыз. Мысалы, ол — тас шам, ол — ала көлеңкелеу жанған тас шам, ол — үйдің ортасында ала көлеңкелеу жанған тас шам.

Сондай-ақ бөрік сөзі “елтірі, аң терісінен істелген құлақсыз бас киім” деген мағынаны білдірсе, контекстегі бөрік сөзі әйтеуір бөрік атаулы жайында емес, кәмшат бөрік, онда да Тогжан киген кәмшат бөрік туралы. Мәтінде кездесетін білезік, шолпы, сырға тәрізді зергерлік бұйымдар жайында да осыны айтуға болады. Тогжан таққан шолпыны көз алдымызға елестетіп қана қоймай, сылдырлаған үні де естігендей күй кешеміз. Бұл — көркем контексте сөздің образға көшуінің белгісі. Образдылық сипат тек есім сөзде

(шам, бөрік, шолпы) ғана емес, етістіктерде де бар: “Абай... Тоғжан жүзінен көзің ала алмай телміре қарап қалды” дегендегі *телміру* етістігі — нақтылы әрекетті бейнелейтін аса қажетті сөз образ.

Көркем контекстегі сөз бірде-бір заттың екінші бір затқа қатысы арқылы (*үйдің ортасында жанған шам, бастағы кәмішат бөрік, білек толған білезік*, т.б.) деректі сипатқа ие болып, сөз — образға айналса, бірде көріктеуіш, бейнелеуіш төсіл (теңеу) арқылы деректеніп, сөз — образға айналды: *Жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр; қарлығыш қанатының ұшындай үп-үшкір боп самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей, сұлу қастары бір түйіле түсіп, бір жазылып толқып қояды. Елбіреп барып дір еткен қанат лебіндей.*

Жазушы сөз — образ арқылы, оның ішінде көріктеуіш құрал арқылы (теңеу) кейіпкер портретін оқырман сезіміне айқын ұялатады. Тіпті Тоғжанның аппақ жүзінен оның ішкі сезім толқынын да айнытпай танып отыратындай күй кешесіз. *Самайға қарай тартылған қас жендеттің жебесіндей* дегеннен өсем қыздың қиылған қасын ғана танып қоймай, мұндай сөз — образда әлдеқандай астар бар екенін де түйсінесіз. Сол “жебеден” Абай жүрегінің “жараланатындығын” да сезіп отырсыз. *Тас шамның ала көлеңкелеу жарығы* да үй ішіндегі сән-салтанат, асқан байлықты танытпаса керек. *Көктем нұрын ала келген* Тоғжанға қоңырқай тұрмыс контрастық сипатта. Көркем контексте бұлайша сөз мазмұнын байытпа қолданып, оқырман қиялына қанат бітіріп отыруы — қаламгер шеберлігінің бір қыры.

(Н. Уәли. “Фразеология және тілдік норма” кітабынан.)

§34. КӨРКЕМ СӨЗ БЕДЕРІ

Көркем мәтінде тіпті деректі ұғымдағы сөзді әдеттегідей бөрімізге үйреншікті қалпында қолдану жеткіліксіз. *Жел соқты, қар жауып, боран болды* деп айтудың ешкімге қиындығы жоқ, таңсық та емес. Шығарма тілі (мәтін) бастан-аяқ осындай дағдылы сүрлеуден шықпай, үйреншікті қолданысқа құрылса, ешкімді қызықтырмайтындығы, бедерсіз болатыны айдан анық. “Тілі тартымсыз”, “сөзі бедерсіз” деген үлкен мін тағылып, ондай шығарманың сыналып та жататындығы белгілі. Сөз шеберлерінің

қолданысында сөз әдеттегі қызметінен басқа күйге көшіп, тосын құбылысқа тап болады. Мұндай тосын қолданыстың әсері айрықша болып, шығарма тіліне бедер беріп отырады.

“Боран үскіріп соғып тұр. Асау жел ащы күйінен жаңылған жоқ, ойнақ салып ысқырып тұр. Ақ дала меңіреу болып түнеруде. Қайғылы сары бел боран әкеліп тұрған ақ киімін қымтай түсіп, жата берді (М. Әуезов).

Өзіңіз байқағандай, алғашқы сөйлемдегі сөздер әдеттегі мағынасына сай, үйреншікті қалыпта жұмсалса, оған ілесе айтылған сөйлемдегі сөздер өзгеше күйге түскен. Арнайы назар аударған оқушы *асау* сөзінің тосын сипат алғандығын бірден аңғарады. Өйткені әдеттегі сөйлеуде *асау жел* деп ешкім қолданбайды. Сондай-ақ сөз арасында бір-бірімізге *сары бел киімін қымтады* десек, түсініксіз болып шығар еді. Бұлай болуы сөздің әдеттегі күйін өзгертіп (контексте) тосын сипат алуына байланысты. Алайда жансызға жан бітіру немесе сөзді тосын қолдану құр мақсат емес. Сөзді өдемілеп, әшекейлеу де емес. Бұл — болмысты нақты, өз бедерімен бейнелеудің айрықша тәсілі. Осылайша нақтылы, өз бедерімен бейнелеген зат, құбылысты оқушы елестету арқылы қабылдап, “көзбен көріп, қолмен ұстағандай” күй кешеді. Суреткер қаламының оқушыны эстетикалық әсерге бөлейтіндей сиқырлы болатыны да сондықтан. Осылайша тіл бедерін арттыратын бейнелеуіш тәсілдердің метафора, эпитет, теңеу тәрізді небір айшықты үлгілері сөзді әдеттегіден тыс тосын қолдану арқылы жасалады.

Жаңа жыл. Қар аппақ.

Талаурап, талмаусырап күн шықты.

Тиісерге қара таппай жалақтап,

Тентек аяз өз деміне тұншықты (М. Мақатаев).

Тентек бала, тентек кісі делінсе, дағдылы қолданыстағы сөз тіркесі. Бұндағы анықтауыш *аяз* сөзімен тіркесіп тосын күйге тап болады да, эпитеттік қызметке көшіп, “аязды” тиісерге қара таппай жүрген адамға айналдырды. Сөздің ауыс мағынада қолданылуы сонылығы, жаңалығымен ғана емес, дәлдігімен, заттың белгілі бір қасиетін айқын, нақты көрсете білуі бедерімен әсерлі. Олай болмаған жағдайда теңеудің, оның ішінде метафоралы түрінің әсері айтарлықтай бола қоймайды. Суреткер қаламы зат пен құбылысты оның ерекше қасиетін тап басып, дәл көрсетсе, жарқылы ерекше болып, оқушы сезіміне дәп

тиіп жатады. Көркем шығармада сөз осылайша образды қасиетке ие болады. “*Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ой*” (Абай) дегендегі образдылық жай әшекей емес, — жаңалық ашу. Оқушы өзіне таныс құбылысты қайта “ашады”, жаңа қырынан көре алады. Ондай жаңалық оқушы танымын тереңдетіп, қиялына қанат бітіреді.

Көркем тілде қолданылатын түрлі метафора, эпитет, теңеулердің сөз бедерін түзудегі орны айрықша зор. Олардың басты қызметі сөзге тек бояу дарыту ғана емес. Бұлар — өмір құбылыстарын бейнелі түрде танытудың аса тиімді тәсілдері.

Жазушы эпитет, теңеу метафораларды, т.б. шектен тыс көбейте берсе, сөз бояуы аса қоюлап, ондай шығарма тілі тым “төтті” көрінер еді. Ал жайшылықта айтылатын әдеттегідей сөз өрімдері шығарма тілінің “қанттылығын” азайтуға септігін тигізеді.

Сөздің шығармада образды жұмсалуды бар да, шығарманың жалпы образды болуы бар. Бейнелеуіш, көріктеуіш тәсілдер, стильдік қолданыстар арқылы сөз образды қасиетке ие болады да, бұлар қарапайымдылығымен баурап отыратын әдеттегідей қолданыстармен ұштасып жатады. Осылардың бәрі бір-бірімен ұласа келуінен шығарма тілі тұтастай әсерлі көрінеді.

“Темірді — от, ағашты, мор, адамды сөз балқытады”. Мен мұндалап тұрған айшығы болмаса да, тыңдаушысын төңті ететін қарапайым кейбір сөздер адамды баурап отырады. Ондай сөздің күдіреті айтылған ойдың аса мәнділігі, логикалық қисындылығы, алақанда жатқандай айқындылығында болса керек.

Экология жайында өткен үлкен бір жиында қарапайым орманшы мынадай қисынды, бедерлі сөз айтқан: “*Орман үшін өрттен үлкен қатер жоқ. Бірағаштан миллион тал сіріңке үшін жасауға болады, ал бір тал ши — миллион ағашты құрта алады*”; “*Тайгадағы алтыннан бұғының миллион мүсінін құрға болады. Бірақ соның бәрінен бірде-бір адам бір ғана тірі бұғы жасап бере алмайды*” (газеттен).

Бедері айқын осындай сөздің оқушысы мен тыңдаушысына тигізер әсері өзгеше.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. “Сөз шеберлерінің қолданысында сөз әдеттегі қызметінен басқа

күйге көшіп, тосын құбылысқа тап болады, жансызға жан бітіреді” дегенді қалай түсіндіңіз? Тақырыптағы талдауға сүйеніп жауап беріңіз.

2. “Тіл бедерін арттыратын бейнелеуіш тәсілдердің метфора, эпитет, тенеу тәрізді небір айшықты үлгілері сөзді өдеттегіден тыс тосын қолдану арқылы жасалады” дегенге тақырыптан мысалдар келтіріп түсінік беріңіз.
3. Көркем шығармада және өз ойыңды баяндауда сөзді ауыс мағынада қолдану сөз бедерінде қандай ерекшелігімен әсерлі екенін айтыңыз.
4. Тұрақты сөз тіркестерін шамадан тыс бірінен кейін бірін бастырмалата қолданудың сөз бедеріне әсері қандай? Сапасын арттыра ма, төмендете ме?
5. Стильдік контраст деген не? “Көркем шығармада стильдік контраст жасай білудің әсері айрықша” деген сөздің мәніне тақырыптағы мысалдар арқылы ауызша түсінік беріңіз.
6. “Бөгде стильдік элементтерді белгілі бір мақсатқа орай әдейі жұмсап, стильдік бояуларды “дәл бере білсе, көркем шығарма тілінің бедері арта түседі” деген ой нені білдіреді?
Көркем шығармадағы “электизм” деген не?
7. Шығарма тілінің біртұтас әсерлі көрінуі деген не? Сөз әсерлілігі тұтас шығармаға да қатысты ма? Мәтіннен белгілі бір сөйлемді “үзіп” алып, мәтінді жоққа шығаруға бола ма?
Тақырыпқа сүйеніп сөйленіз.
8. Көркем әдебиет тілінде сөз бедерлеудің қандай тәсілдері бар? Оған тапсырмаға берілген поэзиялық және прозалық шығармалардан мысалдар жазыңыз. Ауызша талдау жасаңыз.
9. “Бір ағаштан миллион тал сірінке шиін жасауға болады, ал бір тал ши — миллион ағашты құрта алады”, “Тайгадағы алтыннан бұғының миллион мүсінін құюға болады. Бірақ соның бөрінен бірде-бір адам бір ғана тірі бұғы жасап бере алмайды” деген сөйлемдерден сөз сапасына, көркем сөз бедеріне тән қандай ерекшелікті байқауға болады? Тақырыпқа сүйеніп жауап беріңіз.

147-тапсырма.▲ Жазушылардың өзіндік сөз саптасына, сөз нақышына, мәнеріне, ондағы тілдік бояуларының бір-біріне ұқсамайтынына талдау жасаныз. Мұнда сөз зергерлері сөз бедерлеудің қандай әдіс-тәсілдерін қолданған?

Күнікей ғой бұ жатқан

Жаялықша жалпиған, жарғанатша қалқиған, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шымқорада — жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?

Өлсін-өлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма ерні кезеріп Бетпақ кезіп кеткендей, кимешегі

қалқылдап қуыршаққа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы жастық емес кетпендей, сар төсек боп сарғайып бұ жатқанын қай әйел?

Білмесеніз айтайын — Күнікей ғой бұ жатқан.

Күзден жатқан Күнікей — жазға жетті ілініп: күдері ғой, жан шіркін, үзілмейтін созылып.

(Ж. Аймауытов.)

Бастық

Бастықтың үйіне кірдік. Ауыз үйде семіз торы ат. Бізді көріп оқыранып қалды. “Шөп әкелдіңдер ме?” дегені болар. Төр үйден әйел даусы шықты:

— Қайдағы қазақ, қайдан қаңғыра береді екен осы!.. — деді. Жас әйел бөксе жағын пешке қапсыра тірей жатыр екен. Саусақтарына істікке шаншығандай алтынды-күмісті сақина мұнша көп болар ма! Шапы дудырап кеткен ұйпат-тұйпа... Өзі де ұйпа-тұйпа. Бізге наразылық білдіруге қалай ерінбегеніне таң қалғандайсың. Семіруге, ұйықтауға әдейі арналып жаралған адамдай екен. Ұйықтап тұрып, тамақ жейтін болар, тойып алып, қайта ұйықтайтын болар деген ой келді. Мына денеге көп ұйқы, көп тамақ сыятын сияқты.

Үй иесі — бастық төрде, мамық төсектің үстінде, кеңсірік дейтін кең алқаптан соққан ызғырық сияқты үн беріп ұйықтап жатыр. Бас жағында беті жабулы ағаш табақта қазының қабырғасы көрінеді.

— Бұл жолдас жай жатыр ма?

— Жай...

— Оятуға болмас па екен?

Жас әйел ордандап барып бүйірден түрткілеп еді, бастық оянбады.

— Қойсайшы, әй ...болды ғой... — деді де теріс айналып жатты.

Енді оның үні сыбызғы үніндей сыңсып шыға бастады.

— Оятыңыз? — деді Есқожа барынша қатқыл үнмен.

— Тұрсын!

(F. Мүсірепов.)

148-тапсырма. Өлең үзінділерінен акындардың сөз саптасы, интонациясы бір-біріне ұқсамайтынын, әрқайсысының өз нақыш өрнегі, мәнері бар екеніне талдау жасаңыз.

Тоқта, ботам!

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Бұр мойныңды қалжыраған қарт ұлға.
Сенің сөби сәттеріңнің мысқалын
Айырбастап ала алмай жүр алтыңға.
Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Жүзе жүріп, жүз құбылған сағымда,
Жастық дейтін көктеменің шағында,
Өскен едік сенің анаң екеуміз.
Ей, болашақ!
Қарт келеді зиялы,
Кейімесін ата—қыран ұялы.
Сен сыйласаң сөби шақтың бір сөтін,
Атаң саған ұзақ өмірін қияды...

(Мұқағали Мақатаев.)

* * *

...Сөйгүлікті күйрық-жалы таралған
Сүйетұғын қазақ осы,
Қараңдар!
Қазақ осы:
Күй шығарып,
Өн салып,
Көкпар тартып,
Қыз кууға жаралған.
Қазақ осы:
Айтатұғын желге сыр.
О ағайын,
Халық емес ол кесір.
Қазақ осы:
Аңғал-саңғал,
жабусыз.
Қазақ осы:
Ағыл-тегіл,
Көл-кесір.
Қазақ осы:
Дала дейтін,
Күн дейтін.
Қазақ осы:

“Өнер алды — тіл” дейтін.
Қазақ осы:
Қарасың ба,
Ақсың ба,
Қоңырсың ба,
Жатырқауды білмейтін...

(Қадыр Мырза-Әли.)

* * *

Қырқасынан қыран ұшқан, сен ер жеткен аймақты
Ертеде бір хан билепті қайсар әрі қайратты.
Қартайса да, шапқан аттың құлағында ойнапты,
Қия тартқан мақсатына иек артпай қоймапты.
Өз елінің абыройын,
Қорғанысын, ақыл-ойын
Қайтсем биік көтерем деп ойлапты.
Бір болса да, бірегейлі,
Хандығына түбегейлі
Жаңа өзгеріс енгізуге белін мықтап байлапты.
Бірақ сорлы жетіп алмай тоқтамының парқына
Мынадай бір заң шығарып, таратыпты халқына...

(М. Шаханов.)

149-тапсырма. ▲ Көшіріп жазып, сөйлемдегі тұрақты тіркестерді табыңыз. Сөйлемде қандай мағынада қолданылып тұрғанына түсінік беріңіз. Сөз бедері және тұрақты тіркес туралы айтыңыз.

1. Қамар жел сөзге араласпайды (Д. Ә.). 2. Танакөз жел өкпе қайнысын желіктіріп қойып, ішіне біраз сыр түйіп алған соң Жылқыбайға келген шаруасын айта бастады (Ғ. Мұст.). 3. Үлкен қара қоңыр үйдің сыртында... Мақаш ұзақ сөйлеп отыр.

— Өзің жоқта олардан көрген қорлықты, міне, жетпістен асып, сексенге жақындадым, әлі ешкімнен көргем жоқ, — деп зарлайды көрі би ұзақ жүріп сағындырып келген баласына... — Жауырды жаба тоқыдым. Іштей қайнадым. Сені көрер күнге жеттім әйтеуір (Ғ. Мұст. “Дауылдан кейін”). 4. “Уа, шіркін, ай пөле!” — деп Мұсатайлар жел беріп жіберіп еді, Әбілтай шырқап берді (Ә. Нәб. “Шолпан”). 5. Көмескі естілген дүдәмал, желбуаз, әңгіме Сұраншының мазасын алды (С. Тал. “Ұлдай кегі”). 6. Қойдым ағатай! Ендігері санқиған мұрныңызды, шикылдаған арбаңызды ауызға алсам, желкемнің шұңқырын көрмейін (Ғ. Мұст.).

“Дауылдан кейін”). 7. Мансап десе, ішкен асын жерге қоятын, біреудің лауазымынан ләззат алып, шоғына жылынып күн көретін осындай желім ауыз, құнарсыз қулар қайдан пайда болады екен? (Қ. Ж. “Шарайна”). 8. Жер аяғы кеңіген дегендей уақыт келді (М. Әуезов). 9. Өмірде не қорлықты көрсе де, дәл мұндай жер болғанды білмеген-ді (М. Әуезов).

150-тапсырма. ▲ Берілген сөйлемдерден ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзді табыңыз. Оның мағынасын, рең менін түсіндіріңіз. Көркем шығармада сөзді ауыспалы мағынада қолдану және сөз бедері туралы айтыңыз.

1. Бұл кезде менің миым асты-үстіне шығып, қайнап кетті (Ғ. Мүсірепов). 2. Ыстық күн Алатаудың иығынан күле қарайды (Ә. Нұрпейісов). 3. Жаман неменің сөлем бере келгенін қара! 4. Қыр басынан етекке қарай болат арқан тартып, он шақты жұмысшы жүрді (Ғ. Мұстафин). 5. Хакім сол қырынан жатып, терезеге күлімдей қарады (Х. Есенжанов). 6. Абай мен Қасымды қанша оқысам да, сусыным қанбайды (газеттен). 7. Қазір содан қатты тізе көріп қалған сияқты (М. Әуезов).

151-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, көркем шығармадағы сөз бедері және стильдік қолданыс дегенге талдау жасаңыз.

■ Одағайлар мен қаратпа сөздердің астын сызып, тыныс белгісін қойыңыз.

Біздің ауылға да жеттік-ау, әйтеуір... Асылхан Көменмен қоштасты да аттарын алып, өз ауылына қайтып кетті. Қайсар үйінің қақпасы іш жағынан салтқымен бекітілген. Мен терезесінен қақтым. Қайсар ұйықтамай жатқан болу керек, тезбе-тез:

— Бұл кім әй, — деді.

— Мен...

— Боқмұрынбысың ой?

— Иә мен... қақпанды аш.

— Аман жеттің бе әй босалак! Жүгір үйіңе бар?! Өкешешен жоқтау айтып, жылап жатыр...

— Жоқ, қақпанды аш? Қасымда кісі бар...

— Мына шіркін не дейді?

Қайсар қақпасын ашты. Көмен екеуміз үндеместен үйге кірдік. Бөден апай шам жағып жіберді.

— Қалқам-ау сенбісің? Келдің бе әйтеуір?

Түні бойы жер-көкті шарлап таба алмай келіп, таң атқан

сон тағы да аттанғалы жатыр еді. Қайсар ағаң. Айналайын-ай аман таптың ба ауылды?

Бөден апай бетімнен сүйіп, мені шеппіндіре бастады да, қасымдағы жолдасыма бұрылып айқайлап жіберді.

— Жаным-ау Көменбісің? Садағаң кетейін жарығым-ау көктен түстің бе, қайдан келдің? Құлыным өкпем!..

Әйелдер аймаласып, жылай жүре күліп, күле жүріп жыласып жатыр.

Қайсар мені жұлмалап:

— Сен бе ей? — дейді.

— Мен... — деймін.

— Қап мына бокмұрынды-ай?

Жыңды қыз сияқты, біресе мені түйгіштеп қояды, біресе кеудемнен итеріп қалады. Не айтып жүргені құлағына кірер

~~өмес, оның ішінде...~~

~~... а, қайғы-қасіре~~

(F. Мүсірепов.)

VI. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



§35. ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Адам баласы белгілі бір қоғамда бірлесіп өмір сүріп, бірлесіп еңбек етеді. Қандай да болмасын қоғамның көпшілік қабылдаған әдет-ғұрып, қарым-қатынас жасау дәстүрі болады. Адамдардың бір-бірімен араластығы сол қағидаға негізделеді. Одан ауытқу өзара қалыптасқан қарым-

қатынасқа қаяу түсіруі мүмкін. Сондықтан әркім белгілі қоғамның бір мүшесі ретінде, көпшілікке аян дәстүрлі қағидалар мен әдет-ғұрыптарды құрметтеуге, орындап отыруға тиіс.

Адамдардың өзара қарым-қатынасы алдымен тіл арқылы жүзеге асады. Тіл пікір алысу құралы ретінде адамның тек ойын ғана емес, сезімін де білдіреді. Сөйлеудегі ізет, құрмет, сыпайыгершілік кісінің сезіміне әсер етеді. Өмірде жиі қолданылатын амандасу, қоштасу, ризалық білдіру, кешірім сұрау, құттықтау, көңіл айту, т.б. адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ұйытқы болады. Бұлар сөйлеу этикеті деген ұғымға саяды. Адамдардың дидактасына, ең алдымен, дәнекер болатын да — осылар. Туған-туысқан, жора-жолдас, тамыр-таныстармен кездескенде — амандасу, кетерде — қоштасу қаншалықты дәстүрлі әдетке айналса, біреудің қуанышына, қайғы-қасіретіне ортақтасу соншалықты табиғи да, адамның жанына жағымды, жылы сөз оның көңіл күйінің пернесі сияқты. Жылуы мол, жан жадыратар шуақты сөздің мағынасын “*сіз* деген — сөздің сынығы, *сен* деген — сөздің анығы” деген қазақ мақалы да аңғартса керек.

Мысалы, *сіз* деген есімдік жасы үлкен адамға және жасы кіші болса да, бөгде адамға, ресми адамға қарата айтылады. Жасы үлкен адамның жасы кіші адамға *сіз* деп айтуы, біріншіден, сөйлеушілер бейтаныс болғанда, көбіне ресми жағдайда қолданылады.

Сөзді осылай пайдалану адамда әдеттенген дағдыға да байланысты болады. Мұндай жағдайда *сіз* есімдігіндегі жасы үлкендікті білдіретін мағына бейтараптанады да, бөгде адам немесе ресми адам дегенді білдіретін мәнге ауысады.

Қазақ дәстүрінде бала ата-анасына *сіз* деп сөйлейді. Мұндайда бұл есімдіктің мағынасындағы “бөгде”, “ресми” дегенді танытатын мағына бейтараптанып, үлкенге деген мағынаны, құрметтеуді білдіреді.

Міне, бір ғана *сіз* есімдігінің мағынасының тілдік қолданыста осылайша құбылып отыруы сөйлеушілердің әлеуметтік белгілеріне, қарым-қатынастық сипаты мен дәрежесіне (бейтаныс, таныс, туыс, т.б.), сөздің қолданылу жағдайына (ресми, бейресми) байланысты болып келеді.

Сөйлеу этикетінің өзіне тән нормалары мен ерекшеліктері болады. Оған жете мән берілмесе, жылы шырай, жақсы қарым-қатынасқа жарықшақ түседі.

Күнделікті қарым-қатынас жасауда сөз әлебін, сөйлеу

этикетін сақтап жүрміз бе? Елемей-ескермей жүргендеріміз бар ма? Бүгінгі күннің талабына лайық жандандыра түсетін түрлері жоқ па?

Байыптап қарасақ, сөйлеу этикеті, сөз әдебі жайында өңгіме қозғауға түрткі болар жайттар аз емес тәрізді. Жақсы сөз де жарық сөуле сияқты айналаға жылылық сеуіп, көңілді қуанышқа бөлейді. Адамдардың ынтымағын күшейтеді. Отбасында, ұжымда дәстүрге айналған ізетті сөз, сыпайы мінез адамның көңіл күйіне, тіпті еңбек өнімділігіне де өсер етпей қоймайды.

Сөз арасында қолданылатын *кешіріңіз, гафу етіңіз, мүмкін болса, қажет деп тапсаңыз, рұқсат етсеңіз, мақрл көрсеңіз, лайық деп қарасаңыз, қалауыңыз білсін*, т.б. сөздер елеусіздеу көрінгенмен, тілге сыпайылық үстеп, ізеттілікті білдіреді. Мұндай елеусіздеу сөздер үлкенге де, кішіге де жарасымды болып, адамның кішіпейілділігін білдіреді.

Шырағым, қарағым, шырақ, қарындас, інішек, ағай, апай, атай, әжей тәрізді қаратпа сөздер үлкен мен кішінің арасындағы ілтипатты білдіреді. Тәрбиелі адамның *сіз бен сен* сөзінің жұмсалыу дәстүрінен жөнсіз ауытқымайтыны да этикет сақтауға жатады.

Әрине, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың түрі мен сипаты әр алуан. Отбасында, жора-жолдастар арасында, көпшілік мәдени орындарда, жұмыс немесе қызмет орындарында ой-пікірімізді, сезім күйімізді бір-бірімізге тіл арқылы жеткіземіз, сөз арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Бір-бірімізбен амандасу, қоштасу, қуанышқа ортақтасып құттықтау, қайғысын бөлісіп, көңіл айту, байқаусызда жіберіп алған ағаттығымыз үшін кешірім сұрау, сыпайылық білдіру, т.б. таныс-бейтаныс адамдар арасындағы қарым-қатынасқа жатады. Шұғылданатын шаруасына, айналысатын кәсібіне, атқаратын қызметіне байланысты адамдардың бір-бірімен ой бөлісіп, пікір алысуы, бұйрық, өтініш, арыз жазуы, тапсырма беруі, т.б. күнделікті қарым-қатынастың түрлеріне жатады. Қысқасы, күнделікті өмірдегі тіл арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың түрі әр алуан, әрі өте күрделі, бірақ олардың өзді-өзіне тән жүйесі бар.

Тілдік қарым-қатынастың мәнін дұрыс пайымдау үшін, алдымен, оларды үлкен екі топқа бөлеміз: әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас; ресми-іскерлік қарым-қатынас.

Тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік сипаты мен

жағдаяты. Өмірдегі әр түрлі тіршілік жағдайына, өмірлік, қоғамдық қажеттілікке қарай адамдар арасындағы тілдік қатынас та түрленіп, сараланады. Өзінің қолданылу ортасына қарай ерекшеленеді, қалыптасады.

Кез келген адам күнделікті өмірде белгілі бір әлеуметтік іспен айналысады, онда сол әлеуметтік ортаның өкілі болады.

Мысалы, қоғамдық көлікке мінсе — жолаушы, дүкенге кірсе — сатып алушы, үйге келгенде — ата-ана, жұмыста — маман, қызметкер, т.б. Осындай қым-қиғаш өмір салтына байланысты адамдар қарым-қатынас жасаудың бірінен-екіншісіне көшіп отырады.

Сондықтан әр адам күнделікті өмірде өзі араласқан әлеуметтік ортаның ыңғайына қарай әрекет жасап, сөз саптайды. Пікір алысушылардың қай әлеуметтік ортадан екені, әлеуметтік белгісі, әлеуметтік рөлі оның сөз саптауына, яғни сөз әдебіне тікелей ықпал етіп отырады. Қарым-қатынас жасаушы, сөйлесуші — белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілі десек, онда адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі, сол әлеуметтік жікке, ортаға лайық болады. Бұл тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік сипатын білдіреді. Осыған орай сөйлеушілердің әлеуметтік белгілері сараланады.

Сөйлеушілердің әлеуметтік белгілеріне мыналар жатады:

- жас ерекшелігі (бала, ересек, қарт);
- мекені (ауыл тұрғыны, қала тұрғыны);
- кәсібі, жұмысы (қызметі);
- отбасындағы орны (әке, шеше, отбасы мүшесі, т.б.).

Күнделікті қарым-қатынаста сөйлеушілердің әлеуметтік белгілері бір-бірімен сабақтасып жатады. Мұнда, негізінен, кез келген адам өзінің әлеуметтік белгілеріне, ондағы орнына қарай сөйлейді.

Осыған орай мұндағы тілдік қолданыс, сөз әдебі сөздің қолданылу жағдайына, мәніне тікелей байланысты.

Сөздің ортаға байланысты қолданылу жағдаяты, мәні деген ұғымға: бірінші, сөйлесушілер, олардың тұрақты әлеуметтік белгілері (жасы, жынысы, ауыл, қала тұрғыны екендігі, қоғамдағы орны, т.б.) және айнымалы әлеуметтік белгілері (жолаушы — жүргізуші, емделуші — емдеуші, тұтынушы — сатушы, студент — оқытушы, оқушы — мұғалім, оқушы — кітапханашы, т.б.); екінші, осындағы сөйлесушілердің арасындағы қатынастың түрі (таныс, бейтаныс, көзтаныс, көше таныс, жақын адамдар, т.б.) және

онда сөйлесудің қандай жағдайда өтетіні (ресми, бейресми, салтанатты, бейтарап); үшінші, осы сөйлесудегі сөз тақырыбы (тұрмыстық, саяси, ғылыми, т.б.) ондағы сөздің қандай тілдік ерекшелікте (әдеби, ауызша, жазбаша сөйлеу тілі (диалог) диалект, жергілікті қарапайым тілдік қолданыс, т.б.) көрінуі жатады. Осыған орай адамдар арасындағы тілдік қатысты, сөздік қолданысты екі түрге бөлуге болады:

1. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөздер.

2. Іскерлік қарым-қатынасқа байланысты сөздер (ресми сөздер).

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Адамдардың диалогуына дөнекер болатын дәстүрлі ұғымдар немесе қарапайым күнделікті сөйлеу этикеті дегенге түсінік беріңіз.
2. “Сіз деген — сөздің сынығы, сен деген — сөздің анығы” деген мақалдан нені аңғаруға болады?
3. Сөз арасында қолданылып, тілге сыпайылық үстеп, ізеттелікті, қарапайымдылықты білдіретін сөздерге қандай сөздер жатады?
4. Тілдік қарым-қатынасының әлеуметтік сипаты және жағдаяты дегенге тақырыпқа сүйеніп түсінік беріңіз.
5. Сөйлеушілердің әлеуметтік белгілеріне нелер жатады?
6. Адамдар арасындағы тілдік қатысына, сөздік қолданыс қаншаға бөлінеді? “Сөздердің ортаға байланысты қолданылу жағдаяты” деген ұғыммен байланыстырып түсінік беріңіз.

152-тапсырма. ▲ Мәтіндегі кейіпкерлердің әлеуметтік белгілеріне қарай сөйлеу тіліне талдау жасаңыз. Кейіпкер тіліне, дауыс мөнеріне қарай ресми стильде айтылған сөйлемдердің астын сызыңыз.

● Орыс тілінен тілімізге сіңісіп, тілдік қолданыста болып, қазіргі күнде біртіндеп ығысып бара жатқан сөздерді теріп жазып, баламасын табыңыз.

Екеуіміз және біраз сөйлесіп, сөзімізді пісірдік те, аудандық оқу бөлімі меңгерушісінің бөлмесіне кірдік. Әлімғожа мендей емес, еркін. Мекеменің шалдау бастығымен мәре-сәре ұзақ амандасты. Әлімғожаны көріп, анау да бір жетісіп қалғандай болды.

Мен анадайда ескі диванның шетінде тәйт десе, ұшып кететіндей боп ілініп отырмын. Әңгіменің тезірек маған ауысуын күтудемін.

Кенет Әлімғожа:

— Сүке, мен өзіме таптым военрукті, — деді.

— Ол кім?

— Міне, мына бала.

Сүкесі мені енді ғана көргендей, сүзе қарады:

— Біз бұны Сарыбелге жібермеп пе едік?

— Сүке, мен сізге бұл баланың жағдайын айтайын, — деді Өлімғожа бастырмалата жөнелді, — бұл әлгі Тұйықтағы Мамырбай дегеннің баласы ғой. Әкесі момын жақсы адам еді. Сәрсенбек дейтін ағасы баяғыда мектепте менімен бірге оқыған. Қазір өскерде. Әкесі соғыстан бұрын қайтыс болған. Қазір үйінде аурушаң шешесі, жеңгесі ғана. Сарыбел бұл баланың жағдайына келмейді екен, шалғай. Демалыс-демалыста үйіне барып отын-суға жәрдемдесіп тұра алмайтын көрінеді. Бұны сіз военрук етіп, бізге жіберіңіз.

Әлсіз ғана бұлтақтап көрді де Сүкен:

— Жарайды, — деді.

Мәселе көрген түстей тез шешілді.

(Б. Соқпақбаев.)

153-тапсырма. ▲ Есімдік қандай сөз табы? Есімдік мағынасына, қызметіне қарай қанша топқа бөлінеді? Өрқайсысына үш сөзден мысал келтіріңіз.

● Сіз, әке-шешесіне сөзіне толық морфологиялық талдау жасаңыз. “Сіз” бен “сеннің” этикеттік мағыналарын атап көрсетіңіз.

“Сіз” бен “сен”

“Сіз” — сыпайы, “сен” — оның анайы түрі. Сөз қолданыста “сіздің” орнына орынсыз жерде “сен” қолданылса, ол сөз айтушының анайылығын, яғни мәдениетсіздігін көрсетеді.

Бақжан дастарқан басында шешесіне:

— Сен, осы пайды көп ішесің, — деп кінә тақты.

— “Сен” деме, “сіз” деп сөйле, — деп оған әкесі Сағат кейді.

— Менің досым Сергей әке-шешесіне “сен” деп сөйлейді ғой... “Сен” деген сөз ең жақын адамдарға айтылады емес пе?

— Өрбір халықтың өз дәстүрі бар, — деді оған әкесі, — үлкен кісіге, ата-анаға “сіз” деп инабат көрсету қажет. “Сіз” деген сөз құрметтеуді, сыйласымды білдіреді. Кез келген кісіге “сіз” деп сөйлемесең, ол сені әдепсіз деп жек көреді.

— Ал өзбек халқында үлкен болсын, кіші болсын кез келген адамға “сіз” деп сөйлеу — ұлттық дәстүр, — деді аңқылдақ, ақ көңіл ана.

— “Жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болмайды” деп мақал айтушы едіңіз ғой, кешіріңіз! — деп Бақжан әкесіне күлімдей қарады.

— Сөз қадірін біле біл, балам, — деді Сағат баласына.

(“Халық тағалымы” кітабынан.)

154-тапсырма. ▲Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінен аяу, мүсіркеуді білдіретін сөздерді бір бөлек, кешірім менін білдіретін сөздерді бір бөлек жазыңыз. Бұл сөздер қандай жағдайларға байланысты айтылады, сөйлем арқылы мысал келтіріңіз.

1. Алда, байғұс-ай!
2. Бейбақ-ай!
3. Болары болды!
4. Бейшара-ай!
5. Оқасы жоқ.
6. Жетімегім-ай!
7. Сорлы-ай.
8. Қайтер дейсің.
9. Сормандай-ай!
10. Соры арылмаған.
11. Соры қайнаған.
12. Ештеңе етпес...
13. Обал-ай!
14. Өтті-кетті.
15. Қайтейін-ай!
16. Құдай үшін кештім.

155-тапсырма. ▲Мына сөздер тілдік қолданыста қандай мағынада жұмсалады? Сөз арасында қолданылғанда қандай мән, сипат береді? Бұл сөздер әдеби тіл стилінің қай түрінде көп кездеседі? Өр сөзге сөйлем құрап, түсінік беріңіз.

1. Айып етпеңіз.
2. Рақым етіңіз.
3. Айып шамы болмаса.
4. Тілеуіңізді берсін.
5. Төңір жарылқасын.
6. Қиын болмаса.
7. Мүмкін болса.
8. Қолайлы деп білсеңіз.

156-тапсырма. ▲Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып көшіріңіз. Мақал-мәтелдерде адамдардың бір-бірімен сөйлесу әдебі қарым-қатынасы туралы қандай ой айтылады? Сөз әдебі (этикеті) дегенге түсінік беріңіз.

1. Адам
Жылқы
2. Аяғы жаман көрді былғар,
Аузы жаман
3. Ашық айтам деп, ... айтпа,
Тауып айтам деп, ... айтпа.
4. Өуелгі сөзің,
Соңғы сөзіңнің өтіміне жақсы.
5. Басқа бөле
6. Бұлттан шыққан ... ашы,
Жаман адамның ... ашы.

7. Дүмбілез сөзіңе дүмбілез ... аласың.
8. Ердің ... қарама ... қара.
9. Еттен өткен ...,
Сүйектен өткен сөз жаман.
10. Жүре білмеген жол бұзады,
Сөйлей білмеген
11. Кесірлі ауыздан —
Кесапатты
12. Құлақтан кірген ... сөз
Көңілге барып мұз болар.
13. Ойнап сөйлесең де, ... сөйле.

Керекті сөздер: қауып, елді былғар, асық, жауап, ойлап, тілден, сөйлегенше, құн рас болса, өзіне, сөз бұзады, тілі, кісінескенше, сөзіне, кесапатты, таяқтан, суық.

157-тапсырма. ● Мына тақырыптың біреуіне шағын шығарма жазыңыз: “Кесірлі ауызда — кесапатты сөз”, “Жақсы сөз — жарым ырыс”, “Сөз тапқанға қолқа жоқ”.

■ Термин сөз, кәсіби сөздерге тест сұрақтарын құрыңыз. Берілген үлгідегі кәсіби және термин сөздерді табыңыз. Кәсіби сөздер мен терминдер сөйлеушілердің әлеуметтік белгілерін білдіре ала ма?

Үлгі:

1. Термин сөздерді табыңыз.

- а) Жаздыр, келтір, оқыт
- ә) Пай-пай, түү, қап
- б) Сөз, сөз тіркесі, буын
- в) Кеше, бүгін, алда
- г) Болашақ, ұрпақ

2. Кәсіби сөздерді көрсетіңіз.

- а) Сұлу, көрікті
- ә) Жазыс, тоқыс
- б) Өте, тым
- в) Атыз, шит, мақта
- г) Сым, пәс

§36. ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЗ ӘДЕБИ

Әлеуметтік-тұрмыстық саладағы қарым-қатынас, негізінен, үй ішінде, сондай-ақ ағайын-туыс, жора-жолдас, құрбы-құрдастар арасында жүзеге асады. Қарым-қатынастың бұл түрі еркін, бейресми жағдайда өтеді.

Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас тілі, негізінен, от басында, туыстар арасында, дос-жаран, құрбы-құрдастар

ортасында қолданылады. Көшеде, қоғамдық көліктерде таныс, бейтаныс адамдар арасындағы сөз де әлеуметтік-тұрмыстық қатынас тіліне жатады. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас тілінде:

- қарапайым сөздер еркін қолданылады;
- эмоционалды сөздерді, қосымшалар мен демеуліктерді өз сезімін білдіруде сөйлеуші жиі пайдаланады;
- сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылып, диалогке құрылады;
- сөйлеушінің дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі жұмсалады.

Алайда үй іші, дос-жаран, туған-туыс, көрші-көлем, т.б. айтылатын сөз еркін бейресми болғанмен, олардың өзді-өзіне тән әдеби болады. Сол әдепті ұстана білу адамдардың түсіністігіне жол ашып, қарым-қатынас мәдениетін көркейте түседі. Енді солардың негізгілеріне біршама тоқтала кетейік.

§37. АМАНДАСУ

Сәлемдесудің тілімізде сан алуан түрлері бар. Тіл жұмсау дағдысында мұндай сөздер жиі қолданылады. Сондықтан болар, бұл сөздер тілімізге еш қиындықсыз орала кететін оп-оңай нәрседей көрінеді. Мәселен, амандық сұрасудың еш қиындығы жоқ тәрізді (*Сәлеметсіз бе?... Аман-есенсіз бе?, Армысыз! Сәлем бердік! Ассалаумағалайкум! Кеш жарық*, т.б.).

Алайда бұлардың толып жатқан түрлері, синонимдері, варианттары бар. Сондықтан оларды талғап, таңдап қолдануға тура келеді. Әр сөздегі мағыналық ерекшеліктерге мән беруге тура келеді.

Амандық сұрасу — тұрмыста жиі айтылатын, құлаққа жиі естілетін сөздеріміз. Бірақ бұлардағы мағыналық, стильдік реңк оларды талғап, таңдап өз орайында, өз орнында қолдануды қажет етеді. Мысалы, *Сәлеметсіз бе?* деп амандасу үлкен-кішіге, таныс-бейтанысқа, ресми жағдайда да, еркін жағдайда да қолданыла беретінін байқасақ, ал *Ассалаумағалайкум!* деп амандасуды ауылдағы кейбір жасы үлкен ақсақалдар ұнатып тұрады.

Әжелер мен апаларға бұлай амандасу қолайсыз жағдайға душар қылады. Немесе мектеп шәкірті ұстазымен “Сәлеметсіз бе?” деп сыпайы сәлемдеседі. Міне, бұл тәрізді ерекшелік амандасуға жататын этикет — (өдеп) сөздерде мағына, стильдік өзгешеліктермен қоса әлеуметтік сипат барын аңғартады. Ал кішінің үлкендерге “Сәлем бердік!”

деп қолын ербеңдетуі не жүрдім-бардым амандасуы әдепсіздікке жатады.

Мұндайда амандық сұрасудың қарапайым этикеті бұзылады. Әрине, сәлемдесу, амандасу адамның бойындағы сыпайы мінез, ізеттілікпен астасып жатса жарасымды шығады. М. Әуезовтің “Абай жолы” романында да мынадай екі эпизод бар:

... *“Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап, жақындап тұтас келді.*

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

— Ассалаумағалайкум!.. деп сәлем берді... Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайылыққа Бәжей оң назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

— Уағалайкумәссалам, балам!...— деп тоқтай қалды”.

Осылайша кішкінің әдеп сақтап, үлкенге ықыласпен берген сәлемі әрдайым оның кішіпейілділігін көрсетіп, тәрбиепарасатын аңғартып тұрады.

Ал сыпайылықтан алыс жатқан даңғаза амандықты сәлем алушылар салғырт қабылдайды.

... *“Енді біразда ауыз үйдің есігі ашылып, қолына қамшы ұстаған, бет-аузын қырау басқан, табанының қары шақыр-шұқыр еткен, аяздаған бір жолаушы кіріп келеді екен. Ол кіре бере:*

— Ассалаумағалайкум!— деп, мәжіліске даурыға сәлем берді. Отырған жұрт бұның сәлемін тосырқай, жақтұрмай, ақырын алды”.

Сәлем — сөздің анасы. Жылы кейіп, жақсы сөз, алдымен, амандық-саулықтан басталады.

Сәлемдесу, амандық сұрасу сөздерінің бірнеше синонимі бар екендігі айтылды. Алайда тілдің осындай оралымды мүмкіндігін кейбіреу үнемі ескере бермейді. Кейде сәлем алушы басқа сөз таппағандай сәлем берушіні қайталап жатады. *“Сәлеметсіз бе?”* деп амандасқан адамға оның өз сөзін қайталап *“Сәлеметсіз бе? деуден гөрі “Аман-есенсіз бе?”..* деп жауап қату жарасымды болар еді.

Тақырыпты талдауға берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас тілінің қолданылатын ортасы, ондағы сөз әлебі дегенге түсінік беріңіз.

2. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы тілдік қолданыстың өзіндік сипатын, тілдік ерекшелігін айтыңыз.
3. Күнделікті әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы қарым-қатынас және сөз әдебін көрсететін тілдік қолданыстың бірі — амандасу.
4. “Амандасудың толып жатқан түрлері, синонимдері бар, бұлардағы мағыналық, стильдік реңк оларды талғап, таңдап өз орайында, қолдануды қажет етеді” дегенді тақырыптағы мысалдар арқылы түсіндіріңіз.

158-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып шығып, амандасуды білдіретін сөздердің этикеттік мағынасына талдау жасаныз. Кімдермен қалай амандасатыныңыз жөнінде ауызша әңгімелеп беріңіз.

Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс.

Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тіл қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бөріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бөрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады.

Мәселен, біреу “Амансыз ба?” деп, біреу “Есенсіз бе?” деп, біреу “Сәлемет жүрсіз бе?” деп, біреу “Күйлі, қуатты барсыз ба?” деп амандасады. Бөрінің де ой-мақсаты бір, бөрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды.

Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады.

Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу — тіл қисыны деп айтылады.

(А. Байтұрсынұлы.)

159-тапсырма. ▲ Мына сөздердің баламасын табыңыз және оны сөйлеу әдебіне байланысты түсіндіріңіз.

● Сөздердің құлаққа қатқылдау тиетін мағынасын жұмсартып айту тәсілін тіл білімінде қалай айтады?

Аузы жеңіл — ...

Құлағы тосаң — ...

Қосып айтады — ...

Сөзге келу — ...
Бет жырттыспау — ...
Жасы ұлғаю — ...
Қалтасы тесік — ...
Сымсыз телефон — ...
Аузының желі бар — ...
Ұзын құлақ — ...
Ішінде бүкпесі бар — ...
Қолды болды — ...

§38. ҚОШТАСУ

Сөйлеу этикетіне жататын сөздердің бірі қоштасуға қатысты сөз легі: *сау болыңыз, қош болып тұрыңыз, келесі кездескенше, көріскенше күн жақсы, жайлы жатып, жақсы тұрыңыз, жолыңыз болсын, сапар сәтті болсын*, т.б. Жағдаятқа орай қолданылатын мұндай сөздерде де мағыналық ренк, айырма бар. Мәселен, бүгін-ертең немесе таяу күнде кездесетін, хабарласатын қызметтес адаммен “*Көріскенше күн жақсы*”, “*Аман барып, сау қайтыңыз!*” деп қоштаспайтыны белгілі. Ал алыс жол, ұзақ сапарға аттанып бара жатқан жолаушыға “*Сау болыңыз!*” деп қана қою салғырттықты білдіреді, сондықтан мұндайда “*Сапар сәтті болсын!*”, “*Жолыңыз болсын!*” тәрізді эмоция, экспрессиясы басымдау сөз орамдарын қолданамыз.

Тіпті *сапар сәтті болсын* мен *жолың болсын* дегеннің өзінде елеулі айырма барын сөз мәдениетіне жанашыр жазушымыздың бірі өте орынды көрсеткен: “Алматыдан тоғыз тарау жол шығады. Солардың бөрінің жағасында “Сәтті сапар!” деген игі тілекті жазулар тұрады. Бұл — соның қатарындағы “Счастливого путидің” аудармасы. Дәлме-дәл тәржіма. Түсінікті болғанмен, қазақша емес. Халқымыз жолаушыға “*Жолың болсын!*” деуші еді. “*Сапарың сәтті болсын!*” деуге де болады. Тек мынаны еске түту керек: жолаушылап қайту мен сапарға шығу бір емес, “Сапар жолы — қиын жол” дейтін мәтел тегін айтылмаған. Бірақ әлгі тақтайларды жол бойына орнатқан жолдастардың оны ажыратарлық шамасы болмаған шығар. Ал қолына қалам ұстап, газет-журнал бетінде бірді-екілі мақала жариялап жүрген, яки жазсам деп талаптанып жүрген адам мойынға бұлардан гөрі үлкенірек жауапкершілік алуға тиіс” (*газеттен*).

Сәлемдесу, қоштасуға байланысты сөздер қазақ тілінде мол болғанымен, олардың әрқайсысының жұмсалыу аясы, қолданылатын орны бар екен. Сөйлеу мәдениетіне ысылған адам ондай ерекшеліктерді аңғара отырып, олардың жігін тауып қолданады.

160-тапсырма. ■ Мына амандасу сөздерін көшіріп жазып, қарым-қатынас жағдаятына (ресми, бейресми, бейтарап) және сөйлеушілердің әлеуметтік ерекшелігіне қарай қолданылу сипатына түсінік беріңіз.

1. Ассалаумағалейкум — Уағалейкумассалам!
2. Саламалейкум — Әликссалам!
3. Сәлеметсіз бе, Сәлеметсің бе, Сәлемет пе?
4. Амансың ба, амансың, амансыз ба, армысыз, ар ма?
5. Ат көлік аман ба?
6. Ел-жұртың, ауыл-аймағың аман-есен бе?
5. Мал-жан аман ба?
6. Қайырлы таң!
7. Кеш жарық.
8. Жайлы жатып, жақсы тұрдыңыз ба?

161-тапсырма. ● “Күтпеген кездесу”, “Аялдамада”, “Сағынышты сөт” тақырыптарының бірін алып, қазіргі жастардың арасындағы сәлемдесуді бейнелейтін шағын оқиғалы шығарма жазыңыз.

■ “Жол болсын”, “Жолың болсын”, “Жортқанда жолың болсын”, “Өлей болсын”, “Сәлем жасау”, “Кеш жарық”, “Көп жаса, бақытты бол” сөздері қандай жағдайдағы амандасу түрінде қолданылады? Осы сөздерден қандай әлеуметтік айырмашылықты байқауға болады. Сөйлем арқылы мағыналық түсініктеме беріңіз.

162-тапсырма. ▲ Мына қоштасу сөздер қандай жағдаяттарда (ресми, бейресми, бейтарап, қай мезгілде), қандай әлеуметтік ортада (бастық-бағынышты, үлкен-кіші, ер-әйел) қолданылатынына мағыналық талдау жасаңыз.

1. Ал жақсы, әзірше, әзірге.
2. Көріскенше, көріскенше күн жақсы.
3. Сөт сапар, сапарыңыз сөтті болсын.
4. Келесі кездескенше, аман барып, сау қайтыңыз.
5. Қош, қош-қош, қайыр қош.
6. Ақ жол, амандық болсын.
7. Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын.
8. Жол болсын.

163-тапсырма. ● “Сөтті күн”, “Көңілді құрбылар”, “Қимас сезім”, “Ауылға қайтарда”, “Дес-дес” сөзі қалды жадымда” тақырыптарының бірін алып қазіргі күнде өзіңіз не құрбыларыңыз қандай амандасу, қоштасу сөздерін қолданатындығын келтіріп, шағын шығарма жазыңыз.

164-тапсырма. ▲ Темендегі қоштасу сөздерінің әрқайсысына сөйлем құраңыз. Сөйлемдеріңіз арқылы қоштасу сөздерінің қолданылу жағдайына қарай өзіндік ренк, мағыналық айырмасы бар дегенге түсінік беріңіз.

1. Сау болыңыз. 2. Қош боп тұрыңыз. 3. Келесі кездескенше. 4. Көріскенше күн жақсы. 5. Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз. 6. Аман барып, сау қайтыңыз.

165-тапсырма. ▲ Мәтінді көшіріп жазыңыз. Қоштасу сөздерге қолдану жағдайына қарай талдау жасаңыз (бейресми, бейтарап, кім-кімнің арасында).

Ертеңнен түске жақын Абайды ұзақ жолға аттандырған жақындары тегіс тысқа шықты, Семіз құла жирен атты күміс ертоқымымен ерттеп, Абайды сонымен аттандырғалы Жұмағұл түр екен.

Абай, ең алдымен, көрі әжесімен қоштасып:

— Қош, әже! — деп кеп, екі қолымен әжесінің кіпкене көрі қолын қысты. Әжесі Абайдың маңдайынан иіскеп тұрып:

— Әруақ қолдасын, жолың болсын, Абайжаным! — деді. Өзгелермен алыстан ғана “қош-қош” десіп, Абай атына қарай жүре берді. Шешесі Жұмағұлдың қолынан құла жирен аттың тізгінін алып, Абайды:

— Кел! — деп шақырып ап, — пісмілдә, — деп өзі аттандырды.

(М. Әуезов.)

166-тапсырма. ▲ Керекті тыныс белгілерін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыз. Қоштасу сөздерінің астын сызыңыз. Оларға байланысты қойған тыныс белгіңізге түсінік беріңіз.

Қаладан Құнанбайды шығарып сала келген старшын би төрелер де көп екен Жиыны жүз шамалы кісі боп біраз тоқырап тұрысып ақыры Қош қош мырза Жолың болсын Сапарыңды оңғарсын дескен тілектермен қалды да Құнанбайдың отыз шамалы тобы Тобықтыға қарай тартты ... Құнанбай енді бөгелмей жүріп кетуге асыққан Бізгұтты соны сездіріп қымызды шапшаң ішуге жұртты асықтырып отырды Ақыры Құнанбай орнынан тұрды Барлық жиын да дүре тұрған еді Бұл жерде Құнанбай көп сөйлеп созған жоқ

— Ал жарандар шығарып салу үшін осы келістерің де жетерлік Еліме жеріме сәлем жеткізіндер Қош ағайын Дәм ырзық бұйырса амандық шаттық пен қайта көрісуге жазсын деді

Тінібек бастап барлық үлкендер

— Еншалла еншалла әмин әмин десті Содан кейін

Қуанбай Ұлжаннан бастап барлық жұртпен қушақтасып шықты

Абай мен Қуанбай да ең соңғы сөтте үнсіз қоштасты
(М. Әуезов).

§39. ҚҰТТЫҚТАУ

Сөйлеу этикетіне жататын эмоция, экспрессияға аса бай сөз легінің бірі — құттықтауға қатысты сөз. Қазіргі өмірімізде қуаныш дара сипатты емес, қоғамдық мәні бар. Қызметтес адамның қуанышты жүзі айналасын жақсы әсерге бөлеп, көңілін көтереді. Ондай адамның қуанышына әрдайым ортақтасып, ықылас тілегіңізді білдіресіз. Әсіресе жасы үлкен кісілерден небір сөз асылын естуге болады. Олар үйленген жастарға “Қосағыңмен қоса ағар!”, “Босағаң берік, шаңырағың биік болсын!”, “Қадамдарыңа гүл бітсін”, “Нұр жаусын!” деп ақ тілеу, адал ниеттерін білдіріп жатады. Шын көңілден шыққан сөз жүрек тебіренетеді.

Алайда ауыздан шыққан құттықтау сөздің бәрі бірдей жүрекке жол тауып, жарасымды пығып жата ма? Көбімізге белгілі мынадай оқиғаға назар аударайық. Өзімізге жақсы таныс ата-аналардың бірі тұңғышының мектеп табалдырығын аттағанын қызық көріп, көңіл жақын жора-жолдастарын шақырып, сөбидің тілашар тойын жасайды. Мұндайда қуанышқа жиналған жұрт құтты болсын айтып, төтті тілек, ыстық ықыластарын білдіретіні сөзсіз. Алайда тойға келген жастардың бір алуаны сөбиді “*Мектепке баруыңмен!*” деп құттықтап жатты. Мағына үйлесімі жоқ, әсер, реңнен жұрдай мұндай күрмеулі құттықтау сөби жүрегіне жетті ме екен деп күдіктенесіз. Осылайша көңілге күмән ұялап тұрғанда: “*Қадамың құтты болсын, құлыным!*” — деп, жүзі балбұл жанған немересінің маңдайынан иіскеп айтқан ақ жарқын әже сөзі бәрінен де мейірімді естілді.

Алыс жол, ұзақ сапардан келген, кезекті демалысынан оралған жора-жолдас, қызметтес әріптестерімізбен қауышып, қуаныш білдіріп, көңілін аулаймыз. Мұндайда кейбіріміз “*Келуіңізбен!*” деп құттықтауды дағдыға айналдырдық. Әрине, қызметтес жора-жолдастардың көңілін көтеріп, жақсы әсер қалдыру өте орынды. Керек десеңіз, мәдениетті адам үшін аса қажет дәстүр. Алайда “*Келуіңізбен!*” деп үйлесімі жоқ емеурін білдіру осы ниетімізбен қабысып жата ма? Ал ата буын, тілге ысылған

адамның сөз қолданысына ден қойсақ, мұндай жасанды сөзден гөрі “*Ат-көлік аман ба, аман-есен келдің бе?*”, “*Аман барып, сау қайттыңыз ба?*” т.т. тәрізді тігісі жатық, дәстүрлі сөз орамдарын тұтынатынын байқаймыз.

Құттықтау сөздер экспрессия, эмоцияға бай болса, сөздің де әсерлі болатыны белгілі. Кейде сөздің қолдану аясын саралай білмесек, ондай әсерді әлсіретіп аламыз. Мәселен, өзіңіз қадірлейтін қарияны “*Еңбек демалысына шығуыңызбен!*” деп құттықтамас едіңіз. Себебі мұндай сөз орамының көбіне ресми стильде, іс-қағаздары тілінде қолданылатынын сезінесіз. Сөзіңіз бейтарап шықпас үшін “*Құрметті демалысыңыз құтты болсын!*” тәрізді еркін сөз орамдарының бірін талғайсыз. Бұл — өте орынды талап. Өйткені құттықтау сөзіне аса қажет эмоция, экспрессиясыз сөз тосын құлаққа салқындау естілуі мүмкін.

167-тапсырма. Мәтіндегі құттықтау мағынасын білдіретін сөздерді көрсетіңіз. Құттықтау сөзімен қоса жүретін тілдік емес іс-әрекеттерге назар аударыңыз. Өзіңіз білетін құттықтау сөздердің түрлерін “қандай жағдайда”, “кімге”, “қашан”, “қай жерде” деген жүйемен саралап жазыңыз.

“Шымылдық түсірулі. Үй ішіне үш үлкен әйел кірді. Ортадағысы Абайдың үлкен енесі — Алшынбайдың әйелі, семіз, қара бөйбіше. Қасындағы орта жаста, ақ сары әйел — Абайдың өз енесі, Түсіптің қатыны.

— Ал, шешелер, көрімдік!

— Көрімдік көні!

— Болмаса, балаларыңды көрсетпейміз, беті ұялады! — деп алғашқы келген келіншектер күлген бойларында, шымылдықтың шетін ұстады.

— Алыңдар! Көрімдік сендердікі! Бізге бірақ баламыздың жүзін көрсетіндер, алыңдар! — деп, үлкен бөйбіше қолына шашуын алды. Сол сәтте атлас шымылдық шалқая ашылды. Күйеулер бұл кезде төмен иіліп, төжім қылып тұр екен. Үлкен бөйбіше:

— Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылқасын, қарағым! — деп шашуын шашты. Лақтырғаны бір табак өрік, мейіз, көмпит.

Өздері осы ауылдың балалары болғандықтан иілмей Абайларға күле қарап тұрған қыздар, шашуды теруге тап берісті. Күлісіп, таласып алып жатыр.

— Қадамың құтты болсын! Қызығың ұзақ болсын,

қарағым Абай! — деп, Абайдың өз енесі де тілеуін айтты. Күйеулерінің жауап айтуы шарт емес, олар үндемей сызылып қана тұр.

Сол кезде екі ене жақындап кеп Абайдың бетінен сүйді де, көп бөгелмей шығып кетті”.

(М. Әуезов. “Абай жолы”.)

§40. КӨҢІЛ АЙТУ

Тұрмыстық қатынаста аралас-құраласы бар жақын адамдар бір-бірінің өмірдегі қуанышына қалай ортақтасса, қайғысын да солай бөлісе білген. “Қуанышты бөліссен көбейеді, қайғыны бөліссен азаяды” деген мазмұнды сөз орамы қалыптасқан. Ұлтымыздың әлеуметтік тұрмыс-салтында жақыны қайтыс болған адамға *көңіл айту* ерекше рәсімге айналған. Бұл рәсімде коммуниканттардың қоғамдағы орны, әлеуметтік белгілері мықтап ескеріледі. Аталмыш рәсімге байланысты тілімізде риторикалық сипатта бір алуан тұрақты сөз орамдары қалыптасқан: *марқұмның топырағы торқа болсын; жатқан жері жайлы болсын; жаны пейіште болсын; алды пейіш, арты кеніш болсын; мінгені пырақ, ұстағаны шырақ болсын; көрмеген қызығын, жасамаған жасын артындағыларға берсін*, т.б.

Ертеректегі ауыл жағдайында көңіл айтушылар “ой, бауырымдап” ат қойып, дауыс салып келеді. Аза тұтушы сыртта тұрған ер адамдар көңіл айтушылармен құшақтасып көріседі, аза тұтушы әйел адамдар үй ішінде дауыс айтып жоқтайды. Мысалы, М.Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясында Бөжейдің өліміне байланысты эпизодта қазақ тұрмысындағы бұл салт аса бір шыншылдықпен молынан бейнеленген. Аза тұтушыларға көңіл айтушылардың жылап көрісуі — қайғыға ортақты білдіретін вербалды емес этикеттік белгі. Аза тұтушы әйелдер жағы өлеңмен де жоқтау айтады.

Осыдан соң әлеуметтік мәртебесі жоғары көңіл айтушылардың бірі жұбату сөз айтады. Жұбату сөз айтатын адамның әлеуметтік мәртебесі басқалардан жоғары (әсіресе жас жағынан үлкен) болуға тиіс. Қазақ салтында аза тұтушыларға өлеңмен де көңіл айтып жұбату салты болған.

Қазақтың тұрмыс-салт дәстүрінде марқұмның тек жақсы жағынан айтады. Кей жағдайда марқұмның ұнамсыз қылықтарын сөз етуге тура келген жағдайда, *қара жер хабар бермесін, сөзімауыр тимесін* деген сөздер айтылады.

Тақырыпты пысықтау сұрақтары

1. Көңіл айту ұғымы және аталмыш рәсімге байланысты қалыптасқан сөз орамдары туралы айтып, ол сөз орамдарына мағыналық түсініктеме беріңіз.
2. Неліктен көңіл айту рәсмінде жұбату сөз айтатын адамның қоғамдағы орны, өлеуметтік тегі мықтап ескеріледі?

168-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, көңіл айту дәстүріне, ондағы айтылған сабырға шақыру, жұбату сөздерінің мән-мағынасына назар аударыңыз.

● Сөйлемді оқи отырып, ауыспалы мағынада қолданылған сөз, сөз тіркестеріне түсінік беріңіз.

Қайран Шоқан, халқының қызғышы еді!

Осы тұста отауға көп атты келіп түсті. Бұлар әке мен шешеге, келіні алдында көңіл айтуға келген қалың елдің өкілдері еді. Бұлардың ішінде қобызбен зар айтып, күй шертетін күйшілер, домбырашылар, жел жақ майталман ақындар бар еді. Ең алдымен қобыз тартылды. Құйқа тамырды шымырлатқан азалы күйлер жанды жеді. Мұны бұзған Орынбай ақынның сыбызғыдай сызылған әдемі қоңыр үні, кербез даусы еді.

Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым, көтер басты,
Қай қазақ ой ойлаған сенен асты.
Баласы жеті момын келіп тұрмыз,
Күңіретіп босағаңа төгіп жасты.

Орынбай аз тоқтап, күрсініп алды да, іргеге сүйеніп, бетін ашпай, үн-түнсіз отырған Айсараға бұрылып, өленді селдетіп, төге жөнелді.

Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,
Сұңқар бар ма қияғы қайрылмаған.
Қашан да тағдыр ажал жеткен күні
Кімдерден кімдер жылап айрылмаған.

Ақ отау ішіндегілер ғана емес, үйге сыймай сыртта тұрғандардың өзі сілтгідей тынып қалды.

Тарихтан талай адам көрген едік,
Қызықты нелер дәурен сүрген едік.
Жасымыз мұнша жасқа келгенінше,
Шоқандай асыл жасты көрмеп едік.

Қыршын жас, қайран Шоқан, өткен бүгін,
Күйзелтіп елі-жұртын кеткен бүгін,
Аяулы, жарқын жүзін еске тастап,
Дүниеден тірек таппай, өткен бүгін.

Өуелде солай жазса не істейсің,
Тағдырдың өміріне бас изейсің,
Қайран Шоқан, халқының қызғышы еді.
Қалай оған сен бүгін күйзелмейсің...

Орынбай әлі айтарым көп дегендей, орамалын алып бетін сүртті де, домбыраны күйлей жөнелді. Ақын адал ұлының ақылды бейнесін көз алдына келтіре отырып ұзақ жырлады.
(Сәуірбек Бақбергенов.)

169-тапсырма. ▲ Көп нүктенің орнына тиісті өріптерді қойыңыз. Сөздердің айтылуы мен жазылуына талдау жасаныз.

Құнд...з, ұз...н, бүг...н, күлк..., бүрс...г...н, бұр...н, барат...ғ...н, құр...к, бүлд...рген, мұр...ндық, түлк..., жүлд..., бүлдірг..., құм...рса, жүд...р...к, үск...р...к, ұр...ншақ, түй...ншек, күзг... суық, түнг...салқын, күнд...згі ыстық, бүт...ндей, жұм...сшы, құй...сқан, бесқұд...к, күнг...рт Күл...нда, төрт...у, бөлш...к, өск...л...н, жұмы...шы, сө...қой, Есен...елді.

170-тапсырма. ▲ Топтық жұмыс.

1-топ. Көп нүктенің орнына керекті сөз және сөз тіркесін тауып қойыңыздар.

2-топ. Берілген мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің “Сөйлеу әдебі” тақырыбымен қандай байланысы бар? Өз түсініктеріңізді ауызша баяндаңыздар.

3-топ. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді оқып, бір қанатты сөзді тақырып етіп шағын шығарма жазыңыздар.

1. Тіл — адам ойының... .
2. Аңдамай сөйлеген... ..
3. Ойнап сөйлесең де,
4. Тисе терекке, тимесе
5. Айтылған сөз — ... оқпен тең.
6. Бал тамған тілден тамар.
7. Көп сөз —
8. Көп сөз — күміс, аз сөз
9. Жасыңда қылжың болсаң, өскенде

10. Таза сөйлеу — биік ...

11. Көңілсіз ... — ойға олақ.

Керекті сөздер: құлақ, мылжың, боласың, мәдениеттілік, у, атылған, бос сөз, айнасы, ауырмай өледі, ойлап сөйле, алтын, бұтаққа

171-тапсырма. ▲ Сөздердің дұрыс айтылуына байланысты берілген тест сұрақтарын шешіңіз. Тест сұрақтарын құраңыз.

1. Айтылуы жағынан дұрыс сөзді көрсетіңіз.

А) Жалын құшу

Ә) Жалың құшу

Б) Жалың ғұшу

В) Жалын ғұшу

А) Жас ғұмыр

Ә) Жаз ғұмыр

Б) Жас құмыр

В) Жасы ғұмыр

А) Құлан құрық

Ә) Құлаң ғұрық

Б) Құлан ғұрық

В) Құлаң құрық

А) Боз жорға

Ә) Бож жорға

Б) Боз зорға

В) Бос жорға

А) Түнге қарай

Ә) Түнге ғарай

Б) Түнге ғарай

В) Түнге қарай

А) Қайын бике

Ә) Қайым бике

Б) Қайың бике

В) Қайым нике

А) Құс шаруашылығы

Ә) Құс саруашылығы

Б) Құс шаруашылығы

В) Құш шаруашылығы

А) Қарын бөле

Ә) Қарың бөле

Б) Қарым бөле

В) Қарын пөле

А) Қайран қалу

Ә) Қайраң қалу

Б) Қайраң ғалу

В) Қайрам ғалу

А) Күш-жігер

Ә) Күш-шігер

Б) Күж-жігер

В) Күжігер

Пысықтау сұрақтары

1. Өдеп және әдептілік қағидалары дегенге түсінік беріңіз.
2. Сөз әдебі дегенді қалай түсінесіз?
3. Сөз әдебінің атқаратын қызметі не? Оларды қалай жүйелеп топтауға болады?
4. Өңгімелескенде, сөйлескенде адам өзін қалай ұстау керек?
5. Адам ойын жүйелі жеткізу үшін нені меңгеру керек? Ауызекі сөйлесу, ондағы есте ұстайтын негізгі нәрсе туралы айтыңыз.

6. Тыңдай білудегі әдептілік, оның өзіндік ерекшелігі неде?
7. Пікірлесудегі тілдік емес белгілер, оны орнымен қолдана білу туралы айтыңыз.
8. Сөйлесудегі тілдік емес белгілердің ұлттық дәстүрмен қандай байланысы бар деп ойлайсыз?
9. Әдепті сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға нелер жатады?
10. Жүйелі, мәнді сөйлеудің сапаларын айтыңыз, жүйелі сөйлеу сапасына мән бермеу өзіңізде кездесе ме?

§41. ТІЛЕК АЙТУ

Егер халық тілі байлығына зер салып, зейін қойсақ, ақ ниет, жақсы тілекті білдіретін алуан түрлі сөз орамын кездестіреміз. Бірақ, амал не, бұлардың көбі жастардың сөйлеу дағдысына енбей, елеусіз қалып бара ма деп күдіктенесіз.

Халық дәстүрінде жақсы ниет, ақ тілеуді білдіретін этикет сөздер қаншама?! Олардың қазіргі тіл қолданысымызда жандандыра түсуге болатын түрлері де аз емес. Әскер қатарында болып, азаматтық борышын абыроймен өтеп келген баласын, ұзақ жыл сыртта жүріп оқудан келген ұл-қызын көргенде, ата-ананың қуанышында шек болмайды. Ондайда тілеулес адамдар: *“Балаң келіп, көзайым болдың ба?”* деп қуанышқа ортақтасады: *“Бұлайша жақсы ниет танытып, көңіл көтере түсу үлкенге де, кішіге де лайық.*

Этикет сөздің молдығынан ешбір тіл зиян көріп, зардап шекпейді. Ондай сөз орамдарының елеусіз жүргендерін ескеріп, ескісін жаңғыртып отырсақ, сөйлеу этикетін байытып, бояу нақышын құбылта түсеріміз сөзсіз. Қырман басына келген қария сөз сабақтамастан бұрын: *“Қырман тасысын!”*, *“Қызыл көбейсін!”*, *“Дикан дарысын!”* — дейді. Бұйымтайын, шаруа жайын қозғамас бұрын шопанға *Бағар көбейсін!*, *Көгенің қозылы болсын!* деп, алдымен жақсы тілегін аңғартып алады. Мұндай этикет әдептілікті, сыпайылықты аңғартумен қоса тілге тиек те болады. Ақжарқын кейіпті танытып, жақсы ұғынысуға жол ашады. Осы тәрізді тілек бүгінгі күннің мүддесіне де үйлесімді, заманымызға да сай келеді. Малшы болсын, дикан болсын халық дәулеті үшін еңбек етіп, молшылық үшін күресіп жатыр. Олардың еңбегін дәріптеп, жақсылыққа балап айтылған сөз еңбек адамының мерейін өсіреді. “Өз көңіліңді көтерем десең, өзгені де көңілдендіре біл” деген Марк Твеннің ұтқыр сөзі осы орайда еске түседі.

Алайда диканға жақсы ниет аңғартам деп кейбіреулер

“Жаңбыр тілеймін!”, *“Ашық аспан тілеймін!”* тәрізді жасанды сөзге бой ұрады: *«Ендеше қош бол, қарағым! Үш жарым апта бойына шүйке бұлтсыз ашық аспан тілеймін»* (газеттен). Мағына — сөздің жаны. Сөзді бұлайша қолдану жанынан айырып, сүлдесін қалдырумен бірдей. Егер тілде барды елеп, ескеріп отырсақ, өлгіндей сөздің орнына *“Нұр жаусын!”*, *“Күніңіз ашық, жүзіңіз жайдары болсын!”* тәрізді сөз орамдарының бірін қолдануға болмас па еді?

Уақыт өткен сайын кей дәстүр ескіріп, жаңасы өмірден орын тебеді. Алайда ескі дәстүрдің бүгінгі күнге қажеті жоқ деп бөріне теріс қарауға болмайтыны белгілі. Жаңа заманға орай олардың да жаңа мазмұн, жаңа сипат алатындары болады. Заман талабына лайық өміршең дәстүрді тандай біліп, жаңа мазмұн үстеу рухани өмірге нәр береді.

Халық арасында ертеден тараған бата беру дәстүрі бар. Жасы үлкен кей адамдар дәмнен соң дастарқан қайғырып, бата береді. Жақсы ниет білдіреді. Бірақ сөз арасында үйренген дағды бойынша *“Тәңір жарылқасын”*, *“Құдай тілеуіңді берсін”* тәрізділерді қосып қояды. Сондықтан ба, кейбіріміз мұндай дәстүрді қалай қабылдайтынымызды білмей дағдарып қаламыз. Мұндай сөз орамдарының мазмұны қазіргі заманымызға үйлеспейтіндігі белгілі. Бірақ ондай діни орамдардың орнын *“Еңбекте табысты, өмірде бақытты бол”* дейтін айшықты сөз өрнегімен толтыруға қазақ тілінің қуаты әбден-ақ жетеді. Заманға лайық батаға жаңа мазмұн үстеп, үй иесінің дәм-тұзына алғыс білдіріп, риза көңілмен тілек айту этикетке айналса, еш айыбы жоқ деп ойлаймыз.

“Өр елдің заңы басқа” демекші, бір елде бар этикет екінші елде кездесе бермейді. Бір тілден екінші тілге сөз ауысуы тәрізді, бір халықтан екінші халыққа этикет ауысуы да мүмкін. Қандай халық болмасын, өзінде жоқты өзгеден алып, өз топырағында жерсіндіре біледі. Кейде жаңаны жатсынбасақ та, дәстүрде жоқ нәрсе тосындау көрінуі мүмкін. Көптеген мәдениетті елде дәм алып отырған адамға тілек білдіру дәстүрі бар. Соның әсері болу керек, тамақ ішіп отырған танысын көргенде, кей адам *“Ас дәмді болсын”*, *“Тағам тәтті болсын”*, *“Тәбетіңіз ашылсын”* тәрізді тілектер айтып, шүйіркелесіп жатады. Ал қайсыбіреулері *“Қазақтың онсыз да төбеті мықты ғой”* деп, мұндай тілек білдіруді таңсық көрмейді. Ондай тілек айту дәстүрде жоқ деп біледі. Бірақ қазіргі кезде ел мен елдің, халық пен халықтың қарым-

қатынасы, мәдени байланысы өрістеп отырған заманда көркем шығармаларда кездесетін бұл төрізді этикет сөздерді бөрібір ана тілімізге аударуға тура келмей ме? Олай болса, жұмған аузымызды ашпай, үн-түнсіз қалғаннан гөрі дөм татып отырған танысымызға ілтипат білдіріп, құрмет көрсетуді этикетке айналдырудың ерсілігі жоқ.

172-тапсырма. ▲Тілек айту ұғымы, тілек сөздердің мән-мағынасы туралы айтыңыз. Мына тілек сөздерді көшіріп жазып, қандай жағдаятта айтылатынына мағыналық түсінік берініз.

1. Абыройлы бол.
2. Абыройың артып, мерейің үстем болсын.
3. Мерейің тасысын.
4. Жағың түспей жамандық көрме.
5. Өркенің өссін.
6. Ас дәмді болсын.
7. Ас болсын.
8. Еңбегің жемісті болсын.
9. Еңбегің жансын.

173-тапсырма. ▲Мәтінді көшіріп жазыңыз. Әженің айтқан тілек сөздерінің мағынасын түсіндірініз. “Сыбаға” сөзін тақырып етіп алып, шағын шығарма жазыңыз.

Бізді Жазылбек ата он қанатты боз үйдің тұсында тұрып қарсы алды. Ол кісі әжемнің атын ұстап, оны қолтығынан демеп, аттан түсірді, есік ашып, төрге шығарды. Жалкенай жеңешем төрге төрт қабат көрпе салып, әжеме әдеппен сәлем қылып, ол кісіні ерекше құрметпен жұмсақ орынға отырғызды. Келген меймандарға деп, бізге арнайы мал сойылып дастарқан жайылды, үйірілген қышқыл төтті сары қымыз құйылып, мәнді мәжіліс басталды.

— Мынау қысқы соғымнан сақтап жүрген, сіздің сыбағаңыз еді, — деп, Жалкенай жеңешем әжемнің алдына қойдың жамбасы мен жылқының тұстас қазысын қойды.

— Ниеттеріңе рақмет, балам, осының бәрін жей қоятын менде қайбір тауан бар, — деп әжем, “үлкен табақтан” бөрімізге дөм үлестіре бастады.

Жазылбек атам бөйек болып, әжемнің әр сөзін қуаттап отыр.

— Балаларға көз бол, — деп ол кісіге әжем көз ұсынды.

— Тілің шешен, ойың көсем болсын, — деп маған әжем тіл берді.

— Таңдайың тақылдаған ақын бол, — деп Талғатқа өжем таңдай ұсынды.

Дастарқан басы — дарқан той. Өжем алдындағы “сыбағаның” жөнін тауып бөрімізге үлестірді.

Астың алдын үлкен адамға ұсыну, қолға суды шорылдатпай құю, сүлгіні әдепшен ұсыну, шай ішу кезінде шыныаяқты мейманға екі қолдап ұсыну, асты сораптамай ішу туралы өжем маған көп әңгіме айтты.

(“Халық тағалымы” кітабынан.)

174-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, тілек сөздің өзіндік ерекшелігін айтыңыз.

— Бүгінгі біз әскер қатарына шығарып салғалы отырған Құдайберген екеуміз. Жұбымызды жазбай бірге өстік. Отан күзетінде тұру — баршамызға ортақ міндет. Бұл жауапкершілік міндетінді жақсы атқаратынына сеніміміз мол.

Туған жерге абыроймен орал. Мына бір азын-аулақ ескерткішіміз арқылы туған жерді, балғын балалық шақты, достарыңды еске алып, ұмытпай жүргейсің.

Шын білдірсе дос тілек —
Мерейің ғой ол сенің,
Азаматым өсті деп,
Артып отыр ел сенім.

Иығынды талдырып,
Көтер жүктің ауырын.
Достығымыз мәңгілік
Үзілмесін бауырым, —

деп, ораулы сыйлықтарын екі-үш шумақ өлең айтып, ол достар атынан ұсына берді. Құдайберген қимас сезіммен, құшағын жайып достарына қарай ұшып бара жатқандай көрінді.

(“Той” кітабынан.)

175-тапсырма. ● Мына тақырыптың бірін алып, құттықтау тілек жазып көріңіз.

1. “Біз саған сенеміз, досым!” 2. “Сенімен мақтанамын, аға!” 3. “Азаматтық парыз”. 4. “Өкелер жүрген жол еді”. 5. “Ақ тілектер жолыңды ашсын, ар-намысың жолдас болсын”.

176-тапсырма. ■Сөз этикетінің ұлттық сипаты дегеніміз не? Бата мен тілектің өзара ұқсас жақтары мен айырмасы неде? Тілек сөздің фразеологиялық тіркес түрінде келуіне назар аударыңыз. Бата-тілек сөздердің көркемдігіне тілдік талдау жасаңыз (сөз ұйқасымы, дыбыстар үндесімі мен үйлесімі; құрылымдық ерекшеліктері, теңеу, метафора, т.б.).

Ұлыс күнінде сәлемдесіп, жақсы тілек айтудың дәстүрлі түрлері бар:

Жасың құтты болсын!

Өмір жасың ұзақ болсын!

Ұлыс бақытты болсын!

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін!

Бөле-жөле жерге енсін! —

деп тілек айтып, ер адамдар қос қолдасып, төс соқтырады, әйелдер болса құшақтасады; ерлер мен әйелдер кездесе, құшақ айқастырады. Қос қолдап амандасып, төс соғыстыру — “Өмір тірегім — төсім, тіршілік көзім — екі қолым аман-сау болсын” дегенді білдіреді.

Наурыз күні әйелдер “Кеудесі түкті Жер-Ана, құт дарыт, жарылқа!” деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.

(Газеттен.)

§42. БАТА БЕРУ

Жалпы ұлттық тәрбиедегі сөз әдебі — адамдар арасындағы сан алуан қарым-қатынастарды, мысалы, үлкен мен кіші таныс пен бейтаныс, бастық пен бағынышты, қатар құрбы тағы басқаларын реттеп отыратын қанға сіңіп, әдетке, дағдыға айналған ережелердің жиынтығы десек, амандасу, қоштасу, құттықтау, кешірім өтіну, танысу, т.б. толып жатқан үйреншікті жағдаяттар халықтық тәрбие, сөйлесу әдебі, сөздік әдеп деген ұғымды білдіреді. Осындай ұғымның бірі — бата беру. Жақсы тілек — халқымыздың ежелден келе жатқан салт дәстүрі, көне ұлттық ізгілікті әдептің бірі. Тәлім-тәрбиелік мәні айрықша, бұрыннан ұрпаққа үлгі-өнеге беріп келе жатқан халықтық мұра. Көптеген салт-дәстүрлердің өзіндік орындалу рәсімі, белгілі бір жүйеге бағынған іс-әрекеттері болады. Бата берудің де өзіндік жүйесі, рәсімі, шарттары бар. Мұнда қарым-қатынастың тілдік, тілдік емес белгілері қатар жүреді. Мысалы, жүрелеп отыра қалып алақан жаю, бет сипау тілдік емес белгі болса,

нақ та көркем айшықты оралымдармен айтылған тілек-бата сөз оның тілдік ерекшелігін көрсетеді.

Бата сөздің мазмұны — ақ тілек, жақсы ниет. Кейде ел ішінің ежелгі дәстүрін бұзып, ата-баба салтын аттаған, шектен шыққан істерімен елдің береке-бірлігін бұзған жанға ел үлкендері, қадірменді қарттар теріс батасын да беретін болған. Теріс бата алған жанның жолы болмайды деген ұғым бар. Мысалы, “Қыз Жібек” жырында Төлегеннің айдалада мерт болуы әкесінің оң бата бермеуінен деп жориды. Осындай мазмұн - мәніне қарай ізгі тілек ақ ниетті білдіретін ақ батаны мынадай мазмұнда жүйелеуге болады:

- ізгі тілек, жақсы ниетті білдіретін ақ тілек бата;
- ас қайыру батасы;
- жол батасы;
- наурыз батасы;
- рамазан батасы;
- көне салтқа, өдет-ғұрыпқа байланысты май батасы.

Дастарқанға сыйлы, кәделі ас мәзірін (табақты) әкелгенде және ас желініп болды-ау деген шамада үй иесі не оның тілек бата алғалы отырған баласы бата тілейді. Өзінің құрметті жолына, жасына қарай батагөй қария қол жайып, өзінің жақсы ниетін, тілегін білдіретін сөз айтып, ақ батасын беріп, бет сипайды.

Бата сұраушы батагөйдің және көпшіліктің алдына жүрелей отырып, бата сөзі қашан аяқталғанша, екі қолын көтеріп, алақанын жайып, ол да бетін сипап қабыл алады. Бұл — ақ тілек бата.

Ас қайыру батасы — ел арасында аса кең тараған баталардың бірі. Мұнда дастарқан иесіне, сол үйдің шаңырағына небір жақсы тілектер айтылады. Бұл бір жағынан, үй иесіне ілтипат көрсету болса, екінші жағынан, ас-суды, дастарқандағы дәмді құрметтеу.

Мысалы: Ас бергенге бас берсін,
Өмірі ұзақ жас берсін.
Кетпес дәулет, кең пейіл,
Қайырымды дос берсін.

Ас қайыру батасының мазмұны жақсы тілек, адал ниетті аңғартады. Бата беретін адам өз өлінше, тіл шеберлігіне қарай дастарқан иесінің нені аңсап, нені көксейтінін аңғара отырып, соған орай жағымды тілектер айтып, үй иесіне ғана

емес, жиналған жұртты да жадыратып тастайды. Ел арасына кең тараған баталардың бірі — жол батасы.

Ұзақ жол, қиын сапарларға аттанарда үй иесі “құдайы тамақ” беріп, жасы үлкен, аузы дуалы қадірменді қарттан бата сұрайды. Бата беру рәсімі үстінде *“Жолың болсын, жолдасың Қызыр болсын”, “Қырық шілтен шылауыңда жүрсін, оралуың тез болсын; Осы берген ақ батам періште мен Құдайдың құлағына жетсін! Әмин!”* дегендей жылы сөз, түзу ниет айтылады. Халық дәстүрінде алыс жолға аттанып, қиын сапарға бет аларда үлкен адамнан бата сұрауға қатты көңіл бөлген, батасыз жолға аттанбаған.

Осындай жол батасының көркем үлгілерінің бірі Бауыржан батырға әкесінің берген батасы:

Ақ жүрек болып жолдасын,
Адамдық сені қолдасын.
Жақсылық үшін тірессен,
Жаныңды арың қорғасын.
Арынды болсын шабысың,
Алымды болсын табысың,
Найзадай болсын намысың.
Ер жігітке бәрі сын,
Қиындық көрсең, мұқалма,
Ауырлық көрсең, жұқарма.
Қамқоршы бол кішіге,
Үлкенді үлгі тұт аға.

Міне, “Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді” дегендей, жас кезі — жігіт шағында талай-талай ақ бата алған азамат бергін келе ел ағасы болған шағында бірталай азаматтарға ақ батасын берген.

Байырғы баталардың тағы бір түрі — **наурыз батасы** деп аталады. “Наурыз мерекесі” кезінде айтылады. Мұндай батаның мазмұны кең болады. Жеке бастан гөрі елдің амандығын тілеу, молшылық заманды, бейбіт күнді көксеу бата сөзге арқау болады. *“Ұлы оң болсын, ақ мол болсын! Ел бақытты болсын, төрт түлік ақты болсын! Қызылды уақытымен көрсетсін! Қараңғыда көшірме, Ұлы дария кешірме! Ертеңгі тілеуін зарықтырма, кешкі тілеуін кешіктірме!”* деген тілектер айтылады. Үлкен-кішінің бәріне бірдей “Жас құтты болсын” дейді. “Қара жерге қар түсті, қарды көрген бір мұрат” дегендей наурызды көрген жанға, үлкен болсын, я кіші болсын, *“жасқа жас қосылды,*

жылға жыл қосылды, бұған жеткен де бар жетпеген де бар” деп шүкіршілік айтады. Қыстың кеткенін “жыл шықты” дейді. “*Айымыз аман, жылымыз есен болсын! Алланың нұры жаусын!*” деп бата жасайды.

Бұрынғы баталардың тағы бір түрі — **рамазан батасы**. Батаның бұл түрі үш күнгі ораза айтта айтылады. Мұнда да кейбір ізгі тілек, жақсы ниет бата сөзіне арқау болады. Ерте кезде үйдің тұсына келіп, жарапазан айтатындар болған. Жарапазан жыры белгілі өуенмен айтылады. Үй иесі табақ толтырып, дәм алып шығады. Жарапазан айтылып болған соң, жарапазаншы тағамнан ауыз тиіп, “*Құрмалдығың қабыл болсын! Әумин!*” деп бет сипап бата жасайды. Ораза айтында айтылатын рамазан батасының үлгісі мына төрізді:

Құдайым жарылқасын, бай қылсын!
Төрт түлігін сай қылсын!
Кетпес дәулет, кең пейіл берсін!
Тілегін дұрыс болсын!
Мұратың асыл болсын!
Тілеген тілегінді берсін! Аллаһу өкпар!

Ерте кезде дастарқан басында берілетін баталар да болған. Осындай батаның бірі “**май батасы**” деп аталады. Бұл бата мал төлдеп, жұрттың аузы аққа тие бастаған кезде үй иесі ауылдастарын шақырып, ауыз тигізетін болған. Осы кезде аманшылық тілеп, “*Бағарыңыз көбейіп, құрт-майыңыз көп болсын!*” деген мағынада айтылған.

Бата мен тілек мағыналас сөздер ретінде қатар жұмсалады. Олардың тілдік қатынастағы қолданылу жағдайына қарай ұқсас жақтары да, айырмашылығы да бар.

Ұқсастығы екеуі де тілек мәніндегі көңіл қалауын білдіріп, қалау рай тұлғасында келеді.

Ал айырмашылығы бата сөздер тілекке қарағанда ұзақтау айтылады және алақан жаю, бет сипау сияқты тілдік емес белгілер бата бергенде қатар жүреді. Тілекте сөз орамдары қысқа қайырымды болып, тілдік емес белгілер қолданылмайды. Бата кез келген жерде айтыла бермейді. Ал “еңбегің жемісті болсын”, “өркенің өссін”, “көп жаса”, “жасың ұзақ болғай”, “мұратыңа жет”, т.б. тілек сөздерді жасы үлкен адамның жасы кішіге “рақмет” деген сөзімен қоса ризашылығын білдіру үшін айтылады.

Тілек, құттықтауды той-жиында, дастарқан үстінде сөз

тигенде кез келген адам айта береді, ал бата сөзін тек қадірменді, жолы үлкен адам ғана айтады.

Бата мен тілек-құттықтау сөздің айтылу жолын, орнын, мән-мағынасын ажырата білудің өзі сөз білетіндікті, білімділікті байқатады.

Тақырыпты талдауға берілген сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бата беру ұғымының мағына-мәнін түсіндіріңіз.
2. Бата беруді мазмұн-мәніне, айтылу жағдаятына қарай қалай жүйелеуге болады? Тақырыпта берілген мысалдар арқылы әр батаның өзіндік ерекшелігіне талдау жасаңыз.
3. Теріс бата қандай жағдайда беріледі?
4. Бата сөздердің ұқсастығы мен өзіндік ерекшелігі туралы айтыңыз.

177-тапсырма. ▲ Бата мен тілектің өзара ұқсас жақтары мен айырмасы неде? Тілек сөздердің фразеологиялық тіркес түрінде келуіне назар аударыңыз. Бата-тілек сөздердің көркемдігіне тілдік талдау жасаңыз (сөз ұйқасымы, дыбыстар үндесімі мен үйлесуі; құрылымдық ерекшеліктері, теңеу, метафора, т.б.).

● Сөйлемдегі әрбір тыныс белгісінің қойылуына түсінік беріңіз.

“Байкөкпе сөзін былайша бастайды:

— Иә, халайық, бұл бір асыл мереке болды, шын қуаныш, қалтқысы жоқ халық қуанышы. Солай болғанда, бір жағынан Абай үшін қуанамыз. Ал осы қуаныштың екінші бір тарауы тағы бар. Ол өзіміздің елдігіміз үшін қуаныш, жақсылық үшін бірігіп, ынтымақ тілек қосып дегеніне жеткен адал, момын ел үшін қуанбасқа бола ма? Бұл анық елдік жол еді, әмісе осындай елдіктің жолы болсын! Әмин! — деді.

Айнала жұрт бұл сөзге қатты сүйсінді. Қарт ақынды қостап дауыстап “Әмин, әмин!” десіп бет сипап, мез болып күлісіп, қатты қошырасып қалған көңілді дыбырлар естілді”.

(*М. Әуезов. “Абай жолы”.*)

178-тапсырма. ■ Төмендегі баталардың мағына мәніне талдау жасаңыз. Қандай жағдаятта айтылады?

● *Достарың* сөзіне толық фонетикалық талдау жасаңыз.

* * *

Аман болсын бастарың
Молая түссін ас-дөмің.
Қадір білер көбейсін,
Туыс, жекжат, достарың.

Орындалсын әрқашан
Арман, мақсат, жоспарың.
Бөріне мұның дөнекер,
Апшық болсын аспаның.
Ас бергенге бас берсін,
Өмірі ұзақ жас берсін.
Кетпес дәулет, кең пейіл,
Қайырымды дос берсін!

(Н. Уәли “Бата-тілектер” кітабы)

179-тапсырма. ▲ Мына бата беру қандай жағдаятта айтылады? Өрбір жолдағы айтылған ойдың мағынасын ашып айтыңыз. Сөз бедеріне талдау жасаңыз.

● Ата, әже, ата-аналардың айтатын және көркем әдебиеттен өздерін оқыған бата тілек сөздерді жазып келіңіз. (Шағын оқиғаны сөз ететін әңгіме түрінде жазсаңыз да болады.)

Өмірің сәнді болсын,
Дастарқаның нәрлі болсын.
Жүзден озған жүйрік бол.
Судан шыққан сүйрік бол.
Әкеңе тартып пейілді бол,
Шешенге тартып мейірілі бол.
Бабалардай дарқан бол.
Ел-жұртыңа қалқан бол.

Ақ сөйлеп, адал күлетін бол,
Шындықты жақтап жүретін бол,
Наданға табынбайтын бол,
Токтықта тарылмайтын бол,
Арманнан арылмайтын бол,
Қайғы-мұңға жеңілмейтін бол,
Қайда жүрсең елім дейтін бол,
Өтірікке сенбейтін бол,
Өсекке ермейтін бол.
Ата-ана, досты сыйла,
Ағарған басты сыйла,
Ақылы асса, жасты сыйла,
Мұзбалақ ерді сыйла,
Іргелі елді сыйла,
Туып-өскен жерді сыйла.

Жортқанда жолың болсын,
Жолдасың Қыдыр болсын!

(Н. Уәли. “Бата-тілектер” кітабынан.)

180-тапсырма. ■ Мәтіндегі тілек сөздерді көшіріп жазыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз. Наурыз мерекесінде тағы қандай ақ тілектер айтылып, ырымдар жасалып, бата-тілектер берілетініне мысал келтіріңіз.

Ұлыс күнінде сөлемдесудің дәстүрлі түрлері бар:

— Жолың құтты болсын!
Өмір жасың ұзақ болсын!
Ұлыс бақытты болсын!
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін!
Пәле-жала жерге енсін! —

деп құттықтап, ер адамдар қос қолдасып төс қағыстырады, ал әйелдер болса құшақтасады.

Наурыз күні әйелдер атып келе жатқан күнге төу етіп, “Армысың, қайырым Күн-Ана!” деп иіліп сөлем береді, “кеудесі түкті Жер-Ана, құт дарыт, жарылқа” деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жана егілген ағаштарға ақ бүркеді.

(Газеттен.)

181-тапсырма. ■ Мына бата қандай жағдаятта айтылады? Өр жолдағы айтылған ойдың мағынасын түсіндіріңіз.

Құрдасыңа — қуаныш бол,
Сырласыңа — сынық бол.
Жылағанға жұбаныш бол,
Туысыңа тұнық бол.
Татулыққа — тамаша бол.
Ықыласқа — иық бол.
Ана алдында аласа бол,
Ар алдында биік бол. Аумин!

(“Ақ бата” кітабынан.)

§43. ҚАРАТПА СӨЗ ӘДЕБИ

Алайда эмоция-экспрессиялық әсерге бай екен деп сөздерді талғаусыз кез келген жерде қолдана беруге тағы болмайтыны белгілі. Екі бүктеліп еңкейіп отырмаса да, кей ерлі-зайыпты жас жұбайлар бірін-бірі *шал*, *кемпір* деп отырады. *Шалың келді ме? Кемпірің қайда?* төрізділерді өзiлi жарасқан құрбылардың айтып отырғанын да ара-тұра естіп

қаласыз. Мұндай сөздерді қолдану кейбіреуге тіпті тұрпайы көрінеді. Өрине, “мына сөзді айт, мына сөзді айтпа”, деп, біреудің аузына біреу қақпақ бола алмайды. Мұндай сөздерді егер қатар-күрбы, ерлі-зайыптылар өрескел көрмесе, кемсіту деп түсінбесе, өзара ғана қолдана беруіне болатын да сияқты. Ал бейтаныс ортада, үлкен-кіші аралас отырыста, қоғамдық орындарда әлгідей “іш тарта” айтылған сөзді араластырып сөйлеу жағымсыз эмоция тудырады. Ондайды үлкенді сыйламағандық, кішіні елемегендік деп түсінеді. Осы тәрізді бір алуан этикет сөздер ортамен есептесіп, санасып отыруды талап етеді.

Оқушылар, студенттер қадірмен ұстаздарына қарап *ағай, апай* деген сөздерді көп қолданады. Бұлар аты-жөнін білмеген кісіге айтылатын ресми қаратпа сөз сияктанып кетті. Халқымызда тағы сондай құрмет нышаны ретінде ер аттарының басқы буындарын қысқартып алып, оған — *еке, (ақа)* сөзін қосатынымыз бар: *Әлеке, Жүмеке, Есеке, Мәке, Жәке, Нықа, Сәке* сияқты қаратпаларды, әдетте, тонның ішкі бауындай жақын, жасы үлкен адамдарға айтамыз. Мұндай дәстүрлі қаратпалардың ынғайымен Иван, Виктор, Константин, Гарибальди тәрізді өзге ұлт өкілдерінің аттарын қысқартып “қазақыландырып” айту да өрескел көрінер еді. “*Гарибальдидің көзі — қос сұрақ, ол менің көзім болуы мүмкін, ал Гарекеңдікі әншейін қос сызық*” (*кітаптан*). Автордың бұл тәрізді “жаналығын” жарасымды деуге болмайды. Мұндай орайда да қадірмен кісілердің аты-жөнін атаған дұрыс.

Егер өткенге көз салсақ, “бөріктілерден” гөрі “нәзік қауым” әйелдер ізетті ме деп қаласыз. Өйткені олар еркектер тәрізді: “*Әй, пәленше!, Әй, түгенше!*”— деп, зайыбының атын атап, “*әй*”-ді қосақтап айтуға ауыздары бармайды. “*Болаттың көкесі-ау!*”, “*Асқардың әкесі-ау!*”, “*Біздің рйдегі кісі*” деп сыпайы үнмен сынық сөйлеп отырады. “*Әй*” деп сөйлеуге әдеттеніп кеткен дәрекі біреу болмаса, қазіргі кезде “*әй*”-ді ешкім айта қоймайды. “*Әй*”-дің заманы алыстаған. Қазіргі заманда ерлі-зайыптылар бірін-бірі қалай атаймын десе өз еркі. Сондықтан да болу керек, отбасында отырғанның өзінде кейбіреулер бірінің атын бірі “паспорттағыдай” атап отырады. Дегенмен ынтымағы жарасқан отбасының өз этикетінің болуы жарасымды емес пе? “*Жаным десе, жан семіреді*” дегендей ерлі-зайыптылар бірінің атын бірі тура атап, “*пәленше*”, “*түгенше*” дегеннен

гөрі, сыпайылықпен іш тарта атаса несі айып? Ондай жылы шырай, сыпайы рең үстейтін төсіл тілімізде бар ма? Ерлі-зайыптылардың бірін-бірі қалай атағанына да көңіл аударайық.

Мысалды алыстан іздемей-ақ, сонау соғыс жылдарында майдангерлердің зайыбымен жазысқан хаттарын еске түсірейікші. Сөлем хаттағы “*Дүйсенжан, Сейсентай, Бейсей, Майраш, Жамалжан, Жұрмажан*” төрізді ыстық сөз солдаттың сарғайған сағынышы іспетті көрінеді.

Сыйластығы мол, тату-төтті кейбір ерлі-зайыптылар осындай түрде Сәулені — *Сәулей*, Нұрбекті — *Нұржан*, т.б. деп атайды.

Кейбіріміз қолдансақ та, кейбіріміз елей бермейтін мұндай жанамалап атауды отбасының өдебіне айналдырсақ, сыйласымға сыпайылық үстейді. Оның үстіне кісі есімін бұлайша жанамалап атау — атты бұрмалау емес. Халық дәстүрінде баланы кішкене кезінен еркелетіп атау дағдысы бар. Осындайдан барып Құдайберген — *Құдыш*, Төңірберген — *Тәкен*, Әбдірахман — *Әбиш*, Еламан — *Елен*, Сәдуақас — *Сәкен*, Сақыпжамал — *Сақыш* болып, дербес есімге айналғаны көбіміздің қаперімізге келе бермейді.

Дәулетбекті — *Дәулет*, Нұрғалымды — *Ғалым*, Әміртайды — *Әмір*, Ақбаянды — *Баян*, Айманкүлді — *Айман*, Ақжамалды — *Жамал* деп атау да есімді ықшамдап, эмоциялық ең дарыту мақсатынан пайда болған. Ал дербес есімге айналған соң, бұлардың эмоция, экспрессиялық реңі солғын тартады. Алайда мұндай есімдерді *Құдышжан*, *Тәкентай*, *Сақыштай* деп, “жан”, “тай” төрізді тұлғалармен түрлендіріп отырса, сөздің шырайы ашылып, эмоция-экспрессиялық рең қайта жанғырып, құбыла түседі.

182-тапсырма. ▲ Мәтіндерді оқып, ауызекі сөйлеу тіліндегі бейресми тілдік қолданысқа талдау жасаңыз. Осындағы сөз өдебіне назар аударыңыз.

I

1. — Үгінтіні не істейсіздер?

— Әпелкені ме?.. Әпелкенің қаны жерге тимейді! — деп старшой алтын үлестіріп тұрғандай шірөнді. — Отқа жағуға да болады, ет ыстауға да болады, көктемнің осындай қара қатқағында пысық қатындар өгретке ұйып, ортасынан лунка қазады да, топырақ толтырып, өгүршік егеді.

— Өгүршік деген немене?

Өгүршіктің не екенін, шынында, білмей тұр ма дегендей старшой Бекетке бажырая караған, көз еті шелденіп, қызара бөртіп кеткен екен, қарағай қабығының шаңы мен ағаш қиқымынан тапқан кәсіптік көз ауруын бірден таныды.

— Өгүршік дегеніміз огурец! — деді қызылкөз.

— Бөдрен мен қиярдың туысқаны болды ғой.

— Болса болат та, — деді. — Біз өзі туысқанды тани бермейтін кісікиктеу жұрт едік, бөдрен мен қиярдың қай ру екенін кім біліпті. Бұл ауылда астарлап сөйлемейтін адам болсапы!

2. — Ертеңнен бастап дөңбекті ғана емес, әпелкені де қадақтап, қасығын қалдырмай питомникке жөнелтетін болыңыз. Судың да сұрауы бар, древесина должна быть безотходной, грамм на грамм!

(Қ. Ысқақов. "Ақсу — жер жаннаты" кітабынан.)

II

Шұға шақырады деп, бір күні Есімбектің түйешісі келді. Төбем көкке тигендей болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде, кілемнің іргесін түргізіп, Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп, қамықты.

— Қарағым, — деп шешесі бетінен сүйіп, Шұғаның көзіндегі жасты орамалмен сүртіп алды.

— Жылама, қарағым, бір сенің ризалығың үшін әкеннен есітпеген сөзім жоқ. Қайтейін, билік менің қолымда болса, бұл күйге я түсер ең, я түспес едің...

Бөйбіше де қамықты. Үйде басқа адам жоқ еді.

Шұға шешесіне:

— Әже, — деді.

— Әу, қарағым.

— Мені онаша қалдыршы.

— Қалдырайын, қарағым, — деп, бөйбіше шығып кетті.

Мен Шұғаға жақындадым.

— Жайың қалай? Тәуірмісің? — дедім.

— Тәуір емеспін, — деді. Көзіме көзі түсіп кетіп, қамыққандай болды... — Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сәлем айт? — деді. Жылап қоя берді. Жастығының астында тығулы орамалмен көзін сүртті.

(Б. Майлин.)

183-тапсырма. ▲ Мәтіннен қаратпа сөздерді тауып, тілдік қолданыста түрленуіне қарай жүйелеңіз. Ауызекі сөйлеу тілі стиліне қарай талдау жасаныз. Сөйлемдегі әр тыныс белгінің қойылуына түсінік беріңіз.

Күбірнелік өкіл сол мандатты беріп жатып:

— Товарищ Жыңдыбаев, бұл серьезный науқан, мұның политический значениесі бар. Так что мен сенемін, бұл науқанды “провалит” етпессіз, — деген.

Ауылдың қарасы үзілген кезде, Желдібай артына бұрылып қарап, тепектеп шауып келе жатқан орта жастағы кісіні көрді. Жыртық күпісінің етегі делегейлеп, тымағы мыжырайып желге қарсы шыққан соң, көзінің жасы ағып келе жатыр екен. Желдібай атының басын тежеген кезде, ол жақындай беріп:

— Апырым-ай, шырағым, тым қатты жүреді екенсің-ау, — деді.

Желдібай қара құлақшынды желкесіне таман итеріп қойып, жымың-жымың етті. Торы ат ентігіп аяғын бір ілгері, бір кейін басты.

— Ай, отағасы, надансың-ау, жұмыстың жайын білмейсің ғой. Мен қызу науқанмен келем. Аяңдап жүріп не бітірмекшіміз?! — деді.

Науқанына түсінбегенімен, Желдібайдың сөзіне ат иесі ден қойды. Қатарласа жүріп отырып:

— Шырағым, осы елдің өзінен шыққан баламысың, әлде шеттен келіп пе едің? — деді.

Желдібай ажырайып бетіне қарады.

— Мен осы елдікімін, шырағым, — деп шал көзін жыпылықтатып, тепектеп жақындай түсті.

— Ендеше, мені сұрамай-ақ қой. Мен Жыңдыбаевпын. “Товарищ Жыңдыбаев” — десең, осы елдің баласына дейін біледі...

(Б. Майлин.)

184-тапсырма. ▲ Кісі есімдерін төмендегідей атаудан қандай әдептілік мәнді байқауға болады? Қаратпа сөзде бұл қандай мән-мағына, сөз сапасының бедерін көрсетеді?

Егер осы кісі есімдерін II жақта тәуелдеп айтса, қандай өзгеріске ұшырайды?

Үлгі: Сәбе — Сөбең.

1. Жәке. 2. Тәке. 3. Реке. 4. Бауке. 5. Сәке. 6. Ілеке.
7. Нұраға. 8. Мұқа. 9. Биаға. 10. Сыраға.

185-тапсырма. ▲ Мына сағыныш, айналу толғану сөздерін қаратпа етіп алып, бірнеше сөйлем жазыңыз. Реңдік мәнін түсіндіріңіз.

1. Айым. 2. Айналайын. 3. Ақ ботам. 4. Ботақаным. 5. Ақ тайлағым. 6. Күнім. 7. Күнім-ай. 8. Қалқам. 9. Қалқам-ай. 10. Жарығым. 11. Жарығым-ай. 12. Қоңыр қозым. 13. Қуатым. 14. Қуатым-ай.

186-тапсырма. ■ Қаратпа сөз, одағайлардың астын сызыңыз. Қаратпа сөздердің сөйлемде қандай реңкте қолданылып тұрғанына түсінік беріңіз.

1. Бірақ барлық көрген-сезгенім есімде. Ана бір жылы Қарқаралыда сенің ажарыңды ұнатып, мейірі түсіп кетіп, Бөжікең бата беріп еді-ау! Сондағы сөзі есінде болар. Сенен үлкен дәме ғып, бата берген еді. 2. Мырза, мындай сапарыңа кінә түгіл наз ертсем, оным білместік болар еді! — деп күйеуінің бетіне салмақпен қарады (*М. Әуезов*). 3. “Кәдір-тайдың әкесі-ау, соның бәрін түгел араладың ба?” — деді шалына ақтарыла қарап (*Ә. Мейірбеков*). 4. Айналайын, қарақтарым-ай, топырақтарың торқа, жатқан жерлерің жайлы болсын, аяулы азаматтар! 5. Кешіріңіз сағат неше? 6. Ғафу етіңіз, вокзалға қалай баруға болады? 7. Жыламайын, ағатай. Тек, кетіп қалыңызшы?! 8. Оу, Дәу-аға! ... Қарап тұрған кісіні айыпқа жығатының не осы?! Мен анау итінді айтып тұрған жоқпын ба?.. (*Қ. Ысқақов*). 9. Мырзалар, — деген ол. — Шаруаларға бостандықты өз қолымыздан, жоғарыдан бермесек, олар өздері төменде отырып-ақ тартып алатын түрі бар (*З. Ақшосов*). 10. Алда, айналайын-ай, алтынның сынығы екенсің ғой, — деп, көзіне жас алып, Шыңғысты бауырына басып, бетінен сүйді. 11. Шікем, фермаға зоотехник болып келісімен, үлкен өзгерістер жасады (*М. Шаханов*).

187-тапсырма. ■ Тест сұрақтарын шешіп, дұрыс қойылған тыныс белгілеріне талдау жасаңыз. Туыстық атауларды білдіретін қаратпа сөздердің мағыналық түрленуіне байланысты тест сұрақтарын өзіңіз құрыңыз.

1. Қаратпа сөзді тауып, тыныс белгісін қойыңыз.

- а) Мүмкін, арманға барар жол шығар.
- ә) Сағыныштың шегі, шеті болар ма?
- б) Ағайындар осында отыр ма?
- в) Ойбай, ел қайда?
- г) Ағайлар бізді тыңдаңыздар.

2. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді табыңыз.

- а) Ол, Батыр, хал қалай? деді.
- ә) Ол: “Батыр хал қалай”? деді.
- б) Ол: “Батыр, хал қалай?” — деді.
- в) Ол: Батыр, хал қалай — деді.

3. Қаратпа сөзі бар сөйлемді көрсетіп, тыныс белгісін қойыңыз.

- а) Қызым сен тында.
- ә) Рас, екеуміз де білмедік.
- б) Қыз өссе, елдің көркі.
- в) Ниет болса, бәрі бітеді.
- г) Ұмытып кеттің-ау, сірә!

4. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз.

- а) Жә, тегінде осындай тіл осал елге бітер ме?
- ә) Жә тегінде, осындай тіл осал елге бітер ме!
- б) Жә тегінде, осындай тіл осал елге бітер ме?
- в) Жә, тегінде осындай тіл осал елге бітер ме.
- г) Жә, тегінде, осындай тіл осал елге бітер ме?!

5. Қаратпа сөзді сөйлемді тауып, қаратпаға байланысты тыныс белгіні қойыңыз.

- а) Мұратбек домбырасын алып, сахнаға шықты.
- ә) Мұны оқыса жігіттер аңшы оқысын.
- б) Мұхит, орман, жел, дауыл үн қосты.
- в) Сәуле келгендерге қайта-қайта қарай берді.
- г) Жібектің рөліне ол келіспеді.

§44. РЕСМИ-ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАС ЖӘНЕ СӨЗ ӨДЕБІ

Ресми-іскерлік қатынас деп адамдардың кәсібі, мамандығымен байланысты жұмыс немесе қызмет орындарында, мәдени-көпшілік мекемелерде жүзеге асатын қарым-қатынастың түрін айтамыз. Мұндай орындардағы қарым-қатынастың түрі ресми сипатта болады. Өріптестердің жұмыс немесе қызмет бабындағы өзара қарым-қатынасы ресмилікті қажет етеді. Дәріс оқу, сабақ беру кезіндегі, оқытушы мен студент, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ресми-іскерлік қарым-қатынасқа жатады.

Біздің ана тіліміз — тек тұрмыстық қатынаста ғана емес, әр түрлі мекемелерде, басқару және ақпарат беру орын-

дарында қолданылатын ресми-іскерлік қарым-қатынастың да тілі.

Ресми-іскерлік қатынас ауызша және жазбаша тіл арқылы жүзеге асады.

§45. РЕСМИ-ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАС ТІЛІНІҢ ЖАЗБАША ТҮРІ

Ресми-іскерлік қатынастың жазбаша үлгілеріне жеке адамдардың құжаттары, түрлі мекемелердің іс қағаздарынан бастап мемлекеттік мөндегі заң актілері, ережелер, мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік тұжырымдамалар, Конституция, т.б. қоғамдық-құқықтық мәні аса зор құжаттар жатады. Әсіресе Заң, Конституция, Бағдарлама, Тұжырымдамалар төрізді құжаттарды біліктілігі аса жоғары мамандар даярлайды.

Сондай-ақ ресми-іскерлік қарым-қатынастың жазбаша үлгілеріне, негізінен, мекемелердегі іс қағаздар жатады. Оған белгілі бір мекеменің (занды тұлғаның) негізгі құжаттары — жарғы, бұйрықтар, хаттамалар, мекеме есебі, анықтама, мәлімдеме, міндеттеме, ақпараттық хаттар, т.б., сондай-ақ жеке адамның қызметімен байланысты куәлік, арыз, өтініш, сенімхат, өмірбаян, келісім (соглашение), шарт (договор), келісімшарт (контракт), түйінсөз (резюме), т.б. жатады. Бұл тұрғыдан алғанда іс қағаздарының тілі мекеме, кәсіпорын, ұжымдардың, жеке тұлғалардың (адамдардың) құқықтық қарым-қатынасын реттеудің құралы болып табылады. Ресми-іскерлік қатынаста қолданылатын жеке басқа тән іс қағаздары күнделікті өмірде жиі кездеседі. Қай-қайсымызға болсын өтініш, өмірбаян, түйінсөз (резюме), түсінікхат, сенімхат, пікір (рецензия), т.б. жазуға тура келеді. Сондықтан мұндай жекебастық құжаттар туралы және оларды дұрыс жазудың қарапайым шарттарынан азды-көпті хабарымыздың болғаны жөн. Ресми-іскерлік қатынастағы жекебастық құжаттардың а) тілдік емес, ә) тілдік (лингвистикалық), б) сөз әдебіне (этикетке) қатысты жақтары бар.

а) Тілдік емес жақтары. Анықтама, мәлімхат, бұйрық, жолдау хат, акт, түсініктеме, т.б. құжаттар стандартқа (үлгіге) сай әзірленеді. Тиісті мәліметтер, деректер толық түрде беріледі. Мысалы, өтініш жазған адам адресаттың (мекеменің, мекеме басшысының) аты-жөндерін және өзінің аты-жөнін, қызметін толық көрсетуге тиіс және қағазды (а-4 формат) оң жағын ала жоғарылау тұсқа жазуы керек. Мекеменің, жеке адамның іс қағаздары қалыптасқан

стандарт, үлгі бойынша жазылады. Өсіресе іс қағаздары мәтінін құрастыруда еркіндік бола бермейді, аса қажетті дерек, мәліметпен шектеліп отыруға тура келеді.

ә) Тілдік (лингвистикалық) жақтары. Іскерлік қатынастың тілдік құралдары, негізінен, бейтарап немесе ресми реңкте болады. Сезім күйге байланысты сөз, тұрмыстық мазмұндағы сөздің қолданылу мүмкіндігі тым шектеулі болады. Оның есесіне *күн тәртібінде, шешім қабылдансын, қамтамасыз етілсін, алғыс жариялансын, сөгіс берілсін, ескерту жасалсын, өзгеріс енгізілсін*, т.б. даяр үлгідегі тұпқазық сөздер, әкімшілік терминдер жиі қолданылады. Ойдың логикалық жүйелілігі мен бірізділік қатаң сақталады.

Ресми-іскерлік қатынаста жеделхат, телефонхат түрлері жиі қолданылады. Егер ерекше бір мағыналық қателікке, екі ұшты түсінуге себеп болмайтын жағдайда мәтінде үтір, нүкте, сызықша, сұрау белгісі, леп белгілері тәрізді тыныс белгілер арнайы таңбаланбайды. Жеделхат, телефонхатты графикалық жақтан ықшамдау мәтіннің нормасына жат деп танылмайды.

Сөз, сөз тіркестері тілдегі өз мағынасына сай қолданылады. Мысалы, ресми стильде жазушыны сөз зергері, қаламгер демей, жазушы деп атайды. Жеңіл автомобильді сөйлеу тіліндегідей “төрт дөңгелек” демейді.

Грамматикалық ерекшеліктер тұрғысынан алғанда, іс қағаздары қалыптасқан үлгіде баяндау тәсілінде жазылады. Сөйлемдері тиянақты, баяндауышы көбінесе баяндау, бұйыру, үндеу ынғайында болады.

Ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, даяр тіркестер мен термин сөздер жиі пайдаланылады. Мысалы, құжаттарда: *орындау міндеттелінсін, мекемеге тапсырылсын, жүзеге асырылсын, ұйымдастыру қолға алынсын, баса көңіл бөлінсін, ескеріп отыратын болсын, қамтамасыз етілсін, баса назар аударылсын*, т.б. күрделі тіркестер көбірек кездеседі.

Ресми стильде сөйлемнің баяндауышы тұжырымдылықты, нақтылықты білдіру үшін көбінесе ырықсыз етіс түрінде келеді. Мысалы, *орындалды, орындалсын, жеткізілді, жеткізілсін, тапсырылды, тапсырылсын*.

Іс қағаздарында көбіне өткен шақ формасы жиі жұмсалады: *тапсырма орындалды, істің барысы баяндалды*, т.б.

Белгілі бір ортақ атауды айқындап тұратын сөздер жиі

қолданылады: *БІ. Алтынсарин атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы. Ал сөйлеу тілінде мынадай тізбектер: 10-сыныптағылар, 10-сыныптың балалары, оныншы сыныптың оқушылары* деп ықшамдала жұмсалады.

б) Сөз әдебіне (этикетке) қатысты жақтары. Ресми іс қағаздары мәтінінде марапат, мадақ, кемсіту, қорлау, т.б. мазмұндағы сөздердің қолданылуы тым шектеулі болады. Мұның өзі сыпайылық, құрмет нышанын танытатын сөздерді (этикеттік таңбаларды) орынды жұмсай білуді қажет етеді.

Мекеменің, жеке адамның атынан жазылған қатынас хаттарда, өтініш, сұраныс хаттарда мырза (ер адам), ханым, бике (әйел адам) тәрізді этикеттік таңбалар мекеме басшысының немесе адресаттың аты-жөнімен, атақ-дәрежесімен қоса жұмсалады: *Бас редактор... мырзаға, Департамент директоры... ханымға, т.б.*

Егер адресаттың құрметті атақтары мен дәрежелері болса, оларды атап көрсету іскерлік қатынастағы этикеттік нормаға лайық деп танылады: *Қазақстан Республикасының ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Ғалиқызы Сыздық ханымға;*

Ал аса қажеті болмаған жағдайда аталмыш лауазым, атақ-дәрежелердің бәрін тізбей-ақ ықшам түрде *проф. Рәбиға Ғалиқызы Сыздық ханымға; Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Еділ Ерғожарлы Ерғожин мырзаға* деп ықшам түрде көрсетуге болады.

Тақырыпты пысықтауға берілген сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ресми іскерлік қарым-қатынас ұғымы туралы түсінік беріңіз.
2. Ресми іскерлік қарым-қатынас қалай жүзеге асады?
3. Ресми іскерлік қатынастың жазбаша түріне қандай үлгідегі жазба мәтіндер жатады?
4. Жеке бастық құжаттар деп қандай құжаттарды айтады?
5. Ресми іскерлік қатынастағы құжаттардың тілдік емес жақтарына нелер жатады?
6. Ресми іскерлік қатынастың тілдік (лингвистикалық) жақтары туралы айтыңыз.
7. Ресми іскерлік қатынастағы құжаттар тілінің грамматикалық ерекшелігіне тоқталыңыз.
8. Ресми іскерлік қатынастағы құжаттар тілінің сөз әдебіне (этикетке) қатысты жақтары туралы айтыңыз.

188-тапсырма. ▲ Мәтіндердегі терминдерге, іс қағаздары тілінде тұрақты қолданылатын сөздерге талдау жасаңыз.

Бұйрық

Ә.Қастеев атындағы орталық өнер мұражайы

00.00.01 Алматы

Мереке күндерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күзетті күшейту туралы.

2000 жылғы 31 желтоқсан және 2001 жылғы 1 қаңтар мереке күндерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күзетті күшейту мақсатында

Бұйырамын

Мұражайдың барлық қызметкерлері 2000 жыл желтоқсанның 30 күні жұмыс аяқталғаннан кейін бөлмелердегі электр аспаптарының жағдайын жеке өзі тексерсін және бөлмелерді директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына сағат 17.00-ге дейін тегіс өткізсін.

Мұражай директоры _____ Кенже Әлизаұлы.
қолы

Шешім

1-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының “Қазақстан Республикасының “Тіл туралы” Заңын орындау туралы” мәселе қараған XVI сессиясының шешімдерін жүзеге асыру үшін пәрменді шаралар қолдану мақсатында Алматы қаласының әкімі

Шешім қабылдады:

1. 1-сайланған Алматы қалалық мәслихатының 2002 жылғы 25 желтоқсандағы XVI сессиясының шешімдерін орындау шараларының жоспары бекітілсін.

2. Қала әкімі аппаратының бөлімдері, басқармалары, комитеттері, департаменттері, Алматы қаласы аудандарының әкімдері жоспарда көрсетілген шараларды жүзеге асыру жұмысын ұйымдастырсын және олардың орындалу барысы туралы 2002 жылғы 20 наурызға дейін хабарласын, одан соң тоқсан сайын айдың 5-жұлдызына дейін хабарлап отырсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Өмірбаян

Мен, Асанқұл Әлия, 1978 жылы 7 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келдім. Отбасында төрт адам бар: әкем, шешем, ағам және мен.

Әкем Садықұл Асанқұл — заңгер, Алматы қалалық сотының мүшесі. Шешем Асқарқызы Ғалия N1-емханада көз дәрігері болып істейді. Ағам Әсет — ҚазМУУ-дың тарих факультетінің 4-курс студенті.

Мен 1985 жылы N54-мектеп-гимназиясының 1-сыныбына қабылдандым. Мектепті жақсы деген бағамен 1996 жылы бітірдім. Сол жылы Қазақ Мемлекеттік заң институтының мемлекеттік қызмет және халықаралық құқық қорғау факультетіне түстім. Қазір екінші курс студентімін.

(Іс жүргізу кітапшасынан.)

189-тапсырма. Мәтінді оқып, іс қағаздарына төн тілдік және тілдік емес белгілерді көрсетіңіз. Осындай бір жағдаятты мысалға алып, баяндау хат жазыңыз.

Баяндау хат

№31

5 қыркүйек, 2001 жыл.

Оқушылар қабылдау жоспарының орындалуы туралы

Сізге Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігінің кәсіптік білім беру Бас басқармасы бекіткен 2000—2001 оқу жылына оқушылар қабылдау жоспарының орындалғанын мәлімдеймін. Орта білім топтарында оқыту үшін тоғызыншы сыныпты бітірген 267 оқушы және толық орта білімді 90 оқушы қабылданды.

Аталған өндірістік оқу шеберлеріне атқарған жұмыстары үшін ынталандыру жағдайын жасау жағын қарастыруыңызды сұраймын.

190-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, іс қағаздарына төн тілдік және тілдік емес белгілерді көрсетіңіз. Құжаттар тілінің сөз өдебіне (этикетке) түсінік беріңіз.

● Өз сыныптас құрбыларыңызға, аға, әпкелеріңізге мінездеме жазыңыз.

Мінездеме

бақылау-өлшеу аппаратураларының бөлімінің аға инженері Алпамысов Сәкен Азатұлына. Кәсіпорында 1990 жылдан, аталған қызметте 4 жылдан бері істейді. 1966 жылы туған, білімі жоғары.

Алпамысов Сәкен Азатұлы бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінде аға инженер болып істеген кезінде, қабілетті, білімді, ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді. Өз мамандығы бойынша кәсіптік шеберлікті жақсы меңгерген. ПЭВМ-мен жұмыс істеу тәжірибесі мол. Француз тілінен базалық білімі бар.

1997 жылы Санкт-Петербург электротехникалық институтында “Бақылау-өлшеу құралдарын автоматтандыру” мамандығы бойынша дайындықтан өтті. Оқу орнынан берілген пікір — жағымды.

Мінезі ашық, бірақ кейде сабырлы бола бермейді. Ұйымдастырушылық қабілеті бар. Қиын жағдайда өз бетінше, дұрыс шешім қабылдай біледі.

Үйленген. Мектеп жасына дейінгі ұл мен қыз тәрбиелеп отыр.

Жұмыстағы әріптестерімен іскерлік қарым-қатынаста. Өндірістік мәселелерді талқылағанда тік мінезділік көрсетеді, тым турашыл.

Сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзетуге тырысады. Дені сау, жігерлі.

Қорытынды:

Кәсіптік дайындық деңгейімен баспылық қызметтегі тәжірибесін ескере отырып,
С.А: Алпамысовты бақылау-өлшеу аппараттары бөлімі бастығының орынбасары қызметіне бір ай сынақ мерзімімен конкурстық негізде ұсынуға болады.

“Қызылту” өндірістік бірлестігі бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінің бастығы

А.Ержанқызы.

26 қараша 200.. жыл.

(“Ісқағаздарын қазақша жүргізу” кітапшасы.)

§ 46. РЕСМИ ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАС ТІЛІНІҢ АУЫЗША ТҮРІ

Бетпе-бет отырған бір адамға қарата айтылған сөзден бастап, сөйлеушінің көпшілік қауымға, тіпті қалың жұртшылыққа қарата айтқан сөзі ресми-іскерлік қатынас тілінің ауызша түріне жатады.

Мемлекет, қоғам, өнер, ғылым қайраткерлерінің, саяси партиялар жетекшілерінің жұртшылық алдында сөйлеген сөздері немесе бұқаралық ақпарат арналары арқылы қоғамдық-өлеуметтік мазмұнда сөйлеген сөздері, жоғары мектеп оқытушыларының студенттерге оқыған дәрістері, мектеп мұғалімдерінің оқушыларға сабақ түсіндіруі, сот процесінде адвокаттың сөзі, дін басыларының діни мазмұндағы сөздері, т.б. ресми-іскерлік тілдің ауызша түріне жатады. Ауызша түрде жұртшылық алдына шығып сөйлеушілердің сөзі шешендік сөз үлгілері болып табылады.

Ресми-іскерлік қарым-қатынаста қолданылатын ауызша сөйлеудің ең биік шыңы шешендік сөз тыңдаушы жұртшылықты қисынмен, ой тереңдігімен баурап алуын халқымыз өнер деп бағалаған. Өрине, сөйлеу де, сөйлей білу де үлкен өнер. Өнерді жүре келе үйренеді. Шешендік өнерді машықтану, білімі мен біліктілігін арттыру, үйрену арқылы меңгереді.

Бір адамның алдында немесе жұртшылық алдында сөзін өткізу үшін, тыңдаушыларына ықпал етіп, белгілі бір әрекетке жұмылдыру үшін сөйлеуші алдымен іскерлік қарым-қатынастың қарапайым алғышарттарынан хабардар болуға тиіс. Ресми-іскерлік қатынастағы сөздің тілдік (лингвистикалық), тілдік емес (экстралингвистикалық) және сөз әдебіне (сөз этикетіне) қатысты тұстары болады.

а) Тілдік емес (экстралингвистикалық) жағы. Сөйлесіп отырғанда немесе жұрт алдына шыққанда қолды оңды-солды сермеп, бет ауызды көп қимылдатып, орынсыз күле беру тыңдаушысына, аудиторияға теріс әсер қалдырады. Қайсыбіреудің бастырмалата, төпелей сөйлейтіні тыңдаушыларға оң әсер қалдырмайды. Айғайлап сөйлеу, мұрын астынан мінгірлеу, мәнсіз майысып сөйлеу сөздің берекесін кетіреді.

Сөз әрқашан сөйлеу жағдаятына (кіммен сөйлесіп отырсыз; жеке адам ба көпшілік пе; ресми ме, бейресми ме, т.б.) лайық болу керек. Қандай ортада кіммен сөйлесіп отырғанына мән бермеу іскерлік әңгіменің шырқын бұзады.

Адам іскерлік әңгімеде өзінің қабілетін, біліктілігін, мәселеден жан-жақты хабардар екенін артық мақтанға бой алдырмай, таныта білуге тиіс.

Сондықтан болар “Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма”, — дейді ұлы Абай.

Негізгі мәселені бастамас бұрын мәселенің қазіргі жағдайымен таныстыру, фактілер мен нақты деректермен сөйлеу, себеп пен салдарын, қорытындысын көрсету, екі жаққа тиімді екенін дәлелдеу, мәселенің орындалатынына жігер мен сенім білдіру — іскерлік әңгіменің мәнді болуының алғышарттары деуге болады.

ә) Тілдік (лингвистикалық) жағы. Ауызша сөзде әдеби тілдің нормасын сақтау әдеби тілден тысқары жатқан диалектизм, қарапайым, қара дүрсін, оғаш сөздерді, шет тілдік сөздерді араластырып сөйлемеу, сөздің ырғағын, бунағын, әуезін бұзбай сөйлеу. Сөзді жазылу бойынша емес айтылу нормасы бойынша қолдану: [Ботакөз] емес, [Ботагөз], [келе қалды] емес, [келеғалды], [көше] емес, [көшө], т.б.

Дәл тауып айтылған сөз адамның ойы мен көзқарасын бүркемей, айқын аңғартып тұрады, сөйтін өзара түсіністікке жол ашады.

Мақал-мәтел, қанатты сөз, айшықты теңеулерді орынсыз көп қолдану сөз иесін, сөзді жасанды көрсетеді. Ал тілдегі мұндай көріктеуіш, бейнелеуіш құралдарды тиісті жерінде тәжірибелі шешендер айтылған сөздің мазмұнын жарқ еткізетіндей етіп қолданады. Сондай-ақ өзі жете түсінбейтін сөзді қолданбайды, ойды жүйелеп алудың, оны жеткізудің әдіс-тәсілдеріне ерекше көңіл бөледі. Терминдерді орынды қолдану сөздің мазмұнын дәлірек аша түседі. Екі ұшты ұғынуға жол бермейді.

Сөз арасында *жаңағы, сөйтіп, иә, және*, т.б. тәрізділерді сөз сайын қайталау сөздің мәнін кетіреді.

б) Сөз әдебіне (этикетке) қатысты жағы. Ресми іскерлік қатынастың ауызша түрінде мекеме, кәсіпорын, кеңсе жұмыстарымен байланысты айтылатын сөздерден басқа ресми немесе бейтарап реңкте қолданылатын *сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, көңіл айту, өтіну*, т.б. этикеттік мазмұндағы сөздер де жатады.

Сөйлеуші өзінің өтініш-тілегін, көңіл сезімін білдірмес бұрын “*Мүмкін болса*” (*мүмкін болса, айтып бересіз бе?*).

“Рұқсат болса”, “Рұқсат етсеңіз”, “Айып етпеңіз”, “Айыпшамы болмаса”, “Айып көрмеңіз”, “Айып болмаса”, “Рақым етіңіз”, т.б. сөздерді қолдануы мүмкін. Мұндай қыстырмалар ресми-іскерлік қатынаста сөзге сыпайылық мән үстеу үшін арнайы жұмсалады.

Тілдік қарым-қатынаста бұл сөздердің өзіндік жұмсалыу жүйесі бар. Олар, негізінен, сөйлеушілер арасындағы қарым-қатынастың түріне қарай, яғни кім-кіммен сөйлеседі, нақты жағдайға қарай жұмсалады. Мысалы, *“Мүмкін болса”, “Айып етпеңіз”, “Мүмкін деп тапсаңыз”, “Қолайлы деп білсеңіз”, “Қиын болмаса”, “Қажет деп білсеңіз”, “Қажет деп тапсаңыз”* тәрізділер, біріншіден бейтарап жағдайда бейтаныс немесе аса жақын емес адамдардың қарым-қатынасында, әсіресе зиялы қауым өкілдері арасында қолданылады. Сондай-ақ, екіншіден, бұл сөздер ресми жағдайда көбірек қолданылады, айтылатын ойдың ыңғайына қарай сөйлемге сыпайы рең үстейді. Бұл тұрғыдан қарағанда ресми-іскерлікте қолданылатын бір алуан этикеттік мазмұндағы қолданыстар адамдар арасындағы этикалық қарым-қатынасты реттеудің құралы болып табылады.

Ал талап-тілек айтқанда, *“Төңір жарылқасын”, “Тілеуіңді берсін”* тәрізділер ескіше оқыған аға буын өкілдерінің, әсіресе ауыл тұрғындарының сөз саптауында жиі кездеседі. Бұндайлар сөзге әлеуметтік-тұрмыстық реңк береді. Көркем әдебиет тіліне жазушы мұндай сөздерді кейіпкердің қандай әлеуметтік ортадан шыққанын көрсету үшін оның сөз саптауында арнайы қолданып отырады. Мысалы, *“Мынау аяз қойды ғана қинап тұрған жоқ, өстіп, міне, өзімді де арқадан бүріп бүрсеңдетіп тұр. Қолдарыңнан келсе, Құдай тілеулеріңді берсін, осы бүгін оралындар”* (М. Әуезов).

Шындық өмірде айтылған талап-тілек, өтінішті тыңдаушының барлық жағдайда орындамауы немесе орындауға қарсы болуы мүмкін. Бірақ бұндай жағдайда қарсылық білдірмеудің де өзіндік жолы, әдебі бар. Тыңдаушы өдетте *“болмайды”, “жоқ”* деп түйеден түскендей тоқетерін айтады. Мәдениетті адам сөзге сыпайылық берудің өзіндік жолдарын іздестіре бастайды, Тіліміздегі мұндай жағдайда қолданылатын қалыпты сөз орамдары мыналар: *“Уақытым болмай тұрғаны”* (*“уақытым жоқ”*-тың орнына), *“Мүмкін болмай тұр”* (*“болмайды”*-ның орнына), *“реті*

келмей (келіңкіремей) тұр” (“болмай тұр” немесе “сөзіңнің садағасы”, т.б.). Мысалдардан көріп отырғанымыздай, бұндай дәстүрлі сөз қалпынан соң бірден кілт тілдесу әктісі үзіліп қалмайды. Ал диалогте “жоқ” немесе “болмайды” деу тілдік қарым-қатынастың аяқсыз, нәтижесіз қалуына саяды.

Өріптестердің жұмыс, қызмет бабымен телефон арқылы сөйлесуі де ресми-іскерлік қатынастың түріне жатады. Мекемедегі ресми-іскерлік қатынас әр адамның өзінің әлеуметтік орнына қарай сөзді талғап, тандап қолдануды талап етеді. Мысалы Асан үй ішінде (бейресми жағдайда) *Асқардың әкесі* болғанмен, қызметке барғанда *профессор*, емханаға барғанда *науқас*, дүкенге барғанда *сатып алушы* (клиент), телефонмен сөйлескенде *абонент*, қоғамдық көлікте *жолаушы*, санаторияға барғанда *демалушы*, т.б.

Ресми-іскерлік қатынаста адамның көңіл күйі мен сезіміне қатысты сөздердің қолданылатын орны бар. Олар көбіне қоғамдық мәні бар мерейтой, мерекелік уақиғалармен байланысты жұмсалады. Өсіресе салтанатты жағдайда *қадірлі қауым*, *құрметті халайық*, *ханымдар мен мырзалар*, *армысыз қадірмен қауым*, т.б. тәрізді оқырманның ой-сезіміне әсер ететіндей көтеріңкі лептегі сөздер жұмсалуды орынды саналады.

Мекеме, кәсіпорындарда телефон, селекторлар арқылы сөйлесу де ресми қарым-қатынастың түріне жатады. Іскерлік қатынаста телефонмен сөйлесудің де сөз мәдениетіне, сөз әдебіне қатысты жағы бар. Әдетте, телефон тұтқасын көтерген адам *мен тыңдап тұрмын* демейді. Алдымен өзінің аты-жөнін, одан кейін лауазымын айтады. Кейде телефон соғушы тұтқаның аржағындағы адамға *бұл кім? бұл кім екен өзі?* деп жатады. Бұлай деу іскерлік қатынастағы сөз әдебінен ауытқу болып табылады. Телефон соғушы адам алдымен аты-жөнін, лауазымын айтып таныстырады, содан кейін сұрағын, іздеген адамының аты-жөнін айтады. Тиісті жерінде *кешіріңіз*, *өтінемін* дегендерді қосып айту сөзге сыйайлық үстейді. Өрі қарайғы байланысқа дәнекер болады.

Қоғамдық өмірдің әр саласында қызмет етіп жүрген адамдардың сіңірген еңбегіне лайық әр түрлі атақ дәрежелері болады. Мәдениетті елдің дәстүрінде ондай атақ дәрежелерді кісі фамилиясымен қоса атайды. Кезінде қазақ

қоғамы да ресми жағдайда аяулы, ардақты ұл-қыздарын атақ-дәрежесімен атаған: *Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М. О. Әуезов, СССР Ғылым академиясының академигі Қ. И. Сәтбаев, СССР Халық артисі К. Байсейітова, полковник Б. Момышұлы.*

Бір адамның бірнеше атақ дәрежесі болуы ықтимал. Ондай атақ, дәреженің бәрін тізе беру мүмкін болмаған жағдайда ең үлкен атақ-дәрежесін ғана атауға болады. Әр түрлі атақ, дәрежені, мамандықты ресми жағдайда кісінің фамилиясымен қосып атаған жөн: *профессор Қасымов, доктор Дарханов, механизатор Дүйсенов*, т.б. Себебі мұндай этикетті жұрт атақ, дәрежені сыйлап, мамандықты құрметтегендік деп қабылдайды.

Тіл мәдениетіне ден қойған адам сөйлеу этикетіне айрықша көңіл бөледі. Сөйлеу ізетінің өзіндік қыр-сырын аңғара біледі. Шаруашылығы мен мәдениетіне, ғылымы мен өнеріне аса зор еңбек сіңірген әйгілі қайраткерлерді халық зор құрмет тұтады. Мәңгі есте қалдырады. Ондай адамдардың есімін жай ғана атай салмай әр түрлі эпитеттермен атайды: *Ұлы Абай, жыр алыбы Жамбыл, күй атасы Құрманғазы*, т.б. Қоғам қайраткерлері, әйгілі ғалымдардың айтқан пікірлеріне сүйенгенде: *“Ұлы жазушы М. Әуезов айтқандай...”*, *“әйгілі ғалым Қ. И. Сәтбаевтың зерттеулерінде...”* тәрізді сөз сабақтау — оларды тек бедел тұтқандық қана емес, құрметтегендіктің белгісі.

Өзге де ұлттың прогреспіл қоғам қайраткерлерін, халық мүддесі үшін күрескен ұл-қыздарын, адамзат мәдениетіне еңбек сіңірген әйгілі адамдарды ізетпен атау — оларды қастерлеудің белгісі. Бұл тәрізді ресми сөз әдебін орынды жерде қолдана білу өнегелілікті көрсетеді.

* * *

Адам баласы табиғатында темірдей төзімді, гүлдей нәзік. Қапелімде айтылған бір ауыз сөзбен кісіні ренжіту де, қуанту да оңай. Сөз қуаты шексіз. Не бір сөз асылын айтпағанның өзінде, күнделікті қатынаста жүрген этикет сөздердің қолданылуында қаншама қыр-сыр жатыр. Сөйлеу этикетін өдеппен қолданып, мүмкіндігін аша білсек, ізгілікке нұсқап, ізеттілікке бастайтын жақсы жақтарын жетілдіре берсек, адамдар арасындағы ынтымақтыққа ұйытқы болады. Жас ұрпақты адамгершілікке баулып, гуманизм рухында тәрбиелеуге септігі тиетіні сөзсіз.

Тақырыпты пысықтауға берілген сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ресми іскерлік қатынас тілінің ауызша түріне қандай жағдаяттағы тілдік қолданыс жатады?
2. Ресми іскерлік қатынаста қолданылатын ауызша сөйлеудің ең биік шыңы қандай сөз?
3. Шешендік өнерді қалай меңгереді?
4. Іскерлік қатынас тілінің ауызша түрінің тілдік емес (экстралингвистикалық) жағы туралы айтыңыз.
5. Іскерлік әңгіменің тиянақты, мәнді болуының алғышарттарына нелер жатады?
6. Іскерлік қатынас тілінің ауызша түрінің тілдік (лингвистикалық) жағы туралы айтыңыз.
7. Іскерлік қатынастың ауызша түріндегі сөз өдебі (этикеті) туралы қысқаша түсінік беріңіз.
8. Қандай қыстырма сөздер ресми іскерлік қатынаста сөзге сыймайлық мән үстейді?
9. Қандай сөздер іскерлік қатынастағы тілдік қолданыста өлеуметтік-тұрмыстық ренк береді? Көркем әдебиетте жазушы мұндай сөздерді қандай мақсатта қолданады?
10. “Мекемедегі ресми іскерлік қатынас әр адамның өзінің өлеуметтік орнына қарай сөзді талғап, таңдап қолдануды талап етеді” деген тақырыпқа сүйеніп түсінік беріңіз.
11. Телефонмен сөйлескендегі сөз өдебі туралы айтыңыз.
12. Әр түрлі атақ, дәрежені, мамандықты ресми жағдайда кісінің атымен қосып атау және ұлттың ұлы перзенттерінің, ардақты азаматтарының есімдерін ілтипатты ізетпен атаудың өдебі туралы айтыңыз.

191-тапсырма. ▲ Мәтінді оқып, атақты адамдардың өмір жолымен байланысты мерекелік кездесу өткізуге айтылатын құттықтау-тілек сөзге назар аударыңыз.

● Осыған ұқсас жағдаятқа байланысты өзіңіз құттықтау сөз жазып көріңіз.

Туған жерде өткен мереке

— Құрметті Бауке, Сіз — ардақты азамат, атағы әйгілі жауынгер, көрнекті жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, біздің қадірлі жерлесімізсіз! Сіздің келуіңізді туған жеріңіздің жұртшылығы, біздер, шын жүректен, ізгі тілекпен құттықтаймыз! Сіздің майданда шайқасқаныңыз, Отан қорғау жолында қандай ерлік жасағаныңызды біз әскери аңыздардан, сізге арналған кинофильмдерден, өлеңдерден, баспасөз материалдарынан, Александр Бектің, Александр Кривицкийдің, Мәлік Ғабдуллин мен Павел Кузнецовтың, Өзілхан Нұршайықовтың және басқаларының шығармаларынан жақсы білеміз. Майданда қаруды, бейбіт күнде қаламды ұстай алатын

мұқалмас, қажымас қайраткер екеніңізді бүкіл Отанға, қала берді, әлемге таныттыңыз. Мұны біздер, жерлестеріңіз, қалай ғана мақтанып етпей отыра аламыз! Сіздің өміріңіз — ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болатын тамаша тағдыр. Сіздің өнегеңізбен жас ұрпақты тәрбиелейміз.

— Аяулы Бауке, біз сізге күшті денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, сіздің шығармашылық бұлағыңыздың қайнар көзі бітелмесін. Жерлестеріңіз бұған дейін Жуалының құтты жері бүкіл елімізге, шетелге әйгілі азамат бергенін мақтан етіп келген болса, енді сол азаматтың шығармашылық жаңа шығармалар бергенімен мақтанатын болсын.

(“Бауыржан батыр” кітабынан.)

192-тапсырма. ■ Мәтінді көшіріп жазыңыз. Тілдік қарым-қатынаста сөзге сыпайылық мән үстеп тұрған сөздердің астын сызыңыз.

1. — Мен сізді көрмей Алматыдан қайтпаймын деп ағама уәде беріп едім. Сіз **науқастанып жатыр** деп естідім. Сауығыңызға шын жүректен тілектеспін. Бірақ бірер минутқа болса да үйіңізге кіріп шығуға рұқсат етуіңізді өтінемін, — дейді жалынып (Ө. Нұршайықов).

2. — Бәйбіше, қапа болмаңыз, мүмкіндік болмай қалды, жүгені шыдамады, — деді бала өзін кінәлі сезініп.

— Жок, айналайын, — деді Арзы апам. — Өншейін суға мысығың кетіп қалса да өкінесің ғой. Мейлі, бала-шағамның садағасы. Құдай-ау, алыста жүрген шырақтарымның садағасы! Соғыстың сойқаны да сонымен кетсін! Ел-жұрт аман болсын бір нәрсе ғып күн көрерміз (Ш. Мұртаза).

193-тапсырма. Телефонмен әңгімелесудегі сөз әдебіне, ондағы тілдік қолданыстарға назар аударыңыз.

●Телефондағы әңгіме”, “Күтпеген дауыс”, “Оқшау үн”, “Өктем дауыс” тақырыптарында өз ойыңыздан әңгіме жазыңыз.

Ұлық болсаң, кішік бол

Дүниені өуенмен әлдилеп өткен Дмитрий Дмитриевичпен алғаш қалай танысқанын Евгений Евтушенко былай әңгімелейді. “1963 жылы көктемде біздің үйге телефон шалған музыкант әйеліме:

— Мазалағаным кешіріңіз, біз сізбен таныс емес

шығармыз, мен Шостакович едім... Евгений Александрович үйде ме екен? — депті баяу сөйлейтін дағдысымен.

— Үйде. Жұмыс үстінде, қазір шақырайын.

— О, не дегеніңіз? Шығармашы адамның ойын бөлмейік. Мен ол кісіге ыңғайлы кез келген уақытта қоңырау шала аламын, — деп бөйек болып жатқанда, телефон құлағын қолыма алдым, сондағы айтулы тұлғаның менің бір өлеңіме музыка жазғысы келетіні, соған рұқсат сұрағаны және толқи шыққан даусы ғұмыр бақи құлағымда қалды.

Осы кішкентай ғана көрініс ұлы музыканттың асқақ адамгершілігі мен кішіктігінің куәсындай еді”.

(Ш. Айтматов, М. Шаханов.)

194-тапсырма. ▲ Мәтін іскерлік қарым-қатынастың қандай түріне жатады? Мәтіннен іскерлік қарым-қатынастың тиянақты болуының қандай алғышарттарын байқауға болады?

● Ресми қарым-қатынасты білдіріп тұрған қаратпа сөздерді тауып, тыныс белгісіне түсінік беріңіз. Айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар сөздерді теріп жазыңыз.

— Жолдас генерал, бірінші сұрағым мынадай, академия тыңдаушысы шығарма жазарда алдына неше мақсат қоюға тиіс?

— Мұндай сұрақ болмайды, жолдас Момышұлы, — деді оқытушы маған мысқылдай жауап беріп. — Тыңдаушының алдында жалғыз ғана мақсат тұрады. Ол тақырыпты қалай да жақсы жазып шығу мақсаты. Түсінікті ме сізге?

— Ал мен шығарма жазарда алдыма үш түрлі мақсат қоямын, жолдас генерал. Ол, біріншіден — әскери, екіншіден — ғылыми, үшіншіден — әдеби болуы керек. Осы үшеуінің басы қосылмаса, мен оны шығарма деп есептемеймін.

Осы кезде Захаровтың менің сұрағым мен жауабыма зер салып, ойлана бастағанын аңғардым.

— Екінші сұрағым мынадай, жолдас генерал, — дедім оқытушыға қадала қарап, — сіз орыстың “страх” (“үрей”) “смелость” (“батылдық”) деген сөзі бар екенін білесіз, әрине. Ал осы екі сөздің нешеден синонимі бар екенін білесіз бе?

— Сіз менен емтихан алайын деп пе едіңіз? — деді, ол қызарақтап.

— Оныңыз артық сөз, жолдас генерал. Менің айтайын деп тұрғаным осы екі сөздің біреуінің сегіз, екіншісінің тоғыз түрлі синонимі бар.

Сол синонимдердің бәрін есіме түсіре отырып, мен өз шығармамда “үрей”, “батылдық” деген сөздерді еш жерде екі реттен қайталағаным жоқ.

— Қымбатты достар! Даңқты Невель қаласының тұрғындары! Неміс фашистерінің тепкісінде азап шеккен азаматтар мен азаматшалар! Аға-іні, апа-қарындас, бауырларымыз біздің! — Подполковник Бөйішев осылай деп сөзін орыс тілінде бастады.

(Ә. Нұршайықов)

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I. ТІЛ — ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ	6
II. ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАНДАЙ ТІЛ?	12
§1. Қазақ тілі — түпкі түрін сақтаған байырғы тіл	12
§2. Қазақ тілі — жазба мәдениеті бар тіл	17
§3. Ескі қазақ жазба тілі	41
§4. Төте жазу	48
§5. Қазақ тілі — кемел тіл	56
§6. Қазақ тілі — қазақ халқының ұлттық тілі	63
§7. Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі	71
III. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ МЕН НОРМАЛАРЫ	76
§8. Сөйлеу тілі мен кітаби тіл туралы түсінік	76
§9. Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері	77
§10. Кітаби тіл және оның айырым белгілері	84
§11. Ресми іс қағаздар стилі	88
§12. Ғылыми стиль	92
§13. Публицистикалық стиль	96
§14. Көркем әдебиет стилі	102
§15. Кітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары	108
IV. ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ	112
§16. Тілдік жүйе және норма	112
§17. Тілдік норма және дағды	115
§18. Қатаң норма	119
§19. Босаң норма	121
§20. Тілдік норма және стиль	127
§21. Тілдік норма және жаңа қолданыстар	131
V. СӨЗ САПАСЫ	139
§22. Сөз сапасы туралы түсінік	139
§23. Сөз дұрыстығы	142
§24. Сөз байлығы	145
§25. Сөз тазалығы	155
§26. Сөз қысқалығы мен нұсқалығы	162
§27. Сөз дәлдігі	165
§28. Сөз бедері және стиль	175
§29. Сөйлеу тілінің стильдік бедері	178
§30. Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері	181

§31. Ресми іс қағаздары тілінің сөз бедері	185
§32. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері	189
§33. Көркем әдебиет тілінің сөз бедері	191
§34. Көркем сөз бедері	201
VI. СӨЗ МӨДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	210
§35. Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік	210
§36. Өлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі	217
§37. Амандасу	218
§38. Қоштасу	221
§39. Құттықтау	224
§40. Көңіл айту	226
§41. Тілек айту	230
§42. Бата беру	234
§43. Қаратпа сөз әдебі	240
§44. Ресми-іскерлік қатынас және сөз әдебі	246
§45. Ресми-іскерлік қатынас тілінің жазбаша түрі	247
§46. Ресми іскерлік қатынас тілінің ауызша түрі	253

Учебное издание

**Уали Нургелди Макажанұлы
Кыдырбаев Окен Ильясулы**

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Культура речи

Учебник для 10 классов
общественно-гуманитарного направления
общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Редакторы *Г. Әдуова*
Көркемдеуші редакторы *Б. Сопыбеков*
Техникалық редакторы *К. Тұрымбетова*
Корректоры *З. Парманқұлова*
Компьютерде беттеген *Г. Баймұратова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылғы 7 шілдеде берілген

ИБ № 740

Басуға 10.04.16. қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Өріп түрі
“мектептік”. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы
13,86 . Шартты бояулы беттабасы 14,28. Есептік баспа табағы 14,21.
Таралымы 80 000 дана. Тапсырыс № 448

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90,
E-mail: rpik-daur_81@mail.ru, rpik-daur2@mail.ru

ығы
мәдениеті
дебі
нері
дебі

ҚОҒАМДЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ
БАҒЫТ

ҚАЗАҚ

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

ТІЛІ

Н. Уәли, Ө. Қыдырбаев

Тіл тазалығы

Жазба тіл мәдениеті

Сөйлеу әдебі

Дауыс мәнері

Тыңдау әдебі



ISBN 9965-33-552-4



9 789965 335525